

Қанапия Ғабдуллина

ҚҰҚЫҚ СОЦИОЛОГИЯСЫ

Оқулық

**Алматы
2006**

ББК 60.5+67.99 я7

F 13

Қазақ гуманитарлық заң университетінің Ғылыми кеңесінде
бекітіліп, баспаға ұсынылды

Пікір жазушылар:

Бөлекбаев С. Б. – философия ғылымдарының докторы, Қазақ гуманитарлық заң университетінің әлеуметтік-гуманитарлық кафедрасының профессоры;

Садырова М. С. – социология ғылымдарының докторы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің социология кафедрасының профессоры.

Ғабдуллина Қ.

F 13 Құқық социологиясы. Оқулық. — Алматы, 2006.—208 бет.

ISBN 9965-620-14-8

Социология ғылымдарының докторы, профессор Ғабдуллина Қанапияның ұсынып отырған оқулық жоғары оқу орындарында оқитын студенттерге, магистранттарға, аспиранттарға және оқытушыларға арналған.

Қазақстан Республикасында қазақ тілінде жазылған тұңғыш туындыда, автор құқық социологиясының әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар жүйесіндегі алатын өзіндік орны мен рөлін айқындап, қоғамдағы құқықтық қатынастардың әлеуметтік астарларын талдап түсіндіріп, әлеуметтік – құқықтық зерттеулердің мәнін ашып, оқушы қауымға жан – жақты жеткізе білген.

ББК 60.5+67.99 я7

0302030000

F

00(05) – 03

ISBN 9965-620-14-8

© Ғабдуллина Қ., 2006.

© Заң әдебиеті, 2006

М А З М Ұ Н Ы

Алғы сөз

I – бөлім

Социология ғылымы

I – тарау.

СОЦИОЛОГИЯ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУЫ

1. Социология тарихы
2. Социологияның зерттеу нысаны мен пәні

II-тарау.

СОЦИОЛОГИЯ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

1. Социология ғылымының құрылымына қатысты әр түрлі көзқарастар
2. Социология ғылымының қызметі
3. Әлеуметтік ғылымдар жүйесіндегі социологияның алатын орны

II - бөлім

Шығыс елдеріндегі және Қазақстандағы әлеуметтік – құқықтық ойлар

I – тарау

ЕРТЕ ТҮРКІ ДӘУІРІНДЕГІ ӘЛЕУМЕТТІК – ҚҰҚЫҚТЫҚ ОЙЛАР

1. Ерте түркі жазбаларындағы әлеуметтік – құқықтық идеялар
2. Әл – Фараби және оның шығармаларындағы әлеуметтік – құқықтық ойлар
3. Ж . Баласағұн, М. Қашқари және А. Иассауишығармаларының әлеуметтік идеялық мазмұны

II – тарау

XIX – XX ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК – ҚҰҚЫҚТЫҚ ОЙЛАР

1. “Зар заман” мектебінің өкілдері қоғамдағы қайшылықтар мен әлеуметтік мәселелер туралы
2. Абай Құнанбаевтың қоғам және замана туралы ой – пікірлері
3. Шоқан Уалихановтың, Ыбырай Алтынсариннің және Ахмет Байтұрсыновтың әлеуметтік – құқықтық көзқарастары

III - бөлім

Қоғам және әлеуметтік жүйелер

I – тарау.

ТАБИҒАТ ЖӘНЕ ҚОҒАМ

1. Табиғат пен қоғамның өзара әсері
2. Қоғам — әлеуметтік жүйе
3. Азаматтық қоғам: қалыптасуы мен даму проблемалары

II – тарау

ҚОҒАМ ЖӘНЕ АДАМ

1. Әлеуметтік жүйедегі тұлға
2. Тұлғаның әлеуметтенуі
3. Қоғамдағы тұлғаның әлеуметтік тәртібі

IV – бөлім

Азаматтық құқық және социология

1. Азаматтық құқық жүйелерінің негізгі элементтері және олардың әлеуметтік өмірге әсері
2. Азаматтардың әрекет қабілеттілігі және әдет - ғұрып
3. Ар – намысты, қадір – қасиетті іскерлік беделді қорғау құқығының әлеуметтік өмірдегі алатын орны

V – бөлім

Қылмыстық құқық және социология

1. Адамның және азаматтың әлеуметтік құқықтары мен бас бостандықтарына қарсы қылмыстар
2. Қоғамдық тәртіпке қарсы қылмыскер және еркіндік

VI – бөлім

Қылмыстық – атқару құқығы және социология

1. Қылмыстық – атқару құқығының қағидалары және олардың әлеуметтік өмір дамуына әсері
2. Сотталған адамдардың құқықтық жағдайлары және оларды тәрбиелеу жолдары

VII – бөлім

Социологиялық зерттеулер: құрылымы, процесі, тәсілдері мен амалдары

I тарау.

СОЦИОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРДІҢ МЕТОДОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1. Қолданбалы социологиялық зерттеулердің кезеңдері мен түрлері
2. Қолданбалы социологиялық зерттеу бағдарламасы
3. Социологиялық зерттеудегі сұрыптау тәсілі

II – тарау

СОЦИОЛОГИЯЛЫҚ АҚПАРАТ ЖИНАУ ӘДІСТЕРІ

1. Алғашқы социологиялық ақпарат жинау әдістері
2. Бақылау әдісі
3. Сынақ әдісі
4. Құжаттарды талдау әдісі

ҚОРЫТЫНДЫ

НЕГІЗГІ ТЕРМИНДЕРДІҢ СӨЗДІГІ

Алғы сөз

Оқырмандарға ұсынылып отырған оқулық – адамдар қауымдастығында қалыптасқан әлеуметтік өмірді, адамдар арасындағы әркілы қарым – қатынастық қалыптарды, мінез – құлықтық, әдет – ғұрыптық, өнегелік, имандылық, жөн – жоралғылық тағылымдарды, жүріс – тұрыс ережелері мен құқықтық нормаларды көпшіліктің көңілі мен еркіне лайық, олардың жеке бастық, экономикалық, саяси, рухани т.б. мүдделеріне сай құқықтық тұрғыдан реттеуде социологиялық зерттеу нәтижелеріне, әлеуметтік өмірдің нақтылы деректеріне сүйену қажеттілігін негіздейді.

Социологияның құқықтық саласындағы алатын орны оның белгілі бір қоғамда қалыптасқан құқық жүйесінің, онда қабылданған конституциялық және құқықтық – нормативтік актілердің, қоғам мүшелерінің, заңды тұлғалардың азаматтық – құқықтық қатынастарын, әрекеттері мен қызметтерін заңдық тұрғыдан реттеудің әлеуметтік мәнін анықтауымен бағаланады.

Социологиялық зерттеулер әлеуметтік саясатты жүзеге асыруда құқықтық жүйенің тиімділігін арттыруға көмек береді.

Қазіргі Қазақстан Республикасындағы қарқынды қоғамдық даму жағдайында, өмір жедел өзгерістерге ұшырап, шұғыл бетбұрыстар жасалып жатқан кезде, әлеуметтік құбылыстарға, процесстерге, оқиғаларға, саяси қайраткерлердің қызметтеріне т. б., мұқият әрі объективті түрде талдау жасау қажет болған шақта жалпы социологиялық теория ерекше методологиялық маңызға ие болып отырғандығы бәрімізге мәлім.

Сонымен, социология ғылымы қоғамды, оның қойнауындағы сан алуан әлеуметтік, экономикалық, құқықтық, саяси, діни, рухани т. б. құбылыстар мен процесстерді қылымитұрғыдан түсіндіріп, ұғындырудың жалпы теориялық методологиялық негізі, темір қазығы болып табылады.

Оқу құралы 7 бөлімнен тұрады: 1. Социология ғылымы; 2. Шығыс елдеріндегі және Қазақстандағы әлеуметтік – құқықтық ойлар; 3. Қоғам және әлеуметтік жүйелер; 4. Азаматтық құқық және социология; 5. Қылмыстық құқық және социология; 6. Қылмыстық – атқару құқығы және социология; 7. Социологиялық зерттеулер: құрылымы, процесі, тәсілдері мен амалдары.

Оқулықты жазу барысында автор қазақ тілінде жарияланған “Мемлекет және құқық негіздері” оқулық, Алматы, 2001; А.Н. Ағыбаевтың “Қылмыстық құқық” ерекше бөлімін, Алматы, 2000; Н. Өсерұлының “Ислам және қазақ әдет – ғұрпы”, Алматы, 1992; Ғ. Төлеуғалиевтың “Қазақстан Республикасының Азаматтық құқығы” академиялық курсы, 1 том, Алматы, 2001; А.Қ. Мұхтаровының “Шетелдердің мемлекет және құқық тарихы” лекциялар курсы, Алматы, 1999, А. Қасабеков пен Ж. Алтаевтың “Қазақ философиясының тарихына кіріспе” Алматы, 1994; 3.Ж. Кенжалиевтің “Қазақ қоғамындағы дәстүрлі құқықтық мәдениет” (теориялық мәселелері, тарихи тағылымы), Алматы, 1997; С.А. Ынтымақовтың “Азаматтық құқық” практикумын, Алматы, 2000; “Әлеуметтік философия” хрестоматия, Алматы, 1996; С.М. Әпеневтың “Қылмыстық – атқару құқығы” оқу құралын, Алматы, 2001 т. б., және өзінің 1994 жылдан 2002 жылға дейінгі жарық көрген социология пәніне арнап жазылған оқулықтарын, оқу құралдарын, мақаларын пайдаланды.

Бұл қазақ тіліндегі осы салаға байланысты тұңғыш басылым болғандықтан, автор айтылған сын - пікірлерді ризашылықпен қабылдайды.

I – бөлім

Социология ғылымы

I – тарау.

СОЦИОЛОГИЯ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУЫ

1. Социология тарихы

Социология ғылымының тарихын шартты түрде үшке бөліп қарастыруға болады: 1) Ежелгі дәуірдегі социологиялық көзқарастар; 2) Орта ғасыр және жаңа дәуір социологиясы; 3) Қазіргі заманғы социология.

Ежелгі дәуірдегі социологиялық көзқарастар грек философтары Платон (б.з.б 428/427 — 348/347) мен Аристотель (б.з.б. 384—322) есімдерімен байланысты. Бұл ойшылдар әдет-ғұрыптарды, салт-дәстүрлерді, адамдардың өзара қарым-қатынастарын зерттеп, оларды қорытып, қоғамды одан әрі жетілдіруге бағытталған практикалық ұсыныстары бар бағдарламалар түзді.

Платонның “Мемлекеті” жалпы социология саласындағы алғашқы еңбек болып саналады. Оның негізгі тұжырымы әлеуметтік проблемаларды сыни талдаулардан өткізіп, қоғамды жетілдіруге бағытталған саяси ұсыныстар жасаумен аяқталатын ғылымның көмегімен жетілген мемлекетті негіздеп құруға болады дегенге саяды.

“Қоғам басшысынан бастап бұзылады” деп білген Платон зиялылардан адамгершілік тазалықты талап етеді. “Қоғамды билеудің негізгі құралы билік жасау емес, бедел”. Платонның ойынша, мемлекеттің ойдағыдай өмір сүруін қоғамның негізгі үш құрамдас бөлігінің (өндірушілер, әскерлер, билеушілер) үйлесімді ықпалдастығы қамтамасыз етеді. “Тек осындай мемлекетте ғана шын мәнінде бай адам, алтынға емес, қайырымдылық пен парасатқа бай адам билік жасайды. Егер кедейлер мен қолында байлығы жоқтар өзіне мол үлес алу мақсатымен қоғамдық игіліктерге ұмтылса, ол жақсылыққа апармайды. Билік үй-ішілік кикілжің сияқты ереже құралына айналады; билікке таласушылардың арасындағы өзара қырқыс олардың өздерін де, өзгелерді де қажытып құртады”.

Сөйтіп, Платонның әлеуметтік тұжырымдамасында бөлшек пен бүтіннің өзара қарым-қатынасы күйінде болатын саяси тұлғалардың типі мен мемлекеттік құрылымдардағы әртүрлі бөлшек пен бүтіннің өзара қарым-қатынасы толығырақ талданған. Мемлекеттік құрылысты түсіндіру кілтін адамның болмысынан, ал мемлекеттің сипатын саяси қайраткерлердің типтік белгілерінен іздеу керек деп саналып келді.

Мемлекеттегі қоғам мен қалыптасқан қайраткер идеялары Аристотель шығармаларында одан әрі дамытылады, “Біздің сеніміміз бойынша, — деп жазды ол, — кез келген тіршілік иесінің бойынан қожайындық сезім мен саяси билікті көруге болады. Жан денеге қожайындық етеді, ал ақыл-ой мемлекет қызметшісі сияқты біздің талпыныстарымызға билік жасайды. Бұл жерде сенің жанның қарамағында болғаныңның, ал ашу қысқан кезде дене бөліктерінің ақыл-ойға бағынғанының табиғи да пайдалы екендігі көрінеді” /1/.

Аристотельдің пікірінше, мемлекеттің негізгі мақсаты қоғамда көптің бәріне ортақ игіліктер мен әлеуметтік әділеттікке жету болып табылады. Бұл орайда әділеттікке белгілі бір заңдар мен билік құрылымдарына негізделген берік мемлекеттік ұйымдар арқылы ғана жету мүмкін екендігі ескеріледі. Билікті заң шығарушылық, атқарушылық және сот жүйесіне бөлу әділеттілік орнатуға септігін тигізеді.

Оның көзқарасы бойынша, мемлекеттік құрылым дегеніміздің өзі мемлекеттік басқару тәртібі. Мемлекеттік басқарудың өзі жоғары билікті кімнің жүргізіп отырғанына (бір адамның, бір топ

адамдардың немесе тұрғындардың көпшілігінің жүргізуіне) қарай белгілі бір түрлерге жіктелініп, сипатталады. Мұндай сандық көрсеткіш биліктің сипатын анықтай бермейді, өйткені бір адамның немесе бірнеше адамның билігі жақсы да, жаман да бола беруі мүмкін. Бәрі де биліктің өзінің алдына қандай мақсат (жалпыхалықтық немесе жеке мүдделік) қойғанына байланысты. Бұл орайда ол мемлекеттік құрылымның үш жақсы, үш жаман түрін атап өтеді. Біріншісіне, Аристотель жеке жара билікті (немесе заңды монархия), ақсүйектер билігін (қоғамның ауқатты топтарының жоғары бөлігінің билігі) және политияны (көпшіліктің парасатты билігі), екіншісіне тиранды (бір адамның заңсыз билігі), олигархияны (қоғамның ауқатты топтарының төмен бөлігінің билігі) және демократияны (халықтың билігі) жатқызады /2/.

Кез келген мемлекеттің адамдары негізгі үш категорияға: байларға, орташаларға, кедейлерге бөлінеді дейді ол. Аристотель адамдардың байлығына қарай жікке бөлінуі, олардың өз мүдделерін қорғап күресуі мемлекеттің іргесін шайқалтатын әлеуметтік қырқысуларға апарып соқтыратынын атап көрсетті. Мемлекет, Аристотельдің айтуынша, адамдарға үстемдік етіп тұратын тұтастық.

Орта ғасырларда Аврелий Августин (354 – 430) мен Фома Аквинскийдің (1225 – 1274) еңбектері ерекше мәнге ие болды. Августиннің пікірінше, адамзаттың тарихы бақилық пен пәнилік, руханилық пен материалдық, жақсылық пен жамандық сияқты кереғар қасиеттердің күресінен тұрады. Августин құдайға сүйіспеншілік идеясын өз тұжырымдарының өзегі етіп алып, саясат пен қоғамдық прогреске түгелдей теологиялық тұрғыдан түсінік берген.

Ал Фома Аквинский болса, адамды саяси тұлға ретінде қарастырады. Ол сол замандағы мемлекеттік биліктің шіркеуге тікелей тәуелді екендігіне қарамастан, шіркеу ғана емес, мемлекет те жаратқанның туындысы деп дәлелдеді. Әлемдік өркениет тарихындағы қайта өрлеу кезеңінің идеялық өзегі — адам құндылығын, оның бостандық пен бақытқа ұмтылу құқықтарын мойындайтын көзқарастар жүйесі, яғни гуманизм болды.

Гуманизмнің алғашқы өкілдерінің бірі — Италия ойшылы Данте Алигьери (1265 – 1321). Ол өзінің ғажайып шығармасы “Құдіретті комедиясында” және “Халық сөзі туралы” трактатында жаңа гуманистік көзқарастың негізін қалады. Данте Құдай мен жаратылысты бір – біріне қайшы келмейтін, керісінше, бір – бірін толықтырып тұратын тең құдіретті екі шындық деп уағыздады.

Ежелгі дәуір мәдениетін зерттеп, ондағы ізгілік идеяларын насихаттаушылардың бірі “гуманизмнің атасы” атанған Франческо Петрарка (1304 – 1374) еді. Осы кезеңнен бастап адам мәселесі қоғамдық ойдағы негізгі мәселеге айналды: бұл жерде антропоцентризм теоцентризмнен арылу үшін қолданылады. Бағдарды өзгерту этикалық, эстетикалық және саяси түсініктерді қайта қарауға әкелді.

Адам туралы жаңа көзқарас бірсыпыра әлеуметтік - саяси мәселелерді дұрыс шешуге ықпал етті. Мемлекет туралы жаңа тұжырымдаманың алғашқы идеологтарының бірі Никколо Макиавелли (1469 – 1527) болды. Ол өзінің “Тита Ливияның алғашқы он күндігі туралы ойлар”, “Елбасы”, “Флоренция тарихы” сияқты трактаттарында адамның белсенділік идеясын дамытты. Адамның саяси қызметіндегі еркін ерік – жігердің ерекше рөліне назар аударды.

Жан Боден (1530 – 1596) өзінің “Мемлекет туралы алты кітап” (1576) атты трактатында мемлекет отбасы негізінде пайда болып, жеке меншікті нығайтуға қызмет етеді деп жазды.

Томас Мор (1478 – 1535) “Утопия аралығындағы мемлекеттік құрылыстың тамаша үлгісі туралы шын мәніндегі асыл әрі пайдалы, әрі жұбаныш кітапшасы” (1516) атты шығармасында мемлекеттің әлеуметтік – саяси құрылымы проблемалары хақында толғанды. Оның басты тақырыбы жеке меншік мәселесі болды.

Томазо Кампанелла (1568 – 1639) “Күн қаласы” атты еңбегінде қоғамдық меншіктің қалыптасуы мәселелерін өзінше шешті.

Материализмнің алғашқы өкілдерінің бірі Томас Гоббс (1588 – 1679) қоғам туралы натуралистік тұжырымдаманың дамуына өзіндік үлесін қосты. “Левиафан, немесе материя, шіркеулік және зайырлық мемлекеттің түрі мен билігі” (1651) атты еңбегінде ол адам мен мемлекеттің табиғаты туралы өз көзқарасын баяндады. Оның ойынша, мемлекеттік билік қоғамды жаңа сапалық күйге ауыстырады. Гоббстің пікірінше, мейлі ол демократиялық, не аристократиялық, не монархиялық болсын, жоғары мемлекеттік билік шексіз, тұтас, өзгермейтін болуы керек.

Әлеуметтік саяси ілімдердің дамуындағы келесі қадамды Гоббстың отандасы Джон Локк (1632 – 1704) жасады. Ол “Табиғат заңдары туралы зерттеу” (1664), “Мемлекеттік басқару туралы екі трактат” (1690) атты еңбектерінде буржуазия мен дворяндықтың арасындағы өзінше бір келісімпаздық ретінде ағылшын либерализмі идеясын қолдады. Парламенттік типтегі конституциялық монархияны саяси құрылымның идеясы санады. Бұл орайда үкіметтің басты мақсаты адамдардың табиғи құқықтарын, яғни еркіндік құқы мен жеке меншік иелену құқы қорғау болып табылады.

XVIII ғасырдың жартысындағы әлеуметтік – философиялық ой - пікірдің көрнекті өкілдерінің бірі, “Заңдардың рухы туралы” (1747) деген еңбегінде адам табиғаты мен әлеуметтік – саяси құбылыстарды жаңаша пайымдауды ұсынған Шарл Лук Монтескье (1689 – 1755) болды.

Француз ойшылы Огюст Конт (1798 – 1857) “Позитивтік философия курсы” (1842) атты еңбегінде социология терминін алғаш рет ғылыми айналымға енгізді.

Конт социологияны әлеуметтік статика, әлеуметтік динамика деп үлкен екі тарауға бөлді. Біріншісі қоғамдық жүйенің өмір сүру шарттары мен заңдарын, ал екіншісі қоғамдық жүйенің даму және өзгеру заңдарын зерттейді.

Әлеуметтік статика — қоғамдық тәртіп, ұйым, үйлесім теориясы. Конт қоғамды барлық бөліктері өзара тығыз байланысты, бір-бірімен берік бірлікте ғана тануға болатын органикалық тұтас дүние ретінде қарастырады. Бұл тұжырымдама индивидтер теориясына, яғни қоғамды жеке адамдардың (индивидтердің) келісім – шарттарының жемісі ретінде түсіндірушілерге қарсы бағытталған. Қоғамның құрылымын айқындап, үйлесімділік пен тәртіпті қамтамасыз етіп отыратын принциптерді зерттеу кезінде Конт осы принциптерді оларды жүзеге асыратын әлеуметтік саясатпен тығыз байланыстырады. Ол алдымен негізгі қоғамдық институттарды (отбасы, мемлекет, дін) олардың әлеуметтік қызметі, әлеуметтік ықпалдастықтығы тұрғысынан қарастырады. Конт заңы бойынша, адамзат қоғамы дамудың теологиялық, метафизикалық және позитивтік үш сатысын басынан өткереді.

Ағылшын позитивизмінің негізін қалаушылардың бірі Герберт Спенсер (1820 – 1903) дамудың жаңа идеясын — эволюциялық даму теориясын жариялайды. Ол эволюцияның жалпы идеясын байланыссыздықтан байланыстылыққа, біртектіліктен көптектілікке, белгісіздіктен белгілілікке өту деп түсіндіреді.

Табиғаттағы тіршіліктің дамуы туралы көзқарастың бір түрі болған эволюция теориясы енді қоғам дамуына қатысты қолданылды. Қоғамдық құрылысты ерекше организм ретінде қарау және оның дамуын эволюция идеясы тұрғысынан сипаттауы Спенсерді социологиядағы организмшілдік пен эволюцияшылдық бағыттарының негізін салушы деп санауға толық дәлел бола алады.

Людвиг Гумплович (1838 – 1909) қоғам организмнің негізгі құрамдас бөлігі жеке адам емес, топ (нәсіл) деп білді. Топтар (нәсілдер) арасындағы бітіспес қайшылықтар қоғамдық дамудың негізін құрайды. Гумпловичтің пікірінше, социология ғылымының нысаны әлеуметтік топтар мен олардың өзара қарым – қатынастарын зерттеу болып табылады.

Француз социологы, әлеуметтік психологияның негізін салушылардың бірі Габриэл Тард (1843 – 1904) қоғамды клеткалары индивидтердің миы болып табылатын үлкен миға теңейді. Ол ұжымдық сананы жеке саналар факторы емес, дербес функция санады, ал психологияны әлеуметтік

құбылыстарды түсіну кілті деп есептеп, біздің “мен” мен басқалардың “менінің” арасындағы қарым – қатынастарды, олардың бір – біріне өзара әсерін зерттейтін әлеуметтік немесе ұжымдық психологияның (интерпсихология) негізін қалауға әрекеттенді. Тард бұл қатынастарды индивидтердің наным – сенімдерінің, ықылас – ниеттерінің, т. б. басқаларға берілуі, қабылдануы деп ұқты.

Тард қоғамдық өмірді, ондағы процестерді, негізінен, еліктеу түріндегі жай психикалық механизмдердің әсері деп түсіндіреді. Ол жай ғана қоғамдық факт деп басқа индивидтің әсерінен туындаған индивидтің психологиялық қалпын таныды. Бұл қалыпты ол “социология” деп атаған интерменталды психология зерттейді /3/.

Француз социология мектебінің негізін қалаушы Эмиль Дюркгейм (1858 – 1917) социологияны қоғам туралы басқа ғылым салаларынан ажыратып, жеке ғылым етіп негіздеуге, қоғамдық өмірдің барлық құбылыстарын тек социология тұрғысынан түсіндіруге ұмтылды. Эмиль Дюркгейм “Социология” атты еңбегінде фактілер категориясы өзіне ғана тән ерекшеліктерімен айқындалатындығын, ал олардың индивидтен тысқары, күштеумен тағылатын ойлау, іс - әрекет, сезіну тәсілдерімен байланысты екендігін жазады. Сондықтан да оларды елестер мен әрекеттерден тұратын органикалық құбылыстармен де, жеке саналарда не солар арқылы өмір сүретін психикалық құбылыстармен де шатастыруға болмайды. Демек, бұл жаңа құбылысты әлеуметтік деп атау керек. Бұл атау оған толық сай келеді, өйткені оның өзінің индивидтік субстраты болмаса да, ол тұтас саяси қоғамдікінен немесе діни топтардан, саяси не әдеби мектептерден, кәсіптік корпорациялардан т. б. тұратын жекелеген топтардікінен өзге субстратты иемдене алмайды. Екінші жағынан, “әлеуметтік” сөзі жоғарыда аталған фактілер категориясына кірмей, тек құбылыстың атауы болғанда ғана қолданыла алады. Демек, бұлар социологияның өзіндік ерекшелігін құрайды /4/.

Макс Вебердің (1864 – 1920) теориясындағы өзекті мәселе: адамдардың өзара күрделі қарым – қатынастары жүйесінің салдары болып табылатын әлеуметтік әрекеттерді қоғамдағы индивидтер мінез – құлқының қарапайым түрлерінен бөліп қарастыру болды. Оның ілімі бойынша, қоғам әрқайсысы өздерінің мақсаттарына жету үшін әрекеттенуші индивидтердің жиынтығынан тұрады. Жекелеген индивидтердің іс - әрекеттері бірігіп, соның негізінде серіктестіктер (топтар немесе қоғам) пайда болды.

“Вебер ойларының өзектілігі”, ең алдымен, оның нақтылы зерттеулерінде, жалпы теориялық тұжырымдарында көрініс тапқан жаңа дәуірдің сипатымен тығыз байланысты. Әлеуметтік білімдердің белгілі бір жаңа типі М. Вебердің еңбектерінде айқын көрінеді. Ол ХІХ ғасырда социологиядан өзгеше, жаңа әлеуметтік ғылым типін жасау қажеттігін өз замандастарынан бұрын, қоғам туралы бұрынғы түсініктер мәдени – тарихи сәйкессіздікке ұшыраған кезде сезінді. Тарихшылардың өздері де “хронологиялық туризмнен” шегініп, жиырмасыншы ғасырдың басталуын бірінші дүниежүзілік соғыспен, өткен ғасырлар тоғысында еуропалық сана – сезімде болған терең дағдарыстың жиырмасыншы ғасырда кең көлемде орын алған астан – кестен оқиғардың қайнар көзіне айналуымен, мәдени – тарихи ізденістермен түсіндіреді.

Бұл дағдарысты мәдениеттің дағдарысы, гуманитарлық білімдер дағдарысы деп түсінген М. Вебер жаңа ғасырда өзінің жаңашылдығын, өзектілігін танытқан социология ғылымының негізін қалаушылардың бірі болды.

Батысқа кетіп, АҚШ-та жұмыс істеген белгілі социолог Питирим Сорокин (1889 – 1968) эмпириялық социологияны тар тақырыптылығы, әлеуметтік мәселелерді кеңінен қамти алмайтындығы үшін сынады. Ол әлеуметтік әрекеттілік пен әлеуметтік стратификацияны эмпириялық тұрғыдан зерттеп, оларды ауқымды әлеуметтік құрылымға апарып “тіледі”, қоғамдық құбылыстарды оның өмір сүруімен тығыз байланыстыра қарастырады. П.Сорокин әлеуметтік институттардың (мектеп, бюрократия, әскер, кәсіптік ұйымдар, шіркеу т. б.) қоғамның икемділігіне қалай әсер ететіндігіне назар аударды.

П.Сорокин қоғамдағы өзгерістерді түсіндіруге көмектесетін теориялық тұжырымдамалардың авторы ретінде де белгілі. Солардың бірі әлеуметтік мәдениет динамикасы тұжырымдамасы болса, екіншісі — қоғамның интегралдық типі тұжырымдамасы. Біріншісі бойынша, ол тарихи процесті әрқайсысы белгілі бір тұтастыққа ие мәдениеттер типінің қозғалысы деп түсіндіруге ұмтылады. П.Сорокин мәдениеттің үш түрін: сезімдік, рационалдық, идеалистік түрлерін атап көрсетеді.

Біріншісінде өмірді тікелей сезіммен қабылдау, екіншісінде ақылмен пайымдау, үшіншісінде түйсікпен бағамдау басым. Мәдениеттің осы үш түрлі типі үнемі даму жағдайында болады да, адамзат қоғамы дамуының түрлі кезеңдеріне сай келеді. П.Сорокин өзінің әлеуметтік мәдениет динамикасы тұжырымдамасы арқылы қоғамның әлеуметтік өзгерістері мен даму диалектикасының қайнар көздері мен қозғаушы күштерін талдай түсіндіруге тырысты /5/.

П. Сорокиннің пікірі бойынша, әлеуметтік ғылымдар тарихында социологияға қатысты бір – біріне қарама – қарсы екі түрлі көзқарасты байқауға болады. Біріншісі ғылым дамуының логикасынан туындайды, яғни ғылым даму барысында бірте – бірте жіктеліп, тар мамандықтарға бөліне түсетіндіктен де оның әр саласы шексіз күрделі әлеуметтік әлемнің әр қырын жеке – жеке зерттеуі керек. Өйткені олардың әр қайсысы жеке ғылым саласының пәні боларлықтай деңгейде. Әлеуметтік әлемді бірден кең ауқыммен қамтуға болады; бірақ мұндай жағдайда алдын ала ол туралы жалпы мағлұматтармен абстрактылы түрде болса да танысып алу керек. Бұдан социология ғылымы қоғамдық құбылыстар әлемін зерттейтін жекелеген ғылым салаларының жиынтығы деген қорытынды шығады. (О. Конт, Г. Спенсер, Э. Дюркгейм, т.б.) П.Сорокин бұған қарама – қарсы екінші көзқарасты да келтіреді. Ол бойынша, социология басқа ғылым салалары қарастырмайтын өзіндік зерттеу нысаны бар әлеуметтік ғылымның дербес бір саласы болып табылады.

П. Сорокин бұл екі көзқарастың да мықты және әлсіз тұстарын сезіне білді, сондықтан олардың екеуінің де жақсы тұстарының барлығын социологияның шекарасын айқындап, пәнін жаңаша біркелкі түсіндіруге қолданды. Ол бірінші көзқарастан жалпы социологияның қызметі мен динамикасы, абстрактылық заңдары идеясын, екінші көзқарастан “әлеуметтік өзара ықпалдастықтар” құбылысының ұқсас қасиеттерін, әлеуметтік ғылымдардың дербес саласы — социология идеясын алды /6/.

Міне, біз социология ғылымының қалыптасу тарихына қысқаша шолу жасап, қазіргі заманғы деңгейіне дейін келдік.

2. Социологияның зерттеу нысаны мен пәні

Социологияның зерттеу нысаны — қоғам және оның өмір сүру, даму заңдылықтары. Ғылыми танымдық және практикалық мақсаттарға қарай бір нысанда бірнеше зерттеу пәндері болуы мүмкін.

Нысан ретінде әлеуметтік өмірдің бір бөлшегін социологияның зерттеу пәні етіп алу проблемалық жағдайдан, яғни кейбір әлеуметтік қайшылықтарды бөліп қарастыру қажеттілігінен туындайды. Практикалық әлеуметтік істердің нәтижелі болуына көмектесу үшін оның табиғатын, пайда болу жағдайларын, егер олар бұрын белгісіз болса, түсіндіру қажет. Проблемалық жағдай зерттеу пәнін құрайды, ал әлеуметтік өмір құбылыстарындағы проблемалық жағдайды шектеу – зерттеу нысанын бөліп алуға онтологиялық негіз болады.

Әлеуметтік нысандардың даму және өмір сүруінің объективті заңдылықтарын анықтау мақсаты алға қойылған теориялық – бағдарлық әлеуметтік зерттеулердің пәні эмпириялық шындықтың елеулі қасиеттері мен өзара байланыстарын теориялық анықтамалар мен ұғымдар түрінде түсіндіреді, ал мақсаты әлеуметтік жүйелер мен процестерді іс жүзінде басқару болып табылатын қолданбалы социологиялық зерттеулердің пәні, керісінше, ұғынылған нысаннан өмір шындығына жету түрінде болады.

Социология — тарихи қалыптасқан әлеуметтік жүйелердің дамуының, өмір сүруінің өзіндік заңдары мен заңдылықтары, жекелеген адамдардың, әлеуметтік топтардың, таптардың, халықтардың өміріндегі осы заңдардың әрекет ету механизмдері мен көріну формалары туралы ғылым /7/.

Социологияны қоғамдық өмірдің бір ғана саласымен шектеуге болмайды. Мысалы, экономика ғылымдарының зерттеу пәні материалдық игіліктерді өндіру, оларды айырбастау, бөлу және тұтыну процестері болса, саяси ғылымдар мемлекеттік институттардың басқару, өмір сүру, билік құру, түрлі әлеуметтік топтардың арасында билікті бөлу сияқты күрделі саяси процестерді, тарих ғылымдары тарихи өзгерістер процесін зерттейді. Ал социологияның зерттеу нысаны — жоғарыда атап өткеніміздей, индивидтердің қауымдастығы, олардың өзара қарым –қатынастарының ортасы түрінде қарастырылатын қоғам. Қоғамдағы жағдай әрбір индивидтің байланыстары мен жағдайларына әсер етпей қоймайды. Әлеуметтік мәртебесі ұқсас адамдар қоғамда бір – біріне жақын орын алып, өзара байланыстары берік тұрақты әлеуметтік қауымдастықтар (категориялар, топтар, жіктер, т. б.) құрайды. Сонымен бірге бірлескен қызмет барысында бұлар басқа да индивидтер қауымдастығымен де байланыста болады.

Социология қоғамдағы жеке адам, әлеуметтік топтар, жіктер мен қауымдастықтар, институттар мен процестер тіршілігі мен қызметінің барлық проблемаларын түгел қамтуға мүдделі.

П. Сорокин ұзақ жылғы ғылыми ізденістерінің барысында социологияның пәні мәселесіне әлденеше рет қайта соғып, “Түрлі теориялық методологияның шекарасы мен пәні” (1913) атты арнайы жазылған көлемді мақаласында, “Қылмыс пен жаза” (1914), “Социология жүйесі” (1920) кітаптарының жеке тарауларында бұл мәселеге кеңінен тоқталды. Оның бұл мәселе туралы зерттеулері пікірлерінің сабақтастығымен, жүйелігімен, талдауларының жаңашылдығымен ерекшеленеді. П.Сорокин “Социология жүйесі” атты еңбегінде “әрбір социология теоретигінің бірінші міндеті бұл пәннің анықтамасы мен межесін айқындап алу, бұлай болмаған жағдайда айтқандарының бәрі анық емес, бұлыңғыр деген кінә тағылуы мүмкін” /8/ деп жазды.

Қоғам мен адамды пәндері ұқсас бірнеше ғылым салалары зерттейді. Әлеуметтік құрылымның жекелеген бөліктерінің әлеуметтік кеңістікте алатын орны мен байланыстарының жиынтығы осы әлеуметтік құрылымға кіретін адамның, кез келген әлеуметтік бірліктің болмысын, мінез – құлқын айқындайды. Әлеуметтік кеңістіктегі адамдардың жағдайы олардың билік, материалдық игіліктер, мәртебе, білім дәрежесі сияқты қорлардан алған үлесіне қарай анықталады. Әлеуметтік құрылымдағы әрбір индивидтің әлеуметтік мәртебесі мен орны екі негізгі параметр мен

мәртебелер арасындағы әлеуметтік алшақтық пен белгілі бір мәртебесі бар индивидтердің санымен белгіленеді /9/.

Қазіргі заманғы социология ғылымының зерттеу нысаны мен пәні бұл ғылымның ұзақ тарихи дамуының нәтижесі, ғалымдардың толқын – толқын ұрпақтары зерделеген ғылыми ізденістердің жемісі.

Құқық социологиясы – жалпы социологияның бір саласы. Құқық нормалардан, ережелерден, қағидалардан тұрады. Ал, құқықтық нормалар ресми түрде қабылданады. Дәлірек айтсақ, құқықтық нормалар нормативті актілерде жазылады. Нормативті актілердің түрлері сан алуан. Мұны Қазақстан Республикасының Конституциясынан да көруге болады. Конституцияның өзі де жүйелендірілген мемлекеттің негізгі заңы.

Социологиялық тұрғыдан құқық дегеніміз – адамдардың, мемлекеттік және қоғамдық органдардың қарым – қатынастарын, тәртібін, іс - әрекетін реттеп отыратын мемлекет тағайындаған, немесе бекітіп рұқсат еткен жалпыға міндетті - әлеуметтік нормалардың жүйесі.

Құқық социологиясының нақты мақсаттарының бірі – қоғамдық өмір мен құқық саласындағы тығыз байланысты, құқықтық әлеуметтік функцияларының мәнін, мағынасын, заң нормаларының барлық деңгейлерде, жалпылама алғанда, ең алдымен қоғамның, сонан соң әртүрлі әлеуметтік топтардың және жеке адамдардың қарым – қатынастарын, мінез – құлық нормаларын зерттеу болып табылады.

Қолданылған әдебиеттер

1. Аристотель. Социология. М., 1983, т. 4, 384 – бет.
2. Аристотель. Социология. М., 1983, т. 4, 384 – бет.
3. Энциклопедический социологический словарь. М., 1995, 786 – бет.
4. Дюрнгейм Эмиль. Социология. М., 1995, 31 – бет.
5. Социология. Под ред. К. Габдуллиной. Алматы, 1997, 34–35 беттер.
6. Голосенко И. А. Социология Питириха Сорокина. Самара, 1992, 12 – 14 беттер.
7. Сорокин П. А. Система социологии. т. 1., Пг., 1920, 1 – бет.
8. Энциклопедический социологический словарь. М., 1995, 482 – бет.
9. Фролов С. С. Социология. М., 1996, 22 – бет.

II-тарау.

СОЦИОЛОГИЯ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

1. Социология ғылымының құрылымына қатысты әр түрлі көзқарастар

Социология ғылымы бірыңғай емес, әлеуметтік құбылыстар мен процестерді зерттеу деңгейлерінің түрліше болуына қарай оның құрамы аса күрделі әрі көп деңгейлі болып келеді.

Социология әлгі құбылыстар мен процестерді жалпы қоғам деңгейінде де, одан шағынырақ әлеуметтік қауымдар мен олардың өзара ықпалдастығы деңгейінде де, жеке адамдардың өзара қарым – қатынастары деңгейінде де зерттей береді.

Бұл жағдай социология ғылымын төмендегідей құрамдас бөліктерге бөліп қарастыруға негіз болады:

а) социумның өмір сүруі мен дамуының жалпы заңдылықтарын анықтауға бағытталған макросоциология түріндегі жалпы теориялық социология;

ә) арнайы әлеуметтік теориялармен бірге салалық социологияларды (әлеуметтік топтардың социологиясы, қала социологиясы, ауыл социологиясы, білім социологиясы, саясат социологиясы, құқық социологиясы, насихат социологиясы, отбасы социологиясы, мәдениет социологиясы, еңбек социологиясы, т. б.) қамтитын, әлеуметтік жүйенің жекелеген бөліктерінің әрекеттері мен өзара ықпалдасу заңдылықтарын, орта дәрежедегі қауымдастықтарды зерттейтін орта деңгейдегі социология;

б) әлеуметтік құбылыстар мен процестерді жеке адамдардың іс - әрекеті, өзара ықпалдастығы, тәртібі, мінез – құлқы тұрғысынан зерттейтін микросоциология.

Социология ғылымының мұндай құрылымы жалпылықтың ерекшелігін және жекеліктің бір-бірімен өзара қатынасын анық көрсетеді /1/.

Социология ғылым ретінде теориялық және эмпириялық зерттеу әдістерінің органикалық бірлігіне, өзара әсеріне негізделеді. Теориялық пен эмпириялық зерттеу әдістерінің арақатынасы проблемасының ғылыми танымда функционалдық және генетикалық жақтары бар. Біріншісі ғылымның теориялық аппараты мен эмпириялық негіз арасындағы арақатынасқа қатысты, ал екіншісі, теориялық аппаратың, оның ішінде ғылыми теорияның қалыптасуына, эмпириялық кезеңнен теориялық кезеңге өтуге байланысты.

Даму деңгейінің қандай дәрежеде болуына қарамастан социологияның міндеті әлеуметтік болмысты және оны қайта құруды түсіндіретін екі қызметімен сипатталады.

Әлеуметтік теорияларды басым бағытына қарай іргелі және қолданбалы деп екіге бөлуге болады. Біріншісі ғылыми проблемаларды шешуге, әлеуметтік ілімнің, социологияның тұжырымдамалық аппаратының қалыптасуына, әлеуметтік зерттеу әдістерін айқындауға бағытталған.

Қолданбалы теориялар қоғамның алға қойған практикалық мақсаттарына қол жеткізу құралдарын іздеуге көмектеседі. Десек те, теорияларды бағытына қарай іргелі және қолданбалы деп бөлу шартты түрде.

Қолданбалы социологияда, атының өзі де айтып тұрғандай, теориялықтан гөрі практикалық мүдде анағұрлым жоғары қойылады, мұнда білім ғана емес, нақтылы практикалық ұсыныстар ерекше маңызға ие. Осыған байланысты қолданбалы социология “әлеуметтік инженерлік”, “әлеуметтік технология”, “әлеуметтік гигиена”, “әлеуметтік терапия”, сияқты ғылым салаларымен ұштасады.

Қолданбалы социология ұғымының енгізілуімен бірге социологияның пәні де өзгереді; өйткені әлеуметтік құрылым одан әрі бөлшектене түсті. Қолданбалы зерттеулерде (мысалға, отбасылық, некелік қарым - қатынастарды қарастырғанда) жалпы әлеуметтік отбасы теориясы емес, жас отбасының өзіндік проблемалары немесе сонымен байланысты өзекті мәселелер қарастырылады.

Қолданбалы зерттеулерде эмпириялық және теориялық арақатынас мәселесі де өзінше шешіледі. Теория бұл жерде бағдарлама жасауда, негізгі ұғымдарды түсіндіруде, алынған мәліметтерді талдауда, құжаттарды есеп беруге дайындауда, т. б. қолданылады. Мұнда бастапқы эмпириялық мәліметтер жинауды қамтамасыз ететін эмпириялық зерттеу жүйесінің маңызы зор. Қолданбалы эмпириялық зерттеудің әдістемесі мен техникасын жасау “әлеуметтік зерттеудің әдістемесі мен технологиясы” деп аталатын теориялық білімнің бір түрінің пайда болуына ықпал етті /2/.

Социология мен әлеуметтануды айыра білу керек. Соңғысы экономика, құқықтану, халықтану (демография), мәдениеттану, этнология, психология және т.б. қоғамдық ғылымдарға қатысты қолданылады. Ал, социологиялық зерттеулер әлеуметтік зерттеулердің негізін құрайды.

Сонымен, қазіргі заманғы социология — бір-бірімен тығыз байланысты және бәрі қосылып біртұтас ғылым құрайтын теориялар мен білім түрлерінің көп деңгейлі жиынтығы.

2. Социология ғылымының қызметі

Социологияның негізгі қызметтеріне гносеологиялық, болжамдық, праксеологиялық және идеологиялық міндеттер жатады.

Гносеологиялық қызмет бұл ғылымның танымдық құралдары жүйесінде жүзеге асады. Бұл орайда социологияда қоғамды тұтастай алғанда, сондай-ақ, оның жекелеген бөліктерінің өмір сүру, даму заңдарын ашатын жалпы және арнаулы теориялар қолданылады.

Таным құралдарына, сондай-ақ, алғашқы эмпириялық деректер жинаудың жолдары мен тәсілдері, мәліметтерді өңдеу, логикалық және математикалық фактілерді сипаттау және түсіндіру, жалпы айтқанда, жаңа әлеуметтік білімдерді қалыптастыру жатады.

Бұған таным процесі бұрыннан бар әлеуметтік теорияларға, білімге мазмұндық және методологиялық жағынан сын көзімен қарап, сол негізде жаңа теориялық және методологиялық парадигма жасаумен байланысты болғандықтан да сыншылдық қызмет те кіреді. Сыншылдық қызмет зерттеліп жатқан нысандарды бағаламай болмайтындықтан да аксеологиялық қызметімен толықтырыла түседі.

Болжамдық қызмет әлеуметтік жүйенің болашақтағы мүмкін боларлық келбетін сипаттау, қоғамның немесе оның жеке буындарының әлеуметтік дамуын ғылыми тұрғыдан болжау арқылы жүзеге асады.

Праксеологиялық қызмет әртүрлі басқару құрамдарына қатысты социологтар ұсынатын практикалық ұсыныстар ретінде қолданбалы социологиямен тығыз байланыста жүзеге асады. Бұл ұсыныстар басқару шешімдерін қабылдауға негіз болып, социология қоғамдық өмірге белсене араласа түседі.

Идеологиялық қызмет социологияның қоғамдағы әртүрлі топтардың әлеуметтік мүдделерін білдірмей тұра алмайтындығына байланысты. Ғылыми зерттеулерде айқындалатын әлеуметтік себептер қоғамның құрылымдық бөліктерін, оның табиғатын түсіндіру арқылы ғана емес, зерттеу авторларының саяси бағыттарының принциптеріне де байланысты. Сондықтан социология идеологиялық ықпалдан шығып кете алмайды; оның саяси идеяларды теориялық жағынан негіздеуге де ұмтылуы мүмкін /3/.

Социологияның қызметін шартты түрде теориялық және қолданбалы деп бөлуге болады. Теориялық, яғни іргелі социология басқа да ғылымдармен бірге әлеуметтік зерттеулердің методологиялық негізі болатын көзқарастық қызмет атқарады. Теориялық социология осы ғылымның пәнін зерттеуге қажетті ұғымдар мен түсініктер аппаратын жасайды, әлеуметтік заңдар мен заңдылықтарды ашып зерттейді, әлеуметтік дамудың теориясы мен тұжырымдамасын негіздейді.

Қолданбалы социология теорияға сүйене отырып, түрлі тарихи жағдайлардағы әлеуметтік заңдардың өмір сүру формалары мен әрекет ету механизмдерін іс жүзінде тікелей зерттейді.

Сонымен қоғамдық сана мен индивидтердің іс-әрекеттерін, олардың экономикалық, әлеуметтік, саяси және рухани қарым-қатынастар жағдайындағы өзгеру тенденцияларын талдау қазіргі заманғы социология ғылымының негізгі зерттеу міндеттерінің бірі болып саналады.

3. Әлеуметтік ғылымдар жүйесіндегі социологияның алатын орны

Әлеуметтік ой-пікірлердің даму тарихын қарастыра отырып, біз социологияны ғылым ретінде анықтауға жақындай түстік. Социология жеке дара емес, басқа да әлеуметтік ғылымдармен тығыз байланыста дамып отырады. Социологияның әлеуметтік философиямен, тарихпен, саясаттанумен және басқа да ғылымдармен арақатынасын, өзара әсерін зерттеу аса маңызды.

Социология мен әлеуметтік философияның арақатынасы социологияның философия ғылымына жатпайтындығына, әлеуметтік философияға қарағанда қоғамның аясы тарлау заңдарын зерттеуіне байланысты. Социология да, әлеуметтік философия да қоғамды тұтастай, жүйе-жүйесімен, оған енетін бірліктердің жәй қосындысы бола бермейтін интегральды құрылым ретінде қарастырады. Бұл — осы екі ғылым саласының тығыз байланысын көрсететін ортақ белгілері. Бұған қарамастан әлеуметтік философия қоғамды әлемдік жаратылымның ерекше бір бөлігі ретінде кең ауқымда қарастырып, оны ортақ ұғымдардың, категориялардың, заңдардың көмегі арқылы сипаттайды, Әлеуметтік философия қоғам дамуын табиғатта, қоғамда, адамның ойлауында өмір сүретін жалпы философиялық заңдардың осы процестегі өзінше көрінісін таба отырып талдайды. Әлеуметтік философияның заңдарына қоғамның тұрмыс-тіршілігі мен қоғамдық сананың арақатынасын сипаттайтын заңдар және қоғам дамуының қайнар көзін сипайттайтын заңдар айқын мысал бола алады. Мұның барлығы қоғам дамуының табиғатпен салыстырғандағы ерекшеліктерінің әлеуметтік формасын көрсетеді.

Қоғам туралы білімдер мұнымен ғана шектеліп қоймайды: қоғамның жалпы философиялық заңдардың, категориялардың, ұғымдардың ауқымына сия бермейтін өзіндік ерекше әлеуметтік байланыстары мен әсері, қырлары, жақтары, ерекшеліктері бар. Міне, социология осыларды зерттейді. Қоғамдық дамуды абстракциялы түрде жоғары деңгейде сипаттайтын әлеуметтік философиямен салыстырғанда социологияның зерттеу нысаны мен пәні нақтырақ, онша абстрактылы болмайды. Егер әлеуметтік философия өзінің дамуында қоғам туралы арнайы ғылымдардың жетістіктеріне тікелей сүйенетін болса, социологиялық зерттеулер басқа да қоғамдық ғылымдардың жетістіктерін пайдалана отырып, эмпириялық тұрғыдан тексеруге болатын әлеуметтік деректерді жинау мен талдауға, жинақталған эмпириялық мәліметтерге тікелей негізделеді.

Әлеуметтік философия социологияның жалпы теориялық және методологиялық негізі болғандықтан барлық уақытта да жалпыға ортақ заңдар мен категорияларды білумен қатар социологтар әлеуметтік философия заңдарын одан шағын көлемдегі заңдар мен категорияларды зерттеудің қажетті алғы шарты ретінде ұстанады /4/.

Социология мен әлеуметтік философияның ара жігін шектеу бұл екеуінің өзіне ғана тән ерекшеліктерін ескере отырып, оларды абсолютті түрде не ажыратып, не ұқсастырып жіберуге апарып соқтырмауы тиіс.

Қоғам социология сияқты тарих ғылымының да зерттеу нысаны саналады. Сондықтан бұл екеуінің өзара және екеуінің философиямен арақатынасын анықтау да маңызды. Тарих пен социологияның айырмашылығы мынада: тарих қоғамның өткенін зерттеп, оның даму жолдарын нақтылы жүйемен түсіндіруге мән береді, ал социологияда қоғамның ағымдағы құрылымы мен өмір сүруіне көңіл аударылады. Әлеуметтік құрылымның тарихи төркіні социологты да қызықтырғанымен оның міндеті негізінен қоғамның бүгінгі күйін талдау.

Сонымен тарих пен социологияның арасында ортақтық пен өзіндік ерекшеліктер бар екен. Ортақтық зерттеу пәнін, яғни қоғам дамуын қарастырудан, ал ерекшелігі қоғамның әртүрлі уақыт аралығындағы (өткені-бүгіні) жалпы алынғанынан көрінеді. Мысалы, бұрын болған жеке бір тайпаның өмірін зерттесек, оны қиындықсыз тарихқа жатқызуға болады; егер оны бүгінгі бір құбылыстың көзі ретінде қарастырсақ, бұл тайпа социологияның нысаны болып есептеледі.

Социология сияқты тарих та философиялық теорияларға сүйенеді. Әлеуметтік философия (тарих

философиясы) социологияның да, тарихтың да жалпы теориялық-методологиялық негізін құрайды. Сондықтан да социологияда тарихи деректер, ал тарихта әлеуметтік мәліметтер кеңінен қолданылады. Сонымен бірге тарихта да социологиядағыдай қосымша пәндердің тұтас бір кешені араласып жүретіндігі есте болуы керек; тарихта археология, этнология, геральдика, нумизматика, деректану салалары болса, социологияда психология, әлеуметтік психология, демография, саясаттану, мәдениеттану т.б. ғылым салалары ұштасып жатады.

Бұл жерде егер дербес ғылым саласының мәліметтері басқа бір саладағы зерттеулерде қосымша эмпириялық материал ретінде қолданылса, оның көмекші рөл атқара беретіндігі де есте болған жөн. Осындай ретпен социология да басқа әлеуметтік ғылым салаларында көмекші ғылым түрінде пайдаланылуы мүмкін /5/.

Сонымен философия да, тарих та, социология да қоғамды өз тұрғыларынан зерттейді: философия қоғамның дамуы мен өмір сүруінің жалпы заңдарын ашады; тарих осы заңдардың тарихи қозғалыста жүзеге асуын қарастырады; ал социология қоғам құрылымындағы осы жалпы заңдарды нақтылай түседі.

Социология саясаттанумен де тығыз байланыста. Мысалы, әлеуметтік қауымдастықтар, әлеуметтік ұйымдар, әлеуметтік институттар — саясаттанудың да, социологияның да зерттеу нысаны. Соған қарамастан екеуінің арасында айырмашылықтарда бар. Социология қоғамды оның әлеуметтік құрылымы, адамдардың, әлеуметтік топтардың, ұлттар мен халықтардың әлеуметтік мәртебесі, олардың өзара әсері, т.б. тұрғысынан қарастырады. Саясаттану болса, қоғамға азаматтардың құқықтары мен міндеттерін талдау тұрғысынан келіп, саяси жүйенің құрылымы мен саяси билік қатынастарын зерттейді; саяси институттар мен ұйымдардың орнын, рөлі мен қызметін айқындайды. Социологиялық зерттеулер де саясаттануда кеңінен қолданылады.

Экономика ғылымының социологиядан айырмашылығы сол, ол қоғамды тұтас жүйе түрінде емес, оның бір ғана экономика саласын зерттейді. Экономика ғылымы материалдық өндірісті, адамдардың экономикалық іс-әрекеттерін, т.б. тұтас күйінде зерттесе, социология толығымен экономика ғылымына арқа сүйейді. Сондай-ақ, социология құқықтану, әлеуметтік психология, демография, мәдениеттану, т.б. ғылымдармен де тығыз байланысты.

Қазіргі заманғы социология ғылымының рөлі мен мәні барған сайын арта түсуде. Бұл, біріншіден, біздің қоғамдық өміріміздің барлық жақтарының реформалануына, екіншіден, қоғамдық өмірде әлеуметтік факторлар мен әлеуметтік ортаның рөлі мен маңызының арта - түсуіне, үшіншіден, құқықтық мемлекеттің қалыптасып, азаматтық қоғамның орнауына байланысты. Қоғамдық дамуға социология ғылымының ықпалы барған сайын арта түсетін болады. Қоғамды, ондағы процестер мен қарым-қатынастарды қарастырғанда қоғамдық және әлеуметтік деген екі ұғым пайдаланылады. Екеуі ұқсас сияқты көрінгенімен, социология ғылымының дамуымен бірге әлеуметтік ұғымының дербестігі де арта түседі.

Әлеуметтік дегеніміз қоғамдағы қарым-қатынастардың, индивидтердің бірлескен іс-әрекеттерінің жиынтығы, олардың қоғамдық өмірдегі құбылыстар мен процестерге қарым-қатынасы.

Қазіргі отандық социологияда “әлеуметтік” термині бірнеше мағынада қолданылып жүр. Біріншісі, қоғамдағы жасына, дүние-мүлкіне, ұлттық белгілеріне қарай ерекшеленетін адамдардың түрлі қауымдарының өзара ықпалдастықтары жүзеге асатын қоғамдық өмір өрісін анықтаумен байланысты. Әлеуметтік өмірге қатысты құбылыстарды сөз ету дегеніміз адамдардың еңбекақысы, оларды әлеуметтік қорғау мәселелері, қоғамдағы ұлттық және таптық қатынастар туралы да әңгімелеу. Әлеуметтікті дәл осылай түсіну бұрыннан қалыптасқан ғылыми дәстүр. Қазір бұл дәстүр әртүрлі құжаттарды, заң актілерін, мекеме аттарын жазғанда қолданылып жүр. Алайда, мұндай түсінік кезінде әлеуметтік өмірдің көптеген құбылыстары (атап айтсақ, саясат, экономикалық қатынастар, әлеуметтік институттар) әлеуметтік байланыстардың түрлері ретінде қарастырылмай әлеуметтік өмірден тысқары қалды.

Екінші жағдайда, “әлеуметтік” және “қоғамдық” сөздері тең мағынада қолданылып жүр. Әрине, қоғам — әлеуметтің жоғары құрылымының жемісі. Әлеуметтік жағынан біртұтас қоғамда ғана әлеумет өзіндік ерекшеліктері барынша дамыған қалпына жете алады. Бірақ әлеуметтік сөзінің мағынасы қоғамдық сөзінен әлдеқайда кең. Үшінші жағдайда, біз “әлеуметтік” терминін сөздің кең мағынасында, адамзат тіршілігінің өзіне ғана тән ерекшелігін бейнелейтін жаңаша сапада қолданамыз. Ол қоғамның әлеуметтік жағдайының барлық құбылыстарын, оның қарапайым түрлерін де (әлеуметтік әрекет сарыны), күрделі жүйелерін де (біртұтас күйіндегі мәдениет), жекелеген әлеуметтік әрекеттерді де, сондай-ақ, дамыған әлеуметтік институттарды да қамтиды /6/.

“Әлеуметтік” проблемасы әлеуметтік пікір дамуының бүкіл тарихымен астасып жатыр. Әлеуметтік — социологияның негізгі категориясы. Құрамында топтары, таптары, жіктері, ұйымдары, ұлттары, халықтары бар әлеуметтік қоғам социологияның негізгі зерттеу нысаны болып саналады.

Әлеуметтік институттар мен әлеуметтік ұйымдар социологияның маңызды категориялары болып табылады. Бұлардан басқа, жалпы әлеуметтік категорияларға қоғам, жеке адам, стратификация, әлеуметтік жүйе, халық, ұлт және т.б. категориялар кіреді.

Негізгі қызметтеріне қарай үлкен төрт топқа бөлінетін социологияның методологиялық категорияларын жасаудың айрықша теориялық және практикалық қырлары бар.

Социологиялық категориялардың бірінші тобының тұжырымдамалық сипаттағы методологиялық аппаратты жасауға қызмет ететін “әлеуметтендіру”, “әлеуметтік бейімделу”, “қоғамдық пікір”, “құндылық бағдар”, “адамгершілік мәдениеті”, “әлеуметтік тәртіп”, “әлеуметтік ахуал” сияқты категориялар жатады. Олар нақтылы пәндік, әлеуметтік зерттеулерде назарға алынып, әртүрлі амалдармен тексеріледі, содан кейін барлық эмпириялық деректерге талдау жасалынып, олар нақтылана түседі; бұған социологияда ерекше мән береді. Мысалы, “еңбек тәртібі”, “моральдық-психологиялық ахуал”, “басқару стилі”, “құбылмалы мінез-құлық”, “өндірістік бейімделу”, “отбасылық ахуал”, “басқару қатынастары” сияқты ұғымдар осылайша нақтылана түседі. Категориялардың бұл тобы әлеуметтік зерттеулерді методологиялық жағынан қамтамасыз етеді. Әлеуметтік өлшемдерді, әлеуметтік көрсеткіштер мен эмпириялық индикаторларды алдын ала дайындау қажеттілігін анықтап, әлеуметтік процестердің мазмұны мен мәнін, оның өту сипаты мен даму дәрежесін бейнелейді.

Категориялардың екінші тобы құралдық сипатта болып, “әлеуметтік белсенділік”, “еңбегіне қанағаттану”, “іскерлікпен өзара түсіну”, “нарықтық байланыстарға қатынас” сияқты категориялардан тұрады. Мұндай ұғымдар социологиялық сұхбат, сауалнама жасағанда, әлеуметтік сынақ бағдарламаларын түзгенде қажет. Бұлардың көпшілігі пәннің сипаттамасын білдіретін амалдық ұғымдар. Олар да эмпириялық индикаторларды жасаумен қатар жүріп отыратын эмпириялық нақтылауды қажет етеді.

Социологиялық категориялардың үшінші тобы әлеуметтік таным әдістерінің, оның құрылымының механизмдерінің мәнін ашатын категориялар: “зерттеу нысаны”, “зерттеу пәні”, “талдау”, “сипаттау”, “қорыту”, “интерпретация”, “экстраполяция”, “салыстыру”, “идентификация”, “квантификация”, т.б. Бұл категориялардың көпшілігі ерекше нақтылауды немесе қосымша түсініктемені қажет етпейді, бірақ оларды түсіндіру көмескі, бұлдыр, көп мәнді, толымсыз болмағаны жөн. Ал, олар мәнін ашатын әдістердің іс жүзінде қолданылуы басқа мәселе. Бұл жерде жалпы методологиялық категориялардың әрқайсысы категориялық пирамиданың (төңкерілген), немесе әлеуметтік таным әдістері мен түрлері жүйесінің негізі болады. Мысалы, “салыстыру” категориясы “салыстырмалық”, “салыстырмалы талдау”, “салыстырмалы қорыту” сияқты ұғымдардың негізін құрайды.

Төртінші топ — зерттеу “технологиясының” (әртүрлі әлеуметтік зерттеулердің әдістемесінің, техникасы мен тәртібінің) категориялары. Оған “қосылған бақылау”, “қосылмаған бақылау”,

“контент – талдау”, “сұрыптау”, (кездейсоқ, квоталық, сатылы, т.б.) “сұрыптаудың репрезентативтілігі”, “әлеуметтік аттестация”, “эксперттік сұраулар”, “респондент”, “түзу”, “шкалалау”, “корреляция”, “тестілеу”, “референттік топ”, т.б. жатады.

Кейбір категориялардың екі топқа да жатқызыла беретіндігінен қайшылық іздеудің қажеті жоқ. Бұл “интерпретация”, “квантификация” сияқты ұғымдардың таным ауқымында таным әрекетінің әртүрлі мәнін білдіруімен байланысты. Мысалы, жоғарыдағы жіктелім бойынша “теориялық интерпретация” категориясы үшінші топқа, ал “эмпириялық интерпретация” категориясы төртінші топқа жатады; “экстраполяция”, “стратификация”, “идентификация” сияқты категориялар да осы сияқты. Категориялардың бұлайша бөлінуінің ғылыми-практикалық мәні қандай жағдайларда болмасын олардың қолданылу сипаты мен мақсаты айрықша нақтылау мен түсініктемені қажет етпейтіндігінде. Ерекше топқа өзіндік мақсаты мен қызметтері бар, бірақ қолданбалы социологияға қатысы жоқ “әлеуметтік праксеология (социопраксеология)” категориясын жатқызуға болады. Ол да өзінің мынандай категориялық аппаратын құрады: “әлеуметтік тиімділік”, “әлеуметтік қуат”, “әлеуметтік қор”, “әлеуметтік зерттеулердің тиімділігі”, т.б.

Сонымен, социологиялық таным категорияларының құрылымдық – классификациялық жүйесі жасалды. Кез келген ғылымның, соның ішінде социологияның да негізгі мазмұны оның пәніне қатысты заңдар мен заңдылықтарды ашудан көрінеді. Әлеуметтік заң — бұл әлеуметтік процестердің, әлеуметтік әрекеттердің елеулі қажетті байланысының көрінісі.

Әлеуметтік заңдар адам өмірінің барлық саласында әрекет етіп, таралу ортасына қарай ажыратылуы мүмкін. Әрекеттері шағын топтарға, белгілі бір әлеуметтік страттарға, әлеуметтік жіктер мен топтарға, ең соңында, тұтас қоғамға тарайтын заңдар бар. Басқаша айтқанда, социологиялық заң ықпалы қоғамға түгелдей, немесе оның бір бөлігіне ғана жүреді.

Басқа ғылыми заңдар сияқты әлеуметтік заңдардың да төмендегідей негізгі белгілері бар: 1) заң белгілі бір шарттар қатал орындалғанда ғана күшіне енеді; 2) бұл шарттар орындалғанда заң күшін жоймайды, барлық уақытта ештеңеге қарамастан әрекет етеді; 3) заңның күшіне енуіне қажетті шарттар толығымен емес, жарым – жартылай, жуық шамамен іске асады. Барлық ғылыми заңдарда жоғарыда айтылған белгілердің болуы зерттеушілер үшін аса маңызды. Зерттеуші заң әрекеті мен оның мазмұнының қалыптасуына талдау жасай отырып, мүмкіндігінше осындай шарттарды ескеріп отыруы қажет. Сондықтан, “индивидтер барлық уақытта да әлеуметтік топтар құруға талпынады” түріндегі пікір оның жүзеге асу шарттары айтылмағандықтан да әлеуметтік заң бола алмайды.

“Егер сыртқы факторлар әсер етпесе, ұйымның ішінде қорларды қайта бөлу жүрмесе, ұйымдағы әлеуметтік шиеленісті оның пайда болу себептерін жою арқылы барлық уақытта да шешуге болады” деген сияқты тұжырымның өзі әлеуметтік заңды іс жүзінде сипаттамайды. Ұйымға, яғни қоғамға сыртқы факторлардың әсерін толық болдырмау мүмкін емес.

Әлеуметтік заңдарды қоғам мүшелеріне белгілі бір топтар мәдениет нормалары немесе құқықтық заңдар сияқты саналы түрде жасамайды. Адамдар әлеуметтік заңдарды білмей-ақ соған сәйкес өмір сүреді де, бір-бірімен, әлеуметтік институттармен қарым-қатынастар барысында “заңдастырылған” тәртіпті қажетіне қарай әлеуметтік заңдарды білу қоғамдағы құбылыстарды зерттеу, әлеуметтік процестерді басқару істерінде аса маңызды. Әлеуметтік заңдардың өмір сүріп, әрекет етуі социологияға өмір деректеріне ғылыми тұрғыдан келуде мол мүмкіндіктер ашады. Қоғамдағы адамдар тәртібіндегі күтпеген жайларды, тәртіпсіздікті, ретсіздікті ғылыми әдістің көмегімен танып білу қиын, керісінше, адамның іс-әрекеттерін алдын ала болжауға болатындығы, оның қайталанатындығы сияқты белгілер адамзат қоғамын зерттеуші ғылымдарға әлеуметтік заңдарды ашуға, олардың жүзеге асу шарттарын айқындауға, сөйтіп әлеуметтік топтар мен қоғамдағы адамдардың іс-әрекеттерін алдын-ала болжай білуге мүмкіндіктер жасайды /7/.

Сонымен социология ғылымы ғылыми негізделген әлеуметтік саясатты жасауда, оны жүзеге асыруда қолданылатын шаралардың тиімділігін арттыруда айрықша рөлге ие.

Қолданылған әдебиеттер

1. Основы социологии. Курс лекций. т.1. М., 1994, 11 – бет.

1. Социология. Минск, 1998, 66 – бет.
2. Социология. М., 1998, 73 – 74 беттер.
3. Социология. М., 1995, 14 – 15 беттер.
4. Социология. М., 1998, 59 – 60 беттер.
5. Основы социология. Курс лекций. М., 1994, 86 – 87 беттер.
6. Фролов С. С. Социология. М., 1996, 36 – бет.

II - бөлім

Шығыс елдеріндегі және Қазақстандағы әлеуметтік – құқықтық ойлар

I – тарау

ЕРТЕ ТҮРКІ ДӘУІРІНДЕГІ ӘЛЕУМЕТТІК – ҚҰҚЫҚТЫҚ ОЙЛАР

1. Ерте түркі жазбаларындағы әлеуметтік – құқықтық идеялар

Ерте түркі мемлекетінде VI – VIII ғасырларда тасқа қашалып жазылған Орхон – Енисей жазба ескерткіштерінің дүние – жүзілік өркениет тарихында алатын орны ерекше.

Бұл ескерткіштер жазба мәдениетінің ғана емес, сол кездегі саяси ойдың да асыл мұрасы болып табылады. “Күлтегін”, “Білге қаған” және “Тоныкөк” шығармаларында сол бір тарихи кезеңнің саяси тынысы, түркі халықтары өміріндегі аласапыран оқиғалар, ел билеушілерінің отаншылдық, бірлік, намыс туралы түсінігі, наным – сенімі, ұлыс аралық қарым – қатынастар, жеңістері мен қателіктері баяндалады.

“Күлтегін” ескерткіш жырының авторы Иоллық тегін өз дәуірінің саяси қайраткері, қағанның кеңесшісі, тарихшысы болған. Ол бұл еңбегінде Түркі қағанатының қашан және қалай құрылғанын, қағанатты құрған және нығайтқан ұлы қағандар мен олардың қолбасшыларының өмірбаянын, қағандықты ұстап тұру үшін жүргізген ерлік күрестерін баяндайды. Қағандық билікті қостаған Иоллық тегін түркі елінің бүтіндігі мен тәуелсіздігі үшін әкімдер мен бектерді өз уысында ұстап отыруды, олардың қарсылығын күшпен басуды дұрыс деп есептейді.

“Жоғарыда Көк тәңірі төменде Қара Жер жаралғанда екеуінің арасында адам баласы жаралған. Адам баласына менің ата-бабаларым Бумын қаған, Істемін қаған үстемдік құрған. Таққа отырып түркі халқының мемлекетін басқарған, үкім билігін жүргізген. Дүниенің төрт бұрышы түгел оларға дұшпан болған. Әскер құрып, жорыққа аттанып, олар дүниенің төрт бұрышының халқын түгел бағындырған” деп басталатын “Күлтегін” жазуының кіріспесінде түркі мемлекетінің қалай құрылғаны туралы мифтік көзқарастармен бірге, мемлекетті басқарудағы қаған билігі мен ол құрған тәртіптер жайы да айтылады.

Жырдың авторы Иоллық тегін түркі мемлекетінің құрылуын және оны қағандардың басқаруын тәңірінің бұйрығы бойынша жасалған әрекет деп түсіндіреді. “Олар (түркілер) оған дейін әміршісі болмаған көк түріктердің арасында тәртіп орнатып, елді басқарған”. Автордың түсінігінше, оған дейін мемлекет те, ел басқару әдісі де, адамдар арасында тәртіп те болмаған. Тәңірінің ризалығымен “бастыны жүгіндірген, тізеліні шөгерген” қағандарды осы көктің, тәңірінің еркімен билік құрып отыр деп есептеген түріктер оларды “Көк тектестер” және “Көкте туғандар” деп атады. Түркі қағандары да өздерінің жазбаларында Көкті өздерін әрқашан желеп-жебеуге шақырды.

“Күлтегін” жазба ескерткіштерінде түркі мемлекетін орнықтырған алғашқы қағандар ақылды да, күшті болып суреттеледі. “Бұл екі қаған дана қаған екен, алып қаған екен. Бұйрықшылары да дана екен, алып екен. Бектері де, сондайлық халқы да азбаған екен, түзу жолда екен”. Ақылды қағандар басқарған елдің шенеуліктері де, халқы да ақылды болып келеді, халықтық әдет – ғұрыптар мен заңдар мүлтіксіз орындалады, бұзық ниеттегі адамдар болмайды. Билеуші нашар болса, бұрынғы әдет-ғұрыптық жоралғылар сақталмаса, ауыз — біршілік болмаса мемлекеттің шаңырағы шайқалады, қолдан билік кетеді, халқы құл болады.

Осындай себептермен Түрік қағанатының ыдырауы мен басқа мемлекетке тәуелді болуы туралы аталмыш шығармада былайша жырланады. “Одан кейін інісі қаған болған екен, баласы да қаған болған екен. Інісі ағасындай іс қылмағанға ұқсайды, ұлы әкесіндей іс қалдырмағанға ұқсайды. Зердесіз қаған ел билегенге ұқсайды. Бұйрықшылары да біліксіз қағанға ұқсайды, жәутік қағанға

ұқсайды. Бектері мен халқы түзу жолдан шыққаны себепті, табғаш халқының арбаушылығы себепті, аға-інілердің кектескені себепті, әкімі бар халықты шағыстырғаны себепті түркі халқы ел етіп құрған мемлекетін қолдан берген екен, ел билеген қағанынан қолдан айрылған екен. Табғаш жұртына текті ұлың құл болды, сұлу қызың күң болды”. Мемлекеттің қуаттылығы мен күштілігі ел бірлігінде екендігін жақсы ұққан жыр авторы бұл мәселені айрықша атап көрсетеді.

Сатқындық пен опасыздықты, өзара жауласушылықты Көк Тәңірісі де қолдамайды. Табғашқа бағынғаны үшін тәңірінің қаһарымен “түркі жұрты өлді, алқынды, жоқ болды”. “Мемлекетті халық едім, мемлекетім енді қані? қағанды халық едім, қағаным қані? Қай қағанға ісімді-күшімді беремін” деп күніренген бүкіл түркі халқының өкініші мен зарын естіген Көк Тәңірісі “Түркі халқы жоқ болмасын, жұрт болсын” деп Елтеріс қағанды жоғары көтереді. “Түркі халқының аты, айбар – даңқы құрып кетпесін деп Тәңірі түркі халқының аты, даңқы жоқ болмасын деп мені де қаған етіп отырғызды”. Жырда қаған қарапайым халықтың жоқтаушысы ретінде баяндалады. Оған “мал – мүлікті халықты” жетілдіру мақсат емес “іші ассыз, сырты тонсыз азып-тозған халықты тойындыру” басты мақсат.

Ерте түркі өркениетінің саяси-әлеуметтік саладағы құнды табыстарына олардың қоғамның жаңа әлеуметтік-саяси құрылымын қалыптастыруын жатқызуға болады. Олардың түркілер қоғамындағы шешуші роль атқаратын қаған бастаған империялық аксүйектер билігін қалыптастыруы — орасан зор Түркі империясының өмір сүруімен тығыз байланысты. Жоғары биліктегі қағанның ең басты міндеті де “ел жұртының қамын ойлау, халқын асырау, елді қорғау, күші мен ісін мемлекет мүддесіне жұмсау” болған. Қаған басына қойылған мәңгілік тасқа ойып жазылған мақтау сөзде, “ол өзінің халқын армансыз асырады” деп айтылады. Жоғары биліктің қаған мен бектердің қолына шоғырлануы да оларға ел тағдыры мен қауіпсіздігі, халықтың бейбіт тұрмысы үшін саяси – құқықтық тұрғыдан да зор жауапкершілік пен міндеттер жүктеген еді.

Елтеріс қаған мен Тоныкөктің басты мақсаты — түркі халқының басын қайта біріктіріп, оны қуатты да күшті елге айналдыру. Басқаның тәтті сөзі мен асыл бұйымдарына алданбау. Тәуелсіздік бәрінен де қымбат. Халықтың ынтымағы мен бүтіндігін ойлаған олар “бір рет қана тойынуды” мақсат еткендермен аяусыз күрес жүргізеді. “Аш-тоғынды білмейсің, бір тойсаң аштықты ойламайсың. Сондайлығың үшін өзіңді тойындырған қағаныңның сөзін алмастан жер-жерге бардың, соның бәрінде азып-тоздың” деп өкініш білдіреді. Түркі мемлекетінің тәуелсіздігі мен ар-абыройы үшін халықты бірігуге, басқыншы жаумен жан берісіп шайқасуға, өзін қолдауға шақырады. “Табғаш, Оғыз, Құтан — бұл үшеуі біріксе, біз екі ортада қаламыз, қорғана алмаймыз. Тозған әлсізді таптау оңай, тозған жіңішкені ұзу оңай, жұқа қалың болса, оны алып қана бұзады, жіңішке жуан болса, оны алып қана үзеді”.

Мемлекет билеушісі елдің даңқы мен атағы үшін, халқы мұңсыз, бейбіт өмір сүруі үшін қызмет етуі тиіс. “Әкеміз, ағамыз құрған мемлекеттің аты, күші, даңқы жоқ болмасын деп, түркі, халқы үшін түнде ұйықтамадым, күндіз отырмадым. Осылай елді құрап, халықты отқа күйдірмедім, суға батырмадым. Тәңірі жарылқап, құтым бар себепті, өлмеші халыққа жан кіргізіп, асырадым, жалаңаш халықты тонды, кедей халықты бай қылдым, аз халықты көп қылдым. Айбарлы жұрттыққа, қуатты қағандыққа жеткіздім” деп мақтанышпен айтылған бұл сөздерде билеушінің ақылды саясаты мен билігі, көрегендік қасиеті, қолбасшылық дарындылығы айрықша атап көрсетіледі.

Қағандық өкімет пен билікті нығайту, халықтың қағанға мойын ұсынып, сөзсіз бағынуы — олардың тәуелсіздігі мен бейбіт тұрмысының, берекелі тіршілігі мен игілікті ісінің шарты екендігін ұмытпау үшін қағанның өсиеттері кейінгі ұрпаққа қалдырылды.

Түркі халқы Білге қаған “кедей халықты қалай байытқанын, аз халықты қалай көбейткенін” ұмытпауы үшін, “түркі халқы неден қауіптеніп, нені білуі үшін” оның сөзі “мәңгілік тасқа” жазылған. “Уа, түркі бектері мен халқы, мынаған құлақ салындар! Сендер өз мемлекеттеріңді қалай құрғандарыңды, сендер қаншама күнәға батып бөлінгендеріңді мен осы жерге, мәңгілік тасқа ойып жаздым. Осыған қарап, біліндер!” Тәуелсіздік оңай келмеген, бұл мақсатта ел

билеушілерінің ерлігі мен көрегендігі қажет болған. “Қызыл қанын ағызып, қара терін ағызып, түркі еліне жау келтірмеген, құлаған мемлекетті қайта мемлекет еткен, жоқ болған халықты қайта халық еткен” түркі қаған – билеушілерінің ұстанған саяси идеалдары мен мақсат-мүдделері, ел билеу принциптері мен адамгершілік қасиеттерінің қандай болғандығы ерте түрік жазбаларында айқын байқалады.

Ел билеудегі табыстар мен кемшіліктер қатар айтылған, одан мәңгілік сабақ алуды өсиеттеген “Білге қаған”, “Күлтегін” және “Тоныкөк” жырларында халықты өз билігіне бағындыру мен көндіруге, өз соңынан ерте білуге жұмылдыру үшін билеушіге деген сенім мен үлкен бедел керек екендігіне ерекше назар аударылды. Жазба ескерткіштегі идеяның негізгі арқауы да қаған билігін орнатып отырған Көк Тәңірісінің еркі, бектер мен халықтың қағанға адалдығы, халықтың қаған мен бектерге бағынуы.

Ал “Қорқыт” кітабы мен “Оғызнамадан” тәңіршілік дүниетанымның үстемдіктен айырыла бастаған нышанын байқаймыз. Мысалы, Дерсе хан баласын тәңірден тілдеп алса (“Қорқыт ата” кітабы), Оғыз қағанының балалары аспаннан түскен нұрдан жаратылған әйелден туады. Сондықтан да олардың атын Ай, Күн, Жұлдыз қояды. Дерсе хан туралы аңызда Алла – Тағала аты бір рет айтылады да кейіннен үш мәрте Тәңірі - Тағала деп қайталанатын. Бұл нені көрсетеді? Бідің пайымдауымызша ол кезеңдердегі қауымдық санада тәңіршілдік көзқарастың әлі де үстем болғандығының, діни исламның толық жеңіске жете қоймағандығының айғағы болса керек. “Тәңірі – Тағала” осы итжығыс күрестің нәтижесі ретінде қалыптасқан ұғым сияқты.

Орхон – Енисей, “Қорқыт ата” кітабы Оғызнама жазба ескерткіштерінде тотемдік, анимистік көзқарас сілемдері сақталғанымен мифтік ойлаудың азая бастағаны байқалады. Оны оқиғалар желісінің реалистік, тарихи шындыққа біршама жанасымды тұрғыда баяндалатынан-ақ пайымдауға болады. Алайда тотемдік көк бөрі барлық аталмыш жадығаттарда орын алып отырады. Ол бірде әскерге жол басшы болса Оғызнама бірде киелі заузат ретінде дәріптеледі. Сонымен қатар, анимистік көзқарастардың да аз болса да бой көрсетіп қалатынын байқаймыз.

Қазақстан аймағындағы алғашқы адамдар, тас дәуірінен бастап еңбек құралын сапасына қарай таңдады, осыдан сезімді мәнді әрекет процесі басталды. Қола дәуірі тарихта жалпы тұрғындардың бақташы тайпалардың бөлінуімен және алғашқы ең үлкен қоғамдық еңбек бөлінісі болуымен белгілі. Бұл сол-ақ екен материалдық мәдениеттің дамуына, өркендеуіне қуатты қозғаушы күш берді. Тері шалбарлар пайда болды және көрші халықтар мұны жылдам-ақ қабылдады. Ауыздықтың, айыл, құйысқан, ертоқым, найза, жебе ұштарының қажеттілігі жаңа өндіріс салаларының дамуына септігін тигізді.

Ғұндардың өзі заттар мен тіршілік иелеріне сапа тұрғысынан қарады. Мейлінше күшті күтім тілемейтін, алыс жорықтарға төзімді асыл тұқымды жылқыларды өсіргенді дұрыс көрді. Тайпа көсемін оның сапалық қасиеттерін салмақтай отырып сайлады. Оның қасиеттері неғұрлым күштілігі, айлалы (алысты болжағыштығымен) бағаланды.

Қазақтың ата – тегінің еңбек әрекетімен, яғни мың шақырым, одан да ұзаққа созылған көш жолдарының белгілі күн мен айға байланысты басып өтілуін белгілеумен кеңістік ұғымының дамуы басталды. Тіптен күндік көш жолы біркөш, сондай – ақ қозы көш, апталық көш т. б. қашықтық мөлшері белгіленеді. Кеңістік бет – бағдары Қазақтардың ата – тегімен көне түріктерді басқа халықтардан тұрақтарының есігінің шығысқа бағытталуымен ерекшелейтін ғұндар ертемен қосынан шығып күнге, кешке айға табынатын болған. Ғұндардың бұл дәстүрі кейіннен түріктерге ауысты.

Түріктердің ежелгі молаларының барлығының беті шығысқа бағытталған. Тіпті көне түрік тілінде Шығыс алдыңғы жақ, батыс (кейінгі) арқа бет, ал оңтүстік – оң, солтүстік – сол жақ болып саналады /2/.

Ислам діні Қазақ жеріне ене бастаған дәуірлерде түркі тайпалары рулық – патриархаттық дәстүрді

сақтай отырып, феодалдық қарым – қатынас жолына көшіп әрі өзара тартыс пен қырқыстары өрши түсіп, этногенездік тектер (қазақ, қырғыз, қарақалпақ, башқұрт, ноғай, өзбек т. б.) пайда болу процестері туындап жатты. Ислам дінінің енуі осы дәуірде өмір сүрген түркі тайпалары арасында феодалдық қарым – қатынастың өркендеп өсуіне жол ашты, тайпалар арасындағы өзара достықты күшейтіп, сенімдерін нығайтты. Тап осы дәуірде зиялылық білім қарыштай дамып, мәдениет пен ой – пікір жаңаша сипатта дами түсті. Сайып келгенде, бұл тайпаларға бұрыннан келе жатқан мәжәусилік шаман діні өздерінің талап – тілегін, мақсат – мүддесін айтпағанның өзінде өзінің әсерсіздігімен көпшілік көңілінен шыға алмады, ал ислам діні болса халықты рухани жағынан болсын, саяси жағынан болсын мығым ұстай алды. Оның үстіне әдеттік дәстүрдегі қағида – ережелер исламның шариат заңдарына кереғар болмады, бұл тайпалардың сенімі мен рухани сұраныстарын екі жақтың қағида – ережелері қабысуы нәтижесінде қанағаттандырды.

Осы дәуірде ислам діні әсерімен қазақ араб сөздері ене бастады. Әл – Фараби, Ибн – Сина, Хорезми, Науаи, Бақырғани, Қашқари, Сығанақи, Дулати, Яссауи т. б. зиялылар қауымы қалыптасып, тұрмыс – тіршілікте жаңа өзіндік ерекшеліктері бар әлеуметтік – құқықтық ережелер қалыптаса бастады.

Қолданылған әдебиеттер

1. Саяси – құқықтық ілімдер тарихы. Оқулық. Алматы, 2002, 79 – 82 беттер.
2. Қасабеков А., Алтаев Ж. Қазақ философиясының тарихына кіріспе. Алматы, 1994, 31 – 34 беттер.

2. Әл – Фараби және оның шығармаларындағы әлеуметтік – құқықтық ойлар

Әбу –Насыр Мұхаммед ибн Мұхаммед ибн Излағ ибн Тархан әл – Фараби 870 жылы Сыр бойындағы Арыс өзені Сырға барып құятын өңірдегі Фараб қаласында дүниеге келді. Туған жері қазақтың қаласы Отрарды арабтар Барба – Фараб деп атап кеткен, осыдан барып ол Әбу – Насыр Фараби, яғни Фарабтан шыққан Әбунасыр аталып кеткен. Бұл қаланың орны қазіргі Отрар ауданы, Оңтүстік Қазақстан облысының территориясында.

Сол тұста өмір сүрген зерттеушілердің қалдырған нұсқаларына қарағанда, Отырар қаласы IX ғасырда тарихи қатынастар мен сауда жолдарының торабындағы аса ірі мәдениет орталығы болған. Отырарға орта ғасыр ғалымдарының көп назар аударғанын біз тарихтан жақсы білеміз. Географиялық көрінісі түрліше бұл өңір суармалы егіншілікпен айналысуға да қолайлы болған. Ғалымдардың айтуынша, Отырар қаласы орналасқан аса құнарлы алқапта қазақ халқының арғы ата-бабалары, қырдағы көшпенділер мен қала тұрғындары жиі қарым-қатынас, тығыз байланыс жасап отырған екен.

Кеңінен мәлім екі дерек бар: 1213 жылы моңғолдар қаланы қиратты, бұл “Отырар апаты” деп аталды; онан соң 1405 жылғы ақпанда мұнда Әмір-Темір қайтыс болды. Отырар жайында біздің қолымызда Ибн Хаукальдің, Абул Фиданың, қытай деректемелерінің мәліметтері бар. Отырар жөнінде Птоломейде де айтылған. Отырардағы кітапхана, ел аузындағы аңызға қарағанда, кітабының саны жағынан атақты Александрия кітапханасынан соңғы екінші орында болған.

Бірақ Отырар Қазақстан территориясындағы бірден-бір мәдени орталық емес-ті. Зерттеушілердің қажырлы еңбегі арқасында республиканың археологиялық картасында басқа да мәдени орталықтар (Тараз, Сауран, Сығанақ, Түркістан, Мерке, Исфиджаб және басқа қалалар) болғаны көрсетілген. Сондықтан біз осы территорияны мекендеген тайпалардың сонау арғы заманда қалыптасқан өскелең өнері, қол өнері, ғылыми, түркі тілдес жазуы болған деп қазір батыл айта аламыз. Осы жазба әдебиеттің пайда болған кезін, ол біздің заманымыздан 300—400 жыл немесе одан көп бұрын уақыт қалыптасты ма деген мәселені келешекте тарихшылар мен тіл мамандарының анықтауына тура келеді. Міне, сондықтан да қазақ топырағынан шыққан ғалымдар Әбу-Насыр әл-Фараби, Исхак әл-Отрари, Исмаил әл-Шаухари, жемал әл-Түркістани, әл-Сигнаки, әл-Қыпшақи, Қадырғали Жалаири және басқалар жазған еңбектердің белгілі бір мәдени негізде дүниеге келуі әбден табиғи нәрсе. Осынау сандақтардың ішінде жалпы әлемге әйгілі алып тұлға ретінде көзге көрінетін әл-Фарабидің орны ерекше.

Ал енді әл-Фарабидің антика дәстүрімен байланыстылығынан, осының арқасында оның Аристотельден кейінгі “Екінші ұстаз” атанып, даңқа бөленгенін айтатын болсақ, әл-Фараби жастайынан-ақ ұлы Аристотельдің, Платонның, ерте дүниедегі Грецияның басқа да философтарының шығармаларымен түп нұсқасынан танысқаны жөнінде бізде деректер бар. Білімге, ізденуге деген құштарлықтың жетелуімен ол жас шағында, дүниедегі құбылыс біткеннің бәрі кісіге әрі ғажап, әрі таңсық көрінетін кезде, саяхат жасап, сол замандағы мәдени әлемнің көптеген орталықтары: Хорасанда, Бағдадта, Дамаскіде (Шам), Алеппада, Каирда (Мысыр) болған. Өз өмірінің көп жылдарын ол араб халифатының саяси және мәдени орталығы болған Бағдадта өткізді. Мұнда ол өз білімін әбден тиянақты меңгеріп толықтырады. Көрнекті ғалымдармен байланыс жасайды, сөйтіп өзінің білімдарлығы, ақылының алғырлығы және асқан байсалдылығы арқасында көп ұзамай олардың арасында үлкен абырой—беделге ие болады. Бірақ өресі тайыз кертартпа хадисшілер оны жек көріп, күндей бастаған, әсіресе олар әл-Фарабидің бүкіл ойының негізгі мәніне, қарсы шыққан, өйткені оның дүниеге көзқарасы шынайы болмысты, танып білуге, адам бақытын о дүниеден емес, бұл дүниеден іздеп табуға меңзейтін еді. Ақыр соңында әл-Фараби лажсыздан Бағдадтан кетеді. Өзінің “Фусул ал-мадани” (Мемлекет қайраткерінің нақыл сөздерінің) деген соңғы шығармасында ол: адам ғылымға түрліше тосқауыл жасайтын мемлекеттен кетіп, ғылымы өркен жайған елде тұруға тиіс дейді. Әл-Фараби Александриялық (Мысырлық) ғалымдар, яғни бір кезде Александриядан ығыстырылған несторианшыл христиандар тұратын Дамаскіде өткізеді, мұнда ол солтүстік Сирияның жетекші саяси қайраткері Сейд ад-Дуаль Хамданиге аса қадірлі болды. Әл-Фараби 950 жылы 80 жасында

қайтыс болады. Біздің заманға Әл-Фарабидің тек негізгі шығармалары ғана келіп жетті. Ол шығармалар ежелден бері-ақ жұртшылыққа танымал болып, философиялық және ғылыми ойдың одан кейінгі дамуына тигізгер әсері толассыз.

“Мұсылман Ренессансы” деген атауға ие болған сол заманға тән белгілері оның шығармаларынан белгілі бір дәрежеде өз орнын алды. Әл-Фарабидің творчествосында антик замандағы дәстүрдің және “Бірінші Ұстаз” деп шығыста аталып кеткен Аристотельдің тарихтың барысында қалдырған әсері неоплатонизмнің несторионшылдықтың әсері және исламның әсерімен Аристотель идеяларының өзгеруі айқын көрінеді. әл – Фарабидің Аристотельге бас игені сөзсіз. Сол сияқты ол Аристотель идеяларының ең жақсылары мен бағалыларын әрдайым таңдап ала бермейтіні де даусыз. Бірақ біз үшін ерекше бағалы жағы сол, ол Аристотель ілімінің формальдық жағымен ғана шектелмейді, ол диалектика элементтеріне, мәселені қарама-қарсы қоюына белгілі дәрежеде көңіл бөледі, сыртқы дүние мен сезім мүшелері арқылы жүзеге асатын байланыс таным логикасының ірге тасы болып табылатынын дәлелдейді.

Фараби Аристотельдің, әл-Киндидің ізін қуып, философия мен ғылымның барлық салалары бойынша үлкен жетістіктерге жетеді. Мәселен Фараби шығармаларының санын неміс ғалымы Ш.Штейшнейдер 117 еңбек десе түрік ғалымы А. Атеш 160, ал тәжік ғалымы Б. Ғафуров 200 трактат деп көрсетеді. Фараби философия саласы бойынша грек ойшылы Аристотельдің “категориялар”, “метафизика”, “Термневтика” мен “Софистикасына” түсініктемелер жазды. Ол еңбектері күні бүгінге дейін де мән-маңызын жоғалтқан жоқ. Сөйтіп, Фараби Шығыс пен Батыстың ғылымы мен ежелгі мәдениетін таныстыруда үлкен роль атқарды. Сондықтан да XI ғасырда өмір сүрген Фарабидің ізін қуушы атақты Ибн-Сина (980—1037) тек Әбу Насыр түсіндірмелері арқылы ғана Аристотель еңбектерінің ойын ұғып, қуанғанынан қайыршыларға садақа үлестіргені жайлы жазған екен. Анығырақ айтсақ Аристотель шығармалары сол кездің өзінде-ақ араб тіліне аударылып үлгергенді. Араб шығысында Аристотельдің кейбір құнды ойлары бұрмаланып көрсетілді. Бірақ көп еңбектері тәржімаланбағандықтан ұлы грек философиясының ойын түсіну қиын болды. Сондықтан да көп тілдерді жетік білген ұлы жерлесіміз Аристотель шығармаларына араб тілінде түсіндірме жазуды ұйғарды. Сөйтіп ол ұлы философтың мұраларын жаңсақ пікірлерден тазартып өз қалпында дұрыс түсіндіре біліп, өзінің бірінші ұстазға деген ғылым саласындағы үлкен адамгершілік, азаматтық іс-әрекетін таныта білді. Сондықтан да шығыс философтары оны “Ал муаллим ас-сани” — екінші ұстаз деп атаған. Фараби Аристотельдің философиясына түсініктемелер жаза отырып, өз тарапынан да “Ғылымдардың шығуы”, “Ғылымдар энциклопедиясы немесе тізбесі”, “Ізгі қала тұрғындарының көзқарасы”, “Музыканың үлкен кітабы”, “Философияны аңсап үйрену үшін алдын ала не білу қажеттігі жайлы”, “Ақылдың мәні туралы”, “Әлеуметтік этикалық трактаттар”, “Философиялық трактаттар”, т. б. сияқты көптеген еңбектер жазған /1/.

948 жылы Египетте жазылған “Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары туралы трактат” — әл-Фарабидің ең кемел туындыларының бірінен саналады. Ол бұл еңбегінде қала тұрғындарының бақытты өмірге қол жеткізуіне жағдай жасаған жоғары билік өнеріне көбірек көңіл бөледі. Қайырымды қаланың қайырымды билеушісі туралы айта келіп, әл-Фараби қала тұрғындарының игілікті өмір сүруі билік өнеріне тікелей қатысты деп ой түйеді. Ол өзінің қарамағындағы халыққа философияның ақиқат-анық қағидаларын ұғындыра білетін философ басқаратын ежелгі грек ойшылдарының “қайырымды қала туралы” ілімін одан әрі дамытты. Аристотельдің этикалық ұстанымдарын басшылыққа алған отырарлық ойшыл Платонның салған ізімен жүрді. Қалаларды әртүрлі категорияларға жіктеген әл-Фараби оның негізгі екі түрін қайырымды және қайырымсыз қалаларды бөліп көрсетеді.

“Бақыт — әрбір адам ұмтылатын ұлы мақсат” екендігін атап көрсеткен әл-Фараби бақытқа білім мен игілік нәтижесінде ғана жетуге болады, ал ондай мүмкіндік қайырымды қала тұрғындарында көбірек болатындығын дәлелдейді. Қайырымды қаланың билеушілері қала тұрғындарының мүддесі үшін қызмет етсе, қайырымсыз қала билеушілері алдымен өз мүдделерін көздейді.

“Бақытқа жету” еңбегінде ол “бақыт дегеніміз игіліктердің ішіндегі ең қадірлісі, ең үлкені және ең

жетілгені” деп атап көрсетеді және әр адамның оған толық құқығы бар дейді. Ал ондай құқыққа ие болуға қайырымды қала тұрғындарының ғана мүмкіндігі бар, сондықтан да қайырымды билеушілер билеген қала тұрғындары ғана бақытқа жете алатындығын айтады. Мұндай қалалардың басқа қалалардан басты айырмашылығы және негізгі белгісі жоғары тәртіп пен оның тұрғындарының мәдениеттілігі, сыпайыгершілігі және билеушілерінің қайырымдылығы, ақыл-парасаты. Сондықтан, әл-Фараби бұндай қалалардың өмір сүруі өзінің білгірлігі мен ұстамдылығына толық жауап бере алатын билеушіге тікелей байланысты деп тұжырымдайды.

Әл-Фараби “Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары туралы” трактатында қала тұрғындарын бес топқа бөледі. Оның ойынша, “қайырымды қала бес түрлі адамдар тобынан құралады: ең құрметті адамдардан, шешендерден, өлшеушілерден, жауынгерлерден және байлардан”. Әл-Фараби ең құрметті адамдарға ақылдыларды, пайымдағыш адамдарды, маңызды істерде беделге ие болғандарды жатқызады. Екінші топтағы шешендерге — діни қызметкерлерді, ақындарды, музыканттарды, хатшыларды сол сияқты шығармашылық жұмыспен айналысатындарды, ал өлшеушілерге-есепшілерді, дәрігерлерді, астрологтарды, математиканы оқытушыларды қосады. Әл-Фараби бойынша, байлар дегеніміз — қалада байлық табатындар, егіншілер, мал өсірушілер, саудагерлер, қол өнершілер.

Әл-Фараби қайырымды қала басшысында алты түрлі қасиет болу керек деп есептейді. Олар: даналық, асқан пайымдылық, сенімділік, ойлау қабілетінің жоғары болуы, соғыс өнерін жетік білуі, денсаулығының мықты болуы. “Осының бәрін өз бойында ұштастыратын адам барлық уақытта кімге еліктеу керек екенін, кімнің айтқан сөзі мен ақылына құлақ қою керек екенін көрсететін үлгі болады. Мұндай адам мемлекетті өзінің қалауынша басқара алады”.

Әл-Фараби қаланы билеудің алқалық түрін де жоққа шығармайды. Биліктің бұл түрі туралы ол былай деп жазады: “Жақсы қасиеттердің бәрін өз бойында ұштастыратын адам болмаса, бірақ бұл қасиеттер бір топ адамдардың арасында жеке-дара дарыған болса, онда бұл топтың мүшелері бірлесе отырып, әкімнің орнына ие болады, олардың жұрт жақсы басшылар және қадірлі адамдар деп атайды, ал олардың басқаруы қадірлі адамдардың басқармасы деп аталады”.

Әл-Фараби қоғамды мемлекеттен бөліп қарамайды. Қоғамның өзі адамның ағзасы сияқты “Қайырымды қала” дене мүшелерінің бәрі де тіршілік иесінің өмірін сақтау, оны анағұрлым толыққанды ету үшін бір-бірін толықтырып тұратын адамның сау тәні секілді көрінеді. Өйткені, қоғам да оның толыққанды мүшелерінен тұрады және олар да бір-бірін қажетсінеді. Адамдардың әлеуметтік теңсіздігі туралы айтқан әл-Фараби “адамдардың әуелден тоқымашы немесе хатшы болып тумайтыны сияқты қайырымдылық пен жаман әрекеттер де әуел бастан жаратылысынан дарымайды” олар адамдардың бір-біріне деген үстемдік құруға ұмтылысынан пайда болған деген ой түйеді.

“Қайырымды қала” трактатында әл-Фараби әлеуметтік әділеттілік пен еркіндікті орнықтыратын — ізгілікті қоғам туралы ой қозғайды. Мұндай қоғамды ұлы ойшыл “әрбір адам екінші адамның өмір сүруіне қажетті үлесін беретін, бір-біріне көмектесетін адамдарды біріктіру арқылы ғана адам өз табиғатына сай жету дәрежесіне ие болатын” қоғам түрінде елестетеді. Халықтың аз қамтамасыз етілген топтарын мемлекеттік қолдау туралы бұдан мың жылдан астам бұрын айтылған ғұлама идеясы бүгінгі күні де мемлекеттің ішкі саясатындағы басты міндеттердің бірінен саналады. Осындай “жетілдірілген қоғамда, әл-Фарабидің айтуынша бір-бірімен қарым-қатынас жасау, көмектесу, қолдау, ұжымдасу адамдардың өмірлік қажетіне айналады”. Әл-Фараби мұндай қоғамды тумысынан табиғат берген он екі қасиеті бар ақылды білімді, сабырлы, рухани билікті ізгілікті билікпен ұштастыратын, адам қасиеттерін бағалауға қабілетті адам басқаруы керек дейді.

Әрбір отбасын қоғамның кішкене бөлшегі ретінде қарастырған әл-Фараби оның өзінің жеке мақсаты болады, бірақ бұл мақсат қала белгілейтін ортақ мақсатқа қызмет етуі тиіс, яғни адамдар өзінің жеке мүдделерін қоғам мүдделеріне бағындыруы керек дегенді айтады. “Мемлекеттік билеушінің нақыл сөзінде” ол отбасы мүшелерін (Аристотель сияқты) бірнеше бөлікке бөледі. Олар ері мен әйелі, қожайыны мен қызметшісі, ата-ана мен балалары, мүлкі және оның иелері.

Үйдің өзіне тән мақсатын қала белгілейтін ортақ мақсатқа жұмылдыруын әл-Фараби адамдардың адамгершілік қасиеттерінің көрінісі деп есептейді. Ал адамдардың көздеген мақсаттарына жетуі оның өзіне ғана байланысты, шын ақыл-парасатқа, ізгілікке, игілікке тек адам ғана қабілетті, бұл адамның қолы жете алатын ең биік бағыт деп ой қозғайды ұлы ойшыл.

Адамдардың рухани жетілуінде де дін мен философияны салыстырған әл-Фараби, философия дәлелдеуді, дін сенуді қажет етеді, бірақ екеуі де адамдардың ақиқатқа жету жолына көмек бере алады дейді. Философия мен дінді, әсіресе этиканы жақсылық пен жамандықты ажыратуға мүмкіндік беретін ғылым ретінде қараған ол, адам баласын жаратылыстың ең құндылығы, сондықтан да адамдар арасындағы өзара құрмет пен мейірбандықты, сыйластықты жоғары қояды.

Адамның шын бақытқа қол жеткізу тек осы дүниеде ғана мүмкін екендігіне назар аударған әл-Фараби, адамдар өзін-өзі жетілдіруі және қиындықтан қашпауы тиіс дейді. Оның айтуынша, адам өміріндегі “жақсылық” пен “жамандық” құдайдан емес, адамдардың күнделікті белсенді әрекетіне ғана байланысты. Адамның табиғи қабілеті жақсы әдетті де, жаман әдетті де істеуге бірдей мүмкіндік береді, ал оны таңдау адамның ізгілікті мінез-құлқына келіп тіреледі. Сондықтан да адамның жақсы істерге үйір болуы оның мінез-құлықтық жетілуіне де тәуелді.

Бүкіл араб саяси философиясында саясатқа көзқарас оның адамгершілік мазмұнымен сипатталады. Осы жағынан алып қарағанда саясат “саяси адамгершілік философиясы” ретінде көрінеді. Сондықтан әл-Фараби саясаттың басты мақсаты адамдарды бақытқа жеткізу, игілікпен жеткізу деп санайды.

Қайырымды қаланың орнығуында әл-Фараби мұсылман құқығының принциптерін талап етпейді, оны ақыл-парасаттың дамуы мен қайырымдылықтың нығаюымен байланыстырады. Ол тұжырымдаған жағдайдың бәрінде мұндай қала билеушілер моральдық-этикалық қалыпқа сай болып келеді, олардың ешқайсысының исламға тікелей қатысы жоқ. Бірақ Араб халифаты заманында өмір сүрген әл-Фараби өзінің зерттеулерінің тақырыптық шеңберінде саясатты мұсылман құқығы доктринасымен, діни догматикасымен бір қатарға қояды. Дегенмен, грек философиясының ықпалын терең сезінген ол бұл бағытта түбірлі бетбұрыс жасамайды.

Грек философиясын мұсылман құқығы, діні және құқықтық теориясымен байланыстырып, одан саясат туралы жалпы ілім жасауға талпыну бұл ілімнің діни-мұсылмандық сипатын білдірмейді. Әл-Фараби саясат туралы ілімді мұсылман құқығымен, догматикасымен салыстыру арқылы олардың құдайлық бастауы туралы ұқсастығын емес, бұл ілімдердің адам іс-әрекеті мен мінез-құлқындағы әртүрлі жақтарға тигізген әсерінің мәнін атап көрсетеді. Әл-Фарабидің саясат туралы айтқан құнды ойлары Араб шығысы мен Орта Азия елдерінде әлеуметтік – құқықтық ілімнің одан кейінгі дамуына өз ықпалын тигізе алды. Оның әлеуметтік-құқықтық идеялары орта ғасырлық және жаңа заман ойшылдарының еңбектерінде көрініс тапты /2/.

Сонымен, әл – Фарабидің әлеуметтік - құқықтық көзқарастарынан бүгінгі қоғамның көрністеріне пайдалы тиесілі үндестік табамыз. Оның өз заманында айтқан құнды пікірлерінің қазіргі егеменді Қазақстанымызға қаншалықты маңызы барлығына көз жеткізіп отырмыз.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Қасабеков А. , Алтаев Ж.. , Қазақ философиясының тарихына кіріспе . Алматы , 1994, 76-79 беттер.
2. Саяси-құқықтар ілімдер тарихы. Оқулық. Алматы, 2002, 86-90 беттер.

3. Ж . Баласағұн, М. Қашқари және А. Иассауи шығармаларының әлеуметтік идеялық мазмұны

VIII -XI ғасырларда Орта Азия мен Қазақстанда ислам дінінің таралуына байланысты араб тілімен жазуы кеңінен қолданыла бастады. Ірі қалаларда білім беру ісі мен ғылым дамыды. Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу жерінде исламның кең етек алуынан ерте түрік сына жазуы ығысып, араб әліппе негізінде жаңа түркі жазуы қалыптасты. Түркі және араб тілдерінде әдеби және ғылыми шығармалар жазылды.

XI -XII ғасырларда Қарахан мемлекетінің күшеюімен бірге мәдениет те құлашын кеңге сермеді. Араб Шығысы мен Үнді - Иран және Орта Азия әлемінде әлеуметтік – құқықтық ой – пікірдің дамуына әсер еткен ақыл – ой төңкерісі болды. Мұсылмандық Ренессанс деп аталған осы дәуірде өмір сүрген Жүсіп Баласағұн, Махмұт Қашқари, Ахмет Иассауи тағы басқа ғұламалардың шығармалары көпшілік қауымға кеңінен мәлім болды.

XI –XII ғасырлардағы әдеби поэзиялық шығармалардың көрнектілерінің бірі жүсіп Баласағұнның “Құтты білік” (“Қалай бақытты болу жайындағы ғылым”) поэмасы.

Қарахан мемлекетінің астанасы Баласағұнда 1015 жылы дүниеге келген Жүсіп сол кездегі мемлекет басшысы Сатұқ Боғраханнның бас – хаджиб мемлекеттік кеңесшісі лауазымын атқарған. Оны бүкіл әлемге танытқан “Құтты білік” (1069) поэмасы. Энциклопедиялық еңбекке айналған бұл дастанда мемлекетті басқару әдістері, билеушілердің әдептік ережелері, қоғамдық - әлеуметтік, саяси мәні бар нұсқаулар мен ережелер, адамдар арасындағы түрлі деңгейдегі қарым – қатынас мәселелері қарастырылады.

“Құтты білік” поэмасының басты идеясы төрт принципке негізделіп жазылған. Біріншісі, мемлекетті дұрыс басқару үшін қара қылды қақ жаратындай әділ заңның болуы, екіншісі, бақ - дәулет, яғни елге құт қонсын деген тілек, үшіншісі, ақыл – парасат, төртіншісі, қанағат – ынсап мәселесі.

“Құтты біліктің” кіріспесінде тәңірдің құдіреттілігі суреттелген кезде оның бар болмысы – айды, күнді, жерді, көкті жаратқандығы тәптіштеледі. Тәңірдің сандық қатынастардан, кеңістік пен уақыттан тыс екендігі көзден жырақ, бірақ көңілге жақындығы ескертіледі. Оның еш жерде тұрағы жоқ, ол мәңгі, табиғаттың барлық құбылыстары, тау – тасы, орман - көлі — бәрі құдіреттің жасампаздық әрекетінің ізі, суреті.

“Жасыл көкті безендірдің, жұлдызбен,

К,ара күнді жарық еттің күндізбен.

Қанша ұшқан, жүрген, тынған інде өскен,

Ішіп – жемі сенен болып күн кешкен.

Көк үсті мен жер қойнының арасы,

Мұқтаж саған, жоқ өзгеше шарасы...

Хақ қайда деп, қандай деп те сұрама,

Барлық жерде ол, біл де бұны сынама”.

(Ж. Баласағұн. Құтты білік. А. 1986, 52 б.)

Жаратқанның көкте тізіп қойған сансыз жұлдыздарының ішінен Жүсіп он екісін бөліп алады да,

оларды үш – үштен төрт мезгілге телиді. Айталық, көктем жұлдыздары — Қозы, Үді, Ерентүз; Жаз жұлдыздары — Қушық, Арыслан, Бұғтай басы; Күз жұлдыздары — Улгу, Чадан, Иа; Қыс жұлдыздары — Оғлақ, Көнәк, Балық; Олардың үшеуі —су, үшеуі — жел, үшеуі — от, үшеуі — топырақ. Оларды бітіспес қайшылықтан жарастыққа мәжбүр ететін жаратушы хақ:

“Үш от, үш су, үш жел түгел таралды,

Үш топырақ— ғалам солай жаралды,

Бір - біріне жаулар бұлар өлгенше,

Жауды жауға салып қойған сенгенше...

Қатыспас жаулар, іштей тынып жарасқан,

Көріспес жаулар, өшіп бүгін тарасқан.

Жаратушы хақ жаратты апарып,

Жаратты да, жарастырды қатарын”.

Төрт нәрсе бар, аз деп ұғып кейіме,

Дана айтқан сөзді түйгін зейінге,

Бұл төртеудің біреуі жау, бірі—өрт,

Үшіншісі тіршіліктің торы дерт,

Бұлардан басқа біреуі бар, ол—білім,

Осал көрме, төртеуінің ешбірін.

“Жамандық — от, от күйдіріп өтеді,

Жолын бөгер күш жоқ, күл қылдырып кетеді”.

“Төрт тұғырық” өлшемдік қағида “Құтты біліктің” құрылымдық арқауы. Күнтуды (Әділет), Айтаолды (Дәулет), Өгдүлміш (ақыл), Оғдұрмыш (қанағат) бірін – бірі қисынмен толықтырып отыратын кейіпкерлер. Әділеттің ақ туы Күшуды Елік — орталық, кіндік — тұлға, себебі ізгілікті қоғамның мәңгілік арқауы — әділеттілік. Ол ана сүтімен сүйекке сіңетін қасиет. Ал ақыл да, дәулет те, қанағатшылдық сезім де жүре бітер қасиеттер. Оның үстіне тұрақтылықпен ерекшеленбейді. Дәулет баянсыз, тұрақсыз, түлеп, жаңғырып тұрады. Ақыл адалға да, арамға да бітеді, қанағат сараңдық пен де шектесуі мүмкін. Олардың әрқайсысы жеке дара алып қарағанда дүниеге тұтқа бола алмайды, адамды бақытқа жетектей алмайды. Төртеуі бірлікке жеткен жағдайда ғана халық бақытқа кенеледі. Бектің бақыты халықтың бақыттылығында. Бақыт жеке басқа тән ұғым емес. Ол — халықтық сипаттағы ұғым. Өз халқын бақытқа жеткізген билеуші ғана бақытты болмақ. “Құтты біліктің” мазмұны осы.

Үшттік қағида да көп қолданылады. Мемлекеттің негізі үш нәрседен — халықтан, қазынадан, әскерден тұрады. Халықтың өзі үш буыннан — байлардан, орталардан, кедейлерден тұрады. Бектің мақсаты — кедейлердің ортаға, ортаны байға жеткізу. Күнтуды Елік адамдардың үш түрін қолтап, қолпаштап отыруы тиіс. Олар — алып, жүрегі құрыш, ер кісілер, екіншісі — елші, ғалым, даналар, үшіншісі — хатшы.

“Үш нәрсе бар, жер қылатын адамды,

Үш күнә бар оттай қарыр табанды.

Біріншіден — арыс, мақтап, жамандық,

Екіншіден — алдау, арбау, арамдық.

Үшіншісі — алып сатар, сараңдық,

Ақымақ, қылар осы үш түрлі надандық”, — деп, Жүсіптің ар ілімінде біліктілік, ақыл ізгілікпен ұштасып жатады. Ізгілік ісі — ақылдылықтың көрінісі. Ақыл ненің жақсы, ненің жаман екендігін анықтай алады.

Дастанда парасаттылық, ақыл, білім жайлы ойлар өте көп кездесіп, асқан шеберлікпен айтылады.

Ей, білімпаз, бір сөзім бар ойымда.

Парасат пен білімпаздық жайында.

Ақыл ой — шам – шырағың түндегі,

Білімдарлық — жарық көзі күндегі,

— деген жыр жолдары арқылы адамдарды білімге, үлкен парасаттылыққа шақырып, тек білім ғана адамға дұрыс жол көрсете алады деп кейінгі ұрпаққа өсиет айтады.

Жүсіп Баласағұнның “Құтты білік” дастанында шығыс әсерінен гөрі түркі халықтарының бай ауыз - әдебиеті, фольклор жанрларының әсері басым сияқты. “Құтты білікте” салт жырларының дәстүрі басым. Бұл реттен Жүсіп исламнан бұрынғы әдет - ғұрыпты көбірек жырлаған. Сол себепті Жүсіп Баласағұнның шығармасында бір ғана шығыс әсері үстем деп айтуға болмаса керек. Түркі тілдес тайпалардың тілінде жазылған сан – алуан тұрмыс – салт жырлары сол кездің өзінде – ақ аз болмаса керек. Олар айтыс, толғау, терме түрінде айтылған. Жүсіптің сүйенген үлгісі халық аузындағы осындай дәстүрге байланысты болған /1/.

Сонымен, тәлім – тәрбиелік маңызы бар Жүсіп Баласағұн еңбектері сол дәуір үшін үлкен идеологиялық қызмет атқарды. Оның мақалға айналған көптеген ережелері мен сөздері осы күндері де өз актуалдықтарын жойған жоқ.

Орта ғасырлық жұлдыздарымыздың бірі Махмұт Қашқари XI ғасырда Қашқарда дүниеге келіп, Шу, Талас өңіріндегі Баласағұн қаласында өмір сүрген ғалым. Ол ұлы әдебиетші, ауыз әдебиеті үлгілерін жинап, зерттеуші, ойшыл – философ, белгілі саяхатшы “Түркі тілдерінің жинағы” (“Диуани лұғат ат – түрік”) кітабын 1072 – 74 жылдары жазған. Өз заманындағы түркі, араб грамматикасын жасап жетік білген. Бүкіл түркі ру – тайпаларын аралап, олардың тіл ерекшеліктерін, сөздік қорын зерттеген. Сөйтіп, түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасын жазып шыққан.

“Диуани лұғат ат – түрік” тек түрікше – арабша түсіндірме сөздік емес, ол түркі тілдерін зерттеудегі теңдесі жоқ ғылыми еңбек болып саналады. Бұл түсіндірме сөздігінде автор халық ауыз әдебиеті үлгілерін, аңыз – ертегілер, мақал – мәтелдер, қанатты сөздер және халық фольклорын өте орынды пайдалана білген. Сондай – ақ, алғашқы қауым адамдарының тұрмыс – тіршілігін, болмысын, сана – сезімін бейнелейтін ауыз әдебиетінің тамаша үлгілері бізге Махмұт Қашқари еңбектері арқылы жетті. Түсіндірме сөздік XI ғасырда Қарахан дәуірінде дүниеге келген мұра.

Оның толық аты жөні – Махмұт ибн ул – Хусаин ибн Мухаммад ал – Қашқари. Ол жөнінде архив қоймаларында мәліметтер өте аз. Әкесі – Барсағандық руынан шыққан адам. Кейін Қашқарға көшіп барғанына қарағанда Махмұттты сонда дүниеге келді деп шамалауға болады /2/.

“Диуанда” 29 тайпаның аты аталады. М. Қашқаридың картасы бойынша олар мекендік жайларының ыңғайына байланысты Румнан бастап Шығысқа қарай; ең алдымен беченек, одан соң кыфчак, огуз, йемек, башғырт басмыл, кай, йабаку, татар, хырқыздар, т. б. орналасқан; ары қарай чичель, тухси, йоғма, учрак, чарук, чомыл, ұйғур, тангут, хитай, тавчачтар орналасқан болып шығады /3/.

М. Қашқари бұл кітабында түркі сөздерінің қоры өте көп. Мысалы, ол арнайы тәртіппен 6800 түрлі сөзін топтастырып (110 жер-су атына, 40 ел мен тайпаға) араб тілінде анықтама түсінік берген. Кітапқа інжу-маржан екі және төрт жылдық 242 шумақ беттер мен 262 мақал-мәтелді мысал ретінде пайдаланған. Бір ғажабы “Диуанға” енген 875 сөз бен 60 мақал - мәтел қазіргі қазақ тілінде қаз-қалпында қолданылып келеді екен /4/.

Мәселен, Кіші аласы ічтің,

Иылкы аласы таиштын.

Адам аласы ішінде,

Жылқы аласы сыртында /5/.

Махмуд Қашқари адамдарды өнер білімге, әдептілікке, шақырып, адамгершілік, мораль, этика, ұйымшылдық мәселелерін сөз етеді. Оның түркі халықтарының бәйіттерінде табиғат сұлулығы, махаббат, көркемдік, парасаттылық білім, батырлық суреттеледі. Мысалы:

Құрметте білімдінің, сөзін тыңда жігітім,

Үйретіп парасатын, ақта әділ үмітін.

* * *

Өмірді білмесең—білімің, жоғалар,

Талғамды қашан да—бос сөзді доғарар.

* * *

Білімдінің қасына бар күнде балам ерінбей,

Төмен тұрып үйрен толық, тәкаппар боп көрінбей.

* * *

Махаббаттың мейіріне нәзік жаның иеді,

Оның ыстық теңізіне бойың балқып күйеді.

Білім деген мәуелі ағаш өз жемісін береді.

* * *

Ұлым саған әдепті мирас етіп қалдырамын,

Жағалаған, жайқалған білімдінің бал құрағын.

М. Қашқаридың қайсы бір бәйіттерін алмаңыз, үлкен философиялық—этикалық ой-тұжырым, парасат, табиғат көріністерін, білімділікті негізгі арқау етіп алған. Мұнда ауыз әдебиетінің үлгілері табиғат көріністерін бейнелейтін пейзаж лирикасы мен жыл маусымының ауысуына арналған өлең - жырлары көптеп кездеседі.

Қаһарланып атылдым,

Арыстандай ақырдым.

Батырын жерге батырдым,

Енді мені кім ұстар.

* * *

Есінен дұшпан ауысты,

Басар жолын тауысты.

Ажалменен қауышты,

Сөзге ауызы келместен /6/,

- деп, мұнда батырдың күш қуатын соғыс өнеріне жетік екендігін, ерлігі, қан майдандағы шайқас көріністері жырланады. Сөйтіп, жастарды, адамдарды өз елін, жерін қорғауға, батыр болып өсуге шақырады. Мұнда үлкен патриотизм, туған елге деген сүйіспеншілік, достық пен махаббат, асқан ерлік көріністері басым көрсетіледі.

“Диуани лұғат ат-түрікте” М. Қашқари тұрмыс-салт жырлары, түркі халықтарының фольклоры жанрларының ең көне түрлері жиі кездеседі. Мұнда көшпелілерге тән төрт түлік мал туралы, ерте замандағы адамдардың дүниетанымын, тұрмыс-тіршілігін, әдет-ғұрпын, салт-санасын, тотемдік түсініктерін танып білеміз.

Ежелгі түркілердің наным-сенімінен туған-бәдік, бақсылар сарыны, бата-тілек, бесік жыры, той-бастар, жар-жар, сыңсу, жоқтау, естірту т.б. жырлар қазақ фольклорынан да кең орын алған. Қазақта ауыр қайғылы хабарды естірту көбінесе жұмбақтап, тұспалдап айтылатын болған. “Диуани лұғат ат-түрік” тұрмыс – салт жырларының барлық түрлеріне бай болды” /7/.

Мәселен, қазақтың жоқтау өлеңдерінде жау оғынан өлген батырларды тірі кезінде жасаған ерліктері, еліне жасаған жақсылықтары, батырлығы, ақылдығы жырланады. М. Қашқаридың сөздеріндегі осындай жоқтау өлеңдердің бірі—Алып Ер Тұңға өлгенде айтылған жоқтау:

Алб Эр Тұңға өлдіму,

Әсіз атун қалдіму,

Ұзлақ өгін алдіму,

Эмді йурақ йіртілу /8/.

(Алып Ер Тұңға өлді ме? Мына дүние одан құтылды ма? Замана одан өшін алды ма? Бүгін ел-жұртында оған жан-жүректерімен қайғырып жатыр).

Еңіреген ер еді,

Ойы елге төр еді.

Адамның асыл зерегі,

Ажал оны әкетті.

* * *

Өртті талай өшірген,

Басынан көп іс кешірген,

Шешендік сөзге көсілген,

Қайран ер ерте көз жұмды,

—деп батырдың көзі тірісіндегі қасиеттерін айта келіп, оны қазаға қимайтынын білдіреді. Бірақ тағдыр дәлдеп оқ атса, одан ешкімнің құтыла алмайтынын айтып тағдырға мойынсынады. Бұл М. Қашқаридің философиялық ішкі жан-дүние толғанысы.

Яғни, М. Қашқари өз сөздерінде әділдікке, адамгершілікке, ар – намысты жоғары ұстауға, махаббатқа, мейірімділікке, әдептілікке шақырады /9/.

Ерте түркі дәуіріндегі ірі ойшылдардың бірі, бүкіл түркі жұртын имандылыққа, ізгілікке, рухани тазалыққа шақырған – Құл Қожа Ахмет Хазіреті Сұлтан Иассауи еді. Ол XII ғасырда қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысының Сайрам жерінде дүниеге келген.

Иассауидің басты еңбегі “Дауани хикмет” (“Даналық кітабы”) түркі тілінде жазылған рухани және гуманистік бағыттағы шығарма.

Оның еңбектерінің негізгі мазмұны сопылық жолындағы мұсылмандық ілімнің қағидаларын жүзеге асырудың, оларды күнделікті өмірде қолданудың әдіс – тәсілдерін үйретуге арналған. Сопылық ілімді игеруде төрт сатыдан өту керектігі айтылады: 1) шарифат; 2) тарикат; 3) мағрипат; 4) ақиқат. Ол өзінің хикметтерінде былай дейді:

– Хикметтерім кетті тарап жалғанға,

Кім естімей өлсе – сол жан арманда.

Өйткені ол дертке дәрмен күш берер,

Ден қоймаған кісі бармақ тістелер.

Даналығым – дүниеге жыр – дастан,

Дарқандансам, гүлге оранар сырласқан.

Мендік ақыл - өсиет сөз, қалса,

Білмегеннің ой - өрісі аласа.

– Хикметтерім - шәкірттердің ырысы,

Кірмес миға, болса кімнің кір іші.

Жайған сырым – жалындаған махаббат,

Көздің жасын қылғай құдай пәк, абат.

Хикметімді естімес те надандар,

Қабыл алмас көңіл қара жамандар.

Ойсыз пенде о дүниеде оңбайды,

Әдепсізде әлемде пір болмайды,

Дін иманы жоқ ислам тапталар,

Қиямет таңы атса, отқа қақталар.

Хикметім – ісім менен сөзім шын,

Еске тұтсам, Алла, есіркер өзіңіз.

Кереметім – сыйынатын бір кемел,

Кім таныса Хақты – жаным бірге дер.

Жайсаңдарға жетсін менің өлеңім,

Дұға, тәкбір қылып, нұрға бөленің.

Хикметім – құдіретті пір, еміреніп,

Естігендер ұйып тыңдар тебіреніп.

Өсиетімді кім оқып, нәр жинайды –

Өлгенде оған жолдас болғай иманы.

Хикметімді тыңдаса ұйып пенделер,

Иманымен шығар жаны кеудеден.

– Хикметімді ардақ тұтса лайым,

Қам – қайғысыз қылғай соны құдайым.

Хикметімді шекерменен балдайды,

Әлемде оған сөз теңесе алмайды /10/.

Ахмет Иассауи адам мен қоғам мәселелеріне айрықша көңіл қойған. Ол құдай атынан адамдарды парасаттылыққа, әділдікке, адамгершілікке үндейді.

Халық Ахмет Иассауидің Отаны – Қазіргі Түркістан қаласын “Кіші Мекке” деп атап кетті.

Қолданылған әдебиеттер

1. Қасабеков А., Алтаев Ж. Қазақ философиясының тарихына кіріспе. Алматы, 1994, 96 – 99 беттер.
2. Қасабеков А., Алтаев Ж. Қазақ философиясының тарихына кіріспе. Алматы, 1994, 114, 118 – 123 беттер.
3. Махмұт Қашқари. Түбі бір түркі тілі. Алматы, 1993, 7 – бет.
4. Махмұт Қашқари. Түбі бір түркі тілі. Алматы, 1993, 7 – 8 беттер.
5. Махмұт Қашқари. Түбі бір түркі тілі. Алматы, 1993, 37 – бет.
6. Махмұт Қашқари. Түбі бір түркі тілі. Алматы, 1993, 75 – 98 беттер.
7. Келімбетов Н. Ежелгі дәуір әдебиеті. Алматы, 1991, 151 – 152 беттер.
8. Келімбетов Н. Ежелгі дәуір әдебиеті. Алматы, 1991, 151 – 152 беттер.
9. Махмұт Қашқари. Түгел сөздің түбі бір. Алматы, 1993, 33 – 70 беттер.
10. Қожа Ахмет Иассауи. Хикметтер (“Даналық кітабы”). Алматы, 1998, 8 – 15 беттер.

II – тарау

XIX – XX ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК – ҚҰҚЫҚТЫҚ ОЙЛАР

1. “Зар заман” мектебінің өкілдері қоғамдағы қайшылықтар мен әлеуметтік мәселелер туралы

Қазақ әдет-ғұрып заң нормалары сағымға айналған сан ғасырларды қамтып, бірте-бірте жетіле, қалыптаса түсті. Қоғам ішіндегі дау-жанжалдар, тәртіпсіздіктер мен әртүрлі әлеуметтік-тұрмыстық мәселелер бірте-бірте күллі қазақ тайпалары мойындайтын әдеттік заң нормаларына айналып, реттеле берді. Түбегейлі ережелерді қабылдауда халық кеңесі, билер кеңесі шақырылған. Оған әрбір тайпалар мен рулардың өкілдері қатысқан. Бұл әдет-ғұрып заң нормаларын “төрелік”, “ата-баба жолы”, “ереже”, “жөн-жосық”, “заң”, “жарғы”, т.б. деп атаған. Сондай ірі заңдардың бірі “Оғыз ханның заңдары” яғни “Түркістан ақсақалдарының шешімдері”. Міне, осы “ақсақалдар ережесі” қазір Түркиядағы Сулеймания кітапхана қорында сақтаулы тұр.

Бұл заң шешімнің негізгі мәні: тұрмыс жағдайға ылайықтап көшіп-қону жолдары, бір-біріне қысылғанда көмек көрсету, көсемін сайлау, мұрагерлік заңы, туыстарына үйленбеу, тәртіпсіздіктің алдын алу әрі болдырмау, ұрлық – қарлықты тыю, т.б. Аталған заңдарда “қанға-қан, жанға-жан” дәстүрі қатаң сақталған. Ру таңбасы сол тайпаның нышаны ретінде жалауларына, малдарына салынды, Әрбір ру - тайпалардың өзіне хас ұрандары болды. Осы тайпалардың нәсілдік тегі, тілі, мінез-құлқы, басынан кешірген уақиғалары бірдей болып, тайпалық айырмашылықтары бірте-бірте жоғалып, ортақ халықтық қасиеттері пайда болған.

Қазақ халқының өз алдына жеке халық болып қалыптасуы ұзақ дәуірлерді басынан кешірді. Түркі тектес халықтар арасынан тайпалардың өзара этникалық тұрғыдан бірігуі нәтижесінде халық болып қалыптасқанында дау жоқ. Әуелі алты алашқа бөлінген жұрт келе – келе Үш жүзге, сонан соң қазақ халқына айналды. Тайпалық айырмашылықтар жойылып, халықтық қасиеттер молая бастаған дәуірде ислам діні және оның шариат заңдары енді. Қазақстанға ислам діні күштеп енгізілмеген. Екі сенім тез тіл табысты. Соның нәтижесінде ислам мен қазақ сенімдері бірігіп, бірін – бірі толықтырып, кемелдене түсті. Алайда қазақтардың өзіне тән ерекшеліктері жоғалмады. Ислам қазақ тайпаларына үш кезеңде енді.

Өз алдына тәуелсіз мемлекет болған қазақтардың егемендігі ұзақ болмай, әртүрлі себеп - салдарлармен Ресейге бодан болғаны баршаға мәлім. Ресей Қазақстанды өз қоластына қаратқаннан кейін қазақ халқының хұқығына орыс заңдарын енгізіп, әкімшілік өзгерістер жасады.

Қазақ әдет – ғұрып заңдарына көз салсақ (“Қасым ханның қасқа жолы”, “Есім ханның ескі жолы”, Тәуке ханның “Жеті Жарғысы”, т. б.), оның бәрінде де жасаған қылмысына сай қылмыскер жазасын тарту, ал қылмыс неғұрлым ауыр болса, “қанға қан, жанға – жан” принципімен жазалау, ал онан гөрі жеңілдеу болса, қанға қан, жанға – жан принципі орнына құн яғни мүліктік композиция талап ете алған. Құнды бүкіл руластары болып төлеген. Басқа қылмыстары үшін тоғыздардан тұратын айыптар салған.

Ең ауыр қылмыс болып кісі өлтіру, зінәқорлық, біреудің отбасына бүлік салу, діннен безу, ата – анасын ұру, өкіметке қарсы көтеріліс жасау, т. б. табылады.

“Он бесінде отау иесі” болғандықтан қазақ әдет – ғұрып заңы бойынша ерлер 15 жасынан, әйелдер 16 жасынан істеген қылмысына жауап берген.

Жазалау екі түрлі: басымен тартатын жаза, малымен тартатын жаза болып бөлінген. Басымен тартатын жазаға: өлім жазасы, масқаралау, сабау, т. б., ал малымен тартатын жазаға: айып, құн, ат – тон айып, тоғыз айып, т. б. жатады /1/.

Қоғамда болып жатқан өзгерістерге өзіндік көзқараста болған және оны сол бағытта жырлаған

ақындарды Мұхтар Әуезов “Зар заман” жыршылары деп атаған болатын және әдебиет тарихында олар осылай аталып кетті.

“Зар заман” мектебінің көрнекті тұлғаларының бірі — Дулат Бабатайұлы (1802—1874). “Қазаққа” деген толғауында ол қазақ халқының Абылай хан заманынан кейінгі Ресей бұғауына қалай түскендігі мен болашақты дұрыс болжай алмағандығына өкініш білдіреді.

Күн батысқа көз салмай,

Күн шығысты еске алмай,

Бізді алатын жау жоқ деп,

Бізден мықты дәу жоқ деп,

Алды-артыңды байқамай,

Болашақты болжамай,

Ақбөкендей алданып,

Ортасына көпірдің

Аңдамай келіп түскенсің!...

Енді келіп қамалдың

Орыс салған қу тамға...,

— деп жырлаған ақын, қазақ халқының бодандыққа түсуіне олардың өзін кінәлайды. Орыс заңын қуаттап, елді жас балаша жуатпақ болған билерді, шен-шекпенге қызыққан бектерді жерден алып жерге сала мінейді. Орыс сыйына сатылған ел жақсыларына орыс өкіметі сендерді әлі-ақ “сырғалыңды күң қылып, күніңді тұман түн қылып, шабақтай жемге қақалтып, көмейіне салар қармақты” деп ескертеді.

Мойындарына жезден қарғы тағынған би, старшындардың орысқа жағымды болуы бүкіл елге түскен қасірет екенін түсінген ақын:

Сауыр емес, шап болды,

Заманға сай адамды

Қу заманға сұм басшы

Сорымызға тап болды...

Ағайын араз болған соң

Ел екіге жарылды

— деп ағайын арасындағы көре алмаушылық пен алауыздық себептерінің қайдан шыққанын ұғындыруға тырысады.

Мемлекеттің бүтіндігі мен күштілігі ел билеген хандардың көрегендігі мен ақылдылығына тікелей

байланысты екендігін Дулат Абылай ханның “қазаққа ағарып атқан таң болған” дәуіріндегі “толағай болған жылғадан, сарқырап тұрып су аққанын”, “елі еркін”, “қара суы май болғанын”, “шалшық суы көл болып”, әр рудың “құрамалы ел болғандығымен” салыстыра отырып дәлелдейді.

Қара халықты бастайтын билер мен бектердің, батырлар мен сұлтандардың қоғамдағы орнын жоғары бағалаған ақын олардың өз міндеттерін тура атқармағандығынан елге келетін қиыншылықтың өте ауыр болатынына қынжылады. “Елді тура жолға салмаған”, оның “ыстығына күйіп”, “суғына тоңбаған” билер мен бектерді, “түн ұйқысын төрт бөліп”, “толғаулы найза қолға алмаған” батырларды, “нашарға жәрдем бермеген”, “кем-кетікті көрмеген байларды”, сынаған Дулат “күш кеткен соң қолыңнан” зарлаудың да, сарнаудың да пайдасыз екендігін айтады.

Езгіге түскен елде “ата тілін бала алмады”, “қызы шешеге назар салмады”, “мәстек озып бәйге алды”, “үлкеннің тілін кіші алмай, елдегі жақсы бұзылды”. Заманына қарай бұзылған адамшылық қасиеттерден жұрдай болған ел ішіндегі пысықайлар мен сөз тасушыларды, жағымпаздарды сынаған ақын “елдің қамын жейтұғын, мынауың теріс дейтұғын” ел ағаларының шықпағанына қынжылыс білдіреді.

Дулат қоғамдағы келеңсіз құбылыстарды тізбектеп сары уайымға ғана беріліп қоймайды, ол елдің ертеңіне, болашағына, бұрынғы несібелі, берекелі өмірдің қайта келетініне сенеді. Ел бастар ерлердің халқы үшін күресіне қолдау көрсету қажеттігін айтады. “Толқынды теңіз заманынан өту үшін сенімді кеме керектігін” ұғындырған ақын:

“Елің үшін еңбек қыл,

Отыра берме бекерге

Кәмбеге таяп қалғанда,

Жүйрікке керек көтерме”,

— дейді. Шер мен мұңға, үміт пен сенімге толы өлеңдер жазған, халық мүддесін қорғап, оның мұңын жоқтаған, жарқын болашаққа сенген Дулат ақынды қазақ халқы қасиет тұтып, әулие санаған, өсиетінен үлгі алған.

“Зар заман” мектебінің аса ірі өкілдерінің бірі — Шортанбай Қанайұлы (1818—1881) “Зар заман” атауы да ақынның сол дәуір халін жырлаған өлеңдерінің бірінің атынан алынған. Ақынның туған жері Түркістан маңындағы Қарнақ ауылы болғандығы оның өлеңдерінде айтылады. Бірақ консерватор ақын өмірінің көп уақытын Қарқаралы өңірінде өткізеді. Өзінің ата мекеніне жас кезінен кейін бармағанға ұқсайды. Бұл туралы ақын өлер алдындағы қоштасуда былай дейді:

Қызмет етпей мен өттім,

Ата бірлән анама.

Қарнақтағы сәлем, айт

Үш қайтара бабама.

Ақындық өмірін алғашқы кезде Жамантай төренің, кейіннен Жанқұты бидің қолында өткізген ол патша өкіметінің отарлау саясатының қазақ халқының болмыс тіршілігіне кері әсер еткенін, көптеген қайшылықтарды алып келгенін, заманның азғанын, әдет-ғұрыптың тозғанын, ел-жұртта береке қалмағанын шығармаларының басты тақырыбы етіп алады. Қазақ халқының дәстүрлі шаруашылығы мен тұрмыс салтына едәуір ықпал еткен капиталистік қатынастарды қабылдамаған ақын халық өмірінде болып жатқан өзгерістерге сын көзбен қарады.

Шортанбай адамдардың әлеуметтік топқа бөлінуі олардың шыққан тегіне сәйкес болу керек деп есептеді. Бұл сәйкестіліктің бұзылуын жаман нышан деп ырымдаған ол:

Әуелгі қорлар зор болды,

Сондай зорлар қор болды.

Әуелгі барлар жоқ болды,

Сондай жоқтар тоқ болды.

Жөн білмеген жамандар,

Ел билеген бек болды.

Көтере алмай билігін,

Ұласқан жаман кек болды,

— деп әлеуметтік өмірдегі өзгерістерді кері кеткендікке санады. Адамдардың малды-малсыз, дінді-дінсіз және иманды-имансыз болып жаратылуы құдайдың әмірімен болғандығын айтқан Шортанбай, оған қарсы шығудың күнә екендігін ескертеді және:

Бір алладан басқаның,

Көпті қылған айыбы

Кесапаттың кесірі

Келе ме деп керт басқа,

Сол себептен қорқамын,

— деп оның басқаға кесірі тимеуін тілейді. Заманның бұзылғанына наразы болған ақын “әуелгі заманның” енді қайта келмейтіндігіне “құдасы жоқ құлдың, қонысы жоқ байдың” азатынына, “байдың тілін жарлы алмай, ханның тілін қара алмай”, “өздері де жөнін біле алмайтынына” қынжылыс білдіреді. “Заман оңалар еді, бірақ оған өзің әуелден бас білдірдің” деп осы жағдайға душар еткендерге ренішін айтады.

Елде ұрлық пен паракорлықтың, өсек пен жалақорлықтың көбеюін, ұлы атасын сыйламаған, атасы батасын бермеген әлеуметтік құбылысты заманақырға теңеген Шортанбай оның себебін патша өкіметінің отарлау саясатынан іздейді.

Орыс — бүркіт, біз — түлкі,

Аламын деп талпынды.

Орыстан қорлық көрген соң,

Отырып билер алқынды...

Атасы ұлга нанбайды,

Көңіліне қуаныш қылмайды.

Патшадан кетті гаделет,

Ақырзаман таянды,

— деп бодандықтың ауыр зардабын күйіне жырлайды.

Көшпелі тұрмысқа бейімделген қазақ тұрмыс-салтындағы өзгерістердің адамдардың мінезіне де ықпал еткені ақиқат еді. Қазақ қоғамындағы өзіне тән адамгершілік ережелерінің бұзылуын ақыр заманның жақындауы деп түсіндірген Шортанбай ұл мен қыздың ата-ана тілін алмауы, олардың орыс киімін киюі, жақсы әдептің қалмауы жесір әйел мен жетім баланың көбеюіне себепкер болғандығын айтады.

Бұл асылық, асқан заманда,

Ұл туады атаменен егесін,

Қыз туады анаменен теңесін,

Баласы кетті тыюдан...

Адал зада баланы,

Таба алмасың рудан,

— деп жырлаған ақын “сиыр деген малдың пұл болатынын”, “әйелдің би болатынын” болжайды. Шортанбай “ақырзаманды” бүкіл адамзат ұрпағының жойылуы деп ұқпайды. Оның ойынша, “ақырзаман” бұрынғы әдет-ғұрыптың бұзылуы, адамдар арасындағы сыйластық пен бауырмалдықтың азаюы, әркімнің өз басын күйттеуі, қазақ халқының өз еркіндігінен айырылуы, орысқа бодан болуы. Хандық билікті аңсаған ақын “жандарал ұлығың, майыр (майор-авт.) сыйынғаның болды”, “көпірді піріңдей, тілмәшты жеңгендей, дуанды үйіндей көрдің”, енді сені күтіп “абакты тұр қасыңда, қазылған қара көріндей” деп сақтандырады.

Шортанбай басқа халықтың заңдары мен тұрмыс ерекшеліктерінің екінші халыққа күшпен енгізілуінің қаншалықты қатерлі екендігін түсіндіреді. Ғасырлар бойы қалыптасқан биліктің, әдет-ғұрыптың кенеттен өзгеріске ұшырауын ол халықтың адамгершілік нормаларын бұзатын құбылыс ретінде бағалады. Патшалық Ресейдің отаршылдық саясатын батыл айыптады, бұл жағдайдан шығудың жолдарын іздеп арпалысты.

Зар заман ақындарының XIX ғасырдың екінші жартысындағы танымал өкілдерінің бірі — Мұрат Мөңкеұлы (1843—1906) қазіргі Атырау облысында туып өскен. Оның зар заман мектебінің басқа ақындардан ерекшелігі сары уайымға салына бермей, патша өкіметінің отаршылдық езгісіне қарсы күресуге шақырады. Заманның азуы мен тозуын табиғаттан көрмейді, “ай тууынан, күн шығуынан жаңылмайды, бұның бәрі адамнан” деп есептейді. Патшалық Ресейдің жаулаушылық саясатының астарында не жатқанын ұғындырған Мұрат ақын:

Еділді тартып алғаны —

Етекке қолды салғаны.

Жайықты тартып алғаны —

Жағаға қолды салғаны.

Ойылды тартып алғаны —

Ойдағысы болғаны.

Мал мен басты есептеп,

Баланың санын алғаны —

Аңғарсаңыз, жігіттер,

Замананы тағы да,

Бір қырсықтың шалғаны,—

деп отаршыл өкіметтің құлашты әлі де кеңге сермейтіндігін ескертеді. Отарлық езгімен бірге келген орыстандыру саясатының халықты адамгершілік қасиеттерден жұрдай еткендігіне налыған ақын “қоңсыдан туып би болған”, “қара кісі хан болған”, “асылзада баласының құл болып”, “асылсыз баласының ақшасына сүйеніп пұл болғанын” батыл сынайды. Оның пікірінше, халықты текті тұқымнан шыққандар ғана басқаруы тиіс, “құлдан туған төрені, ақсүйектің ұлы деп”, оған ел тізгінін ұстату “адыра қалғыр заманның белгісі”. “Діні басқалардың ел билеуін” бар пәленің бастауы деп есептеген Мұрат ақын бекерден-бекер жылай бермей “кейінгі туған бала үшін”, кейінгі ұрпақтың “сауабы үшін”, “күндердің күні болғанда, обалы маған” болмас үшін “дулығалы қара нарларды” атқа қонуға шақырады /2/.

Сонымен “Зар заман” мектебінің жыршылары өз дәуірінің қиыншылығын, қасіретін жырлаған, халқының тілеуін тілеген, тәуелсіздігін аңсаған адал ұлдары еді.

2. Абай Құнанбаевтың қоғам және замана туралы ой – пікірлері

Қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбаев (1845 – 1904) өзі өмір сүрген дәуірдің тыныс – тіршілігін, қоғамдық өмірін, халықтың мұң – мұқтажын, әлеуметтік теңсіздікті жырлады. Әсіресе Абайдың кара сөздерінің мәні тереңде жатты. Солардың кейбірінен үзінді келтірейік:

ОТЫЗ ТӨРТІНШІ СӨЗДЕН

...Адам баласына адам баласының бәрі — дос. Не үшін десең, дүниеде жүргенде туысың, өсуің, тоюың, ашығуың, қайғың, қазан, дене бітімің, шыққан жерің, бармақ жерің бәрі бірдей, ахиретке қарай елуің, көрге кіруің, шіруің, махшарда сұралуың бәрі бірдей, екі дүниенің қайғысына, пәлесіне хаупің, екі дүниенің жақсылығына рахатың бәрі бірдей екен. Бес күндік өмірің бар ма, жоқ па? Біріңе-бірің қонақ екенсің, өзің дүниеге де қонақ екенсің, біреудің білгендігіне білместігін таластырып, біреудің бағына, малына күндестік қылып, я көрсеқызарлық қылып көз алартыспақ лайық па?...

ОТЫЗ ЖЕТІНШІ СӨЗ

Адамның адамшылығы істі бастағандығынан білінеді, қалайша бітіргендігінен емес.

Көңілдегі көрікті ой ауыздан шыққанда өңі қашады.

Хикмет сөздер өзімізді нағыз айтқанда, көңіл уанғаны да болады, өшкені де болады.

Кісіге біліміне қарай болыстық қыл: татымсызға қылған болыстық адамды бұзады.

Әкесінің баласы — адамның дұспаны. Адамның баласы — бауырың.

Ер артық сұраса да азға разы болады. Ез аз сұрар, артылтып берсең де разы болмас.

Өзің үшін еңбек қылсаң, өзі үшін оттаған хайуанның бірі боласың; адамшылықтың қарызы үшін еңбек қылсаң, алланың сүйген құлының бірі боласың.

Сократқа у ішкізген, Иоанна Аркті отқа өртеген, Ғайсаны дарға асқан, пайғамбарымызды түйенің жемтігіне көмген кім? Ол — көп, ендеше, көпте ақыл жоқ. Ебін тап та, жөнге сал.

Адам баласын замана естіреді, кімде-кім жаман болса, замандасының бәрі виноват.

Мен егер закон қуаты қолымда бар кісі болсам, адам мінезін түзеп болмайды деген кісінің, тілін кесер едім.

Дүниеде жалғыз қалған адам — адамның өлгені. Қапашылықтың бәрі соның басында. Дүниеде бар жаман да көпте, бірақ қызық та, ермек те көпте. Бастапқыға кім шыдайды? Соңғыға кім азбайды?

Жамандықты кім көрмейді? Үмітін үзбек — қайратсыздық. Дүниеде ешнәрседе баян жоқ екені рас, жамандық та қайдан баяндап қалады дейсің?

Қары қалың қатты қыстың артынан көгі қалың, көлі мол жақсы жаз келмеуші ме еді?

Ашулы адамның сөзі аз болса, ыза, қуаты артында болғаны. Егер де аузынан қара қан ағызса,

домбыт мақтаншак, я қорқақ.

Қуанбақтық пен бақ — мастықтың үлкені, мыңнан бір кісі-ақ, к... н ашпайтұғын ақылы бойында калады.

Егер ісім өңсін десең, ретін тап.

Биік мансап — биік жартас,

Ерінбей еңбектеп жылан да шығады,

Екпіндеп ұшып қыран да шығады;

Жікшіл ел жетпей мақтайды,

Желөкпелер шын деп ойлайды.

Дүние — үлкен көл,

Заман — соққан жел,

Алдыңдағы толқын — ағалар,

Артқы толқын — інілер,

Кезекпенен бөлінер,

Баяғыдай көрінер.

Бақпен асқан патшадан,

Мимен асқан қара артық;

Сақалын сатқан кәріден

Еңбегін сатқан бала артық.

Тоқ тіленші — адам сайтаны,

Харакетсіз — сопы монтаны.

Жаман дос — көлеңке,

Басыңды күн шалса,

Қашып құтыла алмайсың;

Басыңды бұлт шалса,

Іздеп таба алмайсың.

Досы жоқпен сырлас,

Досы көппен сыйлас.

Қайғысыздан сақ бол,

Қайғылыға жақ бол.

Қайратсыз ашу — тұл.

Тұрлаусыз ғашық — тұл,

Шәкіртсіз ғалым — тұл.

Бағың өскенше тілеуіңді ел де тілейді, өзің де тілейсің, бағың өскен соң — өзің ғана тілейсін.

ҚЫРЫҚ ТӨРТІНШІ СӨЗ

Адам баласының ең жаманы — талапсыз. Талап қылушылар да неше түрлі болады. Һәм талаптың өзі де түрлі-түрлі. Һәм сол талаптардың қайсысының соңына түссе де, бірінен-бірі өнерлі, тұрлаулырақ келеді. Уа, ләкин адам баласы я талапты, я талапсыз болсын, әйтеуір “бәрекелдіні” керек қылмайтұғыны болмайды. Әрнәшік, орынсыз ба, орынды ма, “бәрекелді” деушіні іздеп тұрады. Адам баласы өзі қай жолда, қай майданда жүрсе, сол майдандағы кісімен сырлас болады. Оның үшін өзге жолдағылардан “бәрекелдіні” оңды күтпейді. Маған “бәрекелді” десе, осы өзіменен серіктес, сырлас осылар “бәрекелді” дер дейді.

Талаптың ішінде адам баласы көбінесе басына кәдір іздеп, сол талапта болады. Біреуі мал қуып жатыр. Сараңдықпен, арамдықпен, әйтеуір мал тапсам, “Мал тапқан ердің жазығы жоқ” дейтұғын, “Малдының беті жарық” дейтұғын мақалға сеніп, халықтың түріне қарай, ит те болса, малдыны сөге алмайды деп, бұл мал Һәм пайда, Һәм қасиет болады бойыма дейді. Мұнысы рас, қазақтың өз құлқына қарағанда, бірақ адамдыққа, ақылға қарағанда, қазақ түгіл, көңіл жиіркендіретұғын іс. Осыған орай біреу қажеке атанамын, біреу батыреке атанамын, біреулер білгіш, қу, сұм атанамын деп сол қаракетте жүр. Әрқайсысы қазаққа яки бірі бар, бірі жоқ болса, бағанағы екі бұлдамақ та болып, басына “осыным бірсыпыра елеу азық болар” деген талаппенен қылып жүр. Мұнысы қазақтың тамырын ұстап-ұстап қарайдыдағы, “мынаны алып келіп берсе, қымбат алғандай екен, осы күнде мына бір істің біраз пұлы бар екен” деп, қазақтың бетінен оқып, ізденген талап болмаса, кітап бетінен оқып іздеген талап емес. Оның үшін кітап сөзіменен ізденген талап болса, әуелі көкіректі тазалау керек дейді, онан соң ғибадат қыл дейді. Қазақтың бетіне қарап, содан оқыған болса, бұл талабыңды қыла бер, көкіректі дым тазалаймын деме, оны кім көріп жатыр, ішінде қатпар көп болмаса, құт-берекеге жағымды болмайды дейді. Енді осыған қарап қайдан оқып, талап екенін білерсің /3/.

Абай билердің төтенше съезіне жетпіс алты баптан тұратын жаңа заң ережелерін ұсынады және осы билер съезінің төрағасы болып сайланады. Оның төрағалығымен өткен бұл съезде әдет – ғұрып нормаларының негізі сақталған Ереже қабылданады. Бірақ Абайдың бұл реформалық талаптары патша өкіметінің отаршыл әкімшілігінен қолдау таппайды.

Бұл кезде қазақ даласында 1868 жылы 21 қазанда қол қойылған “Орал, Торғай, Ақмола және Семей облыстарын басқару жөніндегі Уақытша Ереже” үстемдік етіп тұрған еді. Аталған ереже негізінде Ресей өкіметі Қазақтардың дәстүрлі заң жүйесін бұзып, қазақтың тұрмыс – тіршілігімен үйлеспейтін заң жобасын жасады.

Отаршыл әкімшілік енгізген ережелер мен тәртіптер болыстық пен билік мансапқа ғана қызмет етті.

Сонымен, Абай шығармаларында әр топтың өкілдері, олардың әрқилы мінездері мен қасиеттері үнемі бой көрсетіп отырады.

Ұлы Абайдың қоғам, замана, адам болмысы, оның қасиеттері, еңбек және жұртшылық туралы айтқан ұлағатты мен өсиеттері кейінгі ұрпаққа қалдырған аса зор рухани қазына болып табылады.

3. Шоқан Уалихановтың, Ыбырай Алтынсариннің және Ахмет Байтұрсыновтың әлеуметтік – құқықтық көзқарастары

Қазақ ағартушылығының негізін салушы Шоқан Шыңғысұлы Уалиханов (1835 – 1865) демократиялық ұлттық мәдениетіміздің көрнекті өкілі болып табылады.

Ресейдегі және Еуропаның басқа да елдеріндегі саяси - әлеуметтік өзгерістерімен жақсы таныс болған ол қазақ жеріндегі патша өкіметі жүргізіп отырған отаршылдық саясаттың мүмкін болар зардаптары туралы өз ұсыныстары мен пікірлерін ұсынған. Ол қоғамда жүргізіліп жатқан өзгерістер адам мүддесіне сәйкес келуі қажеттігін атап көрсетті.

Шоқан сол кез үшін халыққа ең тиімдісі және жайлысы экономикалық және әлеуметтік реформалар деп білді. Оның айтуынша “саяси реформалар экономикалық істерді жүзеге асыратын құрал ретінде көрінбек” және “адамның тұрмыс қажетін өтейтін реформа ғана пайдалы да, ал бұл мақсатқа қандай да болса кедергі келтіретін реформа зиянды болып табылмақ”. Шоқан реформа жасауда асығыстыққа жол бермеуге, жергілікті халықтың әдет-ғұрып ерекшелігін, тіпті “оны қоршаған орта мен ауа-райын, жер жағдайын да” ескеруге шақырды. “Реформа оңтайлы жасалғанда, яғни, қоғамдық организм жан-жақты дами алатын мызғымас прогресс заңына негізделіп жасалғанда ғана ұтымды реформа болады. Мұндай реформаны ешқандай жағдайда да бөгемей, қайта оны қолдау керек”.

Ресей үкіметі дайындап жатқан реформаның жалпы бағыты мен мазмұнынан хабардар болған Шоқан қазақ даласын басқару мен сот реформасы туралы өзінің жобасы мен пікірін патша өкіметінің әкімшілігіне ұсынады. “Қазақ былай тұрсын, орысқа да түсініксіз” 1822 жылғы Сібір қырғыздарының Жарғысын сынға алған Шоқан мұндай асығыс жасалған реформалар халықты опат етеді және прогресс жолына кедергі келтіреді деп есептеді. Ол отырықшы халыққа арналып жобаланған әкімшілік өзгеріс “Ресейдің Европалық, Азиялық бөлігінде көшіп-қонып жүрген халықты басқаруға бүтіндей қолданылса, мұндай өзгерістен ешқандай пайда келуі былай тұрсын, нағыз тұрпайылық болар еді”, — деп жазды.

Шоқанның ойынша, қазақтың европалық қайта туындау идеясын қабылдайтын қабілетін арттыру үшін оған алдын-ала білім беру және ой қабілеті мен жүйке жүйесін жетілдіру керек. Өйткені, “организм өз деңгейіне жетпеген нәрсені қабылдай алмайды”. Сондықтан да заң шығарушылар мен реформа жасаушылар қоғам мүддесін ғана ойлауы керек.

Халықтың тұрмыс жағдайын жақсартуға бағытталған реформалар ғана кездейсоқтыққа ұрындырмай, өз мақсатына жете алады. Ал реформаның сәтті шығуы мен көздеген мақсатына жете алуы үшін, Шоқан оны “халық пікіріне сүйене отырып жасау керек” деп есептеді. Ол патша өкіметін қазақ халқын өз пікірін білдіре алмайтын “тағылығы мен тұрпайылығы” туралы көзқарасына батыл қарсылық білдіріп, “халық пікіріне дұрыс баға беру үшін комитет (заң жобасын жасау жөніндегі комитет. авт.) қазақтың қауымдық қатысына, олардың орыс өкіметіне тікелей қатысына назар аударуы қажет” — деп жазды.

Шоқан сонымен бірге, халық пікірін білдіретін қоғамдағы әлеуметтік екі топты және олардың пікірін қалай қабылдауға болатындығын да бөліп көрсетті. Шоқанның жазбасында: “халық, әсіресе білімсіз, тұрлаусыз халықтың пікірі әрқашан да халықтың шынайы көкейтесті тілегінен шыға бермейді. Қоғамның пұрсатты, яғни, мәртебелі тобының пікірін халықтың жоғын жақтаушы деп қарауға болмайды, өйткені ақсүйектер мен ауқатты адамдардың, әуелі жоғары мәртебелі қауым адамдарының мүддесі көбінесе қауымның, көпшіліктің мүддесіне кереғар, қарама-қайшы келеді”.

Реформаның сәттілігі мен қоғамдық прогрестің негізгі шарты ағарту мен ғылымды тарату, қалың бұқараның қараңғылығы мен надандығын жою деп түсінген Шоқан өзінің замандасы, ағылшын философы Джон Стюарт Мильдің “қандай да болмасын қауымның адамдарына жаңа құқық берместен бұрын, бұл қауым адамдарының ақылдық қабілетін, саяси сана сезімділігін ғылыми

тұрғыдан зерттеу қажет” деген пікіріне толық қосылатындығын мәлімдейді.

Өзіндік әдет-ғұрпы бар халыққа төтеннен келген түрлі атаулы сатысы бар бюрократтық орталыққа бағынуы бұл халықтар үшін түсініксіз жағдай. Сондықтан да “реформа жөніндегі мәселе терең ойды, байыпты тұжырымды қажет етеді, өйткені халықтың өмір сүру, сүрмеуі соған байланысты”. Шоқан француз ойшылы Вольтердің “халықтың қажетті даму деңгейіне жетпеген заңдарды күшпен таңуға болмайды” деген идеясын толық қолдайды.

Шоқанның демократиялық көзқарасы оның өз халқының азаттыққа жетіп, нағыз білім алуын армандауынан айқын көрінеді. “Тек ақиқат білім ғана күдік туғызбайды,— деп жазды Шоқан, ол өмірді бағалауға, тұрмыс құруға үйретеді. Халықтың кемеліне келіп, өркендеп өсуі үшін, ең алдымен азаттық пен білім қажет”.

Қазақ даласында сот реформасын жасау үшін халық пікірін білу мақсатында құрылған комитеттің (төрағасы Сібір облыстық басқармасының кеңесшісі И. Е. Яценко) жобасын сынаған Шоқан билер сотының бұл жобадан едәуір әділ екендігіне баса назар аударады. Билер сотының қазақ даласындағы артықшылығы туралы Шоқан былай деп жазды: “Біздің ойымызша, егер өсіп-өнудің жоғары сатысы мен төменгі сатысындағы үйлесімділікті, ұқсастықты ескерсек, мировой соттан билер сотының ең болғанда қазақ үшін кейбір айырмашылығы барына таңдануға болмайды. Дәріптеп жіберіпті деп айтудан жасқанғанымыз болмаса, артықшылығы басым дер едім”.

Европаның сол кездегі алдыңғы қатарлы елдеріндегі мировой сот мекемелеріндегі кемшіліктерді мысалға келтірген Шоқан ағылшын заңгері В. Блекстон, неміс ғалымы Гнейст және француз заң зерттеушісі Ш. Конттың осы тақырыптағы ойларын дәлелге тартады. Шоқанның сот реформасындағы шағымданушының кез-келген биге жүгінуге еріктілігі туралы пікірі нағыз демократиялық көзқарасты білдіреді. Қазақтың би сотында бұрыннан қалыптасқан судьяны таңдау еріктілігі туралы идеяны жан-тәнімен қорғаған ол, “қазақтар соттың төрелікке (Renomer) ие болған бидің кез-келгеніне жүгінуге ерікті, бұл жағынан қарағанда бізде сырқат адамның медицинаның беделдісіне қаралуға, ал айыпкердің белгілі адвокатқа сүйенгісі келетіні сияқты” — деп жазды.

Билер соты қай жағынан алып қарағанда да Ресей өкіметі дайындаған сот реформасынан әлдеқайда әділірек. “Дамудың жоғары сатысының төменгі сатысымен үйлесімділігін ескергенде, шығарылған заңдарға, мысалы мұсылман, қытай және орыстың правдасына қарағанда, қазақтың әдеттегі құқығының адамгершілік жағы басымдау”. Халық рухына, әдет-ғұрпына және тұрмысы мен мінезіне жақын келетін заңдар ғана халық үшін тиімді болмақ. Халық сырттан келген заңға бірден көндіге қоймайды. Халық үшін ең қолайлысы “өзіне етене таныс, сонымен тәрбиеленіп өсіп-өнген заң ғана болмақ”.

Соттың жариялылығымен қатар іс жүргізілетін тілге де ерекше көңіл бөлген Шоқан басқа елдің, басқа жұрттың тілінде жазылған заңның сот жүргізу процесіндегі қиыншылығы мен зардабы туралы да айтады. “Мәселен, қазақты орыс заңымен соттауға болмайды. Оның себебі мынада: біріншіден, өзге тайпалық құрамдағы, өскен ортасы, тіршілігі бөлек қазақтардың қылмыс пен жат қылыққа көзқарасына, түсінігіне орыстармен, европалықтармен қатар қарауға болмайды, қазақтар тергеу кезінде орыспен қатар заңды білмейтіндігінен бас тарта алмағанымен, олар орыс заңдарын білмейді, біле де алмайды. Орысша бірауыз сөз түсінбейтін қазақ орыс заңын білмеймін деп аузын аша алмайды. Бұл талаптың қисынсыз, көзсоқырлық екені даусыз. Бұл әрине, китаизм, яғни жаратушы иенің тұрғызған асыл мұрасы. Сонда біздің үкіметіміз өз қол астындағы пенделерінен орындауға болатын іс сияқты қисынсыз істі талап етіп отырған болып шығады”.

Ана тілінде сөйлеу мен өзін-өзі қорғауды табиғи құқық ретінде қарастырған Шоқан қазақтың әдет-ғұрып заңы “қаншалық олпы-солпы болғанымен, сырттан телінген немесе жоғарыдан ұсынылған заңнан гөрі оған етене жақын, түсінікті” екендігіне күмән келтірмейді. Сот реформасының адам құқығын қорғаудағы роліне маңыз берген Шоқан бұл саладағы реформада асығыстық пен қызбалыққа салынуға болмайтындығын ескертеді. “1793 жылдан бастап Европада болған

революцияның бәрі де бостандық үшін болған халық қозғалысының басталуынан туындады. Қисынсыз теорияға немесе өзге халықтың өміріне негізделіп, зорлықпен ырықсыз жасалған реформа адам баласын жойқын апатқа душар етіп келеді. Бүгінгі тарихшыларымыз біздің қоғамдық дертімізді, аномальдық, яғни ауытқушылық жағдайымызды Петр реформасының халыққа қарсы бағытталған қасіретті рухынан деп текке айтпаса керек”.

Қазақтың әдет-ғұрып нормаларының тағы бір артықшылығы қолданылатын жазалардың тым қатал еместігі мен гуманистігінен де айқын көрінеді. Тәуке хан тұсында “қанға-қан” принципінің құн төлеу принципімен алмастырылуы да әдет-ғұрып нормаларындағы жаза мөлшерін біршама жеңілдеткен еді. “Қазақ заңында еуропалық жаңа кодексте сіресіп тұрған ескертетін, сескендіретін шаралар жоқ. Қазақта тән жазасы ешқашан болған емес. Ру заңы бойынша, туыстардың бірінің ісіне бірі жауап беретін руластық жағдайы ру қатынасында іс жүзінде көп пайда келтіріп отыр”.

Патша өкіметі қазақ өлкесін округтерге бөліп, басқарудың жаңа түрін енгізгеннен кейін-ақ Шоқан отаршылдық әкімшілік құрған басқару ісіне қазақ халқының өкілдерін көбірек қатыстыру арқылы да халықтың саяси-әлеуметтік жағдайын біршама болса да жақсартуға болады деп есептеді. “Баянауыл округі туралы” (1857 ж.) мақаласында жаңадан құрылған әкімшілік аймақтарды басқару үшін қазақ халқының тұрмыс – салты мен әдет-ғұрпын және мұң – мұқтажын басқадан гөрі жақсы түсінетін қазақтарды қою қажеттігі туралы жазды. Шоқан бұл мақаласында сырттан келген шенеуліктер халықтың дәстүрлі тұрмыс – салтын, оның өзіндік ерекшелігін білмегендіктен ел басқаруда қабілетсіз болатындығы және зорлық – зомбылыққа жол беретіндігін дәлелдеді. Ол әкімшілік аймақтар басында халыққа беделді де, білімді сұлтандар тұрса, қоғамда әлеуметтік әділдік орнатуға болар еді деп үміттенді /4/.

Сонымен, Шоқанның әлеуметтік – құқықтық идеяларын оқығанда оның өзіне дейінгі ойшылдар мен қоғам қайраткерлерінің жазбаларымен терең танысқанын байқауға болады. Оның терең білімі мен ғылыми ізденісі қазақ қоғамында әлеуметтік теңдік орнатуға, демократиялық өзгерістер енгізуге, халық мүддесіне жақын келетін реформаларды іске асыруға еңбек етті.

Қазақ ағартушыларының көрнекті өкілі, педагог – жаңашыл және жазушы Ыбырай Алтынсарин (1841 – 1889). Ыбырай дүниетанымы қалыптасуын да туған ел халық ауыз әдебиеті, прогрессивті орыс мәдениеті еуропа ойшылдарының еңбектері өз әсерін тигізді. Уалиханов секілді Алтынсарин да өз халқының артта қалушылығын жоюдың бірден – бір жолы ағартушылықта деп сенді және Қазақстандағы Халық ағарту ісінің ұйымдастырылуы мен дамуына белсене араласты.

1879—1889 жылдары Торғай облысы халық училищелерінің инспекторы бола жүріп Алтынсарин қазақ балаларына арнап көптеген мектептер ашты, алғашқы оқулықтар, “Қазақ хрестоматиясын” жазды, аудармалар жасады.

Ыбырай Алтынсарин арнайы философиялық тақырыпта еңбек жазбаған, дегенмен ағарту және қоғам мәселелерін талқылауға арналған шығармаларында дүниеге көзқарастық пікірлер қалыптастырған. Ыбырайдың көптеген өлеңдері мен әңгімелерінен оны қоршаған дүниенің санадан тыс және тәуелсіз өмір сүретіндігін мойындайтынын байқаймыз. “Жаз”, “Өзен” сияқты өлеңдерінде табиғатты өзінше тамашалау ғана емес, сонымен бірге оның адам санасынан тыс және тәуелсіз бар екендігі сезіледі. Бұл ұлы ағартушының дүние туралы көзқарасының бір жағы. Екіншіден, Ыбырай дүниені жаратушы құдай деп біледі. Бұл ойды ол көптеген шығармаларында қайталап отырады. Мысалы, “Жаратқан мұнша таңсық жаббар құдай! “Жаратты неше алуан жұрт бір құдайым” деген өлең шумақтарында, “Мұсылманшылдықтың тұтқасы”, т.б. еңбектерін де осы пікірді қуаттайды. “Мұсылманшылдықтың тұтқасында”, бүкіл дүниені, жан – жануарларды атай келіп, “мұны” бәрі де жалғыз теңдесі жоқ, ұқсасы жоқ бір Құдайдың барлығына, бірлігіне Һәм кәміл жаратушы халық—қадір екендігіне дәлел болса керек”—деп тұжырымдайды. Ойды қайырып айтқанда Ыбырай қоршаған дүниенің объективтік өмір сүретіндігін мойындайды, сонымен бірге дүниені жаратушы құдай деп біледі. Бұдан Алтынсариннің дүниеге көзқарасы деизмге жақын екенін көреміз. Кейбір зерттеушілер Ыбырайды стихиялық материалист, дінге қарсы болған деп айтып жүр. Мәселен нақты қарасақ Алтынсарин татар және Бұқарадан келген

молдалардың уағыздайтын дінінің озбыр түріне қарсы болды.

Алтынсариннің этикалық және эстетикалық көзқарастары құндылығы және маңызы жағынан ерекше орын алады. Мысалы, “Жаз”, “Өзен” деген өлеңдерде табиғаттың сұлулығы, көкорай шалғынды көркі, күмістей сылдыраған суы, көк жиектің мұнарланған сағымы шебер тілмен суреттеледі. Бұл шығармалар жастарды сұлулықты, ғажайып табиғатты сүйе білуге, құрметтей білуге тәрбиелейді. Ағартушылық жөніндегі көтеген хаттары мен жазбаларында қазақ балаларына ән-күйден, суреттен сабақ беру керек екендігін мәселе етіп қояды. Бұдан Ыбырайдың жастарға эстетикалық тәрбие берудің маңызын жоғары бағалағандығын көреміз.

Этикалық тәрбие жөніндегі пікірлерін, ой тұжырымдарын бағалы асыл мұра деуге болады. Ең алдымен Ыбырайдың өз басы өте жоғары дәрежелі мәдениет иесі болғандығын айта кету керек.

Жастарды инабаттылық пен адамгершілікке тәрбиелейтін шығармалары ерекше орын алады. Еңбекті сүйе, үлкенді құрметтеу, мейірімділік, кішіпейілділік сипатты қасиеттерді қырда өскен балаларға түсінікті болатындай әңгіме, мысалдар арқылы жеткізе білді. Ыбырай әлеуметтік мәселелерді көптеген еңбектерінде талқылайды. Ресей оқу орындарынан білім алып, цивилизациядан нәр алған Алтынсарин демократиялық ағартушылық идеяларды қазақ елінде жүзеге асыру үшін талмай еңбек етті. “Кел балалар оқылылық”, “Өнер білім бар жұрттар” сияқты өлеңдерінде жастарды өнерге, білімге шақырады. Ыбырай ағарту ісінің тек насихатшысы ғана емес, сонымен бірге аса көрнекті ұйымдастырушысы болды. Қазақ даласында білім бұлағы болатын мектептермен қатар өндірістік кәсіпке кадрлар дайындайтын арнайы техникалық - кәсіптік оқу орындарын ашу жөнінде мәселе қояды. Бұдан Алтынсариннің өндірістің қоғам өміріндегі ролін жоғары бағалағандығы көрінеді. Кейбір зерттеулерде ағартушылар сияқты Ыбырай да оқыту, ағарту ісі қоғам өмірінде шешуші фактор болатындығын мойындаған деген біржақты тұжырымдар жасалады. Мұндай пікірді марксизм методологиясын сыңаржақтылық тұрғыдан дәріптеу деуге болады. Шындығында сол кездегі қазақ елінде ағарту және сол арқылы өнеркәсіпті дамыту ісінен басқа қандай жол бар еді? Айталық қазақ жұрты көтеріліс жасап патша өкіметін құлатып, байларды жойды дейік. Сонда басым көпшілігі сауатсыз қалың кедей өндіріс кәсібі жоқ елде жоғары дәрежелі, әділетті қоғам құра алады деп айта аласың ба? Әрине жоқ. Ендеше Ыбырай айтқан ағарту ісі, өндіріс кәсібінің өркендеуі сол замандағы қазақ халқы үшін бірден-бір жол еді.

Ыбырай толығымен ағартуды жақтады, мектепті діннің ықпалынан ажырату үшін күресті, араб алфавитінің орнына орыстікін қолдануды ұсынды. Исламның феодалды – клерикалды идеологиясын сынады, мұсылман дін басыларын, олардың діни – схоластикалық білім жүйесін ашкереледі.

Алтынсариннің қоғамдық – саяси көзқарастарына шынайы да терең демократизм, өз халқының мүддесін қорғауға деген ұмтылыс тән. “Қырғыз қайғысы” деген жазбаларында ол 1868 жылғы колониалды қанауды күшейту мақсатында жасалған әкімшілік реформасына наразылығын білдіреді /5/.

Сонымен, XIX ғасырдағы Қазақ ағартушылары Шоқан Уалиханов пен Ыбырай Алтынсариннің әлеуметтік – құқықтық көзқарастарын көптеген озық ойлы азаматтарымыз алға дамытты. Солардың бірі – Ахмет Байтұрсынов қоғам дамуына өзінің үлкен үлесін қосты.

Ахмет Байтұрсынов Торғай даласындағы Сартөбек деген жерде, Ақкөлдің жанында дүниеге келген. Ол көптеген өлеңдердің авторы. 1911 жылы “Туысыма” деген өлеңі жарық көреді.

Болармын нағып ырза туысыма,

Туыппын таршылықтың уысында.

Шамам жоқ жан – жағымға қол созарлық,

Тар көрдің тығылғандай қуысына.

Айта алмай шын сөзіңді қорғалайсың,

Туғаның бүйтіп көр боп құрысын да!

Бар пайдаң өз басыңнан артылмаса,

Мал гұрлы мағына жоқ тұрысында.

Осы бір шумақ өлеңде әлеуметтік тұрмысының нашарлығын, соған байланысты қолының қысқалығын айта келіп, туысына деген ренішін терең сезіммен жеткізеді.

1905 жылы Қарқаралыда Ахмет Байтұрсынов және басқа да біраз оқыған адамдар бас қосып, кіндік үкіметке қазақ халқының атынан петиция (арыз – тілек) жібереді. Ол петициядағы айтылған мәселе, бірінші жер мәселесі, екінші, қазақ жұртына земство беруді сұраған, үшінші, отаршылдардың орыстандыру саясатын тоқтатуды сұраған.

Ахмет бастаған іске қыр қазағының ішінен тілеулес кісілер көп шыққан, олар да халықтың оянуына себебші болған. Сол жылдан кейін бас қосқан жиындарда, оңашада болған әңгімеде ел қамы, ел мұңы деген сөздер оның аузынан жиі естілген. Сол жылдары Ахмет Байтұрсыновтың “Қырық мысал” кітабы көреді. Осыдан бастап оның аты қазақ даласына кең жайыла бастайды. Бірақ сол кезде төңкерістің күні бітіп, патшаның үкіметі қайта күшейіп, халық ойлаушыларға қуғын жасап, қысым көрсеткен қанды күндері қайта туған. Қазақ ішінен ежелден елді ұмытып, адамшылық қарызын шен – шекпенге сатқан тілмаштар, өзіміз надан болыстар бірен – сарандап Ахмет Байтұрсыновқа және оны қолдаған адамдарға қарсы шыққан. Олар қырық мысалдың өлеңдерін аударып, 1905 жылдағы петиция берген адамдардың бәрінің аттарын анықтап, үстілерінен қаралау хат жазып, үгіт жұмыстарын жүргізген. Осы кезде Ахмет Байтұрсынов “Тілек қатам” өлеңін шығарады.

Я, Құдайым! Аққа жақ!

Өзіңе аян мен нақақ.

Аққа деген жолымның

Абыройын ашпай, жап.

Мені ұстатып, айдатып,

Зығырданды қайнатып.

Масайрасып, мәз болып,

Қуанғанды өзің тап!

Қазаққа не жазып ек?!

Байлаттырған қолымды,

Бөгеттірген жолымды, – дейді .

Ол 1911 жылы Орынборда жазған “Маса” атты өлеңінде қазақ елін, халқын патша үкіметіне қарсы күреске шақырған:

Қазағым елім,

Қайқайып белің,

Сынуға тұр таянып.

Талауда малың,

Қамауда жаның,

Аш көзіңді оянып.

Қанған жоқ па әлі ұйқың,

Ұйықтайтын бар не сиқың?!

Ахмет Байтұрсынов “Қазақ” атты газет шығарып, еңбектеген жастан еңкейген кәріге дейін ой түсіріп, ұйқысынан оятып өмір бостандығына, болашаққа шақырған.

Әсіресе қазақ мектебінің ашылуы, оның балаларға, жастарға деген үлкен ықыласын білдіреді. Өзінің “Оқуға шақыру” деген өлеңінде былай дейді:

Балалар оқуға бар, жатпа қарап!

Жуынып, киініңдер шапша – қырақ!

Шақырды тауық мана әлдеқашан,

Қарап тұр терезеден күн жылтырап.

Адам да, ұшқан құста, жүгірген аң да,

Жұмыссыз тұрған жоқ ешбір жанда.

Кішкене қоңызда жүр жүгін сүйреп,

Барады аралар да ұшып балға..

Күн ашық, торғайлар шат, ыңжың орман,

Оянып жан – мақұлық түнде қонған.

Шығады тоқылдақтың тоқ – тоқ даусы,

Байрағы сарғалдақтың сыңғырлаған.

Өзенде балықшылар ау қарап жүр,

Тоғайда орақ даусы шақ – шұқ орган.

Аллалап ал кітапты қолдарыңа!

Құлдарын Құдай сүймес жалқау болған /6/.

Ахмет Байтұрсыновтың “Оқу құралы”, “Тіл құралы”, “Баяншы”, “Ер – Сайын”, “Әліп – би” т. б. көптеген тәрбиелік мәні бар өлеңдері халық арасына кең тараған.

Сонымен, Ахмет Байтұрсынов көптеген жастардың ақындық жолға түсуіне, халық қамын ойлап күресуіне, әлеуметтік өмірді жақсартудағы саяси белсенділікті арттыруға көп ықпал етті.

Қолданылған әдебиеттер

1. Н. Өсерұлы “Қазақтың әдет – ғұрпына шариатың әсерін зерттеу”. Автореферат. Алматы, 1997, 12 – 24 беттер.
2. Саяси – құқықтық ілімдер тарихы. Оқулық. Алматы, 2002, 247 – 251 беттер.
3. Әлеуметтік философия. Хрестоматия. Алматы, 1996. 44 – 50 беттер.
4. Саяси – құқықтық ілімдер тарихы. Оқулық. Алматы, 2002, 252 – 257 беттер.
5. А. Қасабеков, Ж. Алтаев. Қазақ философиясының тарихына кіріспе. Алматы, 1994, 155 – 159 беттер.
6. С. Кәкішев. Ахаң туралы ақиқат. Алматы, 1992, 11, 17, 20 – 21 беттер.

III - бөлім

Қоғам және әлеуметтік жүйелер

I – тарау.

ТАБИҒАТ ЖӘНЕ ҚОҒАМ

1. Табиғат пен қоғамның өзара әсері

Қоғам социология ғылымының негізгі зерттеу нысандарының бірі болып саналады. Ол түрлі әлеуметтік байланыстары, өзара әсерлері мен арақатынастары бар көптеген индивидтерден тұрады. Қоғам — біртұтас жүйе. Оның негізі қоғамның өзін сақтап, жаңартып, дамытып отыруға бағытталған адамдардың іс-әрекеті.

Қоғамның біртұтас жүйе ретіндегі елеулі ерекшелігі оның тұрақтылығынан, яғни белгілі бір консерватизмінен көрінеді. Кейбір социологтардың пікірінше, қоғамның негізін “жалпы билік” (Э.Шилз), қоғамда үстемдік құратын “оң сипатты құндылықтар” (Р.Мертон) құрауы мүмкін. Қоғамның дамуының орнықтылығы территориялық-географиялық және сол кезеңдегі нақтылы тарихи жағдайларға байланысты. Адамзат қоғамының дамуы барысында ең алдымен географиялық, табиғи орта адамдардың бір-бірімен қарым-қатынас түрлерінің қалыптасуында, олардың өмір сүру салты мен ұйымшылдығының орнығуында аса маңызды рөл атқарады.

Қоғамның маңызды сипаты оның дербестігі мен өзін өзі қамтамасыз етуі. Қоғамдағы әлеуметтік қызмет арқылы оның мақсатты даму бағыты, индивидтер қабілетінің дамуы және олардың түрлі қажеттіліктерін қанағаттандыру қамтамасыз етіліп отырады. Сол сияқты қоғамның дербестігі мен өзін-өзі қамтамасыз етуі де өзін-өзі реттеп отыру арқылы ғана жүзеге асады.

Өзін-өзі реттеп отыруға қабілеттілік — қоғамдық жүйенің іргелі қасиеті. Қоғамның барлық жүйелерінде жүріп жататын өзін-өзі реттеу, ұйымдастыру, тәртіпке келтіру процесі дербес әлеуметтік формаларды, норма, тәртіп, құқықтар мен міндеттер, рұқсат етілген және етілмеген жүйелер тудырады. Нәтижесінде реттеп отыратын ерекше жеке механизмдер — экономикада басқару құрылымы, саяси және құқықтық реттеуші органдар, т.б. пайда болады. Олардың іштей жүйелерге жіктелініп, бөліне түсуі қоғамның қызмет ету тиімділігін арттырады /1/.

Демек, қоғам — адамдардың көптеген байланыстарынан, өзара әрекеттері мен қарым – қатынастарынан тұратын жеке субстанция.

Қоғам өмірін зерттеу ісі ерте кездерден — б.з.б. V—IV ғасырлардағы Платонның “Мемлекет”, Аристотельдің “Саясат” атты еңбектерінен басталып, күні бүгінге дейін жалғасып келеді. Огюст Конт бірінші рет “социология” терминін ғылыми айналымға қосқан. Сөйтіп, XIX ғасырдың ортасынан бастап социология қоғам туралы жеке ғылымға айналды. О. Конт ұсынған жаңа әлеуметтік ғылымның зерттеу пәні адамзат қоғамының тарихи даму заңдары болды. Ол басқа да ғылымдарда, әсіресе, биологияда қолданылып келген әдістерге ұқсас бақылау мен салыстыруға негізделді, бірақ бұл әдістердің қолданылу аясы позитивтік ілім идеясының синтетикалық тұжырымдамасы көмегімен нақтылана түсті. О.Конт қоғамдық құрылысты түсінуде, танып білуде бұрынғы түсініктерге арқа сүйеді.

Статика мен динамика — Конт социологиясының екі негізгі категориясы болды. Статика қоғамдық консенсусты зерттеуге саяды. Қоғамды тірі организммен салыстыруға болады. Кез келген органның қызметін тұтас тірі организмнен бөліп алып зерттеуге болмайтындығы сияқты саясат пен мемлекетті де дамудың осы кезеңіндегі қоғам аясынан тысқары алып қарастыруға болмайды. Әлеуметтік статика, бір жағынан, нақтылы бір кезеңдегі қоғам құрылысының анатомиялық талдамасы болса, екінші жағынан, индивидтер не отбасылар жиынтығын ұжымға айналдырып, көптеген институттардың бірлігін түзетін, яғни консенсусты айқындайтын

элементтерді талдайды. Статика консенсусты зерттейтін болса, онда ол кез келген қоғамның басты органдарын іздеумен айналысады да, түптің түбінде, кез – келген қоғамның бастауын ашып көрсетуге көмектесетін тарихи қоғамдардың әртүрлілігін естен шығарып алады. Сөйтіп, түрлі қоғамдардың жай ғана позитивтік анатомиялық талдамасы, мен жекелеген қауым мекемелерінің өзара мүдделерін қарастырудан бастау алатын әлеуметтік статика О. Конттың “Позитивтік саясат жүйесінің” екінші томында адамзат қоғамының негізгі тәртібін зерттеуге ұласқан.

Динамика қоғам жүріп өтетін дәуірлердің кезектілігін түсіндіруге қызмет етеді. Бірақ біз қоғам мен адам ақыл – ойының қалыптасуы белгілі бір заңдар бойынша жүзеге асатындығын білеміз. Өткеннің бәрі тұтастық құрайтындықтан да әлеуметтік динамика ғалымдардың деректерді іріктей жинап немесе ұйымдардың жалғастығын бақылап жазатын тарихына ұқсамайды. Әлеуметтік динамика адамның ақыл – ойының, қоғамның пайда болуы мен дамуындағы дәуірлердің кезектілігі мен қажеттілігіне шолу жасайды /2/.

О. Конттың пікірі бойынша, әрбір тарихи кезеңдегі қоғамның сипаты мен оның даму бағыты “адамдардың ақыл – ойының жай – күйіне”, яғни адамзаттың ақыл – ойы дамуының теологиялық, метафизикалық және позитивтік деп аталатын үш сатысына байланысты. Бірінші теологиялық саты ерте кезден орта ғасырдағы XIII ғасырға дейінгі кезеңді қамтып, діни көзқарастың, абыздар мен әскерилер басқарған әскери – авторитарлық саяси режимнің үстемдігімен сипатталса, екінші метафизикалық саты XIV—XVIII ғасырлар аралығындағы ескі, құрып бара жатқан қоғамдық тәртіптен жаңасына көшу дәуірінде көрініс тапты. Ал үшінші позитивтік саты XIX ғасырдан басталып, өнеркәсіптің, ғылымның гүлденуімен, аристократтардың орнын социократияның басуымен ерекшеленеді. Сөйтіп, Огюст Конт социологияны қоғамның құрылымы мен өзгерістерін түсіндіріп беретін заңдарды зерттейтін ғылым деп санады.

XIX ғасырдың екінші жартысынан кейін, О. Конт қайтыс болған соң, қоғамдық өмірдің өлшемдерін одан тысқары жақтан, бірінші кезекте дамудың биологиялық факторларынан іздеген әлеуметтік ой – пікір ағымдары пайда болды.

Ағылшын ғалымы Герберт Спенсердің әлеуметтік теориясы Ч. Дарвиннен алынған қоғамды организм күйінде қарастыру мен түсіну, әлеуметтік эволюция идеясы сияқты екі ережеге негізделді. Спенсер алғашқы қауымдық қоғам кезіндегідей индивидтердің дамуының физикалық, сезімдік және интеллектуалдық параметрлерін сыртқы және ішкі “әлеуметтік құбылыстар факторы” ретінде қарастырды. Ол екінші немесе туындаған факторлар әлеуметтік эволюцияның барысында пайда болатындығына күмәнданбайды. Көптеген мысалдар келтіре отырып, адамның іс-әрекеті мен әлеуметтік құбылыстардың олардың белгілі бір тобы тіршілік жасап жатқан жердің климатына, жер бедеріне, топырақ қыртысына, су асты мен жер үсті әлеміне тікелей байланысты екендігін айтты. Бұл ретте ол әлеуметтік эволюцияның алғашқы сатыларында жергілікті жағдайларға байланыстылық кейінгі кездерде күшті болатындығына назар аударады. Мәдениеті жетілмеген адамдардың негізгі ерекшелік факторларын айқындап, талдай келе Спенсер “алғашқы қауымдық кезеңдегі адамның даму процесі прогрестің басталуымен көрініс беретін қабілеттіліктің болмауынан кідіріс тапты” деген тұжырым жасайды. Оның айтуынша, физикалық, сезімдік, интеллектуалдық қабілеттердің қалыптасуы әлеуметтік прогреспен қатар жүріп отырды. Бұл ретте адамның қабілеті неғұрлым дамыған болса, оның сыртқы ортаға тәуелділігі де соған қарай арта түседі. Өмір үшін күресте адам мен адамдар тобы объективті түрде алдын ала айқындалған бірқатар күтпеген әрекеттерге барады. Топ мүшелерінің және топтың функциялары арқылы топтық ұйымдар мен құрылымдар, топ мүшелерінің тәртібін бақылап отыратын институттар айқындалады. Алғашқы қауымдағы адамдардың мұндай құрылымдары бүгінгі күні оғаштау, кейде қажетсіз сияқты көрінуі де мүмкін. Бірақ бұлар мәдени дамуы жағынан төмен адамдар үшін қажетті, өйткені олар белгілі бір әлеуметтік рөл атқарды; тайпалардың дұрыс өмір сүруі үшін керекті функциялардың жүзеге асуына мүмкіндіктер туғызды.

Органикалық даму барысында пайда болған әрбір қоғамдық құрылым мен ұйымның функционалдық бағыты болады. Сол себепті де социолог алдымен бірліктің қызметін зерттеуге міндетті, ал социология зерттелініп отырған қоғамдық бірліктердің өзара әсерінің нәтижелеріне

назар аударуы керек. Социология салт - дәстүр, әрбір қоғамның реттегіштік және өндірістік бөлімдері арасындағы қарым – қатынас түрінде көрінетін саяси ұйымдардың, шіркеу мекемелерінің пайда болуы мен дамуын, қоғам мен оның жеке бөліктерінің тіршілігін суреттеп түсіндіруі қажет. Әлеуметтік талдаулардың келесі кезектегі нысаны даму үстіндегі тіл мен білім, адамгершілік пен эстетика болып, бір жағынан қоғамның құрылымы мен ұйымдарының, екінші жағынан қоғамның өмірі мен оның бөліктерінің арасындағы бір-біріне тәуелділік ескеріліп отырады. Күрделі әлеуметтік жүйе түріндегі қоғамның өмір сүруі туралы қажетті нақтылы мағлұматтары болмағандықтан да Спенсер қоғам мен биологиялық организм арасынан ұқсастықтар табуға тырысты. Ол қоғамның үздіксіз дамып отыруын организмге ұқсатты. Қоғам да биологиялық организм сияқты “ұрық түрінде” дамып, шағын массадан бірліктің өсуі, топтардың қанат жаюуы, қосылуы арқылы пайда болған үлкен топтардың бір – бірімен бірігулері арқылы неғұрлым үлкен топтарға ұласып дамып отырады. Алғашқы қауымдық топтар қарапайым организмдер тобы сияқты “қарапайым ұлғаю” арқылы айтарлықтай дамуға жете алмайды. Шағындарының бір – бірімен қосылып, кең ауқымды қоғамға айналу процесінің қайталанып отыруы екіншінің үшіншіге айналып отыруына алып келеді. Спенсер осылайша даму сатылары бойынша қоғамның типологиясын жасады.

Сонымен, табиғат пен қоғам күштерінің іс-әрекеттерінде айырмашылықтар барына көзіміз жетті. Табиғат заңдарынан өзгеше тарих заңдары белгілі бір мақсатты, мұратты, құндылықтарды ұстанатын индивидтерге қатысты қолданылады. Қоғамдық өндіріс нақтылы бір тарихи жағдайларда ғана болуы мүмкін.

2. Қоғам — әлеуметтік жүйе

Қоғам — бір-бірімен байланысты, ықпалдас әлеуметтік құбылыстар мен процестер жиынтығынан тұратын әлеуметтік жүйе. Қоғамның құрамдас бөліктеріне индивидтер, әлеуметтік институттар мен ұйымдар, топтар мен қауымдар байланыстар мен әрекеттер, нормалар мен құндылықтар, өзара қарым – қатынастар, т. б. жатады.

Әлеуметтік жүйе адамдар қауымынан (әлеуметтік топтардан, әлеуметтік ұйымдардан, т. б.) құрылады. Ал адамдар қауымы қоғамда алатын орнына, әлеуметтік позициясына, атқаратын нақтылы әлеуметтік қызметіне, әлеуметтік жүйеде қабылданған әлеуметтік нормалар мен құндылықтарына т.б. орай іс тәртібі қалыптасқан адамдардан тұрады.

Әлеуметтік жүйеге түрлі мұраттар (наным – сенім, елес – түсініктер т.б.) мен кездейсоқ элементтер де енуі мүмкін.

Индивидтер әрекеті жеке дара емес, нақтылы әлеуметтік жағдайда түрлі қауымдарға біріккен басқа адамдармен өзара қарым – қатынас процесінде жасайды. Әлеуметтік орта индивидке жүйелі түрде әсер етеді; өз кезегінде ол да басқа индивидтерге, ортаға дәл солай ықпал жасап отырады. Нәтижесінде адамдардың бұл қоғамы өзіндік ерекшеліктері бар біртұтас әлеуметтік жүйеге айналады. Белгілі әлеуметтік орын иеленіп, сол қоғамның нормалары мен құндылықтарына сәйкес тұрақты әлеуметтік қызмет атқаратын топтар мен индивидтердің өзара байланыстарының нақтылы тәсілі қоғамдық жүйенің құрылымын түзеді.

Әлеуметтік құрылымның түрлеріне: наным, сенім, елесті біріктіретін идеалды құрылым; құндылықтар, нормалар, жоспарланған әлеуметтік рөлдер енетін нормативтік құрылым; позиция мен мәртебелердің өзара байланыстары мен жүйенің қайталану сипатын білдіретін ұйымдық құрылым; дәл сол кезде онымен бірге қосарланып өмір сүріп жатқан элементтерден тұратын кездейсоқ қосылған қорлар, т.б. жатады.

Әлеуметтік құрылымның алғашқы екі түрі мәдени құрылым, қалған екеуі социетальдық құрылым тұжырымдамаларымен байланысты. Нормативтік және ұйымдық құрылым біртұтас, ал ондағы құрамдас бөліктер стратегиялық тұрғыдан қарастырылады. Біртұтас әлеуметтік құрылымдағы идеалдық және кездейсоқ құрылымдар мен оның құрамдас бөліктері құрылым ішінде оң және теріс ықпалдар туғызуы мүмкін. Мұндай жағдай жалпы әлеуметтік жүйенің құрамдас бөліктері сипатындағы әртүрлі құрылымдардың өзара ықпалдасуынан, сөйтіп бұл жүйенің өмір сүруінде сәйкессіздік туындауы салдарынан болады.

Әлеуметтік жүйенің құрылымы оның құрамдас бөліктері жиынтығының бірлігі ретінде өздеріне ғана тән заңдар мен заңдылықтар арқылы реттеліп отырады, өзіндік детерминизмге ие болады. Құрылымның өмір сүруі мен өзгеруі сыртқы заңдармен емес, жүйенің ішіндегі құрамдас бөліктердің тепе – теңдігін сақтап, ауытқулар болса қалпына келтіріп, өзгерісті дұрыс бағыттап отыратын процестермен реттеледі.

Әлеуметтік жүйенің даму заңдылықтары мен өмір сүруі социетальдық жүйенің ұқсас заңдылықтарымен сәйкес келуі де, келмеуі де, сол қоғам үшін оң және теріс әлеуметтік маңызы бар салдарға апарып соқтыруы да мүмкін.

Әлеуметтік жүйенің құрылымында бір – бірінен айтарлықтай ерекшеленетін күрделі иерархиясы бар. Супер жүйе немесе социетальдық жүйе қоғам болып табылады. Социетальды жүйенің маңызды құрамдас бөліктері экономикалық, әлеуметтік, саяси және идеологиялық құрылымдар болып, олардың өзара ықпалдастығынан әлеуметтік жүйеде түрлі институттар (экономикалық, әлеуметтік, саяси, идеологиялық, т.б.) түзіледі. Әлеуметтік жүйе құрылымдарының социетальдық жүйеде белгілі бір орын алып, өздеріне тиісті қызметті қатаң түрде атқарады. Өз кезегінде әрбір үлкен жүйе өзінің құрылымына көптеген шағын әлеуметтік жүйелерді (отбасы, ұжым, т.б.) біріктіреді.

Социетальды жүйе түріндегі қоғамның дамуында жоғарыда аталғандармен бірге индивидтің әлеуметтік (тәрбие, білім беру), эстетикалық (эстетикалық тәрбие), адамгершілік (адамгершілік тәрбие және әртүрлі теріс қылықтарды жөнге салып отыру), физикалық (денсаулық сақтау, дене тәрбиесі) тұрғыдан кемелденуіне әлеуметтік әсер ететін басқа да қоғамдық жүйелер мен органдар пайда болады.

Әлеуметтік жүйе құрылымын жүйелеу негізіне бұл құрылымдардың өзара байланыстары мен ықпал ету нысандарының түрлерін жатқызуға болады.

Социологияның өзіндік ерекшелігі сол, ол зерттейтін байланыстар әлеуметтік байланыстар деп аталады. “Әлеуметтік байланыс” термині бір жерде, бір уақытта өмір сүріп жатқан адамдардың алға қойған мақсаттарына жету жолындағы бірлескен іс - әрекеттеріне жағдай жасайтын барлық факторлардың жиынтығын білдіреді. Мұндай байланыс жекелеген адамдардың әлеуметтік және өзіндік сипаттарына қарамастан ұзақ мерзім бойы үзілмейді. Бұл байланыстар индивидтердің бір – бірімен, сондай-ақ олардың күнделікті тіршілігі барысында қалыптасқан қоршаған ортадағы құбылыстар мен процестер байланыстарынан тұрады.

Әлеуметтік байланыстардың мәні адамдардың әлеуметтік әрекеттерінің мазмұнынан, сипатынан, яғни әлеуметтік факторлардан көрінеді.

Жеке адамдардың, әлеуметтік топтардың, ұйымдардың, институттардың әлеуметтік және социетальдық байланыстарын микро және макроконтинуум қамтиды. Социетальдық байланыстардың аясына индивидтер (оның санасы мен іс-әрекеттері), әлеуметтік ықпалдастық, әлеуметтік топ, әлеуметтік ұйым, әлеуметтік институттар жатады. Олар субъективті – объективті, континуум – субъективті, объективті және аралас байланыстарға бөлініп, осыларға сәйкес объективті (әрекетті адам, әлеуметтік әрекет, заң, басқару жүйесі, т.б.), субъективті (адам мінез-құлқының нормалары мен құндылықтары, әлеуметтік шындықты бағалау, т.б.), субъективті – объективті (отбасы, дін т.б.) нысандар анықталады.

Әлеуметтік байланыстар бес түрлі сипатта болуы мүмкін: біріншіден, әрқайсысы өзіндік қасиеттерімен ерекшеленетін адамдардың өзара ықпалдастығы; екіншіден, әлеуметтік қарым – қатынастардың қалыптасуын, әлеуметтік топтардың құрылуын туғызатын әлеуметтік ықпалдастық; үшіншіден, негізінен қала, ауыл, ұжым, т.б., арасында болатын топтық ықпалдастық; төртіншіден, қоғамдағы әлеуметтік орнына орай жасайтын іс - әрекеттері, атқаратын рөлі әлеуметтік жүйеде көрініс табатын әлеуметтік иерархия; бесіншіден, әлеуметтік жүйенің құрамдас бөліктері қызметінің сипаты мен мазмұнын айқындайтын нормалар мен құндылықтардың жиынтығы түрінде болады /3/.

Демек, қоғам өзінің құрылымдық ұйымдасуы, яғни оны құрайтын бөліктердің өзара қарым – қатынастары, әрекеттері тұрғысынан сипатталады екен. Сонымен бірге ол өзгеріс, даму процестерімен де сипатталады. Қоғам — күрделі құрылымды, өздігінен дамып отыратын әлеуметтік жүйе.

3. Азаматтық қоғам: қалыптасуы мен даму проблемалары

Біз жоғарыда қарастырып өткен философтардың еңбектерінде азаматтық қоғам қарама – қарсы мағынада қарастырылып немесе аталып отырады.

Аристотельден бастап мемлекет саясатпен тікелей байланыстағы құрылым деп түсініліп келеді. Ол адам саяси тұлға болғандықтан да мемлекет соның табиғи нәтижесі деп санайды. Осыған орай адам өмірінің адамгершілік, неке – отбасылық, экономикалық, т.б. салалары саясаттандырылған. Сот халық жиналысы сияқты шараларға араласқандар ғана азамат саналды. Демек, азаматтық қоғам — саяси тұлғалар қауымдастығы. Осы орайда біз қарастырып отырған тақырыпқа байланысты тағы бір мәселе — мемлекеттік басқару немесе азаматтардың саяси теңдігі мәселесі алдымыздан шығады. Аристотель саяси қайраткерлерді мәжілістерге, сотқа сайлауға қатысып лауазым иелерінің есебін тыңдайтындар және қызметтегілер деп екі түрге бөледі. Екіншісінің біріншісіне қарағанда жеке меншігі бар, демек қайырымды. Аристотель жеке меншігі жоқтар қалай қайырымды болады деп ой тастайды. Оның пікірінше, жеке меншік — мемлекеттің өмір сүруінің, сондай-ақ азаматтық қоғамның да бірден-бір негізі.

Италия ойшылы Николло Макиавелли (1469-1527) — қайшылықты тұлға болғаны белгілі. Ол бір жағынан абсолютизмді жан сала қорғаса, екінші жағынан демократия үшін де күресті. Оның ойынша, халықты қорқыту арқылы билеуге құқы бар патша күш қолдануға дейін барғанымен қол астындағыларының жек көруіне ұшырап қалмау үшін мүліктік және бас құқықтарын бұзуға бара бермейді. Бұл жерде адамның саяси бағыныштылық қызметінен басқа да жақтарының барлығы ескеріледі.

Азаматтық қоғамды саяси тұрғыдан да түсіндіруге болады. Макиавелли “Ойлар” деп аталатын еңбегінде мемлекет өзінің билігі үшін қанауды күшейтіп, қоғамның түрлі қызметтерін әлсіретіп, жоюға тырысатындығын жазады. Бұдан қоғам мен мемлекеттің, азаматтық және саяси аяның бөлекше екендігі көрінеді.

“Азаматтық қоғам” ұғымын бірінші рет белсенді қолданған Т. Гоббс. Бірақ оның Макиавеллиден өзгешелігі — азаматтық қоғам мен мемлекетті бір-біріне қарсы қоймайды.

Ағылшын ойшылы Дж. Локк (1632-1704) та Гоббс сияқты “азаматтық қоғам” терминін жиі қолданып қана қоймай, ашық болмаса да бірінші рет азаматтық қоғамның мемлекеттен басымдығын жариялады. Бұл идея азаматтық қоғамның негізі жекеменшік екендігін мойындауға негізделген. Локк үшін жеке меншік қасиетті, оған қол сұғуға болмайды. Саяси билік жеке меншікті реттеп, сақтап отыру заңдарын жасауға ғана құқылы.

Француз ағартушысы Шарль Луи Монтескье (1689-1755) еңбектерінде азаматтық қоғам отбасы, қоғам дамуының нәтижесі, адамзат тарихының табиғи күйінен кейінгі төртінші сатысы. Азаматтық қоғам бір-біріне қарсы адамдардың қоғамы; ол кейін жауласудан сақтандырып отыратын күш қолдану органы мемлекетке айналады. Монтескье азаматтық қоғам мен мемлекетті тең санамайды; ол заңдарды азаматтық және саяси заңдар деп бөледі. Азаматтық қоғамның заңдары адамдардың табиғи (физиологиялық) еркіндіктерін тежеп, саяси еркіндіктер беретін мемлекеттік саяси заңдарға айналмайды. Азаматтық қоғам заңдары азаматтық, жеке меншік заңдары. Монтескье азаматтық қоғамдағы саяси заңдардың жеке меншік заңдарымен қайшылықты бірлігін негіздеді.

Тағы бір француз ойшылы Жан-Жак Руссо (1712-1778) да Монтескье сияқты азаматтық қоғамды үкіметі кез келген уақытта тәуелсіз қоғамның талап етуімен шеттелетін, қоғамдық келісім арқылы мемлекетке айналатын, демократиялық республика формасында түсінді. Ж.-Ж. Руссо заңдарды саяси және азаматтық (адамгершілік, әдет-ғұрып, қоғамдық пікір) деп бөлді. Ол, шын мәнінде, азаматтық қоғам ұғымын қалыптастырды. “Саяси организмнің мәні бағыныштылық пен еркіндікті үйлестіріп отыру” /4/ – дейді

Руссо.

Неміс ойшылы И. Канттың (1724-1801) саяси көзқарастары Ж.-Ж. Руссо идеяларының әсерімен қалыптасты. Бірақ Кант азаматтық қоғам, демократия туралы түсініктерді тереңдете түсті. Ең бастысы ол диалектикаға көбірек мән берді. Канттың пікірінше, бірінші рөл адам табиғатында жатыр.

Ұлы философ Гегель, бір жағынан, өзіне дейін айтылған пікірлерді қабылдаса, екінші жағынан, “азаматтық қоғам — мемлекет” дихотомиясына жаңа өзгерістер енгізді.

Оның алдындағылар қалай дегенмен де азаматтық қоғамды мемлекетпен салыстырып, арнайы бөліп қарастырмады. Жеке институттар ретінде бұл екеуінің ұқсастықтары да бар. Бұл ұқсастықтар екі жақты: жеке мүдде (азаматтық қоғам отбасы), жалпы мүдде (мемлекет). Отбасы мен азаматтық қоғамның мүдделері бір бірімен қайшы келіп қалғанда, олар мемлекетке жүгінеді. Олар мемлекеттің өмір сүру тәсілі. Отбасы мен азаматтық қоғам мемлекеттің негізі. Гегель азаматтық қоғам мен мемлекеттің ара жігін ажыратып, сонымен бірге ұқсастықтарын да көрсетеді; азаматтық қоғамның мемлекетке тәуелсіздігі мен бағыныштылығын, соңында оның мемлекетке сіңіп кететіндігін айтады. Оның ойы азаматтық қоғам мен мемлекеттің жай ұқсастығын ұғынудан басталып, азаматтық қоғамның жұтылып кетуі қайшылықтардың туындауы бағытымен жүріп отыратындығын мегзейді. Гегель азаматтық қоғам аясында саяси және сот билігін, ал мемлекетке үкімет билігін (әкімшілік, бюрократия) жатқызады. Егер үкімет билігі заңдылықты сақтау мақсатымен азаматтық қоғамға қол сұғатын болса, онда ол азаматтық қоғамға қарсы шыққандай болады.

Гегель “азаматтық қоғам” және “мемлекет” ұғымдарына мүлдем жаңа сипат берді. Екеуі жай ғана ұқсас, өйткені қарама – қарсылықтар бірлігі көптеген әлеуметтік жіктер негізінде ғана өмір сүре алады. Гегельде “жалпы субстанция” органикалық жағынан ерекшеленетіндіктен де тірі сияқты /5/.

Басқаша айтқанда, азаматтық қоғам мен мемлекет іштей бөлшектенетін болғандықтан да шынайы болады.

Сонымен, азаматтық қоғам демократиялық режимде қоғамның саяси өмірімен тығыз байланыстағы, тоталитарлық режимде оппозицияда болатын, өтпелі кезеңде (қоғамның бір күйден екінші күйге өтуі) өзін саясатқа белсенді түрде қарсы қоятын саяси емес өмір аясы, әдет-ғұрыптар мен салттар. Азаматтық қоғам, біріншіден, индивидтерге жеке меншікке ие болып, оны еркін пайдалануға мүмкіндіктер ашады; екіншіден, дамыған әлеуметтік стратификация болады; үшіншіден, азаматтық қоғамның түрлі институттарында адамдарға толық еркіндік пен дербестік береді.

Қазақстан азаматтық қоғам құруға ұмтылуда. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаев “Қазақстан — 2030” деп аталатын стратегиялық бағдарламасында: “Мен 33 жылдан кейінгі Қазақстанды қалай елестетем?”, — деген сауал тастайды. Оның жауабы өршіл оптимизм мен сенімділікке толы: Біздің балаларымыз бен немерелеріміз біздің жас мемлекетімізбен бірге өсіп, өркендеп жетіледі. Олар өз толқынының жауапкершілігін сезінген жігерлі де білімді, дені сау азаматтар болып өседі, ата – баба дәстүрін сақтай отырып, бүгінгі нарықтық экономика жағдайында еңбек етуге әзір. Олар қазақ, орыс, ағылшын тілдерін қатар меңгереді. Олар бүкіл әлемге танымал да беделді, гүлдене шапшаң дамып келе жатқан бейбіт елдің патриоттары болады.

Біздің балаларымыз жоғары білікті жұмысшы, фермер, банкир, өнер қайраткері, мұғалімдер мен дәрігерлер, зауыт пен фабрика, дүкен иелері, биржа маклерлері мен спортшылар болады. Олар мұнай, газ, электр қуатын, тамақ өнімдерін өндіріп, әлемдік экономикада өзінің арзан бағасы мен жоғары сапалылығымен сұраныс тудырып отырған халық пайдаланатын жоғары технологиялы өнімдер өндіреді.

Біздің жас ұрпағымыздың кейбір өкілдері мемлекеттік қызметке араласады. Олар Қазақстан мен Қазақстан халқының ұлттық мүддесін өзінікінен жоғары қойып, жаңа дәуір жағдайында жақсы маман болып, жоғары еңбекақы алып, аянбай еңбек ететін болады.

Біздің еліміздің осы болашаққа жетуі үшін Президент Н. Назарбаев мынандай ұзақ мерзімді 7 міндетті жүзеге асыру қажет деп санайды:

Ұлттық қауіпсіздік. Қазақстанның тәуелсіз егемен мемлекет ретіндегі дамуын территориялық тұтастығын толық сақтай отырып қамтамасыз ету.

Қоғамның ішкі саяси тұрақтылығы мен нығаюы. Үстіміздегі және алдағы онжылдықтарда ұлттық стратегияны жүзеге асыру үшін Қазақстанға мүмкіндік беретін ішкі саяси тұрақтылық пен ұлттық бірлікті сақтау мен нығайту.

Шетел инвестициясы жоғары деңгейде дамыған нарық экономикасына негізделген экономикалық өркендеу. Нақтылы, тұрақты және үдемелі қарқынды экономикалық өсуге қол жеткізу.

Қазақстан азаматтарының денсаулығы, білімі мен аман-саулығы. Барлық Қазақстандықтардың тұрмыс жағдайын, денсаулығын, білімі мен мүмкіндіктерін ұдайы жақсартып отыру; экологиялық ортаны сауықтыру.

Энергетикалық қорлар. Тұрақты экономикалық өркендеу мен халық тұрмысын жақсарту үшін пайда түсіру мақсатымен мұнай мен газ өндіруді, шетке шығаруды кеңейте түсу арқылы Қазақстанның қуат қорларын тиімді пайдалану.

Инфрақұрылым, көлік пен байланыс. Ұлттық қауіпсіздікті, саяси тұрақтылық пен экономикалық өрлеуді нығайтуға жеткізетін осы аса шешуші саланы дамыту.

Кәсіпқой мемлекет. Іске берілген, халық арасынан шығып, біздің басым мақсаттарымызға жету жолында күресе білетін мемлекет қызметкерлерінің тиімді, қазіргі заманғы корпусын қалыптастыру /6/.

“Қазақстан — 2030” стратегиясы — бұл бүгінгі қиыншылықтарды жеңу стратегиясы, өркениетті Қазақстанға қол жеткізер стратегиясы.

II – тарау.

ҚОҒАМ ЖӘНЕ АДАМ

1. Әлеуметтік жүйедегі тұлға

Адам көптеген ғылымдардың зерттеу нысаны болып табылады. Адамның мәнін қарастырмастан бұрын “адам”, “индивид”, “тұлға” ұғымдарын ажыратып алған жөн. “Адам” ұғымы барлық индивидтерге тән, ортақ қасиеттер мен ерекшеліктерді сипаттауда қолданылады. Индивид — биоәлеуметтік жан ретіндегі жеке адам. Тұлға — қоғамдық қатынастардың субъектісі. Индивид қоғаммен нақтылы әлеуметтік қауымдастықтар, институттар арқылы ықпалдасқанда, әлеуметтік маңызы бар мәселелерді, әлеуметтік байланыстарды жүзеге асырғанда ғана барып тұлға дәрежесіне көтеріле алады.

Тұлғаны әлеуметтік тұрғыдан талдау оның құрылымын анықтаудан басталады. Оны қарастырудың түрлі жолдары бар. Олардың арасынан тұлғаның құрылымынан үш элементті “ол”, “мен” және олардан жоғары “супер эго” түрінде қарастыратын З. Фрейдтің тұжырымдамасын бөліп айтуға болады. “Ол” — бұл біздің түйсіктеріміз басым, айсбергтің көрінбейтін бөлігі сияқты сана түкпіріміз. “Мен” — бұл түйсіктермен байланысты, дүркін-дүркін оған кіріп отыратын сана. “Эго” санасыздықты қоғамға ыңғайлы қалыпта ұсынуға тырысады, “меннен” жоғары, моральдық нормалар мен принциптердің жиынтығын құратын, адамгершіліктің “қадағалаушысы”, ішкі бақылаушысы іспетті.

Сондықтан да біздің санамызда барлық уақытта, бір жағынан, оған кіретін түйсіктер мен, екінші жағынан, “меннен жоғары” талап қоятын моральдық тыйым салулар арасындағы тартыс жүріп жатады. Фрейд мұны шешудің механизмі ретінде “олдық сублимациясын” (ығыстырылуын) ұсынды. Фрейд “Біздің психикалық тіршілік иесін “ол”, “мен” және “меннен жоғары” деп бөліп қарастыруымыздың өзі осы психикалық тіршілік иесі жайындағы ұғымымыздың алға жылжуын көрсетеді, осы бөлу психикалық өмірдің динамикалық арақатынастарын бұдан да тереңірек түсінудің, жақсылап сипаттаудың құралы болуы тиіс” деп жазған екен. “Меннің” айырықша түсінісу ықпалының әсерінде екені анық, былайша айтқанда, “ол” үшін түйсіктің маңызы қанша үлкен болса, “мен” үшін түсінудің маңызы да соншалық. Мұнымен бірге “мен” де “ол” сияқты түйсік әрекетіне бағынады. “Мен” “олардың” жетілдірілген бөлігі болып саналады /7/.

Ұзақ уақыт Фрейдтің идеясы ғылымға жат саналып келді. Бірақ уақыт өте келе көпшілік оның қате екендігін түсінді. Фрейдтің танылғанынан танылмағаны көп биологиялық пен әлеуметтік ұштасып жататын адам мінез –құлқы мен тұлғаның сан қырлы құрылымы идеясына негізделген еңбегі кеңінен мойындала бастады.

Сонымен тұлға биологиялық пен әлеуметтіктің шегінде орналасқан күрделі нысан. Тұлғаларда қайталанбас, тек соған ғана тән қасиеттермен бірге көпке ортақ сипаттар бір-бірімен ұштасып жатады. Әлеуметтік жүйенің белсенді құрамдас бөлігі болатын тұлғалар қолдағы бар мүмкіндіктерден қажеттісін таңдап алу еркіндігін пайдаланып, болашақ өмірінің жобаларын жасайды; алдына мақсат қойып, оған қол жеткізу үшін бар күш – жігерін жұмылдырады; объективті әлеуметтік құрылымдарда, әлеуметтік байланыс жүйесінде тұрақты өзгерістерге қол жеткізеді. Өз кезегінде объективті әлеуметтік болмыс, көбінесе, тұлғаның өзін-өзі жетілдіру процесінің бағыты мен мазмұнын анықтап отырады. Қоғамның стратификациялануы тұлғалардың түрлі типтерін (жұмысшы тұлғасы, зиялы тұлғасы, жетекші тұлғасы, дәрігер тұлғасы, инженер тұлғасы, т.б.) қалыптастырады. Базистік тұлға (қоғамдағы кеңінен таралған сипаттарға ие тұлға) мен идеал тұлға (қоғамда эталон ретінде жарияланған тұлға) ұғымдары да бар.

Тұлға құрылымындағы екі сипатты бөліп көрсетуге болады: сыртқы байланыстар жиынтығы мен әлеуметтік өмірмен көбіне өзара ықпалдастық сипатын анықтайтын ішкі идеалдық байлық.

Орталығы индивид болып саналатын сырқы әлеммен әртүрлі бағыттағы байланыстардың

жиынтығы тұлғаның базисі болып табылады. Адамның сыртқы әлеммен байланыстарының сипаты, бір жағынан, оның әлеуметтік жүйедегі жағдайына (мәртебесіне), екінші жағынан, оның қызметіндегі нақтылы нысандарымен анықталады.

Қызмет нысандарын кәсіптік және рухани қызмет түрлеріне бөлуге болады. Қызмет түрін таңдауға адамның әлеуметтік жағдайы ғана емес, оның жеке бағыты (әсіресе кәсібіне қатысы жоқ қызмет нысаны болғанда) мен қоршаған ортаның өзіне тән айрықша құрылымы да әсер етеді.

Осылайша қазіргі кезде бұрыннан қалыптасқан қоғамдағы тұлғалардың типологиялық құрылымында әртүрлі өзгерістер жүріп жатады /8/.

2. Тұлғаның әлеуметтенуі

Әлеуметтану — адамды әлеуметтік өмірге енгізетін күрделі процесс. Адам экономикалық, қоғамдық-саяси басшылық, мәдени, педагогикалық, т.б. істерді атқара жүріп, материалдық және рухани игіліктерді жасаушы.

Әлеуметтануға қатысты әртүрлі көзқарас бар. Америка психологы, әрі социологы Ч. Кули тұлға “менінің” басқа тұлғалармен салыстырғандағы ерекшеліктерін біртіндеп түсіну процесін зерттеді. Көптеген ізденістердің арқасында ол өзіндік “меннің” ұзақ уақытты керек ететін қайшылықты шытырман процесте қалыптасатындығы және басқа да тұлғалардың, яғни әлеуметтік ортаның қатынасынсыз жүзеге аса алмайтындығын анықтады. Кулидің көзқарасы бойынша, әрбір адам өзінің “менің” өзі қарым – қатынаста болатын басқа адамдардың ықпалымен қалыптастырады.

Кулидің пікірі бойынша, тұлғаның “мені” объективті факторларға қатысты ғана тумайды. Қарапайым баланың өзі талпыныстары дұрыс бағаланып, мақталып жатса, өзінің күшіне, дарынына сенімді болып өседі; ал қабілетті, дарынды баланың әр қимылын айналасындағылар терістеп отырса, ол бала өзіне-өзі сенімсіз болып, бойындағы бар жақсы қасиеттерінен айрылып қалуы да мүмкін. Әрбір адам өзінің ақылды немесе ақымақ, сүйкімді немесе сүйкімсіз, қадірлі немесе қадірсіз екендігін басқалармен болған қарым – қатынасына, олардың бағалауына қарай отырып айқындайды.

Басқалардың пікірінен туындайтын адамның “мені” оны алғаш зерттеушінің атымен “Кулидің айнадағы мені” аталып кетті. Ол айнадағы “меннің” құрылымындағы үш сатыны анықтады: 1) басқаларға дейінгі өз түсінігіміз; 2) басқалардың пікіріне біздің қалай қарайтындығымыз; 3) бұл пікір туралы біздің сеніміміз. Мысалы, сіз бір топ адам сөйлесіп отырған бөлмеге кіріп келген кезіңізде, олар сізден сыпайы түрде кешірім сұрап тез тарқап кетеді. Осындай жағдай бірнеше рет қайталана берсе, онда олардың сізбен әңгімелескісі келмейді деген пікір туындайды. Немесе керісінше, сіз бөлмеге кірген кезде адамдар сіздің маңыңызда айналшықтап жүріп алса, сізбен қызу әңгімелесе, онда олардың іс - әрекеттері сізді жағымды сезімдерге жетелейді.

Адам айнадан өзінің физикалық бейнесін көрінетіндігі сияқты басқа адамдардың оның мінез – құлқына, сыртқы көрінісіне деген пікірлері арқылы адамның әлеуметтік “мені” қалыптасады.

Сонымен әлеуметтік айна бізге ұдайы әсер етіп, өзі де өзгеріп отырады. Бұл өзгеріс, әсіресе, адамның өсу жолдарынан анық көрінеді: балалық шағында адам өзінің қабілетін жанында жүрген жандардың ой-пікірімен бағалап, таразыға салады. Өсе келе ол өзін жақсы түсінетін тұлғалардың пікірімен ғана санасатын болады. Есейе келе адам мамандардың пікірлеріне көбірек көңіл бөліп өзінің әлеуметтік “менінің” бейнесін жасауға тырысады /9/.

Тұлғаның әлеуметтенуіне әлеуметтік орта мен тұлғаны әлеуметтендіретін дәуір көп ықпал етеді. Мысалы, XX ғасырдың аяғында Қазақстан Республикасында трансформациялық процестердің, жаңа экономикалық қарым – қатынастардың белең алуы арқылы қоғамдық санада елеулі өзгерістер пайда болды. Елдің әлеуметтік–экономикалық механизмін қайта құру процесі бұрыннан қалыптасқан мінез – құлық стереотипін түбірімен өзгертіп, өтпелі дәуірдің жағдайына бейімделу және үйрену сияқты транзиттік кезеңнің құбылыстарымен қатар жүруде.

Елдегі нарықтық реформаның бірнеше жылдық тәжірибесі бізді меншік нысандарының, шаруашылық құрылымдарының жүйесінде түбірлі қайта құрулардың куәсі етті.

Тұлғаны әлеуметтендіру процесі — бұл тек индивидтің бойындағы табиғи қасиеттерді біртіндеп анықтап, қалыптастыру ғана емес, сонымен бірге қоғамдық орта, әлеуметтік институттар, қоғамдық ұйымдар мен құқықтық құрылымдар ықпалының да нәтижесі. Осындай тәсілмен ғана әлеуметтендіру процесі құрылымын, оның объективті және субъективті факторларын, механизмін ашуға, адамның тұлға ретінде өмір сүру аясын анықтауға мүмкіндік туады.

3. Қоғамдағы тұлғаның әлеуметтік тәртібі

Тәртіп — бұл басқа индивидтер бақылауда болатын индивидтер қозғалысының, актілері мен іс-әрекеттерінің жиынтығы.

Адамдардың әлеуметтік мінез – құлқын зерттеуге Америка социологтары Ч. Кули мен Г. Мид еңбектерінде қалыптастырылған “символдық интеракционизм тәртібі” тұжырымдамасы айтарлықтай үлес қосты.

Ч. Кули әлеуметтік органы алғашқы және кейінгі деп бөлуді ұсынды. Ол алғашқы органы (отбасы, құрдастар ортасы, көршілер, жергілікті орта) жеке тұлға қалыптасып, әлеуметтенетін, ал тәртібі жекелік, тұлғалық сипатта болып, қарапайым байланыстармен, іс - әрекеттермен ерекшеленетін негізгі әлеуметтік ұя санады. Жоғарыда атап өткеніміздей, Кули ғылымға “мен — айна” тұжырымын ұсынды. Бұл тұжырым бойынша, адамдар өз тәртібін қалыптастыру процесінде, әсіресе, басқалармен жасайтын қарым – қатынастарын өзіне сырт көзбен, яғни “айнада өзіне қарайды”. Тәртіп актілерінде адамдар бір-біріне ерекше бір айна ретінде қызмет етеді. Сондықтан біздің өзіміз туралы пікіріміз көп жағдайда біздің басқа индивидтермен болған қарым – қатынастарымызға байланысты. Г. Мид Ч. Кулидің талдауын әрі қарай жалғастырды. Ол “адамдардың тәртібі — марапаттау мен жазалауға әлсіз қарсылығы” деген пікірге қарсы шығып, олардың іс, әрекеттерін әлеуметтік байланыстарға негізделген әлеуметтік тәртіп түрінде қарастырады. Ғалымның ұйғаруынша, адамға басқа адамдардың іс - әрекеттері ғана емес, сондай-ақ олардың ой – ниеттері де әсер етеді. Ол басқа адамға жауап берместен бұрын алдымен оның іс - әрекетінің сырына үңіледі. Өзін әңгімелесушінің немесе әріптесінің орнына қойып, “басқаның рөлін ойнауды” қажет санайды. Біз бір нәрсеге мән берген кезде ол символға айналады, яғни біздің басқа адамдармен қарым – қатынастарымыздағы ұғым баға, іс - әрекет немесе нышан басқа іс-әрекеттердің, нышандар мен ұғымдардың мәнін мезгейді немесе білдіреді. Жоғары көтерілген қол сәлемдескенді, көлікке тоқта деген өтінішіті немесе басқа адамға қол жұмсау ниетін білдіреді. Осы ишараны дұрыс түсінгенде ғана барып, біз оған дұрыс жауап бере аламыз: басқа адамның қолын қысамыз, көлік тоқтайды, соққыдан қорғанып немесе қарсы әрекет жасаймыз.

Сонымен, біздің тәртібіміз жағдайға сәйкес болуы үшін алдымен символдық түсінуді үйреніп, белгілі бір ептілікті, дағдыларды игеруіміз керек. Осыдан кейін барып Г.Мид әлеуметтану жүйесіндегі адамдардың тәртіптік әрекеттеріндегі екі негізгі құрамдас бөлікті атап көрсетеді: ақыл (пікір) және “мен өзім”. Өзің “өз” болып қалуың үшін, тұлға ретінде әлеуметтенудің, басқа адамдармен дұрыс қарым – қатынастарда болуың үшін символдарды дұрыс түсініп, оларды орынды пайдалануды үйрену керек. Біздің іс - әрекеттеріміздің басқаларға қалай әсер еткендігін ұзақ бақылау тәжірибесі арқылы біз өзіміздің кім екенімізді біліп қана қоймай, өзімізді басқалардың орнына да қоя алатындай боламыз.

Г.Мидтің тұжырымдамасы бойынша, біз өзімізді басқалармен қарым – қатынастар барысында дамытып, білімімізді, іскерлігімізді, тәртібімізді жетілдіреміз, бірақ осының барлығы да өзімізді өзіміз тәртіпке келтіру арқылы ғана мүмкін болады. Біз бір-бірімізбен өзара ықпалдастық процесінен әрқайсымыз өз іс-әрекетімізді, тәртібімізді біз үшін маңызы бар басқа адамдардың іс-әрекеттерімен салыстыруға мүмкіндіктер беретін белгілі бір ортада болатын көптеген өзара қарым – қатынастар моделіне көшеміз. Адамдардың тәртібі басқа адамдармен үздіксіз сұхбаттан тұрып, адамдар осы процесс барысында сансыз көп бақылаулар жасайды, символдарды ұғыну арқылы бір-бірінің ой – ниеттерін ақыл – елегінен өткізеді деген тұрғыдан келіп, Г. Мидтің шәкірті, әрі жолын қуушылардың бірі Г. Бумер 1969 жылы бұл әлеуметтік тұжырымдаманы “символдық интеракционизм тәртібі” деп атады /10/.

Қоғамдағы индивидтердің әлеуметтік тәртібі шартты түрде нормативтік және нормативтік емес (антинормативтік) болып бөлінеді. Нормативтік тәртіптің сақталуы кезінде адамның әлеуметтік тәртібі қоғамда үстемдік етіп тұрған нормалармен, мәдениет құндылықтарымен реттеледі. Нормативтік емес тәртіп белгілері байқалған кезде адамның әлеуметтік тәртібі қоғам ұсынатын нормаларды орындаудан бас тартады, елемейді не қасақана бұзады. Қоғам ұсынатын нормалардан

бас тартатын индивидтердің тәртібін девианттық қылық деп атайды. Девианттық қылыққа маскүнемдік, нашақорлық, жезөкшелік, жемқорлық, жалған банкнот жасаушылық, сатқындық, кісі өлтірушілік, т.б. жатады.

Психоаналитикалық теория бойынша, ауытқыған тәртіптің негізі адамдардың санасында туындайтын тартыстарда жатыр. З. Фрейдтің терриясында әр адамның белсенді сана қатпарының астарында санасыздық аймағы болады делінеді. Санасыздық дегеніміз адам бойындағы аяушылықты білмейтін барлық табиғи қасиеттер жинақталған психикалық энергия. Санасыздық — мәдениеттің әсерін басынан өткізбеген адамның болмысы. Адам өзінің табиғи “заңсыз” күйінен өзіндік “менін”, сондай-ақ тек қоғам мәдениетімен айқындалатын “жоғары менін” қалыптастыру арқылы қорғана алады. Адамның “мені” мен “жоғары менін” ұдайы санасыз күштер тежеп, ал “мен” мен “жоғары мен” сұрапыл сезімдер мен қызу күштарлықтарды шектеп отырады. Кейде “мен” мен санасыздық, сондай-ақ “жоғары мен” мен санасыздық арасындағы ішкі шиеленістер бұрқ етіп сыртқа шығатын жағдайлар да болады. Мұндай кезде индивидтің әлеуметтік ортасында қалыптасқан мәдени нормалардан ауытқушылық туындауы мүмкін /11/.

Қоғам оның мүшелерінің көпшілігі орныққан нормаларды, мәдени құндылықтарды қабылдап, басқа индивидтердің күткеніне сай іс - әрекеттер жасағанда ғана орнықты өмір сүре алады. Қоғамның өзгеруімен бірге оның нормалары мен құндылықтары да өзгеріп отырады. Күні өткен дәстүрлер бірте-бірте қалып, жаңа өміршең нормалар қалыптасып, адамдардың сана – сезіміне орныға бастайды. Сонымен бірге қылмыс, маскүнемдік, жезөкшелік, нашақорлық сияқты түрлі келеңсіз құбылыстар қоғам дамуына кедергі жасауы мүмкін. Мысалы, кісі өлтіру мен өзін-өзі өлтірудің басым көпшілігі алкогольді ішімдіктер мен наркотиктер қолдану салдарынан жасалынады. 1997 жылы Қазақстанда психикаға қатты әсер ететін есірткі заттар қолдану салдарынан психикалық және тәртіптік ауытқушылыққа ұшырағандар 100 мың тұрғынға шаққанда 297,5 , оның ішінде алкогольді ішімдік қолданғандар 239 адам болған. Темекі шегудің адам организміне зиянды екенін жұрттың бәрі біледі: ол өкпе рагы және басқа да аурулар түрін көбейтеді. Соған қарамастан Қазақстанда ерлердің 50 – 55 %-ы темекі шегеді (1997). Мұндай аса қауіпті әдеттің, әсіресе, әйелдер мен жасөспірімдердің арасында кеңінен тарай түсуі ойлантпай қоймайды.

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы жанындағы құқықтық статистика мен ақпарат орталығының мәліметтері бойынша, республика территориясында қылмыс 1996 жылға қарағанда 1997 жылы 11,7%, оның ішінде нашақорлықпен байланыстысы 13,2% кеміген, бірақ бұл көрсеткіш 1992 жылмен салыстырғанда 2,8 есе көп.

Қылмыс жасағандардың 7%-і кәмелетке жетпегендер, 13,9%-і әйелдер, 59%-і қылмыс жасаған кезде не оқуы, не жұмысы жоқ еңбекке жарамды жастағылар /12/.

Сонымен, девианттық қылықтарды төмендегі жүйемен жіктеуге болады:

а) іріткі (деструктивтік) қылықтар – жұрт қабылдаған әлеуметті адамгершілік нормаларына сай емес әрекет түрлері.

ә) әлеуметтік міндеттер - маскүнемдік, жезөкшелік, нашақорлық, т.б.

б) құқыққа қарсы бұзақылықтар — ұрлық, кісі өлтіру, т.б. қылмыстар.

Сонымен, әлеуметтік тәртіп дегеніміз индивидтердің іс-әрекеттері көрінісінің сыртқы түрі екен. Әлеуметтік тәртіп арқылы жеке адамның тұлғалық сапалары, оның мәдени деңгейі, мінезі, қажеттіліктері, наным – сенімі, көзқарасы, талғамы, сондай-ақ оны қоршаған әлеуметтік өмірге, басқа индивидтерге және өзіне өзінің қарым-қатынастары көрініс береді.

Қолданылған әдебиеттер

1. Социология. Курс лекций. М., 1996, 48 – бет.
2. Раймон Арон. Этапы развития социологической мысли. М., 1993, 110 – 111 беттер.
3. Социология. Учебник для высших учебных заведений. М., 1995, 95 – 98 беттер.
4. Руссо Ж. – Ж. Об общественном договоре. М., 1938, 79 – бет.
5. Гегель Г. Философия духа. Энциклопедия философских наук. М., 1977, 344 – бет.
6. Назарбаев Н. Қазақстан – 2030. Алматы, 1998, 29, 32 – 33 беттер.
7. Зигмунд Фрейд. “Я” и “Она”. 2 – кітап. Тбилиси, 1991, 374 – бет.
8. Социология. Учебник для высших учебных заведений. Минск, 1998, 92 – 93 беттер.
9. Фролов С. С. Социология. М., 1996, 83 – 84 беттер.
10. Социология. Минск, 1998, 152 – 154 беттер.
11. Фролов С. С. Социология. М., 1996, 119 – бет.
12. Роль государства и социальная интеграция в переходный период. Отчет в человеческом развитии. Алматы, 1998, 43 – 44 беттер.

IV – бөлім

Азаматтық құқық және социология

1. Азаматтық құқық жүйелерінің негізгі элементтері және олардың әлеуметтік өмірге әсері

Адам құқықтары мен бостандықтары – дүниежілік қоғамдастық игерген, мойындаған және тиісті халықаралық – құқықтық актілерде бекітілген, әлеуметтік және заңдық жағына қамтамасыз етілген, әрбір адамның құқы ретінде мойындалған, ешкім де шектеп немесе тыйым сала алмайды. Адам өзінің табиғи құқығы мен бостандығының қайнар көзі, сондықтан олардан шеттетілмеуі тиіс.

Қазақстан мемлекеті адам құқығы мен бостандығын оның қай елдің азаматы екендігіне қарамастан мойындайды, кепілдік береді әрі қорғайды.

Адам құқығы оның міндетімен байланысады, сондықтан олардың жүзеге асырылуы нақтылы жағдайларға қатысты; адамға берілген құқық оның мүмкін болған мінез – құлық түрі мен өлшемінен сипат алады. Адам бостандықтары ешқандай жағдайларға байланысты болмайды, ол оның еркінің нәтижесі. Адам құқығы азаматтардың құқықтарымен тепе – тең емес.

Республика азаматтарының құқықтары мен бостандықтары Қазақстан мемлекеті мойындайтын әрі кепілдік беретін өз азаматтарының белгілі мінез – құлқының заңдық мүмкіндіктерін білдіреді. Адам құқықтары мен бостандықтары және азамат құқықтары мен бостандықтары өзара байланысты, бірақ бір – біріне дәл келмейді. Біріншісі, бастауыш және жан – жақты категория, ал екіншісі, қоғам мен мемлекеттің даму деңгейін көрсетеді.

Алайда, кез келген жағдайда құқықтар мен бостандықтар деген атау – Қазақстан Республикасы Конституциясының басты категориясына жатады, адамды қазақстандық қоғамның ең қымбат қазынасы ретінде бекітуге бағытталған. Адам және азамат құқықтары мен бостандықтары серпінді түрде кеңейе түсуде. Өркениетті мемлекеттердегі адам мен азаматтардың қазіргі құқықтары мен бостандықтары толық көлемде Республика Конституциясында бекітілген /1/.

Бүгінгі таңда әлемдегі әрбір мемлекеттің өзіне тән құқық жүйесі бар. Қандай елде болмасын, құқық жүйесі аясындағы азаматтық құқықтың орны айрықша. Француз ғалымы Рене Давид азаматтық құқыққа мынадай анықтама берген: “Нағыз құқық — жеке құқық болып қала береді, заңгерді қалыптастыру тек азаматтық құқықты оқып-үйрену арқылы ғана болуы мүмкін” /2/.

Әдетте, құқықтық жүйелер: роман-герман құқығы, “жалпы құқық” және социалистік құқық болып үш топқа бөлінеді. Айта кету керек, мемлекеттік емес қауымдастықтың өз құқығы болады, айталық, оған канон құқығы, мұсылман құқығы, индустар құқығы жатады. Сондай-ақ, бүкіләлемдік немесе аймақтық көлемде мемлекетаралық және сыртқы сауда қатынастарын реттеуге арналған халықаралық құқық та болады /3/.

Азаматтық-құқықтық жүйенің негізгі элементтері: 1. Арнайы әдебиетте азаматтық – құқықтық жүйені бір-бірінен ажыратуға көмектесетін мынадай элементтер келтірілген: 1) құқық дерекнамасының құрамы мен ара салмағы; 2) азаматтық құқықтың құрылымы (мәселен, тұлғалар, заттық құқық, міндеттемелік құқық, айрықша құқық, отбасы және мұрагерлік құқық); 3) құқық қолдану тәжірибесі (сот, конституциялық, әкімшілік және тағы басқа); 4) құқыққа қатысты орныққан пікірлердің (доктрина) жиынтығы және оны тәжірибеде қолдану /4/.

Осы элементтерден келіп азаматтық-құқықтық жүйесінің роман-герман (континенталдық), жалпы құқық (англосаксондық), социалистік /5/, мұсылмандық және патриархалдық деп аталатын түрлері шығады /6/. Ал енді осы жүйелерге қысқаша сипаттамалар берелік.

2. Континенталдық (роман-герман) жүйесі Рим құқығы негізінде қалыптасып, Еуропада пайда

болған, сондықтан да оны континенталдық жүйе деп атап кеткен. Қазіргі кезде роман-герман құқықтық жүйесі әлемнің көптеген мемлекеттеріне таралған. Ерте заманнан бастап роман-герман құқықтық жүйесі жария және жеке құқық принципіне бөлінген болатын. Мәселен, атақты жапондық ғалымдар Саказ Вагацума мен Тору Арийдзуми былай дейді: “Адамзаттың барлық қатынастарын екі топқа бөлуге болады: жеке тұлға ретінде әлеуметтік қатынастар (мүліктік қатынастар және азаматтық ахуал) және мемлекеттің қатынастары (мемлекеттің құрылымы мен ұйымдастырылуы, құрылымды жүзеге асыру және тағы басқа). Оның біріншісінде жеке құқықтық қатынастар, екіншісінде жария қатынастар болады” /7/. Мұндай бөліну барлық жүйелерге тән емес. Мәселен, англо-саксон жүйесі құқықты жеке және жария деп бөлмейді. Бұл жүйеде құқықтар келісім-шарт құқығы және т.с.с. болып бөлінеді.

Қазақстан Республикасының құқықтық жүйесі де жеке және жария құқық деп бөлінбейді. Айта кететін жайт, жеке қатынастар ұғымы азаматтық қатынастарға қарағанда анағұрлым кең болып келеді. Сондықтан да жеке қатынастар тек қана азаматтық қатынастармен шектеліп қалмайды, ол сонымен қоса сауда, жеке халықаралық құқықтарды да қамтиды.

Ұзақ уақыттар бойы әдебиетте жария және жеке құқық буржуазиялық құқыққа тән ерекшелік делініп келді, ал жеке құқықты азаматтық және сауда құқығына бөліп қарастыру дәстүрі де бар /8/. Мәселен, қазір коммерциялық қатынастарды реттейтін батыстық құқық нормаларының барлық жүйесі азаматтық құқықтық қатынастарды реттеумен ерекшеленеді, яғни сауда (коммерциялық) құқығы азаматтық құқықтан өзгеше /9/. Қазақстандағы заң шығарушылар Азаматтық кодекске азаматтық құқықты да, сауда құқығын да енгізуді дұрыс деп тапты, бірақ та кейбір мамандар мұнымен келісе қоймайды /10/.

Профессорлар Ю.Г. Басин мен М.К. Сүлейменов мұндай пікірлер қазіргі экономикалық байланыстардың сипатын ескермегендіктен туындап жүргенін дәлелдеп, шетелдегі сауда кодекстерінің, ауқымы тар әрі тәуелділіктен арыла алмайтынын алға тартады /11/. Осы пікірге орай мына бір мәселені де айта кеткен жөн, мысалы, кейбір елдерде (айталық, Швейцарияда, Италияда) азаматтық және сауда кодекстерін қосу жөнінде бірқатар жұмыстар жүргізілуде, бірақ бұл жұмыстың нәтижесі әлі шыққан жоқ. Біздің пайымдауымызша, Қазақстанда сауда (коммерциялық кәсіпкерлік немесе шаруашылық тәрізді) кодекстерін өз алдына шығару дұрыс болмас еді, себебі біз Батыстың қателігін қайталасақ, қазақ заң саласының менталитетін, беделін түсіріп алуымыз мүмкін.

Қазіргі зерттеулерде “дуализм жөнінде емес, қайта жеке құқықтың плюрализмі туралы айтатын кез келді және оны айту керек” дейтін көзқарас пайда бола бастады. Турасын айтсақ, “дуализм” термині қолдануға келмейді, өйткені азаматтық, сауда құқықтары мен еңбек, іс жүргізу, сондай-ақ отбасы және аграрлық (экологиялық) құқық салалары да бөлініп отыр. Дамыған Батыс елдерінің жекелеген құқық салаларының немесе жеке құқыққа байланысты институттарының өздеріне тән ерекшеліктері бар болса да, олар қатысушылардың заң алдындағы теңдігіне сүйене отырып, мүліктік және онымен байланысты (сондай-ақ көбі байланысты емес) жеке мүліктік емес өзіндік қатынастарды реттейді.

Осы кезде құқыққа сүйенетін адамзат қауымының көбінде статут құқығы (статут ағылшын тілінде — “заң” дегенді білдіреді) орын алған, былайша айтқанда, заңның рөлі айрықша. Ең алдымен заң континенталдық жүйеде үстемдік етеді, осы жүйеге Қазақстан Республикасының заңдары да жатады.

Орыс құқығы да континенталдық жүйеге негізделген. Американдық ғалым Кристофер Осакве: “Қазақстан ұзақ жылдар бойы Ресейдің отары болғандықтан, оның азаматтық құқығының тарихына мұндай жағдай өз ізін қалдырмай қойған жоқ” дейді /12/. Заңның үстемдік ету саясатын Қазақстан да қолдап отыр, соның бір куәсі ретінде Қазақстанның бірқатар заңдары құқықтың континенталдық жүйесіне сүйенгенін айтсақ та жеткілікті.

Сонымен қатар қазіргі біздің азаматтық заңдар басқа да құқықтық жүйелердің, атап айтқанда,

континенталдық, англо-саксондық (“жалпы құқық”) және социалистік құқықтардың рецепцияларына (нормаға) сүйену, яғни олардың идеяларын, нормаларын, институттарын пайдаланды деп тұжырым жасауға болады.

3. Англо-саксондық құқық жүйесі. Бұл жүйе роман – герман жүйесі сияқты жария және жеке құқық немесе азаматтық пен сауда құқығы деп бөлінбейді, онда тек “жалпы құқық” және “әділдік құқығы” деген жүйе бар. “Жалпы құқық” король сотымен құрылып, бүкіл Англияға қолданатын құқық болып табылады. “Әділдік құқығы” канцлер сотымен құрылатын жалпы құқық нормаларына өзгертулер мен толықтырулар енгізетін нормалардың жиынтығы. Мұндай бөлініс бүгінде ағылшын құқығының негізіне айналған. Сондықтан да ағылшындар заңгерлерді “жалпы құқықтың” заңгерлері және “әділдік құқығының” заңгерлері деп бөліп қарайды.

4. Құқықтың мұсылман жүйесі. Мұсылман құқығы шариатқа негізделген. “Шариат” — арабтың “шариа” — “мақсатқа жетудің дұрыс жолы”, “шариа” — “заңдарды жолдау, шығару” деген ұғымдарды білдіреді. Осы түбірден келіп “ташриун”— “заң шығару”, “шариун” — “заң шығарушы”, “мута — шариун” — “заң маманы” деген сөздер шыққан. Ислам өзінің мән – мағынасы бойынша дін заңы болып табылады /13/. Мұсылман құқығы (“фикь” деп аталады) шариаттың құрамдас бөлігі болып саналады. Мұсылман құқығы құқықтың мынадай негіздерінен тұрады: 1) Құран — исламның қасиетті кітабы; 2) сунна — Мұхаммед пайғамбардың сөздері мен уағыздары; 3) кияс — аналогия; 4) иджма — ірі құқықтанушылар мен дін ілімінің тоқтам пікірлері; 5) фетв — жоғары діни білімпаздарының заң туралы түйіндері; 6) адат — исламды насихаттайтын арабтар мен басқа халықтардың дәстүрі мен әдет – ғұрыптары /14/.

Құран - мұсылмандық құқықтың негізі. Құран - араб тілінен аударғанда “кітап, оқу” деген мағынаны білдіреді. Құран сүрелерден, аяттардан тұрады. Мәселен, азаматтық құқыққа жетпіс сүре арналған. Құраннан кейін, әлгінде айтқанымыздай, сунна, иджма, кияс, әдет-ғұрып заңдары, ғибадат ету және адамдардың қарым – қатынасын реттейтін нормалар бар.

Шариат ілімі екі бөлімнен: ілім кәлем және ілім фикьтан тұрады. Ілім кәлем догмалық сенімдерді қамтыса, ал ілім фикь сенімнің практикалық ережелері мен азаматтық қарым – қатынасқа тиісті құқықтардан тұрады /15/.

Фикь ілімі азаматтық құқықтану, яғни мұсылмандардың азаматтық жалпы тұрмыс – тіршілігіне қатысты қағидаларды, ережелерді, заңдарды қамтиды және ол үш кітаптан тұрады /16/. Бірінші кітабында міндеттеме, келісім және оның іске асырылуына қатысты екі жақты өзара міндеттейтін шарттары қаралса, екінші кітабында екі жақтың міндеттелуін талап етпейтін, тек бір жақтың ықыласына негізделген азаматтық істер мен келісімдер, ал үшінші кітабына барлық мұсылмандар тарапынан сақталып, әрі орындалуға жататын заңдастырылған қарар, шешімдер кіреді. Олар күнделікті тұрмыс – тіршілікке қатысты қағида – ережелер, куәлік беру, мұрагерлік, қылмыстық істер, сот міндеттері т.б. болып бөлінеді /17/. Баршамызға белгілі қазақтар исламның бір ағымы суннизм жолын ұстаған. Қазақ халқы сенімді түрде өздерін мұсылманбыз деп есептегенмен, бірақ шариатың талаптары қазақтардың әдет – ғұрып нормаларын ығыстыра алмаған. Айта кететін жайт, IX ғасырдан бастап халифат заң мектебі (оның негізін салушы Абу Ханифат есімімен аталады) оны мұсылман дініне лайықтауға күш сала тұрса да, қазақтың бұрынғы әдет – ғұрып нормалары қала берген /18/.

Сонымен, азаматтық құқық жүйелерінің негізгі элементтерінің әлеуметтік өмірге тигізер әсері мол. Әсіресе әдет – ғұрып заң нормалары қазақ халқының айнасы іспеттес. Бұл құқықтардың күнделікті тұрмыс – тіршілігімізде қолданылмайтын жері жоқ. Азаматтық құқық жүйесінің жоғарыда аталып кеткен негізгі элементтерінің бірі – құқықтық мұсылман жүйесін қазіргі өмірге лайықты етіп дамыту әлеуметтік салада маңызды орын алар еді.

Қолданылған әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасы Конституциясының түсіндірме сөздігі. Алматы, 1996, 77 – 78 беттер.
2. Рене Давид. Основные правовые системы современности. М., 1967, 102 – бет.
3. Рене Давид., Камилла Жофре – Спинози. Основные правовые системы современности. М., 1998, 18 – 19 беттер.
4. Рене Давид., Камилла Жофре – Спинози. Основные правовые системы современности. М., 1998, 21 – бет.
5. Рене Давид., Камилла Жофре – Спинози. Основные правовые системы современности. М., 1998, 21 – бет.
6. Гражданское право. Учебник. М., 1979, 59 – бет.
7. Вагацума С., Арийдзуми Т. Гражданское право Японии. М., 1 – кітап, 36 – бет.
8. Гражданское и торговое право капиталистических государств. (отв. ред. К. К. Яичков). М., 1966, 8 – 9 беттер.
9. Кулагин М. И. Предпринимательство и право: опыт Запада. М., 1992, 9, 17 – 19 беттер.
10. Осаке К. Сравнительный анализ гражданских кодексов России и Казахстана. Алматы, 1994, 7 – 8 беттер.
11. Гражданский кодекс Республики Казахстан. Комментарии. Кітаптың алғы сөзін қараңыз. 1 – кітап. Алматы, 1998, 7 – бет.
12. Осаке К. Сравнительный анализ гражданских кодексов России и Казахстана. Алматы, 1994, 6, 14, 144 - беттер.
13. Рене Давид., Камилла Жофре – Спинози. Основные правовые системы современности. М., 1998, 309 – бет.
14. Керимов Г. М. Шариат и его социальная сущность. М., 1978, 224 – бет.
15. Өсеров Н. Ө., Қопабаев Ө. Қ. Мұсылмандық құқық. Алматы, 1998, 8 – бет.
16. Өсеров Н. Ө. Шариат. Алматы, 1996, 37, 70 – 71 беттер.
17. Өсеров Н. Ө. Шариат. Алматы, 1996, 37, 71 беттер.
18. Ғ. Төлеуғалиев. Қазақстан Республикасының Азаматтық құқығы. 1 том. Алматы, 2001, 62 – 67 беттер.

2. Азаматтардың әрекет қабілеттілігі және әдет - ғұрып

Азаматтардың әрекет қабілеттілігі дегеніміз, азаматтың өз әрекеттерімен азаматтық құқтарға ие болуға және оны жүзеге асыруға, өзі үшін азаматтық міндеттер жасап, оларды орындауға қабілеттілігі болып табылады.

Азаматтардың әрекет қабілеттілігі азаматтың құқық қабілеттілігінен ерекшеленеді. Азаматтың құқық қабілеттілігі оның дүниеге келген сәтінен бұл дүниеден озғанынша бірге болады. Азаматтың әрекет қабілеттілігі үшін оның өз еркімен мүлкіті иеленіп оған билік ету немесе өзіне міндеттеме алуға тілек білдіруі қажет. Сондықтан да азаматтық құқық қабілеттілігі оның жасы мен психикалық жағдайына қатысты келеді. Ол өзіне азаматтық құқық пен міндеттілікті алу үшін қалыпты әрі толысқан психикада болуы тиіс. Нәтижесінде құқық қабілеттілігі барлардың бәрі бірдей әрекет қабілеттілігіне ие емес, бір сөзбен айтқанда, азаматта құқық қабілеттілік болғанымен, әрекет қабілеттілігі белгілі бір уақыт арасында болмауы мүмкін.

Азаматтық кодекстің 17-бабына сәйкес әрекет қабілеттілігі кәмелетке толғанда, яғни 18 жасқа толғаннан кейін толық көлемінде пайда болады.

Бұл арада ескеретін мынадай бір жағдай бар: Азаматтық кодекстің 17-бабының 2-тармағына сәйкес заң құжаттарында 18 жасқа жеткенге дейін некелесуге рұқсат етілетін жағдайда, 18 жасқа толмаған азамат некеге тұрған кезден бастап толық көлемінде әрекет қабілеттілігіне ие болады. Қазақстанда “Неке және отбасы туралы” Заң бойынша некеге тұруға 18 жастан бастап рұқсат етіледі. Егер дәлелді себептер болған жағдайда мемлекеттік тіркеу орны бойынша азаматтық хал актілерін тіркеу органдары неке жасын екі жылдан аспайтын мерзімге төмендетуі мүмкін. (“Неке және отбасы туралы” Заң, 10-бап).

Әдебиеттерде азаматтардың әрекет қабілеттілігі толық, ішінара (толық емес) және шектеулі деп бөлінеді. Оның өзі азаматтың әрекет қабілеттілігіне байланысты жүзеге асады. Жаңа туған бала толығынан құқық қабілеттілігі бола тұрса да, өзі әрекет жасап қайсыбір құқыққа ие болуға немесе өзіне міндеттер алуға қабілетсіз екендігі түсінікті нәрсе. Саналы әрекет жасау қабілеті кісінің өскендігіне (жасына) байланысты. Сондықтан әрекет жасау жасы толған адамдарда ғана болады.

18 жасқа толғандар ғана ер жеткен деп саналады (АҚ-тің 17-бабының 1-тармағы). Осы жасқа толған соң адам азаматтық құқық айналымына толық құқылы қатысушысы болып қана қоймай, ол саяси құқықтар мен міндеттерге де ие болады.

Толық емес немесе ішінара әрекет қабілеттілігі бойынша азамат өзінің әрекеті арқылы кез келген құқықтық әрекетті жасай алмайды, былайша айтқанда, заңда тікелей көрсетілген бірқатарына ғана ие.

Ішінара (толық емес) әрекет қабілеттілігі әдетте, жасы кәмелетке толмағандарға тән, ал берілетін әрекет ауқымы олардың жасына байланысты. Заң мұндай тұлғаларды екі топқа бөледі: а) жасы кәмелетке толмаған 14 пен 18 жас аралындағылар; ә) жасы кәмелетке толмаған 14 жасқа дейінгі жас балалар.

14 пен 18 жас аралығындағылардың әрекет қабілеттілігі мейлінше ауқымды, олар заңда көрсетілген шекте әртүрлі мәмілелер жасай береді. Ондай мәмілелерді екі түрге бөлуге болады:

- өздерінің заңды өкілдерінің, яғни ата-аналары мен асырап алушылардың, қорғаншылары келісімінсіз-ақ өз бетімен жасаған мәмілелер;
- ата-анасының (асырап алушының, қамқоршысының) рұқсат берген жазбаша хаты негізінде жасалатын мәміле.

14 пен 18 жас аралығындағы жасы кәмелетке толмағандар заңды өкілдерінің келісімінсіз

мыналарды істеуге:

- 1) өзінің жалақысына, стипендиясы мен басқа кірістеріне билік етуге;
- 2) интеллектуалдық меншік құқығы бар объектілеріне билік етуге;
- 3) ұсақ тұрмыстық мәмілелер жасауға;
- 4) банкке салым салуға және өзінің салымына, оның ішінде өзінің атына салынған салымдарға иелік етуге құқылы.

14 жастан 18 жасқа дейінгі кәмелетке толмағандар басқалай мәмілелерді, яғни мәмілелерді ата-анасының, асырап алушыларының немесе қорғаншыларының келісімімен жасайды. Мұндай келісімнің нысаны заңдарда кәмелетке толмағандар жасайтын мәміле үшін белгіленген нысанға сай келуге тиіс (АК-тің 22-бабының 1-тармағы).

Мәміленің аталған екі түрі бойынша жауапкершілікті, заңды өкілдерінің келісімі талап етілсін не етілмесін, жасы кәмелетке толмағандардың өздері көтереді.

Жасы кәмелетке толмағандар (14 жастан 18 жасқа дейінгі) келтірілген зиянды өтеуге оның жеткілікті мүлкі немесе табысы болмаған реттерде зиянның тиісті бөлігін, оның ата-аналары (асырап алушы адамдар) немесе қамқоршысы өтеуге тиісті. Олардың бұл міндеті зиян келтірушінің жасы толғаннан кейін, сондай-ақ келтірген зиянды өтеуге оның жеткілікті мүлкі немесе еңбек табысы жасы толғанға дейін пайда болған ретте жойылады.

14 жасқа дейінгі кәмелетке толмағандар үшін мәмілелерді, егер заңда өзгеше көзделмесе, ата-анасы, асырап алушылары мен қорғаншылары жасай береді (АК-тің 23-бабы). Сонымен қатар Азаматтық кодекс белгілі бір мәмілелерді жасөспірімдердің өзі-ақ жасай беретіндігін де жоққа шығармайды. АК-тің 23-бабының 2-тармағына сәйкес, олар өздерінің жасына лайықты, жасай салып орындалатын тұрмыстық ұсақ мәмілелерді өз бетінше жасауға құқылы. Мысалы, оған ойыншықтарды, балаларға арналған кітаптарды сатып алуды жатқызуға болады. Жас балалар аталған мәмілелерді жасағанымен, әрекет қабілеттілігі жоқ деп танылады. Сондықтан да жеке жауапкершілікті мойнына алмайды, бұған келтірілген залал мәселесі де қатысты. Олардың әрекетіне ата-анасы, асырап алушылары мен қорғаншылары жауап береді.

Спирт ішімдіктеріне немесе есірткі заттарға салыну салдарынан өзінің отбасын материалдық жағынан ауыр жағдайға ұшыратқан азаматтың әрекет қабілеттілігін сот Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу кодексінде белгіленген тәртіп бойынша шектеуі мүмкін. Оған қамқоршылық белгіленеді. Ол тұрмыстық ұсақ мәмілелерді өз бетінше жасауға құқылы. Басқа мәмілелерді жасауды, сондай-ақ табысын, зейнетақысын және өзге де кірістерін алуды және оларға билік етуді ол тек қамқоршысының келісімімен ғана жүзеге асыра алады. (АК-тің 27-бабы).

Ал, азамат, айталық, жүйке ауруынан жазылып, арақты қойып, нашақорлықтан құтылса, заң осыны ескере отырып, сот арқылы оның әрекет қабілеттілігіне қойылған шектеудің күшін жояды. Сот шешімінің негізінде азаматқа белгіленген қамқоршылықтың күші жойылады. Нәтижесінде сот оны әрекет қабілеттілігі бар деп таниды /1 /.

Азаматтардың осындай әлеуметтік өмірімізге қарама – қайшы келетін қабілеттерін дәстүрлі әдет – ғұрып құқығымен тәрбиелесек біршама пайдалы болар еді. Әдет – ғұрып құқығы дегеніміз мемлекет тарапынан бекітіліп, не қолдау тапқан әдет – ғұрыптың нормалар жиынтығы. Осы әдет – ғұрыптық нормалар мен институттар көшпенді қазақ қоғамының құқықтық өмірінде үлкен рөл атқарған. Айталық, халық ұғымында әділдік – би образымен байланыстырылады. Би – әділдіктің ең басты қорғаны және сақшысы. Әділдік образы пәктік, адалдық, аралылық сияқты адамның ішкі жан – дүниесінің биік те астарлы қасиеттерімен байланыстырылады. Сол сияқты теңдік туралы

түсінік те осы іспеттес еді. Әрине, оның ерекшеліктері болады. Айталық, қазақ қоғамындағы теңдік ұғымы, негізінен адамның жаратқан (күдай), табиғат, өлім алдындағы теңдігі жәйлі ой – ағымдарға келіп тіреледі. Адамның бір – бірімен рухани теңдігі, оның жан – дүниесінің басқа да қасиеттерінің байлыққа, лауазымға, билікке, яғни әлеуметтік өмір атрибуттарына байланысты емес екендігі, олармен анықталмайтындығы туралы ой – санамен анықталады. Ал, бұлардың негізінде адам өмірінің жалғандығы, шолақтығы, олардың бір – біріне бұл дүниеде қонақ екендігі туралы ой – түйіндер, толғамдар жатады. Яғни, теңдік туралы ұғым әлеуметтік қатынастардан гөрі табиғатпен, рухани өмірмен байланыстылығымен ерекшеленеді.

Қазақ қоғамындағы құқықтық өмір арнасы түптеп келгенде ауызша сөйлеу мәдениетіне негізделген. Сөз өнері құқықтық жүйенің негізгі рухани тіректерінің бірі, мәйегі әрі құралы. Құқықтық болмыс сөз өнерінің шуағы мен қуаты аумағында болып, соның нұрынан суарылып, толып – толысып отырады.

Қазақ даласында сөз өнерінің орыны ерекше. Сөз өнері – халықтың рухани өмірінің символы іспеттес.

Тіл, сөз еркіндігі қоғамдағы басты құндылықтың бірі болып саналады. Сондықтан әдет – ғұрып құқында “үлгілі сөз”, “ескіден қалған сөз”, “аталы сөз” деген ұғымдар ерекше орын алады /2/.

Сонымен, құқықтық қағида, норманы орындау, іске асыру ел арасында “сөзде тұру”, “сөзге берік болу”, “уәдеден таймау” түсініктерімен шекараласып, шектесіп жатады.

Сөздің әсер ету пәрменділігі, қызмет жасау қуаты, оның адам ойы мен ісіне, жүріс – тұрысына, тәртібіне ықпал етуі ерекше. Сондықтан адамдардың әрекет қабілеттілігінің дұрыс жолда болуына әдет – ғұрып қағидаларының әсері мол. Тіпті сот процесінде орынды қолданылатын мақал – мәтел, айшықты афоризмдер, қанатты сөздердің тәрбиелік мәні зор.

Қолданылған әдебиеттер

1. Төлеуғалиев Ғ.. Қазақстан Республикасының Азаматтық құқығы. 1 том. Алматы, 2001, 95 – 98 беттер.
2. Кенжалиев З. Ж. Көшпелі қазақ қоғамындағы дәстүрлі құқықтық мәдениет (теориялық мәселелері, тарихи тағылымы). Автореферат. Алматы, 1997, 14, 17 – 18 беттер.

3. Ар – намысты, қадір – қасиетті іскерлік беделді қорғау құқығының әлеуметтік өмірдегі алатын орны

Азаматтық кодекстің (АК) 143-бабына сәйкес ар– намысты, қадір – қасиетті және іскерлік беделді азаматтық– құқықтық қорғау былайша жүзеге асады, яғни азамат немесе заңды тұлға өзінің ар – намысына, қадір – қасиетіне немесе іскерлік беделіне кір келтіретін мағлұматтарды, егер ондай мағлұматтарды таратушы адам олардың шындыққа сай келетіндігін дәлелдей алмаса, сот арқылы теріске шығаруды талап етуге құқылы.

АК-тің 143-бабында “теріске шығару” ұғымы ашып көрсетілмеген, тек ар – намысқа, қадір – қасиетке немесе іскерлік беделге кір келтіретін мағлұматтар деп қана жанама түрде айтылған.

Ар – намыс дегеніміз тұлғаның (азамат немесе заңды тұлға) рухани және әлеуметтік болмысына берілетін қоғам бағасы. Ал, қадір – қасиет дегеніміз тұлғаның өзін-өзі бағалауы, өзінің жеке сапаларын сезінуі, қабілет – қарымын көре білуі, дүниетанымын, қоғамдағы орны мен борышының маңызын іштей түсінуі, өзін-өзі бағалау тұлғаның моральдық және басқа сапаларын бағалаудағы әлеуметтік маңызды түйіндерге негізделеді.

Іскерлік бедел тұлғаның кәсіби іскерлік (өндірістік, мамандық) қабілеті жөнінде қалыптасқан қоғамдық пікір.

Азаматтық кодекстің 143-бабына сәйкес сот арқылы мынадай мағлұматтар, атап айтқанда: 1) ар – намыс пен қадір–қасиетке кір келтіретін; 2) жауапкер арқылы таратылған; 3) шындыққа сәйкес келмейтін мағлұматтар теріске шығарылады. Аталған талаптардың жиынтығы ар-намысты, қадір-қасиетті және іскерлікке қатысты құқық қатынастарын қорғаудың жалпы негізін құрайды.

Қазіргі кезде сот тәжірибесі мен ғылыми пікірге сүйенсек, баспасөзде, радио және теледидар хабарларында, кино бағдарламаларында және басқа бұқаралық ақпарат құралдарында кір келтіретін мағлұматтардың жарияланатындығын көреміз. Сондай-ақ қызмет мінездемесінде, жария түрде сөйленген сөздерде, лауазымды тұлғаға байланысты жасалған мәлімдемелерде немесе бір немесе бірнеше тұлғаның атына бағытталған ауызекі әңгімелерде ондай кір келтірушілік кездесетіні белгілі болып отыр.

Заңда әлгіндей мағлұматтарды таратудың нысандарына қатысты арнайы талаптар қаралмаған. Дейтұрғанмен ондай кір келтіретін фактілердің кез келген сипатта көрінуі оны теріске шығаруға жеткілікті негіз болады.

Кір келтіретін мағлұмат деп азаматтың (ұйымның) қолданылып жүрген заң мен моральдық принциптерді бұзуы туралы (әділетсіздікке бару, ұжымда, тұрмыста теріс қылықтар жасау, өндірістік шаруашылық және қоғамдық қызметтерді, беделді қаралау және т.б. туралы) олардың абыройы мен ар – намысына негізсіз нұқсан келтіруді айтады.

Демек, азамат немесе ұйым туралы кез келген кір келтіретін мағлұматты шындыққа жанаспайды дей алмаймыз. Ал құқықтық немесе моральдық жағдайды байыбына бармай теріс бағалаған хабарлар жөнсіз кінәлауды білдіреді. Егер мағлұмат ар – намысқа, қадір – қасиетке тимесе, онда ол бейтарап сипатқа ие болады, яғни, оны АК-тің 143-бабына сәйкес теріске шығаруға негіз болмайды.

Азаматтың ар – намысына, қадір – қасиетіне және іскерлік беделіне кір келтіретін мағлұматтар қатарына баспасөзде жарияланған теріс мағлұматтар, радио және теледидар арқылы және басқа бұқаралық ақпарат құралдары арқылы берілген хабарлар, қызмет мінездемесінде және басқа мінездемелерде, жария сөз сөйлеулерде, түрлі ұйымдар мен лауазымды тұлғаларға бағытталған, оның ішінде ауызекі түрде айтылған хабарлар жатады. Ауызекі нысандағы мағлұмат бір немесе бірнеше тұлғаға қатысты болуы мүмкін.

АК-тің 143-бабында кір келтіретін мағлұматтардың теріске шығарылуының арнайы тәртібі бекітілген. Бұл орайда бұқаралық ақпарат құралдарында азаматқа және заңды тұлғаға қатысты кір келтірушілік мағлұмат жарияланса, онда олар өз кезегінде бұзылған құқығы мен заңды мүддесін қорғау үшін сол аталған бұқаралық ақпарат құралында дәлелді жауабын тегін жариялатуға құқылы.

Егер аталған мағлұматтар ұйымнан шыққан құжат болса, бұл құжаттағы мағлұматтардың шындыққа сай келмейтіндігі туралы тиісті адамға міндетті түрде хабарлана отырып, мұндай құжат алмастырылуға немесе кері сұратылып алынуға тиіс. Өзге реттерде теріске шығару тәртібін сот белгілейді (АК-тің 142-бабының 2-тармағы).

Мағлұматтарды теріске шығару жөнінде берілген талап арызда көрсетілген жауапкер осы мағлұматты таратқан адам не тұлға болып табылады. Егер мағлұматта теріске шығару жөніндегі талап қою бұқаралық ақпарат құралдарына қатысты болса, онда тиісті бұқаралық ақпарат құралының редакциясы мен кінәлі автор жауапкер болады. Жарияланымдарда және басқалай таратылған әлгіндей мағлұматтарға байланысты автор көрсетілмесе (мәселен, редакциялық мақала), онда іс бойынша сол бұқаралық ақпарат құралы жауапкер болады.

Қызмет мінездемелерінде жол берілген кір келтірушілік мағлұматтарына мінездемені берген және оған қол қойған адам немесе заңды тұлға жауапкер болып табылады.

Азаматқа немесе заңды тұлғаға қатысты олардың ар – намысына, қадір – қасиетіне немесе іскерлік беделіне кір келтіретін мағлұматтар таратылған болса, олар мұндай мағлұматтарды теріске шығарумен бірге олардың таратылуымен өздеріне келтірілген залалдың немесе моральдық зиянның орнын толтыруды талап етуге құқылы. Егер азаматтың немесе заңды тұлғаның ар – намысына, қадір – қасиетіне және іскерлік беделіне кір келтіретін мағлұматтарды таратушыны анықтау мүмкін болмаса, өзі жөнінде осындай мағлұматтар тараған адам таратылған мағлұматтарды шындыққа сай келмейді деп тануы туралы сотқа шағымдануға құқылы.

Егер жауапкер соттың шешімін орындамаса, сот оған тәртіп бұзғаны үшін бюджеттің кірісіне өндіріліп алынатын айыппұл салуға құқылы. Айыппұл азаматтық іс жүргізу заңдарында белгіленген тәртіп пен мөлшерде салынады. Айыппұл төлеу тәртіп бұзушыны сот шешімінде көзделген әрекетті орындау міндетінен босатпайды /1/.

Мысалы, бір бірлестіктің кәсіподақ комитетінің балансында емдеу – сауықтыру, спорттық және мәдени ағартушылық мекемелер: пионерлер лагері, дем алу базасы, спорт кешені, мәдениет сарайы және т. б. болады. Кәсіподақтардың біріккен жүйесінің таратылуына байланысты бірлестікте әр түрлі кәсіподақ орталықтарына бағынатын екі кәсіподақ ұйымы пайда болады. Олардың әрқайсысы бұрынғы кәсіподақ меншігі болып табылатын мүлікке ие болуға ниеттенеді. Келісім комиссиясы ұйымдастырылады. Бірақ өзара тиімді келісімге келе алмайды. Әрине осындай жағдайда құқық қорғау ұйымдарының көмегі, яғни олардың әділ шешімі қажет болады.

Немесе, тігін кооперативі “Жастар сәні” дүкеніне әйелдер көйлегінің бір тобын жеткізеді де, шартта белгіленген мерзім өткен соң тауарлар үшін төлем талабын ұсынады. Бірақ дүкен көйлектердің сұранысы жоқ дегенге сілтеме жасап алған тауарлардың төлемін төлеп беруден бас тартады. Дүкен кооперативке шартты бұзып, көйлектерді қайтып алуды ұсынады /2/. Осындай дауды шешуде де азаматтық құқықтың жалпы және ерекше бөлімдеріне баса назар аудару қажеттілігі туады.

Сонымен, Қазақстан Республикасының біртұтас құқықтық жүйесі бірнеше салаға бөлінеді, соның бірі, біз талдап отырған – азаматтық құқық.

Қазіргі нарықтық экономика жағдайында ар – намысты, қадір қасиетті және іскерлік беделді қорғауда азаматтық құқықтың алатын орны ерекше. Азаматтық кодекстің 3 – бабының 4 тармағында азаматтық қатынастар ғұрыптармен, соның ішінде іскерлік айналым ғұрыптарымен

реттелетін ережелерімен белгіленетінін атап өтуіміз керек.

Азаматтық кодекстің 272 – бабында іскерлік дағдылардың қолданылу мүмкіндігі көзделген. Атап айтқанда, міндеттеме тиісті түрде, міндеттеменің ережелері мен заңдардың талаптарына сәйкес, ал мұндай ережелер талаптар болмаған жағдайда іскерлік айналым ғұрыптарына немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс /3/. Сонда ғана азаматтық айналымға орныққан мінез – құлық ережелері іскерлік дағдылар деп түсініледі.

Қолданылған әдебиеттер

1. Төлеуғалиев Ғ. Қазақстан Республикасының Азаматтық құқығы. 1 том. Алматы, 2001, 150 – 153 беттер.
2. Ынтымақов С. А. Азаматтық құқық. Практикум. Алматы, 2000, 63, 106 – беттер.
3. Мемлекет және құқық негіздері. Оқулық. Алматы, 2001, 360 – бет.

V – бөлім

Қылмыстық құқық және социология

1. Адамның және азаматтың әлеуметтік құқықтары мен бас бостандықтарына қарсы қылмыстар

Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығы — ҚР құқықтық жүйесіне кіретін өз алдына жеке құқық саласы. Ол негізінен, мемлекет, егер орындамаса, өзінің жазалайтындығын алға тарта отырып, бекіткен және санкциялаған, белгілі бір әрекеттерді жасауға тыйым салатын ережелердің жиынтығын құрайды.

Қылмыстық құқықтың реттеу аясына мемлекеттік және қоғамдық құрылыс меншік, жеке адам, құқықтық тәртіп, қоршаған орта және т. б. сияқты сан – саналы қоғамдық қатынастар, соның ішінде, басқа құқық салаларымен реттелетіндері де кіреді.

Қылмыстық құқықты иіндескен құқық салаларынан даралап алуға оның реттеу пәні, яғни қылмыс жасауға және оған белгілі бір жазалар қолдануға байланысты туатын қоғамдық қатынастар негіз болады.

Қылмыстық заң қоғамға қауіпті қандай әрекеттер қылмыс болып табылатынын анықтап, оларға жаза бекітеді.

Қылмыстық құқық қылмыстық жауаптылықтың жауаптылық пен жазадан босатудың талаптары мен негіздерін, қылмыстық жазаны іске асыруда, қылмысқа қарсы күрес пен оның алдын алуда қоғамдық ұйымдар мен бірлестіктердің қатысу нысандарын реттейді.

Қылмыстық құқық пәнінің үш түрлі бағытта шоғырланғандығын байқауға болады: реттеуші, қорғаушы, қылмыстың алдын алушы қоғамдық қатынастар.

Қылмыстық құқықтық қатынастар қылмыс жасаған уақытта оны жасаушы адам мен мемлекет атынан әрекет ететін оның органдары (анықтау, тергеу, сот, прокуратура органдары) арасында пайда болып, қылмыстық жауаптылықты толығымен іске асырған сәтінде аяқталады.

Қылмыстық құқықтың реттеу әдісі қылмыстық құқықтық нормаларды бұзғаны үшін міндетті түрде қылмыстық жаза қолданылатындығымен сипатталады.

Қылмыстық құқықтың барлық нормалары екіге, Жалпы және Ерекше бөлімге бөлінеді.

Жалпы бөлім қылмыстық жауаптылықтың негіздерін, міндеттері мен принциптерін, жекелеген жаза түрлерінің қолдану шегін, оларды тағайындау тәртібін белгілейтін нормалардан, шартты түрде жаза қолдануды, қылмыстық жаза мен жауаптылықтан босатуды, үкімнің орындалуын кейінге қалдыруды реттейтін институттарды орнықтыратын нормалардан, сондай-ақ, сотталғандарды түзеу ісіне қоғамдық ұйымдар мен бірлестіктердің қатысу нысандарын көрсететін нормалардан тұрады.

Сонымен қатар, кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауаптылығы мен оларды жазалаудың ерекшеліктері де, соттылықты жою мен алып тастау шарттары да Жалпы бөліммен реттеледі.

Жалпы бөлімнің нормалары өзара да, Ерекше бөлімнің нормаларымен де тығыз байланысты.

Қылмыстық құқықтың ерекше бөлімінің нормалары жаза түрлері мен оның қолдану шегін көрсете отырып, нақты жекелеген қылмыстарға сипаттама береді.

Құқық саласы ретіндегі қылмыстық құқықтан қылмыстық құқық ғылымы өзгеше. Ол —

қылмыстық құқықтық идеялар мен көзқарастардың, қылмыс пен жаза және олармен байланысты институттар хақындағы пікірлер мен ойлардың жүйесі. Қылмыстық құқық ғылымы қылмыстық жауаптылықтың негіздері мен белгілерін, мазмұнын аша түседі, қылмыс құрамының, сондай-ақ істің қоғамға қауіптілігі мен заңға қайшылығын жоятын мән – жайлардың түсінігін беріп, белгілерін зерттейді, алдын ала жасалған қылмыстық әрекеттер үшін, қылмысқа қатысушылық үшін жауапкершіліктің теориялық негізін жасайды, қылмыстың көптігіне түсінік беріп, оны топтастырады.

Қылмыстық құқықтың міндеттерін оның пайда болуымен тікелей байланысты, бағзыдан келе жатқан қорғау міндетінен бастауға болады. ҚР Қылмыстық кодексінің 2-бабында: “адам мен азаматтың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін, меншікті, ұйымдардың құқықтарын мен заңды мүдделерін, қоғамдық тәртіппен қауіпсіздікті, қоршаған ортаны, Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысы мен аумақтық тұтастығын, қоғам мен мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін қылмыстық қол сұғушылықтан қорғау, бейбітшілік пен адамзаттың қауіпсіздігін қорғау...” міндеттері көрсетілген.

Бұрынғы қылмыстық кодекстерде қорғалатын объектілерді баяндау ретінің өзгеше болғандығын, алдыңғы кезекте мемлекеттік қоғамдық, содан соң ғана жеке адамның мүдделерін қорғау тұрғандығын айта кету керек.

Қылмыстық құқықтың қорғау міндеті туралы сөз қозғағанда екі тұрғыдан келген ләзім. Алғашқысы, қылмыстық заңның жалпылама ескертпесі (қылмыстың жалпылама алдын алу міндегі), яғни азаматтарды қылмыс жасаудан тайым салу арқылы сақтандыру. Тек қана тыйым салатын нормалар емес, сонымен қатар кейбір істерді жасауға жол беретін әрекеттермен де (мысалы, қажетті қорғану мен аса қажеттілік туралы) жалпылама ескертпе жасалады. Өйткені бұндай нормалардың да қылмыстың алдын алуда өз үлесі бар.

Екіншісі, қылмыстың жеке дара алдын алу міндеті (арнайы ескертпе). Ол бұған дейін қылмыс жасаған адамдарға қылмыстық жаза медициналық және тәрбиелік сипаттағы мәжбүрлеу, шартты соттау сияқты шараларды қолдану арқылы жаңа қылмыс жасаудан сақтандырады.

Бұлар қылмыстық құқықтың негізгі міндеттері. Бұдан басқа да міндеттерді (мысалы, тәрбиелеу) айтуға болады. Қылмыстық заңның бұл көрсетілген міндеттері қылмыстық саясат арқылы жүзеге асады, ал ол кең мағынасында қылмыспен күресу жолындағы мемлекеттің ұстанған саясаты болып табылады.

Қылмыстық құқықтың принциптері. Қылмыстық құқықтың принциптері — қылмыстық құқық басшылыққа алатын оның институттары мен нормаларының негізгі мазмұнын мен бағытын анықтайтын бастаулар. Қылмыстық құқық қандай жетекші идеяларды ұстанады? Олардың бірқатарын санап шығуға болады, бірақ соның ішінде төмендегі он принцип: қылмыстық құқықтың басты-басты қағидалары:

1. *Заңдылық принципі.* Ол қылмыспен күресуді заң шеңберіндегі оның талаптарын мүлтіксіз орындай отырып, жүргізуге иек артады. Ешкім де соттың үкімінсіз, яғни заңға қайшы жолмен кінәлі болып табылмайды. Сондықтан да қылмыстық заң қылмыстардың нақты тізімін көрсетеді. Қылмыстық заң нормасын ұқсастығы бойынша (аналогия) қолдануға тыйым салынады.

2. *Заң алдында азаматтардың теңдігі принципі.* Ол адамның тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүлктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне қарамай қылмыстық заң алдында бірдей жауап беретіндігін көрсетеді. ҚР Конституциясының 14-бабында “Заң мен сот алдында жұрттың бәрі тең”, — делінген.

3. Қылмыстық құқық принциптерінің енді бірі — қылмыс жасағаны үшін *қылмыстық жауапкершіліктің тумай қоймайтындығы.* Әрбір қылмыс жасаушы қолымен істегенді мойнымен көтеретінін біліп жүруге тиіс. Бұл принципті жүзеге асыру нысандары болып мемлекет атынан

оның органдарының қылмыстық істі қозғауы, айып тағуы, соттауы, жаза тағайындауы мен орындауы табылады.

4. *Жеке жауапкершілік принципі.* Қылмыс жасағаны үшін заңды тұлғалардың емес, тек қана жеке тұлғалардың (адамдардың) қылмыстық жауаптылығын көрсетеді.

5. *Айыпты жауаптылық принципі* қылмыстық әрекет үшін басқа адамдар (баласы, ата-анасы т. б.) емес нақ сол әрекетті жасаушы адамды жауапқа тартуды ғана білдірмейді, сонымен қоса оны айыпты түрде жасаған адам айыпты екенін көрсетеді. Объективті айыптауға, яғни кінәсіз зиян келтіргені үшін (қапылыста, жәбірленушінің кінәсінен т. б.) қылмыстық жауаптылыққа жол берілмейді.

6. *Әділдік принципі* объективті, жеткілікті, заңға сәйкес мәліметтерге сүйене отырып қана қылмыстық жауапқа тартуға болатынын, айыптының жасаған ісі мен тартқан жазасының сәйкес болуын, бір қылмыс үшін қайталап жауапқа тартуға болмайтынын білдіреді.

7. *Демократизм принципі.* Сот төрелігін жүзеге асыру барысында істі қатысушылар мен сол ауданның басым бөлігі білетін тілде жүргізу, сотталушыларды егер қажет етсе, аудармашының, қорғаушының көмегімен қамтамасыз ету демократизм принципінің көрінісі болып табылады.

8. *Гуманизм принципінің* мәні кішігірім қылмыстарды алғаш жасаған адамдарға кешіріммен қарап, жеңіл жаза тағайындап, кейде әкімшілік жауапкершілікпен ауыстыра отырып, қылмыстық жауапкершіліктен толығымен босатудан, керісінше ауыр қылмыс жасағандарға, рецидивтерге, ұйымдасқан құрылымдардың мүшелеріне неғұрлым ауыр жаза қолданудан тұрады.

9. *Қылмыстық қудалау шараларын орынды қолдану принципі.* Мемлекет қылмыстық қудалауды (жазаны) қылмыс жасаушының түзеуден басқа жолы қалмағанда қолдануға шарасыздан барады. Аталмыш принциптің көрінісін жазаның көлемі мен салмағын қысқартудан, бас бостандығынан айырмайтын шаралар салмағының өсуінен, орынды жерде оларды әкімшілік немесе қоғамдық ықпал ету нысандарымен ауыстырудан, кейбір қылмыстарды әкімшілік құқық бұзушылық санаттары қатарына қосудан көрінеді.

10. *Интернационализм принципі* ұлттық теңдікті бұзғаны үшін басқа мемлекеттің мүддесіне, халықаралық қауіпсіздікке, ұлттар арасындағы бейбітшілікке қарсы қылмыстар үшін жауапкершілік белгілейтін нормалардан көрініс табады /1/.

Ал, біз қарастырып отырған адамның және азаматтың әлеуметтік құқықтары мен бас бостандықтарына қарсы қылмыстар адамзат өміріне зиян келтіріп, қоғам дамуына кері әсер етеді. Әр қылмыс жағымсыз өзгерістер әкеледі, қалыптасқан қоғамдық қатынастарды бұзады.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 24-бабына сәйкес Республика азаматының еңбек ету бостандығына, қызмет пен кәсіп түрін еркін таңдауына құқығы бар, сол әрбір адамның дербес өндіруші ретінде немесе еңбек шарты бойынша өз қалауына, қабілетіне және арнаулы даярлығына сәйкес еркін еңбек етуге мүмкіндік алу құқығын қамтиды. Еңбек шартының еркіндігіне кепілдік беріледі. Сондай-ақ осы бапта көрсетілгеніндей Республика азаматының қауіпсіздік және тазалық талаптарына сай келетін еңбек жағдайына, сондай-ақ жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғалуға құқы бар. Конституцияда бекітілген осы кепілдіктерді жүзеге асыруға қылмыстық заңның атқаратын маңызы бар. Қылмыстық заң еңбек жөніндегі заңды және еңбек қорғау ережелерін бұзғандық үшін арнаулы баптар бойынша жауаптылық белгілеген. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде қызметкерді жеке пиғылмен жұмыстан заңсыз босату, соттың жұмысты қайта қалпына келтіру туралы шешімін орындамау, сондай-ақ азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделеріне елеулі зиян келуіне әкеп соққан еңбек туралы заңдарды өзге де бұзу үшін жауаптылық көзделген (148-баптын 1-тармағы).

Қылмыстың объектісі болып азаматтардың еңбек құқығын бұзу болып табылады. Объективтік жағынан алғанда еңбек жөніндегі заңды бұзу әрекет немесе әрекетсіздік арқылы жасалады. Қылмыстық кодекстің осы 148-бабында еңбек туралы заңдарды елеулі бұзудың мынадай үлгі тізбегін көрсетіп отыр:

1. Қызметкерді жеке пиғылмен жұмыстан заңсыз босату. Заңда көрсетілген негіздерден тысқары жағдайда қызметкерді жұмыстан шығару заңсыз болып табылады. Егер лауазымды адам заңсыз, жұмыстан шығаруға негіз болмаса да өз жеке басының мүддесін көздеу ниетімен өзін сынағаны үшін кекшілдікпен, өзара ұрыс-керістің салдарынан, босаған жұмыс орнына өз танысын немесе туысын орналастыру мақсатын көздеп, адамды жұмыстан шығарса қылмысты жауаптылыққа тартылады.

2. Жұмысты қайта қалпына келтіру туралы соттың шешімін орындамауы. Яғни кінәлі адам қылмысты түрде әрекетсіздік жасап, соттың қайтадан жұмысқа алу туралы заңды күшіне енген шешімін орындамайды. Бұл жерде қылмыс екі бірдей объектіге: еңбек құқына және әділсоттылық мүддесіне қол сұғады.

3. Еңбек туралы заңды өзге де бұзу деп еңбекке дұрыс ақы төлемеуді, жұмыс уақытының ұзақтығын дұрыс сақтамау, демалыс беруден бас тарту, жұмысқа алудан негізсіз бас тарту, жекелеген қызметкерге заңды белгіленген жеңілдіктерді қолданудан бас тарту, тағы осы сияқты әрекеттер жатады.

Жоғарыда көрсетілген еңбек туралы заңдарды бұзу — қызметкерді жеке пиғылмен жұмыстан заңсыз босату; жұмысты қалпына келтіру туралы соттың шешімін орындамау; еңбек туралы заңды өзге де бұзу әрекеттері мен әрекетсіздігінен азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделеріне елеулі зиян келтірілуі қажет. Елеулі зиян болғанда ғана іс-әрекет қылмыс қатарына жатады. Елеулі зиянның мөлшерін сот-тергеу органдары нақты жағдайларға қарап отырып анықтайды. Әдетте елеулі зиянға — адамның елеулі мөлшерде материалдық, моральдық зардап шегуі, ұзақ уақыт, негізсіз жұмыссыз қалуы, денсаулығына зиян келтірілуі т.с.с. жатады /1/.

Қазақстан Республикасының Конституциясының 18-бабының 1-тармағында “Әркімнің жеке өміріне, өзінің және отбасының құпиясына қол сұғылмауына, абыройы мен ар-намысының қорғалуына құқығы бар”, — делінген. Жеке өмірге қол сұғушылықты бұзу қылмыс болып табылады. Қылмыстың тікелей объектісі жеке өмірге қол сұғылмаушылықты реттейтін қоғамдық қатынастар, қылмыстың жәбірленушісі — жеке өміріне қол сұғылған адамдар.

Қылмыстың заты — жеке адамдар туралы немесе оның отбасы туралы әртүрлі мәліметтері (адамның денсаулығы, өмір сүру салты, дінге көзқарасы, жеке творчестволық жоспары, басқа адамдармен қарым-қатынасы т.с.с.).

Субъективтік жағынан бұл қылмыс тікелей қасақаналықпен істеледі. Қылмыстық — пайдакүнемдік немесе өзге де жеке мүдделік.

Қылмыстың субъектісі 16 – ға толған кез келген есі дұрыс адам.

Адам өзінің қызмет бабын пайдаланып жасаған нақ сол әрекеттер, сондай-ақ сондай зардаптарға әкеп соққан, осы баптың бірінші тармағында аталған мәліметтерді көпшілік алдында сөйлеген сөзде, көпшілікке көрсетілген шығармаларда немесе бұқаралық ақпарат құралдарында тарату — осы қылмыстың ауырлататын түріне жатады (142-баптың 2-тармағы).

Адам өзінің қызмет бабын пайдаланып жеке өміріне байланысты құпияларды таратуы немесе пайдакүнемдікпен басқаға өткізуі мүмкін. Аталған мәліметтерді көпшілік алдында (жиылыстарда, жиындарда) сөйлеген сөздер, көпшілікке көрсетілетін шығармаларда (сурет, бейне фильм, жазба шығарма) немесе бұқаралық ақпарат құралдарында (газет, журнал, радио, теледидар т.б.) арқылы таратылса кінәлі адам 142-баптың осы тармағы бойынша жауапқа тартылады.

Конституцияның 18 – бабының 1 – тармағына сәйкес азаматтың жеке өміріне қол сұғуға болмайды. Азаматтардың хат – хабар жазуы, телефонмен сөйлесуі, телеграф арқылы хабарлауы олардың жеке өмірлік құқықтары болып табылады және мұндай хабарлаудың құпиялығы сақталады (18 – баптың 2 – тармағы). Байланыс мекемелері азаматтардың осындай құқықтарын мүлтіксіз қорғауға міндетті. Азаматтардың хат – хабар жазысуы, телефонмен сөйлесуі, телеграф арқылы хабарласуы құпиясын бұзған адамдар тәртіпке, әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылыққа тартылады.

Осы баптың (143 бап) екінші тармағында осы қылмыс құрамының екі түрлі ауырлататын түрі көрсетілген:

1. Адам өзінің қызмет бабын пайдаланып жоғарыда көрсетілген әрекеттерді істеуі. Бұл ретте қылмыстың субъектісі арнаулы — почта, телеграф, басқадай байланыс мекемелерінің лауазымды адамдары болады. Лауазымдық жағдайы олардың осы қылмысты істеуін анағұрлым жеңілдетеді.

2. Ақпаратты жасырын алуға арналған құралдарды пайдаланып жасалған нақ сол әрекеттер. Мұндай құралдарға жасырын хабарлар алуға, ондағы бағдарламаларды ашуға арналған арнаулы құралдар, аппараттар жатады.

ҚК-тің 143-бабының 2-тармағында ақпаратты жасырын алуға арналған арнаулы техникалық құралдарды өткізу мақсатында заңсыз жасау, өткізу немесе алу үшін жауаптылықты көздейтін жеке қылмыс құрамы үшін жауаптылық белгіленген.

Осы қылмыс құрамын анықтау үшін біріншіден көрсетілген заттарды: 1) өндіру; 2) өткізу; 3) өткізу мақсатында алуды анықтау қажет. Мұндай техникалық құралдарды жасаудың мақсаты — осы құралдар арқылы ақпаратты жасырын алу болып табылады. Бұл әрекеттер заңсыз жүзеге асырылады. ҚК-тің 143-бабының 3-тармағының диспозициясында көрсетілген балама әрекеттердің біреуін жасаудың өзі-ақ кінәліні осы құрам бойынша жауапқа тартуға негіз болады. Қылмыс — субъектісі 16-ға толған кез келген есі дұрыс адам.

Қылмыстың тікелей объектісі дәрігерлік құпияны қамтамасыз етуді реттейтін қоғамдық қатынастар.

Қылмыстың жәбірленушісі — сырқатқа ұшыраған пациент. Қылмыс объективті жағынан әрекетсіздік арқылы пациенттің сырқаты немесе медициналық куәландыру нәтижелері туралы мәліметті кәсіптік немесе қызметтік қажеттіліксіз жария ету арқылы жүзеге асырылады. Арнаулы нормативтік-құқықтық актілер дәрігерлік құпияның жария етілмеуін реттейді. Бірақта оны сақтауға міндетті адам ондай құпияларды ешбір негізсіз жария етеді, яғни әрекетсіздікке жол беріледі. Қылмыс құрамы формальдық, ал дәрігерлік құпия жария етілген сәттен бастап аяқталған деп танылады.

Қазақстан “Республикасының Конституциясының 25-бабына сәйкес тұрғын үйге қол сұғылмайды. Соттың шешімінсіз тұрғын үйден айыруға жол берілмейді. Тұрғын үйге басып кіруге, оны тексеруге және тінтуге заңмен белгіленген реттер мен тәртіп бойынша ғана жол беріледі. Осыған орай Қылмыстық кодекстің 145-бабында тұрғын үйге қол сұғылмаушылықты қамтамасыз ететін қоғамдық қатынастар.

Қылмыс объективтік жағынан тұрғын үйге онда тұратын адамның еркінен тыс басып кіру арқылы көрніс табады.

Тұрғын үйге басып кіру біріншіден заңсыз болуы қажет. Екіншіден басып кіру деп ашық немесе жасырын түрде онда тұратын адамның еркінен тыс тұрғын үйге кіруді айтамыз.

Тұрғын үйге — адамдардың түпкілікті немесе уақытша тұратын жеке үйлері, пәтерлері, бөлмелері, қонақүйдегі бөлмесі, саяжайы, бағбаншылық үйшігі, сондай-ақ демалатын, зат қоятын қосымша

жайлары жатады.

Қылмыс формальдық құрамға жатады және ол тұрғын үйге онда тұратын адамның еркінен тыс жағдайда басып кірген сәттен аяқталған деп танылады.

Субъективтік жағынан қылмыс тікелей қасақаналықпен істеледі. Кінәлі адам тұрғын үйге заңсыз кірудің қоғамға қауіптілігін сезеді және соны жүзеге асыруды тілейді. Қылмыстық ниет—сан алуан болуы ықтимал.

Ауыр зардаптарға жәбірленушінің ауыр дене жарақатын алуы, есі ауысқан ауруға шалдығуы, оларға ірі материалдық, моральдық зиян келуі, тағы сол сияқтылар жатады. ҚК-тің 145-бабының 3-тармағында көрсетілген қылмыс материалдық құрамға жатады.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 22-бабына сәйкес әркімнің ар-ождан бостандығына құқығы бар. Ар-ождан құқығын жүзеге асыру жалпы адамдық және азаматтық құқықтар мен мемлекет алдындағы міндеттерге байланысты болмауға немесе оларды шектемеуге тиіс.

1992 жылғы 15 қаңтарда қабылданған Қазақстан Республикасының “Діни-сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы” заңына сәйкес Республиканың, басқа мемлекеттердің азаматтары және азаматтығы жоқ адамдар жеке өзі, сондай-ақ басқалармен бірге кез келген дінді еркін ұстануға немесе ешқайсысын ұстанбауға құқылы. Дінге деген, құдайға құлшылық жасауға, діни жоралар мен рәсімдерге, дінді оқып-үйренуге қатысуға немесе қатыспауға көзқарасты айқындау кезінде қандай да бір күштегі мәжбүр етуге жол берілмейді (3-бап).

Осы заңға сәйкес діни бірлестіктер мемлекеттен, мектеп діни бірлестіктерден бөлінген. Діни сенім бостандығын пайдаланып әртүрлі алауыздықтар мен дұшпандық әрекеттер жүргізуге заң тыйым салады. Осыған орай Қылмыстық кодекстің 149-бабында ар-ождан және діни наным бостандығы құқығын жүзеге асыруға кедергі жасағаны үшін жауаптылық белгіленген. Қылмыстың тікелей объектісі ар-ождан және діни наным бостандықтарын реттейтін қоғамдық қатынастар.

Объективтік жағынан “қылмыс діни ұйымдардың заңды қызметіне немесе діни салттарды жүзеге асыруға кедергі жасау арқылы жүзеге асырылады. Діни ұйымдардың заңды қызметіне кедергі жасауға — дінге сенушілерге заңды ұйым болып табылмайтын бірлестіктерге бірігу құқығына кедергі жасау, заңда белгіленген тәртіппен тіркелген жергілікті діни бірлестіктерге, діни басқармаларға, олардың құрылымдық бөлімдеріне, діни оқу орындары мен ғибадатханаларға заңда белгіленген тәртіппен рәсімдер өткізуге жол бермеу т. с. с. жатады.

Қазақстан Республикасының Конституциясында “мемлекеттік органдар, қоғамдық бірлестіктер, лауазымды адамдар және бұқаралық ақпарат құралдары әрбір азаматқа өзінің құқықтары мен мүдделеріне қатысты құжаттармен, шешімдермен және ақпарат көздерімен танысу мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндетті” — делінген (18-баптың 3-тармағы).

Қылмыстық құқықтың 154-бабы азаматтардың осы Конституциялық құқығын қылмыстық-құқықтық қорғаудың кепілі болып табылады.

Қылмыстың тікелей объектісі азаматтардың өзіне қатысты ақпараттармен танысуын қамтамасыз ететін қоғамдық қатынастар.

Қылмыстың заты — жиналған құжаттар, материалдар. Бұл құжаттарда, материалдарда жәбірленушінің заңды құқықтары мен бостандықтарына байланысты мәліметтер болуы қажет және бұл ақпараттар заңда белгіленген тәртіппен жиналуы және құзыретті мемлекеттік органдарда, қоғамдық бірлестіктерде болуы қажет.

Қылмыстың жәбірленушісі — өзінің құқығы мен бостандығына зиян келген адам.

Объективтік жағынан қылмыс азаматтың құқықтары мен бостандығын тікелей қозғайтын белгіленген тәртіппен жиналған құжаттар мен материалдарды беруден лауазымды адамның заңсыз бас тартуы не азаматқа толық емес немесе көпе-көрінеу жалған ақпарат беру, егер бұл әрекет азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделеріне зиян келтіру арқылы жүзеге асырылса /2/.

Міне осы айтылған еңбек туралы заңдарды бұзу, жеке құқықтар мен бостандықтарға қарсы жасаған қылмыстар адамзат қоғамының дамуына кері әсер етеді. Сондықтан тек құқық қорғау ұйымдары ғана емес, ұжымдар, саяси партиялар мен ұйымдар, жеке адамдардың өздері де ат салыса кіріскенде ғана әлеуметтік құқығымызды қорғауымызға болады.

Қолданылған әдебиеттер

1. Мемлекет және құқық негіздері. Оқулық. Алматы, 2001, 496 – 500 беттер.
2. Ағыбаев А. Н. Қылмыстық құқық. Ерекше бөлім. Алматы, 2000, 98, 102 – 109 беттер.

2. Қоғамдық тәртіпке қарсы қылмыскер және еркіндік

Еркіндік дегеніміз адамдардың өз қалауымен және өз түсініктері бойынша істеуіне болатын істерді атқаруға сыртқы кедергілердің болмауы.

Біріншіден, адам белгілі бір әрекетті істесем бе, әлде істемесем бе деп тұрса және соны ойластыруға оның уақыты болмаса, онда әрекет, не сол әрекеттен бас тарту ол адамның сол сәттегі қабылдаған әрекетінің салдарлары ол үшін жақсы бола ма немесе болмай ма деген көзқарасымен қажетті байланыста. Мысалы, кенеттен ашу кернегенде әрекет кек алу ойынан, ал кенеттен туған қорқыныштан туған әрекет дереу тығылу туралы ойдан шығады. Сол сияқты, адам ойластыруға уақыты бар болса да, ойластырмайды, себебі әрекетінің салдарларының өзі үшін пайдалы не зиян болатыны жөнінде ол ешбір шүбә келтіре алмайды. Осындай әрекеттерді, мәртебелі тақсыр, мен өз еркімен болған деп атаймын, себебі ең соңғы тілектен туған әрекеттер өз еркімен қабылданған әрекеттер. Сол сәтте ол, жалғыз тілек. Менің түсінуім бойынша, спонтанный дейтін әрекеттер — солар. Одан басқа, мен адамды шалағай істері үшін жазалау керек деймін, ал ол істер өз еркімен істелмеген болса, жазалау әділетсіз болар еді. Адамның ешбір әрекеті жөнінде оны ойластырылмай істелген деуге болмайды. Ол қаншалықты кенеттен болса да, ондай әрекетті ойластыру адамның бүкіл бұрынғы өмірінде оның мүмкіндігі болды, ол оны ойластырған болуы тиіс деп есептелінеді. Сол себепті кенеттен қысқан ашу үстінде кісі өлтірген адамды әділдігімен өлім жазасына бұйырады, өйткені соған дейінгі өмірінің бәрінде ол кісі өлтіру жақсы ма, әлде жаман ба деп ойлануға тиіс барлық уақытын ойластыру уақыты деп есептеуге болады, яғни кісі өлтіру оның толық ойластырып, қалап алған ісі деп қарау керек.

Екіншіден, адам бір әрекетті істеу керек пе, әлде істемеу керек пе дегенді ойластырғанда, ол ең алдымен оны істеу менің өзіме жақсы ма, әлде жаман ба — осыны ойлайды. Әрекет туралы ойлану деген сол әрекеттің жақсы да, жаман да салдарларын елестету деген сөз. Одан шығатын тұжырым, ойластыру деген әрекеттің жақсы да, жаман да салдарларын, ендеше үміт пен қорқыныштың, басқаша айтсақ, сол әрекетті істеуді тілеу, немесе тілемеудің алма кезек ауысып отыруы.

Үшіншіден, қандай да болмасын ойластыруда, яғни қарама-қарсы тілектердің ауысу тізбегінде, ең соңғы тілекті біз ырық деуіміз керек. Сол ғана әрекет немесе әрекеттен бас тартудың алдындағы тілек. Ойластыру барысындағы болған әрекет етуге не етпеуге, бастайтын тілектерді бейімділік деу керек, бірақ ырық емес, себебі болған істі бір ғана ырық орындайды, ал орындалмаған тілектер көп болуы мүмкін.

Төртіншіден, ойластырылып барып істелген әрекет өз еркімен болған және соның арқасында қалап алынған әрекет деп қаралуы керек. Яғни, өз еркімен болған әрекет пен қалап алынған әрекет бір нәрсе деп ойлаймын. Өз еркімен әрекет қылған адамды ерікті адам деп әрі ол ойластыруын әлі аяқтаған жоқ деп есептеу керек.

Бесіншіден, еркіндікті былай деп анықтауға болады: еркіндік әрекет етуге ешбір кедергі жоқ деген сөз, егер ондай кедергілер әрекет етуші субъектінің өз табиғатында немесе ішкі қасиеттерінде болмаса. Мысалы былай дейміз су өзен арқасымен еркін ағады, немесе ағу еркіндігі бар, себебі, ол бағытта оған ешқандай кедергі жоқ, бірақ арнаға көлденең ағуға оның еркіндігі жоқ, себебі жағалар оған кедергі болады.

Алтыншыдан, ешнәрсенің бастауы өзінде емес, барлық нәрсе басқа бір сыртқы тікелей агенттің әрекетінен болады. Егер адамда соған дейін болмаған бір әрекетке тілек немесе ырық пайда болса, онда оның себебі ырықтың өзі емес, басқа, оның қарамағында болмаған басқа нәрсе. Сонымен егер ырықтың өз еркімен болатын істердің қажетті себебі екендігі даусыз болса және егер жоғарыда айтқандай ырықтың өзі басқа, оған тәуелсіз нәрселермен анықталатын болса, онда барлық өз еркімен болатын істер қажетті себептерге негізделеді және амалсыз әрекеттер болады.

Жетіншіден, өзінің салдарын туғызу үшін ешқандай қосымша нәрселерді керек қылмайтын

себептерді—жеткілікті себептер дейміз. Ол тағы да қажетті себеп. Себебі егер жеткілікті себеп өз салдарын туғызуға қосымша ықпалды қажет етсе, ол жеткіліксіз себеп болады. Бірақ жеткілікті себеп өз салдарын туғызбай қоймайтын болса, онда ол қажетті де себеп болады, себебі салдарын міндетті түрде туғызатын себеп оның қажеттілігін де туғызады. Бұдан шығатын қорытынды — туғызылған нәрсе қажетті түрде туған, себебі туған нәрсенің бәрі жеткілікті себептен туған, әйтпесе ол пайда болмаған болар еді /1/.

Әрбір адам өзінің жеке басының еркіндігін қалайды. Дегенмен қылмыс жасаған адам осы еркіндігіне нұқсан келтіреді. Солардың бірі қоғамдық тәртіпке қарсы қылмыскердің қылмыстарының жекелеген түрлері жаппай тәртіпсіздіктер (241 – бап), бұзақылық (257 – бап) тағылық болып табылады.

Қоғамдық тәртіпке қарсы қауіпті қылмыстардың бірі жаппай тәртіпсіздіктер болып табылады. Арандатушылар мен ұйымдастырушылардың от жағуына еліккен тәртіпсіз элементтер ең сорақы әрекеттерді жүзеге асыруы мүмкін, жаппай тәртіпсіздік объектілерді қиратумен, өртеумен, көлік, коммуникация, байланыс жүйелерінің бірқалыпты қызметін бұзумен, мүлікті жоюмен ұласып, мұның арты жаппай адам шығынына әкеліп соғуы мүмкін. Кез келген мемлекеттің Қылмыстық кодексінде бұл тұрғыдағы қылмыс үшін қатаң жаза белгіленген. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі бойынша жаппай тәртіпсіздіктің тікелей объектісі қоғамдық тәртіп, ал қосымша тікелей объектісі — адамдардың өмірі, денсаулығы, мемлекеттік, қоғамдық, жекеменшік болады. Объективтік жағынан бұл қылмыс жаппай тәртіпсіздікті ұйымдастыру арқылы сипатталады. Жаппай тәртіпсіздік деп қоғамға қауіпті әрекеттердің күш қолданумен, қиратумен, өртеумен, бұзумен, мүлікті жоюмен, атыс қаруын, жарылыс заттарын немесе жарылыс құрылғыларын қолданумен, сондай-ақ олардың өкімет өкіліне қарулы қарсылық көрсетумен ұласқан әрекеттерін айтамыз. Күш қолдану деп құқық тәртібін қорғайтын өкімет өкіліне, лауазым адамдарына, басқа да азаматтарға қарсылық көрсетіп, оларды күшпен заңсыз әрекеттер істеуге мәжбүрлеуді, өкімет билігінің заңды талаптарына күш қолданып, қарсылық білдірулері жатады.

Қирату деп — мүлікті, объектілерді жойып, тонап, күл-талқан ету әрекеттерін айтамыз.

Өртеуге мүліктерді, құрылыстарды, автокөліктерді, өсімдіктерді, қондырғыларды, басқа да, заттарды отқа жандырып, құрту әрекеттері жатады.

Мүлікті жоюға — әртүрлі тәсілдермен оларды мүлдем жарамсыз күйге келтірулер жатады.

Соғыс қаруын, жарылыс заттарын немесе жарылыс қондырғыларын қолдану деп — осыларды адам өлтіруге, жарақаттау үшін, мүлікті бүлдіру немесе қорқыныш сезімін тудыру үшін мақсатты пайдалануды айтамыз.

Бұзақылық – тұрмыс-салты мен қоғамдық тәртіптің бірден-бір жауы.

Қылмыстың тікелей объектісі – қоғамдық тәртіп, ал қосымша объектісі – адамның денсаулығы, ар – намысы немесе меншігі болып табылады.

Осы қылмыстың жәбірленушісі кез келген адам болуы мүмкін. Қылмыстық кодекстің 257-бабының 2-тармағының “а” тармақшасында бұзақылықтан жәбір көретіндердің тізімі: өкімет өкілі, қоғамдық тәртіпті бұзуға тыйым салушы өзге де адамдар деп тура көрсетілген. Өкімет өкіліне қоғамдық тәртіпті бұзушылықты тыюға құзыретті барлық лауазым адамдары жатады.

Қоғамдық тәртіпті бұзуға тыйым салушы өзге адамдар деп — өкімет өкіліне немесе ұйымдық тәртіпті қорғау жөніндегі міндетті атқаруға жатпайтын басқа адамдардың азаматтық борышын өтеп қоғамдық тәртіпті сақтауға қатысушыларды айтамыз.

Қоғамдық тәртіп дегеніміз қоғамдық тыныштықтың, азаматтардың, қоғамдық орындардағы лайықты мінез-құлқының, ұйымдардың, мекемелердің, кәсіпорындардың, қоғамдық немесе жеке көлік: құралдарының бір қалыпты жұмысының, азаматтардың жеке басына қол сұғылмаушылықты қамтамасыз ететін қоғамдық қатынастардың жиынтығы болып табылады.

Бұзақылық іс-әрекет бөтеннің мүлкін жоюмен немесе бүлдірумен байланысты болса, онда бөтеннің мүлкі оның заты болып табылады.

Объективтік жағынан бұзақылық қоғамды анық құрметтемеуін білдіретін, азаматтарға қарсы күш қолданумен не оны қолданамын деп қорқытумен, сол сияқты бөтеннің мүлкін жоюмен немесе бүлдірумен не ерекше арсыздықпен ерекшеленетін әдепсіз іс-әрекет жасаумен ұштасқан қоғамдық тәртіпті тым өрескел бұзушылық әрекеттер арқылы сипатталады.

Қылмыстық кодекстің 257-бабында көрсетілген қылмыс субъективтік жағынан тікелей қасақаналықпен істеледі. Адам өз әрекеттері арқылы қоғамдық тәртіпті өрескел бұзып, қоғамды көпе - көрінеу құрметтемегендігін біледі және осы әрекеттерді істеуді тілейді.

Бұзақылықтағы қылмыстың ниетіне қоғамды көпе-көрінеу сыйламаушылықтан туындаған эгоистік көзқарастар, бостандықты теріс түсінушіліктен болған жағдаяттар жатады. Бұзақылық ниетке — қоғамды көпе-көрінеу құрметтемеушілікті білдіретін әртүрлі дәрежеліліктер, өктемдіктер, қатыгездіктер, тентектік пен арсыздық, ұятсыздық көріністері жатады.

Бұзақылықтың мақсаты қоғамдық тәртіпті өрескел бұза отырып, жәбірленушіге күш көрсету, қорқыту, оның бойына қорқыныш туғызу, мүлкін жою, бүлдіру болып табылады.

Отбасында, пәтерде туған-туысқандарын, таныстарын балағаттау, ұру, денесіне жарақат түсіру және жеке бастың араздығынан, жәбірленушінің теріс қылығынан болған осыған ұқсас әрекеттер жеке адамға қарсы қылмыс жасағаны үшін жауапкершілік көрсетілген ҚК-тің баптарымен саралануы тиіс. Егер мұндай әрекеттер қоғамдық тәртіпті өрескел бұзумен ұласса және қоғамды көпе-көрінеу құрметтемеушілікті білдірсе, онда кінәлінің әрекеті бұзақылық ретінде сараланады.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 258-бабында тағылық үшін қылмыстық жауаптылық белгіленген. Осы бапта: “тағылық, яғни үйлерді немесе өзге де ғимараттарды жазулармен немесе суреттермен, немесе қоғамдық адамгершілікті қорлайтын өзге де іс-әрекеттермен қорлау, сол сияқты көлікте немесе өзге де қоғамдық орындарда мүлікті қасақана бүлдіру” деп оған анықтама берілген. Бұрынғы Қылмыстық кодекс бойынша мұндай әрекеттер бұзақылық деп бағаланатын. Тағылықтың бұзақылықтан өзгешелігі сол, тағылықты құрайтын, қылмыс құрамының әрекеттері қоғамдық адамгершілік және эстетикалық нормаларды бұзу арқылы жүзеге асырылады, тағылық қоғамдық тәртіпті бұзумен ұштасады.

Бұзақылықтың заты — бөтеннің мүлкі болса, тағылықтың заты — үйлер, өзге де ғимараттар, қоғамдық орындардағы мүлік болып табылады.

Тағылықтың объектісі — қоғамдық тәртіп, қосымша тікелей объектісі адамгершілік нормалары болады.

Объективтік жағынан бұзақылық қоғамдық тәртіпті өрескел бұзумен, қоғамды көпе-көрінеу қадірлемейтін әрекеттермен ұштасса, ал тағылықтың объективтік жағы үйлерді немесе өзге де ғимараттарды жазулармен, суреттермен немесе қоғамдық адамгершілікті қорлайтын іс-әрекеттермен, сол сияқты көлікте немесе өзге де қоғамдық орындарда мүлікті қасақана бүлдіру арқылы сипатталады. /2/.

Сонымен, әр жасалған қылмыс жағымсыз өзгерістер әкеледі, қалыптасқан қоғамдық қатынастарға зиянын тигізеді. Осыған орай әрбір қылмыскер өзінің істеген қылмысының деңгейіне қарай жазасын тартып, тіпті еркіндігінен айырылуға дейін барады.

Қолданылған әдебиеттер

1. Әлеуметтік философия. Хрестоматия. Алматы, 1996, 89 – 91 беттер.

Ағыбаев А. Н. Қылмыстық құқық. Ерекше бөлім. Алматы, 2000, 279 – 285 беттер.

VI – бөлім

Қылмыстық – атқару құқығы және социология

1. Қылмыстық – атқару құқығының қағидалары және олардың әлеуметтікөмір дамуына әсері

Қылмыстық – атқару қызметі басқа да құқық қызмет түрлерімен, мысалы, сот, прокуратура, ішкі істер органдары қызметімен байланыста жүргізіледі.

Қылмыстық – атқару құқығы дегеніміз – Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексіндегі қарастырылған жазаларды өтеу және атқару кезінде пайда болатын қоғамдық қатынастарды реттейтін заң нормаларының жүйесі болып табылады.

Қылмыстық-атқару құқығының қағидалары ретінде, барлық нормалардың бағытын бір жолға салып біріктіретін, сол бағытта нормаларын түзететін, құқықтық қатынастарды реттеу жолында басшылыққа алып отыратын заңның ізгі пікірлері алынады. Демек, қылмыстық-атқару құқығының қағидалары дегеніміз — құқықтың осы саласының сипатына, оның мазмұны мен міндеттеріне қоғамның пікірін білдіретін негізгі ережелер, жетекшілікке алынатын идеялар болып табылады. Осы құқықтық қағидалар арқылы қылмыстық-атқару құқығының қандай бағытта жұмыс істейтіндігін байқауға болады. Қылмыстық-атқару құқығының объектісі қылмыстық құқық тәрізді құқық салаларымен ұқсас болғандықтан, оның қағидаларында ішінара ұқсастық байқалады. Бірақ, қағидалардың атауында ұқсастық, біркелкілік байқалғанымен, оларды түсіндіру кезінде осы құқық саласына ғана тән бағыт қолданылып, ерекшеліктері анықталады.

Әдетте, құқықтық қағидаларды жалпы құқықтық, салааралық және салалық деп бөледі. Жалпы құқықтық қағидалар барлық құқық салаларына тән болып келеді, олар барлық құқықтарда кездеседі. Салааралық қағидалар белгілі бір құқықтарда кездеседі. Біздегі салааралық қағидалар қылмыстық құқық және қылмыстық іс жүргізу құқығымен ұқсас болып келеді. Ал белгілі бір құқық саласына ғана тән, сол құқықтың мазмұнын, маңызын білдіретін қағидалар салалық қағидалар деп аталады. Олар заңның өзінде, жеке нормаларда аталып көрсетілмейді. Қылмыстық-атқару заңының қағидалары заңның мазмұнын сипаттайды. Қағидаларды заңда жеке бап ретінде атап көрсетудің бір жақсы жағы — ол осы құқықтың қағидаларын атау кезінде орын алуы мүмкін әралуандыққа, әртүрлілікке жол бермейді. Себебі, әр оқытушының осы құқықтың жетекшілікке алатын идеясы ретінде пайымдаған ойлары, кейде даулы болуы да мүмкін. Ал, қағидаларды заңда тікелей атап көрсету, қағида жүйелерін бірдей түсінуге, демек, заң актілері нормаларының біркелкі қолданылуына жағдай жасайды. Қылмыстық-атқару Кодексінің 6-бабында мынадай қағидалар келтірілген: заңдылық, баршаның заң алдындағы теңдігі, гуманизм, демократизм, жариялылық, жазаларды атқарудың саралануы мен жеке даралығы және жазаны түзеу ықпалымен біріктіруді қамтамасыз ету.

Заңдылық қағидасын тар және кең мағынада қарастыруға болады. Тар мағынада, заңды барлық азаматтар және барлық лауазымды адамдар бұзбай, дәл сақтауы керек. Ал қылмыстық жазаны атқару, өтеу мәселесіне келгенде, заңды және конституциялық нормаларды барлық сотталған адамдар және жазаны атқарушы мекемелер мен органдардың қызметкерлері қатал, бұлжытпай сақтауы керек. Бас бостандығынан айыру мекемелерінде заңдылықты сақтау қоғам өмірі үшін аса қажет болып табылады. Себебі, жазаны атқарушы көпшілік органдар, мекемелер жабық түрде жұмыс істейтіндіктен, оларда заңдылықтың бұзылуы әбден ықтимал. Қоғам жабық түрде жұмыс істейтін мекемелердегі заң талаптарының бұзылуын біле алмауы мүмкін. Заң өз нормаларын ізгі мақсатқа, яғни сотталған адамдарды түзеуге бағыттағандықтан, осы нәтижеге жету үшін, сол заң талаптары барынша бұзылмай сақталуы тиіс. Егер жазаны атқарушы мекемелердің қызметкерлері мен сотталған адамдардың арасындағы қатынастарда заңдылық бұзылмаса, онда заңның өзінің алдына қойған мақсатына жетуіне мүмкіншілік туындайды. Сотталған адамдарда мемлекетке, заңға деген өшпенділік емес, керісінше, сыйластықпен қарау орын ала бастайды.

Заңдылық қағидасы кең мағынада барлық адамдардың заңды қатаң сақтауын білдіреді. Бұл — біріншіден, ал екіншіден — заңдылық қағидасы мемлекетте сапалы жасалған заңның өмір сүруін талап етеді. Сапалы, жетілген заң, қоғамдағы объективтік өмірге сай келетін заңның өмір сүруін білдіреді. Жақсы сападағы заң болсын, ақауы мол, өмірден қала бастаған заң болсын, ол күшінде тұрған заң болғандықтан, оның баршаға міндетті күші болады. Ол заңды адамдар бұлжытпай сақтауы тиіс. Жақсы дайындалған заң жүйесін дүниеге әкелу - заң шығарушының міндеті. Заң шығарушы заңды өзгерте немесе алып тастай алады, бірақ оның заң өзгергенге немесе алынып тасталғанға дейін оны елемеге қақысы жоқ.

Заңды сақтау дегеніміз, заңның өзінен кіші заңдардан жоғары тұруын білдіреді. Егер негізгі заң мен кіші заңның (подзаконный акт) арасында айырмашылық немесе қайшылық байқалса, онда негізгі заң қолданылады.

Заңды сақтау дегеніміз - заңның жеке адамдардың мақсатынан жоғары тұруын білдіреді. Жеке ниет-мақсаттар әртүрлі бола береді. Мысалы, саяси-экономикалық, әскери, т.б. мақсаттар.

Заңның, кейде заңгерлердің немесе жеке адамдардың тарапынан сынға ұшырайтын кездері болады. Оның себебі заңның ескіру немесе нақты өмірден қала бастауы болуы мүмкін. Өмір тез жылжиды. Заң осы себептен тез ескіруі мүмкін. Әрине, қоғамда заң бірінші емес, өмір бірінші, сондықтан заң қашан да қоғам өміріне ілесіп отырады. Бұл біріншіден. Екіншіден, адам мен заңның арасында қарама-қайшылық байқалуы мүмкін. Оның себебі - заңның дұрыс, сапалы берілмеуінде, яғни нақты қоғам өмірінің шындығына сай келмейтіндей болып шығарылуында. Мұндай жағдайда да заңды өзгерту туралы ой келеді. Мұндай жұмыстар үнемі атқарылып та жатыр. Мысалы, жаңадан қабылданған қылмыстық заң, қылмыстық-атқару заңы, т.б. заңдар мұның дәлелі бола алады. Сонымен, заңның, сапасы жағынан қандай деңгейде болса да сақталауы баршаға міндетті болып табылады.

Гуманизм қағидасы қайбір мемлекетте болмасын, адамды бір-біріне жау тұтып қарамай, бір-біріне ізгілікпен, кешіріммен, бауырмашылықпен қарауды білдіреді. Сол сияқты, адам мен адамның арасындағы қатынас қана ізетті, ізгілікті болып қоймай, мемлекет пен адамның, дәлірек айтқанда, заң мен адамның арасындағы қатынастар да ізгілікті, кешірімді болуы керек.

Қылмыс жасаған адам жазаға тартылғанда, жаза, сол адамды тәрбиелеу, түзеу үшін қолданылады. Сондай-ақ, қылмыскерлерді қылмыскер ретінде қалдырмай, заң сол адамнан ертеңгі қоғамның пайдалы мүшесін көруді көздейді. Қылмыскер жазаға тартылғана уақытша қоғамнан аластатылған, дәлірек айтқанда психикалы тұрғыдан сауықтыру үшін қоғамнан ажыратылған адам ретінде танылады. Сотталған адамды жазаға тартқанда азап шектіру, қинау мақсатқа алынбайды. Жазаның орындалу мазмұнында ондай жат мақсаттар жоқ, ол заңда көзделмеген. Егер сотталған адам жаза тәртібіне бойұсынбаса, қарсылық көрсетсе, онда осы әрекеттің жолын қию мақсатында күш қолданылады. Оған дейінгі кездерде күш қолдануға заң тыйым салады.

Қылмыстық құқық тәртізді, қылмыстық-атқару құқығы да сотталған адамды түзеуді мақсат ретінде көздейтіндіктен, сотталған адамда түзелудің нышаны байқала бастаса, одан кейбір құқықтық шектеулер алына бастайды немесе жағдайы жеңілдетіледі. Қылмыстық-атқару заңы мазмұнының көптеген жерлерінен гуманистік бағытты кездестіруге болады. Мысалы, сотталған адамның жеке басы қауіпсіздігін қамтамасыз ету, оған дәрігерлік көмек көрсету, оқу, мамандық беру, түзелу жолына түсуіне байланысты жеңілдетілген жағдайға ауыстыру немесе жазаны жеңілірек жазалармен ауыстыру, шартты түрде ерте босату, т.б. жағдайлар. Гуманистік қағиданың негізінде мемлекеттің сотталған адамға жеңілдіктер жасау туралы көзқарасы емес, негізінен сотталған адам мен мемлекеттің арасында бірін-бірі сыйлаушылық бағытын ұстану жатыр. Бас бостандығынан айыру тәртізді жазаларда, басқа жазаларға қарағанда құқықтық шектеулер көп қолданылса, ол қылмыскердің жасаған қылмысының қоғамға қауіптілік дәрежесі мен сол қылмыс жасаған адамның мінез-құлқына байланысты. Мұндай сотталған адамдардың құқықтарын көптеп шектеу оларды түзеудің құралы ретінде қолданылады.

Гуманизм қағидасын сотталған адамға жеңілдіктер жасау деп біржақты түсінуге болмайды. Бұл қағиданың мазмұнында, қылмыскерлердің қауіптілігіне қарай қаталдықты қолдану арқылы, қоғам үшін дұрыс, ізгі қатынас жасалады деген ұғым да жатыр.

Демократизм және жариялылық қағидасы сотталған адамдардың хал-жағдайымен қоғамның хабардар болуын білдіреді. Қылмыстық жазаны атқару қызметі барлық жаза түрі бойынша жабық түрде жұмыс істемейді. Бас бостандығынан айыру жазасын атқаратын мекемелер де мемлекет, қоғам алдында жабық жұмыс істемейді. Ондай түзеу колониялары мемлекет, қоғам тарапынан бақылауда болып, өздерінің жұмыстары туралы мемлекет алдында есеп беріп отырады. Жазаны атқарушы мекемелер мен органдардың қызметі баспасөз, ақпарат құралдары үшін ашық жұмыс істейді. Демократизм қағидасы сотталған адамдардың баспасөз алдында сөз сөйлеуімен, пікірін білдіруімен де анықталады. Демократизм қағидасы сотталған адамды қылмыстық-атқару қатынасының субъектісі ретінде танумен көрініс береді. Жазаны өтеу кезінде олардың конституциялық кейбір құқықтары мен мүдделері бұлжытпай сақталады.

Баршаның заң алдындағы теңдігі қағидасы сотталған адамның нәсіліне, ұлтына, жынысына, тіліне, шығу тегі мен әлеуметтік жағдайына қарамай, олардың заң алдында теңдігін білдіреді. Ол мемлекеттің негізгі байлығының бірі болып табылады және әр адамның ұлтына, дініне, мүлкіне, т.б. жағдайларына қарамай заң алдында теңдігі конституциялық нормалардан туындайды. Барлық қазақстандық азаматтар Қазақстан Республикасы азаматтары үшін берілген құқықтарды иеленеді және міндеттіліктерді атқарады. Сол сияқты сотталған адамдар да өздерінің жеке ерекшеліктеріне қарамай заң алдында бәрі бірдей, бәрі тең болып есептеледі. Және бірдей құқықтар мен міндеттіліктерді атқарады. Адамды нәсіліне, ұлтына, жынысына, тіліне, саяси, діни сеніміне, әлеуметтік жағдайына қарай алашауға, бөліп қарауға, осы негізде артықшылықтар мен жеңілдіктер беруге жол берілмейді.

Жазаларды атқарудың саралану (дифференциация) қағидасы сотталған адамдарды белгілі бір категорияларға бөлуді талап етеді және жазаны атқарушы орындарда әр категориядағы сотталған адамдарды бөліп ұстауды білдіреді. Сотталған адамдарды әр түрлі категорияларға немесе топтарға бөлу негізі, олардың жынысы, жасы, қылмыстарының рецидивтілігі, жазаның түрі, түзеу мекемелеріндегі мінез-құлқы, т.б. бола алады. Бір тектес топтағы сотталған адамдарды басқаларынан бөліп жаза өтеу, түзеу шараларын қолдануға және сотталған адамдармен түзеу мекемелерінің жұмыс істеуіне ыңғайлы болып табылады.

Жазаны атқарудың жеке-даралығы (индивидуализация) қағидасы сотталған адамдарды топтастырғанда құқықтық белгілерді қолдануға итермелейді. Бұл қағиданың негізі ретінде, сотталған адамның жасаған қылмысының қоғамға қауіптілік дәрежесі мен сипаты, қылмысты жасау жағдайы, сотталған адамның мінез-құлқындағы жекелеген ерекшеліктері және олардың түзеу мекемелерінде жаза өтеу кезіндегі мінез-құлқының өзгеруі алынады. Сотталған адамның түзеу мекемесінде жаза өтеуі кезінде, мінез-құлқы өзгеріп отыруы мүмкін. Соған сәйкес, ол адамға түзеу шарасын қолдану көлемі мен түрі де өзгеріп отырады. Жаза өтеу кезінде сотталған адамдар қоғамға деген пікірі бір-біріне ұқсас, өзі тәріздес адамдармен бірге ұсталады. Бұл қағиданың көрінісі, сотталғандардың мінез-құлқының өзгеруіне қарай жазаны ауырлатуды немесе жеңілдетуді қолданғанда анық байқалады. Жалпы айтқанда, қылмыстық-атқару заңының негізгі мақсатының бірі, сотталғандарды түзеу болғандықтан, жазаны жеке-дара атқару қағидасын жазаны атқарушы мекемелердің жұмысында басшылыққа алынатын негізгі қағида деуге болады.

Жазаны түзеу ықпалымен жалғастыру қағидасы сотталған адамдарға қолданылатын түзеу құралдарын кешенді түрде қолдануды міндеттейді. Сотталғандармен түзеу жұмыстары жалпы және жеке жүргізіледі. Жалпы түрде барлық сотталғандарға ортақ түзеу тәсілдері қолданылса, жеке түрінде әр адамға көңіл бөлінеді. Ол адамның мінез-құлқындағы ерекшеліктерді ескере отырып, жекеше жұмыс жасау қажет болады. Әрине, сотталған адамдар жаза өтеп жатқандықтан, жазаның құрамының бір белгісі жазалауды да басынан кешіреді. Жазаны түзеу ықпалымен байланыстыра атқарғанда адамды жазалау және тәрбиелеу шаралары біріктіріле қолданылады. Бұл шаралардың көлемі мен жүйесі, жазаның түріне қарай әртүрлі болуы мүмкін. Оны қолдану

сотталған адамды түзеу үшін міндетті, әрі қажетті. Келтіріп отырған қағидалардың өмірде көрініс алуы адамның құқықтық санасын, моральдық сапасын көрсетеді, сондай-ақ жазаны өтеу мен орындаудың әділетті екендігін көрсетеді.

Жазаны атқару жұмысын тым ауырлатып немесе жеңілдетіп жүргізу де қауіпті. Яғни тым ауырлатып немесе жеңіл түрде жазаны өтету де әділеттілікке әкелмейді. Ал, нәтижесінде жазаның мақсатына жету тіпті қиындайды.

Жазаны түзеу ықпалымен байланыстыру мәселесі қылмыстық-атқару ғана емес, мемлекеттің, қоғамның алдындағы мәселе болып отыр. Себебі бұл қағидаға келгенде қоғамда қарама-қайшы пікірлер қалыптасты. Біреулер сотталған адамдарды “ендігі жерде адам болуы қиын” - деп, күмән келтіреді. Бұл ойдың қандай да бір деңгейде қиындығы бар болар. Бірақ, сотталғандарды түзеу үшін заң нормаларында дұрыс бағыттар көрсетілген. Бұл бағыттар әлі де жеткіліксіз болуы немесе әлі де толықтыруды қажет етуі мүмкін. Қылмыс жасаған немесе сол жолға бейімделген адамдарды түзеу, күрделі мәселе болып қалуда. Оның тәсілдері мен амалдары әлі де зерттелуге жатады /1/.

Қай құқық саласы болмасын, өзінің негізгі реттеушілік қызметін қоғамға пайдалы бағытта атқаруы, оның басты мақсаты болып табылады.

Қылмыстық – атқару құқығы сотталған адамдар болсын, басқа адамдар болсын, қылмыс жасаудан сақтандырып, қоғамда әлеуметтік әділеттілікті орнатуды көздейді. Себебі, бас бостандығын шектеу, бас бостандығынан айыру, қамау, өлім жазасы, өмір бойына бас бостандығынан айыру тәрізді жазалар адамдарға әрқилы әсер етеді. Сондықтан олардың денсаулығын сақтау, адамгершілікке баулу, еңбекке тәрбиелеу мәселелері ешуақытта назардан тыс қалмаулары керек.

Қолданылған әдебиеттер

1. Әпенев С. М. Қылмыстық – атқару құқығы. Оқу құралы. Алматы, 2001, 12 – 17 беттер.

2. Сотталған адамдардың құқықтық жағдайлары және оларды тәрбиелеу жолдары

Қылмыстық-атқару заңы сотталған адамдардың құқықтарының көлемін кеңейтіп, барынша анықтап көрсетуге тырысқан. Заңнан “Сотталған адамдардың құқықтары, заң ғана емес, сонымен бір сотталған адамдарды ұстау режимімен де шектеледі”, - деген бөлім алынып тасталды. Бұл дұрыс, себебі ол ереже бұрын практикада заң мен режим арасындағы толық реттелмеген тұстар бойынша қайшылықтар тудырды. Ондай реттелмеген немесе анықталмаған заң тұстарын түзеу мекемелерінің әкімшілігі өз көзқарасынша шешіп отырады. Мысалы, сотталушының некеге тұруы немесе некені бұзуы заң қарастырылмағандықтан, бас бостандығынан айыру орындарында режимге негізделіп тыйым салынды.

Сотталған адамдардың құқықтарын, құқықтар саласы бойынша былай топтастыруға болады:

- саяси құқықтар — бұл азаматтың мемлекеттік және қоғамдық саяси өмірге араласу мүмкіндігі, мемлекеттік басқару ісіне араласуға саяси бостандығын білдіреді;
- жеке азаматтардың құқықтары мен бостандықтары — бұл адамның жеке өмірі мен ішкі дүниесін басқа адамдардың араласуынан қорғайды, адамның жеке-даралығын қамтамасыз етеді;
- әлеуметтік және экономикалық құқықтары мен бостандықтары — адамның материалдық қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін, экономикамен тығыз байланыста болуын білдіреді;
- мәдени құқықтары мен бостандықтары - бұлар азаматты мәдени игіліктерді қолдануына бағытталған.

Бұл аталған құқықтар, сотталғандардың құқықтарын кең мағынада қарастырғандағы көлемі. Ал тар мағынада сотталған адамдардың негізгі құқықтары екі топтан, жалпы және арнайы құқықтардан тұрады. Жалпы құқықтар, барлық азаматтар үшін берілген құқықтыр. Олар: әкімшілік, еңбек және басқа да заңдар салалары мен реттелген. Ал арнайы құқықтар, тек қылмыстық-атқару заңымен ғана қарастырылған.

Жалпы құқықтарды конституциялық және азаматтық құқықтар деп бөлуге болады. Бұл құқықтар да, сотталған адамдарда, белгілі бір деңгейде шектелген. Мысалы, сотталған адамдардың сайлау және сайлануға қақысы жоқ, сондай-ақ көше шерулерін, демонстрация митингі-жиналыс жасауға құқылары жоқ. Әдетте, жай азаматтардың хат-жазба құпиялығын сақтауға құқысы бар, ал сотталған адамдардан ол құқықтар алынып тасталған.

Азаматтық құқықтар, сотталған адамдарда, конституциялық құқықтарға қарағанда аз шектелген. Сотталғандар жаза өтеу мерзімінде де құқық қабілеттілігі және әрекет қабілеттілігі бар болып қала береді. Ал, осы құқық саласы бойынша қойылған шектеулер, ол жазаның ауырлығына байланысты көбірек шектелуі мүмкін. Мысалы сотталған адамдардың бір-бірімен жаза өтеу кезінде қолданып жүрген мүліктерімен келісім-шарт жасауына тыйым салынады.

Заң сотталған адамдардың негізгі құқықтарын келтіреді. Сотталған адамдарға жазаның бастапқы кезінде-ақ, құқықтары мен міндеттері толығымен түсіндіріледі. Сотталғандардың жаза өтеу туралы ақпараттар алуға, өздерінің құқықтары мен міндеттері туралы мәліметтер алуға құқығы бар. Ал, жазаны атқарушы әкімшілік сотталғандарды осы мәліметтермен таныстырады. Сондай-ақ, жазаны өтеу тәртібі мен жағдайларындағы өзгешеліктер мен ерекшеліктерді түсіндіреді. Сотталған адамдардың әкімшілік қызметкерлерінен және басқа да адамдардан сыпайы қатынас көруге құқы бар. Өз кезегінде олар да жазаны атқарушы әкімшілік қызметкерлерімен тағы басқа азаматтармен сыпайы қатынаста болуға міндетті.

Сотталған адамдар өміріне, денсаулығына тікелей қауіпті жұмыстарға жіберілмейді. Сондай-ақ оларға медициналық сипаттағы әртүрлі салалардағы сынақтарды қолдануға тыйым салынады. Сотталған адамның өзі келісім берсе де, ол сынақ оған жүргізілмейді. Сотталғандардың негізгі

құқықтарының бірі — ол кез-келген мемлекеттік қоғамдық ұйымдарға, жазаны атқарушы мекеменің немесе органның әкімшілігіне жазаны атқарушы органдардан, мекемелерден жоғары тұрған басқару органдарына, сот, прокуратура органдарына, сондай-ақ адам құқығы мен бостандығын қорғау жөніндегі халықаралық ұйымдарға ауызша немесе жазбаша түрде шағымдануға, ұсыныстар, өтініштер жасауға құқылығы болып табылады. Сотталған адамдар шағымданғанда, өтініш, ұсыныстар жолдағанда оны өзі білетін тілде жазуға құқығы бар. Сотталғандарға жауап мүмкіндігінше сол өтініш жасалған тілде қайтарылады. Ал ол тілдерде мүмкін болмаған жағдайда Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілінде немесе орыс тілінде беріледі. Жауапты өтініш жасаған тілде беруді, жазаны атқарушы мекеме немесе орган қамтамасыз етеді. Сотталғандар қажет болған жағдайда аудармашының қызметін пайдалануға құқылы. Сотталған адамдар түзеу мекемелері тарапынан медициналық көмек алуға және дәрігерлік көмекті тегін немесе ақылы түрде алуға құқылы. Сотталғандар өз есеп-шотындағы ақшамен немесе туыстарының көмегі арқылы емделу ала алады.

Сотталған адамдардың Қазақстан Республикасы зейнетақы туралы заңдарына сәйкес, зейнетақы алып тұруға немесе оны жақын туыстарына, отбасына жіберіп отыруға құқығы бар. Сондай-ақ сотталғандар өздері қажет деп тапқан жағдайда заң көмегін сұрауға, адвокаттарымен кездесу өткізуге құқылы. Сотталғандар адвокаттармен тек қысқа мерзімді кездесулер түрінде, оңаша кездеседі.

Шетел азаматтары өз елінің дипломатиялық немесе консулдық мекемелерімен байланыс ұстап тұруына, олардан көмек сұрауға, қорғауына алуын сұрауға құқылы. Ал, Қазақстанда дипломатиялық және консулдық мекемелері жоқ елдер азаматтары, өздерінің мүдделерін қорғауды мойнына алған мемлекеттердің дипломатиялық өкілдеріне немесе оларды қорғаумен айналысатын халықаралық ұйымдарға арызданады және олармен байланыс жасауға құқығы бар.

Бас бостандығынан айыру жазасын өтеп жатқан адамдарды есептемегенде, басқа жазалар бойынша сотталғандар сайлауға қатысуға құқы бар, сондай-ақ олар бүкілхалықтық референдумға қатыса алады.

Сотталғандардың құқықтарының бірі - олардың жеке басы қауіпсіздігін сақтауға құқылығы болып табылады. Бас бостандығынан айыру орындарындағы сотталғандардың арасында бірін-бірі қорлау, бір жыныстағы адамдармен жыныстық қатынасқа түсуге азғыру, өзара төбелес, кісі өлтіру кездесіп отыратыны рас. Бұрынғы заң бойынша мұндай жағдайлар көрініс алғанда, түзеу мекемесінің әкімшілігінің оларды бір-бірінен ажыратуға, басқа колониялар немесе жеке камераларға ауыстыруға заңды мүмкіншілігі болмады.

Сотталғандардың ар-ождан бостандығы мен өтініш жазу құқығына заң үлкен көңіл бөледі. Бұл жайттар жеке баптарда қарастырғылан.

Қылмыстық-атқару заңы сотталғандарға құқықтар ғана беріп қоймай, оларды құқықтық және әлеуметтік тұрғыдан да қорғайды. Ол әсіресе бас бостандығынан айыру тәрізді қатал жазаларға сотталған адамдардың түзелуіне үлкен үлес қосады.

Сотталған адамдар қолма-қол ақысыз, азық-түлік өнімдері мен бірінші қажетті заттарды: киім, аяқ киім, сондай-ақ түзеу мекемелерінде ұстауға тыйым салынбаған өзге де тауарларды (мысалы, теледидар) сатып ала алады. Сондай-ақ, сотталғандар өздерінің зейнетақы қорын аштыруға, оған өз табысынан ақша жібертіп отыруға, туыстары мен таныстарынан ақша алып немесе ақша жіберіп отыруға, Қазақстан аумағында қолданылатын бағалы қағаздарды сатып алуға құқылы. Өзін қамсыздандыру туралы шарты, бағалы қағаздары, т.б. қажетті құжаттары оның жеке ісінде сақталады. Әкімшілік ол қағаздарды сақтап, сотталған адам жазаны өтеуден босатылған кезде өзіне қайтарып береді.

Сотталғандар кітап, газет-журналдар алдырып оқуға құқылы. Түзеу мекемелерінің аумағында кітапхана болады және сауда дүкенінде де кітаптар сатылады. Сауда дүкені арқылы сатып алынған

кітап-журналдар сотталғандардың посылка, бандероль алуының санына кірмейді.

Бас бостандығынан айыру, тәрбиелеу, қоныстану колонияларында жаза өтеп жатқан адамдарға жақын туыстарының қайғылы қазасы болуына немесе зілзала апатқа ұшырауына байланысты қысқа мерзімге жол жүруіне рұқсат беріле алады. Ал әйелдер балаларын туыстарына беріп қайту мақсатында жолға шықса, барып қайту жолын есептегенде, 7 тәулікке дейін рұқсат беріледі.

Жүкті әйелдерге, баласын емізетін әйелдерге, ауруларға, кәмелетке толмағандарға жеңілдетілген жағдай жасалып, тамақ нормасы мен түрі көбейтіледі.

Түзеу мекемесі аумағындағы балалар үйінде баласы бар әйелдерге, жұмыс кезінде балаларын тамақтандырып келуге (емізетін болса), жұмыстан бос уақытта баласымен бірге болуға, ал түзеу колониясының мүмкіншілігі болғанда, баласымен бірге тұруға рұқсат беріледі.

Заң баласы бар әйелдердің жағдайларын барынша толық қамтып, анық түсіндіруге тырысады. Баласы бар әйелдер үшін түзеу мекемелерінде балалар үйі ұйымдастырылады. Онда балалар 3 жасқа дейін болады. Ондағы балалар үйіне түзеу колониясының көріністері барынша байқалмауы керек. Егер әйелдің жаза мерзімінің бітуіне бір жыл қалып, ал баласы 3 жасқа толса, баласы қалған 1 жылға балалар үйінде қалдырыла алады.

Түзеу мекемесінің әкімшілігі — нашақорлық және маскүнемдік дертіне шалдыққан сотталған адамдарды емдеуді ұйымдастырады. Оның үстіне мұндай ауруларды мәжбүрлі және міндетті түрде емдеуге қылмыстық заң міндеттейді.

Жалпы сотталған адамдарға белгілі бір құқықтарды беріп қана қоймай, оларға әлеуметтік тұрғыдан жәрдемдесу, сол жәрдемді дұрыс көрсету, сотталған адамдардың түзелуіне, қоғамға оң көзқараспен қарауына себеп болады.

Бас бостандығынан айырумен байланысты емес басқа жаза түрлерінде сотталған адамдардың құқықтары бұған қарағанда кең. Олардың әлеуметтік қажеттіліктері де кеңірек қамтамасыз етіледі.

Жаза қылмыстың қоғамға қауіптілік деңгейіне байланысты тағайындалғандықтан, бас бостандығынан айырумен байланысты емес басқа жаза түрлерінде, сотталған адамның шартты түрде ерте босатылуға мүмкіндігі де бас бостандығынан айыру жазасына қарағанда молдау /1/.

Қай жағдайда болмасын, Азаматтық – құқықтық заңдардың тәрбиелік функциясының міндетті – құқықтық сана мен құқықтық мінез – құлықты қалыптастыру болып табылады. Бұл тәрбиелік іс – шаралардың жүйелі түрде жүзеге асырылуын қажет етеді. Демек, құқықтық сана мен мінез – құлықтың қалыптасуы құқықтық тәрбиенің нәтижелігіне тікелей байланысты.

Әрбір жеке тұлға, азамат, топ мемлекеттік құқықтық институттардың қызметін, қала берді құқықтың өзін өздерінің мүдделері мен мақсаттарының орындалуына тигізетін әсерінің нәтижелік көрсеткіштері тұрғысынан бағалайды. Сонда ғана олардың бойында заңның ақиқаттылығы мен әділдігі туралы қалыптасқан көзқарастары мен сенімдерінің жиынтық бейнесі қалыптасады.

Қолданылған әдебиеттер

1. Әпенев С. М. Қылмыстық – атқару құқығы. Оқу құралы. Алматы, 2001, 32 – 35 беттер.

VII – бөлім

Социологиялық зерттеулер: құрылымы, процесі, тәсілдері мен амалдары

I тарау.

СОЦИОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРДІҢ МЕТОДОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1. Қолданбалы социологиялық зерттеулердің кезеңдері мен түрлері

Социология ғылымының пайда болуы мен дамуы өмірлік тәжірибеден алынған мағлұматтарды талдаумен тығыз байланысты. Социологиялық зерттеулер дегеніміз зерттеліп отырған нысан туралы объективті мағлұматтар алу мақсатындағы бір-бірімен өзара байланысты жүргізілетін логикалық, методологиялық, тәсілдік және ұйымдастырушылық-техникалық амалдар жиынтығы. Нақтылы социологиялық зерттеулер:

- қоғамдағы әлеуметтік құбылыстар мен процестердің шынайы сипатын білуге жағдай жасайды;
- әлеуметтік байланыстарды дамытудағы қайшылықтар мен тенденцияларды айқындауға мүмкіндік береді;
- экономикалық, саяси және әлеуметтік дамудың бағдарын айқындауға көмектеседі;
- қоғамдық прогресс жолдарын анықтауға жағдай жасайды.

Социологиялық зерттеулер теориялық сипаттағы методологиялық тұжырымдамаларды және нақтылы әлеуметтік құбылыстарды немесе процестерді зерттеуге арналған әдістерді қамтитын бағдарламалар жасаудан бастау алады.

Социологиялық зерттеулер әлеуметтік процестер мен құбылыстарды танудың тек бір құралы ғана болып табылады, сондықтан да оның нәтижесін асыра дәріптеуге болмайды. Бірақ ол басқа тәсілдердің жанында біздің қоғамды тану мүмкіндіктерімізді арттыра түсетін, объективті мағлұмат алудың маңызды құралы.

Қолданбалы социологиялық зерттеулер әлеуметтік теориялардың тәжірибелік негізін құрайтын деректерді немесе тапсырыс берушілердің (мекемелердің, қоғамдық ұйым өкілдерінің, партиялар мен қауымдастықтардың, мемлекеттік басқару органдарының, бұқаралық ақпарат құралдарының) нақтылы практикалық қажетін қанағаттандыра отырып, дербес нақтылы-қолданбалы ұғымға ие болатын мәлімет жүйелерін алуға бағытталған. Ол теориялық болжамдарды дәлелдеу немесе жалған екенін анықтау мақсатында жүзеге асады. Қолданбалы социологиялық зерттеулер бір-бірінен зерттеу қызметінің сипаты мен мазмұны, қалыптары мен амалдары арқылы ерекшеленетін бірнеше кезеңнен өтеді. Бұл кезеңдер түпкі мақсат логикасына өзара байланысып жатады. Қолданбалы социологиялық зерттеулер негізінен төменгідей кезеңдерге бөлінеді: 1) дайындық кезеңі; 2) жорық кезеңі; 3) мағлұматтарды өңдеуге дайындау және өңдеу кезеңі; 4) мағлұматтарды талдау және социологиялық зерттеудің қорытынды құжаттарын дайындау кезеңі.

Қолданбалы социологиялық зерттеудің дайындық кезеңінде әртүрлі жұмыстар, ғылыми және практикалық амалдар атқарылады. Дайындықтың сапалылығы болашақта жиналатын мағлұматтардың сапалылығын қамтамасыз етеді. Бұл кезеңде тақырып анықталып, теориялық тұжырымдама, бағдарлама жасалады, іріктеу өлшемдері анықталады. Мағлұмат жинауға арналған әдістемелік құжаттар жасалып, зерттеу ауқымы мен құралдары анықталады, зерттеу топтары қалыптасады, жұмыс кестесі жасалады, ұйымдастыру шаралары жүргізіледі, жұмысты материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз етуге байланысты мәселелер шешіледі.

Жорық кезеңі (немесе алғашқы әлеуметтік мағлұматтарды жинау кезеңі) мағлұматтарды

“алаңнан” (жеке адамдардан, аудиториялардан, сыныптардан, үйден, мекемеден, т.б.) жинаумен байланысты. Мағлұматтар зерттеу бағдарламасына сәйкес әртүрлі сұрау жүргізу (анкеталық, сұхбаттық, эксперттік, т.б.), бақылау, құжаттарға талдау жасау, эксперимент сияқты тәсілдер көмегімен жиналады.

Мағлұматтарды өңдеуге дайындау және өңдеу кезеңінде жиналған мағлұматтардың барлығы іріктеу өлшемдерінен ауытқуын тексеру тұрғысынан зерттеледі. Тексеру жұмысы әдістемелік құжаттардың дәлдігі мен толықтығына байланысты. Мұнымен қоса бұл кезеңде ашық сұрақтарды кодпен белгілеу жүзеге асады. Мағлұматтарды компьютерде өңдеудің логикалық бағдарламасы жасалады. Кейбір жағдайларда (мағлұматтар аз болғанда) мағлұматтарды өңдеу қолмен атқарылады.

Мағлұматтарды талдау және социологиялық зерттеудің қорытынды құжаттарын дайындау кезеңі — қорытынды кезең. Талдаудың методологиялық негізі дайындық кезеңінде жасалған зерттеу бағдарламасы болып табылады. Талдау тәсілі социологиялық зерттеудің түріне, оның мақсаты мен міндетіне байланысты таңдап алынады. Талдау барысында алдын ала жасалған ғылыми болжамдарды құптау немесе жоққа шығару туралы қорытынды жасалады, әлеуметтік байланыстар, тенденциялар, қайшылықтар, парадокстар, жаңа әлеуметтік мәселелер аңғарылады. Сонымен қатар, жасалған жұмыстардың нәтижелері айқындалады. Қорытынды құжат зерттеудің түріне және тапсырыс берушінің өтінішіне байланысты жасалады.

Зерттеудің сандық-сапалық талдау деңгейіне, шешілетін мәселелердің ауқымына және қиындығына қарай қолданбалы социологиялық зерттеулерді негізгі үш топқа бөліп қарастырады:

- прогноздық социологиялық зерттеулер;
- сипаттамалық социологиялық зерттеулер;
- талдамалық социологиялық зерттеулер.

Прогноздық, барламалық зерттеу өзінше бір сынақ болып есептеледі және негізгі жұмысқа дайындық сапасын тексеруге арналады. Оның қамтитын зерттеу ауқымы шағын болады және жеңілдетілген бағдарлама мен шектеулі зерттеу құралдарына негізделеді. Барламалық зерттеу кезінде болашақ негізгі зерттеудің барлық құрамдас бөліктері тексеруден өтеді, оның міндеттері және болжамдары анықталады, негізгі ұғымдарды операцияландыру сапасы тексеріледі, зерттеу құралдары анықталады, зерттеу ауқымының шекаралары нақтыланады, зерттеу барысында кездесуі мүмкін қиындықтар қарастырылады, мағлұматтар жинау тобы тәжірибе жинақтайды. Барламалық, прогноздық зерттеулердің нәтижесінде жаңа болжамдардың қалыптасуы және шұғыл әлеуметтік мәліметтердің жиналуы жиі кездеседі. Іріктеу көлемін анықтаудың арнайы бір мөлшері жоқ, әдетте зерттелетін ауқым 50-100 адамнан құралады, бірақ мөлшер зерттеу мақсатына жету үшін маңызды болып саналатын респондент топтарының барлығын қамтуы қажет.

Сипаттамалық зерттеу — нақтылы социологиялық талдаудың күрделенген түрі. Өзінің алдына қойған мақсаты мен міндетіне сәйкес ол зерттеліп жатқан құбылыс туралы және оның құрамдас бөліктері жайында толық мағлұмат беретін тәжірибе деректерін пайдаланады. Сипаттамалық зерттеу жеткілікті түрде өңделген бағдарламалар мен әдістемелік тұрғыдан талдап алынған құралдар көмегімен жүзеге асырылады. Сипаттамалық зерттеу, көбінесе, талдау нысаны әртүрлі сипаттамалармен ерекшеленетін үлкен қауымдар болған кезде қолданылады. Бұл жағдайда зерттелінбек сипаттамаларды салыстыруға, ол сипаттамалардың өзара байланыстар орнатқанын, не орнатпағандығын айқындауға болады. Сипаттамалық зерттеудегі мағлұмат жинау тәсілін айқындау зерттеудің міндеті мен бағытына қарай анықталады.

Талдамалық зерттеудің мақсаты — зерттеліп жатқан құбылыстың құрамдас бөліктерін сипаттау ғана емес, сонымен бірге оның негізінде жататын және сипаты мен ерекшелігіне себепші болатын құбылыстарды анықтау. Бұл социологиялық талдаудың ең күрделенген түрі. Сондықтан тиянақты

жасалған даярлықты, бағдарламаны және зерттеу құралдарын қажет етеді. Талдамалық зерттеуде қолданылатын әлеуметтік мағлұматтарды жинау тәсілі кешенді сипатқа ие, бұл жерде бір-бірін толықтыратын сұрау салу, құжаттарды талдау, бақылаудың әртүрлі үлгілері қолданылуы мүмкін.

Мұндай зерттеу кезінде зерттеу нысандарының жасына қарай бөлінуі өзгеріссіз қалып, зерттелінбек тарихи уақыт пен когорталар өзгеріп отырады. Мәліметтер бірдей әлеуметтік жағдайдағы нысандар зерттеле отырып алынады.

Тарихи және когорталық бағыттың екеуі де адамның жекелеген тұрмыс-тіршілік жолдарына талдау жасауға мүмкіндік бермейді. Бұл үшін панельдік және лонгитюдтік зерттеулер жүргізіледі.

Панельдік зерттеу жүргізу барысында бұрын зерттелген адамдар тобы бірдей уақыт аралығы арқылы қайта тексеріледі. Қайталану жиілігі, сондай-ақ, тексеру ұзақтығы әртүрлі болып келуі мүмкін және тексерістер арасындағы уақыт аралығы зерттеушінің өз қалауымен белгіленеді. Бірақ бірдей әдістеме қолданылады. Панельдік зерттеу барысында бұрынғы бірлікті қатаң сақтау зерттеліп жатқан нысандардың жекелеген өзгерістері туралы мағлұмат дұрыстығының маңызды шарты болып табылады. Бір панельдік зерттеуден екінші панельдік зерттеуге дейін бұрынғы іріктеудің сақталмауы үлкен кемшілік болып саналады. Бір рет іріктелінген топ уақыт өте келе негізгі зерттеу нысанына қатысты типін жоғалтып, олар туралы берілген мәліметтер құндылығынан айрылады. Сондықтан панельдік зерттеулер жүргізіліп жатқан нысан көлемі мен құрылымына қарай барынша тұрақтылығын сақтап қала алатындай уақыт аралығында жүргізілгені жөн.

Егер қайта тексеріс кезеңі зерттеліп жатқан нысанның түп төркініне үңіле отырып, нақтыланған даму сатысының жетістікке жету бағытына қарай іріктелген болса, онда бұл түрдегі зерттеулер лонгитюдтік деп аталады. Панельдік зерттеулерде тексеру нысаны ретінде әртүрлі жас топтары қарастырылса, лонгитюдтік зерттеуде тек серпімді дамушы топ ретіндегі жастар қарастырылады. Лонгитюдтік зерттеулердің қайта тексерудің басқа түрлерімен салыстығандағы айырмашылығы — қарастырылып жатқан нысандардың даму процестерін түсіндіруге, сол нысан ішіндегі топтардың ерекше түрлерін анықтауға, әртүрлі әлеуметтік топтардағы индивидтердің қалыптасу тенденциясына талдау жасауға, қарастырылып жатқан белгілердің өзгерістерін айқындап, олардың даму процесінің детерминанттарын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Лонгитюдтік зерттеу жүргізу ұзақ методологиялық және әдістемелік даярлықты және біршама уақыт пен қаржыны қажет етеді. Бұл жағдайда зерттеудің біркелкілігі сақталуы қажет.

Когорталық және тарихи зерттеу бағыттарын, панельдік, әсіресе, лонгитюдтік қайта зерттеудің барлық түрлерін жүргізу барысында компьютерлік мәліметтер базасын құру және арнайы бағдарламалық құрал-жабдықтарды қолдана отырып, алынған материалдарды өңдеу олардың нәтижелілігінің басты шарты болып табылады.

Қоғамдағы басқару жүйесін жетілдіріп, әлеуметтік құбылыстарды жедел талдауды ұйымдастыру үшін саяси, экономикалық және әлеуметтік мазмұндағы күрделі мәлімет ағындарын қабылдап, талдап отыру қажет. Әдетте жүйеленбеген, салыстыруға келмейтін мұндай мәліметтер әртүрлі тәсілдер арқылы жиналып, әртүрлі каналдардан келіп түседі. Нақтылығы әртүрлі деңгейдегі бұл мәліметтер кейде қосарланып түседі және бірі толық, екіншісі кемшіл соғып жатады. Сондықтан әлеуметтік шындықтан сенімді мағлұмат алу үшін белгілі бір аймақта, елді мекендерде әлеуметтік өзгерістерді барынша анық көрсететін, салыстырмалы түрде оңай жіктеліп, жүйеленіп, сандық түрде талданып қорытылатын мәліметтерді арнайы жинап өңдеу қажет.

Қоғамда кездесетін құбылыстар мен процестер туралы үздіксіз, шұғыл мәліметтер алатын әлеуметтік мониторинг жүйесі бұл секілді мәселелерді шешудің нәтижелі жолы болып табылады. Социологиялық мониторинг — келіп түскен мәліметтерді жазып алуға, сақтауға және алғашқы талдау жасап шығуға мүмкіндік беретін біртұтас жүйе. Ол берік методологиялық базаны және оны іске асыру үшін қажетті техникалық жабдықтарды қажет етеді.

Социологиялық мониторинг жүйесін екі салаға: әлеуметтік мониторинг және статистикалық мониторинг деп бөліп қарастыру қажет.

Әлеуметтік мониторинг қоғамда болып жатқан өзгерістерді қадағалап отырудың біртұтас жүйесі болып табылады. Оның басты міндеті — жаңа, қажетті және жүйеленген мәліметтерді бірден емес, белгілі бір уақыттарда жүйелі түрде алып тұру болып табылады.

Әдетте, аса зәру проблемалар бойынша әр айда, тоқсанда экспресс сауалнамалар өткізіліп тұрады.

Статистикалық мониторинг — сандық сипаттамалар, нақтырақ айтқанда қоғам өмірінің түрлі жақтары туралы статистикалық көрсеткіштер мен коэффициенттер алу жүйесі. Оның басты мақсаты саяси, экономикалық, әлеуметтік т.б. құбылыстарды тиімді талдауға қажетті әлеуметтік және экономикалық статистика көрсеткіштерін жинап беру болып табылады.

Әлеуметтік және статистикалық мониторингтер түрліше мағлұматтар береді: әлеуметтік мониторинг түрлі мәселелерге қатысты адамдардың субъективтік пікірлерін білдірсе статистикалық мониторинг объективті сандық көрсеткіштердің көмегімен түрлі құбылыстарды сипаттайды. Бірақ та әлеуметтік және статистикалық деректер сипатының түрліше болуына қарамастан әлеуметтік және статистикалық мониторингтер жүйесін ұйымдастыру принциптері бір-біріне сай келеді, бұл екеуі біріге келе әлеуметтік мониторингтік біртұтас жүйесін құрайды.

Сонымен әлеуметтік мониторинг дегеніміз қоғам өмірінің аса зәру проблемалары жайлы әлеуметтік және статистикалық, мәліметтер алу, өңдеу және сақтаудың тармақталған жүйесі. Әлеуметтік мониторингтің негізгі сипаты:

- 1) елдегі аса елеулі құбылыстарды қамтып отыруы;
- 2) әлеуметтік және статистикалық көрсеткіштердің белгілі бір тұрақты түрлерінің болуы;
- 3) пайдаланудың қажетсінуіне қарай өзгеріп отыратын, сөйтіп мониторингтің икемділігін қамтамасыз ететін уақытша көрсеткіштердің болуы;
- 4) мәліметтерді байланыс каналдары арқылы орталық есептеу орталығына беру, оларды өңдеу және сақтау жүйесінің болуы;
- 5) мониторингті біртұтас ұйымдық орталықтан жүргізу;
- 6) бар мәліметтерді пайдалануды ұйымдастыру.

Әлеуметтік мониторинг жүйесі қызметінің аса маңызды міндеті әлеуметтік және статистикалық мәліметтерді кешенді түрде өңдеуді ұйымдастыру болып табылады. Мұндай мәліметтерді алу адамдардың іс-әрекетінің заңдылықтарын объективті негіздеуге мүмкіндік береді, адам мүдделері, құндылық бағыттары, сарындары, мақсаттары дәл сипатталатындықтан да әлеуметтік және статистикалық мәліметтерді өзара салыстыру қиындығы едәуір азаяды. Бірыңғай орталықтың болуы сұрыптауды дәл жүргізуді қамтамасыз етеді, зерттелінетін нысанның бір сарындылығын қадағалау алдын-ала жасалынған өлшемдер бойынша алынған мәліметтерді салыстыра қарауды жеңілдетеді.

Әлеуметтік мониторингті жүргізгенде мәліметтер жинаудың мынадай принциптері сақталуы қажет:

- 1) әлеуметтік және статистикалық бақылаудың бір территорияда немесе әкімшілік аймақта жүргізілуі;
- 2) әлеуметтік және статистикалық мәліметтер жинау мерзімінің жоспарлылығы;

- 3) мәліметтер алудың бірыңғай формаларының болуы;
- 4) әлеуметтік және статистикалық мәліметтерді салыстыру өлшемдерінің жасалуы;
- 5) бірыңғай әлеуметтік ақпарат банкінің болуы, оның сақталуы және толықтырылып отыруы.

Елдің басқару жүйесін, әлеуметтік ғылымды қоғам өмірі туралы сапалы мәліметтермен қамтамасыз етіп отырумен бірге әлеуметтік мониторинг кез келген адамды оны қызықтыратын барлық мәселелер бойынша материалдармен жабдықтай алатын болуы керек. Мониторинг жүйесінде пайдаланушыны бағдарламалық жағынан қамтамасыз ету аса маңызды. Оған мынандай міндеттер жатады:

- 1) түсінуге оңай мәліметтер ұсыну;
- 2) пайдаланушының мақсатына орай мәліметтерді тез тауып сұрыптау;
- 3) сұрыпталған мәліметтерді өңдеу әдістерімен өңдеудің нақтылы нәтижелерін рәсімдеу формаларын таңдауға мүмкіндіктер беру.

Тұтынушыларға ақпараттық қызмет көрсетуді жаңаша ұйымдастыру — социологиялық зерттеудің сапасы мен тиімділігін арттырудың аса маңызды бағыты және қазіргі заманғы әлеуметтік мониторингтің негізгі міндеттерінің бірі.

2. Қолданбалы социологиялық зерттеу бағдарламасы

Қолданбалы социологиялық зерттеу бағдарламасы зерттеудің барлық кезеңдерін жүргізудің теориялық-методологиялық негізін — мәліметтер жинау, оларды өңдеу мен талдауды қамтиды. Бағдарлама ғылыми құжат ретінде бірқатар талаптарға жауап беруі тиіс. Бағдарлама методологиялық, әдістемелік және ұйымдастырушылық сипаттағы түрлі қызмет атқарады. Бағдарлама қарастырылатын проблеманы дәл айқындауға, зерттеудің мақсаты мен міндетін белгілеуі, зерттеу нысаны мен пәнін анықтап, алдын ала талдаулар жүргізуге, болжамдар жасауға, негізгі ұғымдарды бөліп алуға, оларды түсіндіріп, тексеруден өткізуге мүмкіндік беруі қажет. Бұл — оның методологиялық қызметі болып табылады. Бағдарламаның мұндай қызметі осы зерттеу жұмысында бұрын осы іспеттес проблемалар бойынша жүргізілген істерге белгілі бір көзқарастың қалыптасуынан да көрінеді. Бағдарламаның методологиялық бөлігі не зерттелінеді деген сауалға толық жауап беруі тиіс.

Әдістемелік және ұйымдастырушылық қызметті бағдарламаның екінші бөлігі орындайды. Онда зерттеудің қалай жүзеге асатындығы, мәліметтер жинаудың қандай әдістері қолданылатындығы, сұрыптаудың қалай жүргізілетіндігі, алынған мәліметтердің қалай өңделіп, талданылатындығы көрсетіледі. Осылардың барлығы әдістемелік қызметтің мәнін білдіреді. Ұйымдастырушылық қызметті бағдарламаның зерттеу процесін нақтылы да тиімді ұйымдастыруды қамтамарыз ететін жұмыс жоспары, зерттеу ұжымының әр мүшесінің міндеттері, тапсырманы орындау мерзімі, жұмсалатын шығын көрсетілген бөлігі атқарады.

Бағдарламаның бірінші әдіснамалық тарауында бірнеше құрамдас бөлімдер болады. Оларға:

- 1) проблеманы талдау мен проблемалық жағдайды анықтау;
- 2) зерттеу нысанын айқындап, оны алдын ала ой елегінен өткізу;
- 3) зерттеу пәнін анықтау, оны алдын ала сараптау;
- 4) зерттеудің мақсаты мен міндетін айқындау;
- 5) болжам жасау;
- 6) негізгі ұғымдарды іріктеп алып, оларды түсіндіру.

Социологиялық бағдарлама жасағанда алдымен зерттелуге тиісті проблема ой елегінен өткізіліп, талданады. Әдетте проблемалық жағдайлар бірнешеу болады, бірақ олар өзара бір-бірімен терең байланысып жатады. Оның үстіне бұл байланыстар әртүрлі болып келеді. Ал проблема проблемалық жағдайдан кең болуы мүмкін. Кейде, керісінше, проблемалық жағдайда бірнеше проблемалар болып немесе ол көптеген проблемалардан туындауы мүмкін. Проблемалық жағдай бір проблеманың аясында қаралуы мүмкін, бірақ ол одан кіші, не кең бола береді. Проблема мен проблемалық жағдайдың арақатынасы әлеуметтік нысанды зерттеудің түріне, ауқымы мен тереңдігіне байланысты. Социологиялық зерттеудің бағдарламасын жасау барысында біз нені, қандай ауқымда зерттейміз дегенді дәл анықтап алуымыз қажет. Егер проблема шешімін таппаған абстрактылы түрдегі міндет болса, онда проблемалық жағдай эмпириялық зерттеуге жататын қайшылықты нақтылы анықтайтын проблеманың квинтэссенциясы іспеттес.

Әлеуметтік және ғылыми проблеманы ажырата білу керек. Әлеуметтік проблема дегеніміз оны шешуге бағытталған іс-әрекеттер ұйымдастыруды талап етіп отыратын өмірдегі әлеуметтік қайшылықтар. Ғылыми проблема дегеніміз қоғамның белгілі бір іс-әрекеттерді қажет етуін білу мен оларды жүзеге асырудың тәсілдері мен құралдарын білмеу арасында туған қайшылықтар. Оның үстіне ғылыми проблеманың қойылуы зерттелгеннен зерттелінбеген ауқымға шығуды да білдіреді.

Әлеуметтік проблема әртүрлі масштабта болады. Бір шағын әлеуметтік топтарды (оқу орны, кәсіпорын ұжымдары), не шағын территорияны (шағын аудан, немесе шағын елді мекен), екіншісі үлкен әлеуметтік топтарды (кәсіптік топ, этникалық топ, жастар), әлеуметтік институттарды (отбасылар, әскери қызметкерлер, білім беру саласы қызметкерлері, т.б.), тұтас аймақтарды, үшіншісі бүкіл қоғамның қажеттіліктері мен мүдделерін (әлеуметтік, экономикалық, саяси, т.б.), төртіншісі бірнеше (көптеген) елдерді толғандыратын әлеуметтік проблемаларды (экологиялық, ұлттық азшылық, демократияның дамуы т.б.) қамтиды.

Танымдық проблема (ғылыми, әлеуметтік) өзінің күрделілігіне, белгілі бір қайшылықтарды шешуде әлеуметтік қажеттіліктің пісіп жетілу деңгейіне (тұтастай қоғамдық, не бір әлеуметтік құрылым проблемасын шешу қажеттілігін түйсініп, оны шешуге даярлығына), осы сала бойынша ғылыми білімдердің дәрежесі мен социологтардың практикалық тәжірибелеріне келіп тіреледі. Бағдарламаны жүзеге асыру зерттеу түріне байланысты. Шын түрін анықтағанда зерттеу нысаны мен пәнін зерттеу тереңдігі негізге алынады. Осы негізде зерттеулер барламалық, сипаттамалық және талдамалық түрлерге бөлінеді. Бұлардың ішінде талдамалық зерттеу ең күрделісі және тереңі саналатындықтан да оның бағдарламасы барынша жетілген әрі терең болуы керек.

Сонымен, социологиялық зерттеу нысанына айналуға тиісті проблема бар делік. Проблеманы айқындау әлеуметтік білімдермен шектеліп қана қоймайды. Эмпириялық социологиялық зерттеудің бір ерекшелігі — оның бірнеше пәндерді қамтуы. Сол себепті де социологиялық зерттеу әлеуметтік проблеманы талдау барысында нақтылы проблеманы зерттеуге көмектесетін әр түрлі деректерді пайдаланады. Бұл деректер философия, экономика, саясаттану, халықтану, құқықтану, педагогика, т.б. салалардан болуы мүмкін. Социолог әлеуметтік проблеманы зерттеп, ол туралы материалдар жинай бастағанда ғылыми әдебиеттермен, оқулықтармен, анықтамалықтармен, сөздіктермен, мерзімді басылымдармен танысу, арнаулы теле және радио хабарлар көріп, тыңдау, мамандармен кеңесу, олардан алған ақпараттарды өз әріптестерімен талқылау, өзінің ғылыми және практикалық тәжірибесін пайдалану, т.б. іс-әрекеттердің барлығы кәдеге асатын болады. Басқа ғылым салаларының жетістіктерін ескермеу, әріптестерінің тәжірибелеріне онша мән бермеу проблеманы зерттеу ісінде біржақтылыққа, субъективтілікке апарып соқтырады.

Проблеманы қарастыру дегеніміз оған логикалық талдау жасау деген сөз. Әдетте, алдымен мәселе жалпылама қойылады да артынан барып оның кейбір жақтары нақтылана түседі. Проблемаға логикалық талдау жасау екі түрлі болады: 1) жүйелі немесе құрылымдық; 2) функционалдық немесе факторлық. Біріншісінде зерттелінетін құбылыстың, не процестің құрылымын (немесе жүйесін) анықтап, қарастыру көзделеді. Мұнда проблема ішкі жағынан қарастырылады. Процесс не құбылыс құрамдас бөліктерге бөлшектеніп, олардың өзара байланыстары мен сипаттары анықталады. Функционалдық (факторлық) талдауда қарастырылып отырған процеске, құбылысқа сырттан әсер ететін факторлар айқындалады. Бұлар әлеуметтік процестің немесе құбылыстың дамуына қолайлы жағдай жасайтын, не кедергі келтіретін факторлар болуы мүмкін. Сондай-ақ, зерттелініп отырған процестің не құбылыстың өзінен үлкен әрі күрделі әлеуметтік процестер мен жүйенің құрамына енуін айқындайтын байланыстары мен механизмдері де анықталады. Бұл ретте қарастырылып отырған құбылыстың не процестің пайда болуына, дамуына әсер ететін әлеуметтік жағдайларды жүйелеу қажет. Бұл жағдайлардың әсер ету дәрежесін анықтау дегеніміз олардың қайсысы бірінші кезекте, шешуші, маңызды, қайсысы екінші кезекте, жанама, онша маңызды емес екенін сараптау. Осылайша проблеманы логикалық жағынан терең ойластыру мәселені зерттеудің негізгі принциптерін айқындауға көмектеседі. Эмпириялық зерттеуде проблемаға логикалық талдау жасағаннан кейін барып проблемалық жағдайды дәл белгілеуге болады. Зерттелініп отырған проблеманы неғұрлым дәл, анық түсінсек, проблемалық жағдай да соғұрлым ықшам әрі түсінікті болады.

Проблеманы талдау барысында зерттеу нысаны айқындала түседі. Социологиялық зерттеудің нысаны ретіндегі әлеуметтік өмір белгілі бір дәрежеде әлеуметтік қайшылықтары бар әлеуметтік институттардың, топтардың, процестердің қарым-қатынастары түрінде ұғынылады. Кең мағынасында, социологиялық зерттеудің нысаны әртүрлі қауымдарға, топтарға, ұйымдарға топтасып, түрлі әлеуметтік процестерге тартылған адамдар болып табылады. Осы адамдар белгілі

бір әлеуметтік проблеманың иесі болып танылады.

Эмпириялық зерттеу нысанын белгілер алдында кеңістіктік-мерзімдік, сапалық-сандық сипаттамалар анықталуы қажет. Бағдарламаның “Зерттеу нысаны және оны алдын ала талдау” деп аталатын тарауында нысанның мынадай белгілері көрсетіледі:

1. кеңістігі (ел, аймақ, қала, кәсіпорын);
2. мерзімі (зерттеу жүргізу мерзімі);
3. саласы (өнеркәсіп, білім беру, мәдениет, коммерция т.б. салалар).

Зерттеуге таңдап алынған әлеуметтік нысан тұтас жүйе ретінде сипатталып, екі тұрғыдан қарастырылады:

- 1) Одан да үлкен біртұтас жүйенің бір бөлігі ретінде, яғни факторлық (функционалдық) талдау жүргізіп, зерттеу нысанына әсер ететін сыртқы факторлар, олардың әрекет ету шарттары, әрекеті, дамуы анықталады;
- 2) зерттеу нысаны жеке бөліктерден тұратын дербес біртұтас жүйе ретінде, яғни нысанның ішкі құрылымына (мысалы, студент жастар әлеуметтік нысан ретінде жігіттер мен қыздардан, түрлі жастағы, әлеуметтік шығу тегі әртүрлі топтардан, түрлі мамандық бойынша оқып жатқандардан тұратын тұтастық ретінде) талдау жасалады.

Біріншісінде нысан үлкен жүйенің құрамдас бөлігі болып, сыртқы байланыстарымен сипатталса, екіншісінде ішкі құрылымы қарастырылады.

Көбінесе, социологиялық зерттеу нысанының құрамдас бөліктері тұтас қамтуға симай жатады. Сондықтан да нысанды таңдағанда зерттеліп отырған жүйенің жалпы ерекшеліктерін сипаттайтын құрамдас бөліктер, яғни оның шамамен алғандағы негізгі жиынтық мөлшері анықталады.

Нысанды бөліп алу социологиялық зерттеу пәнін анықтаумен тығыз байланысты. Эмпириялық социологиялық зерттеудің пәні нысанның әлеуметтік проблеманы шешу үшін аса маңызды жақтары, өзіндік ерекшеліктері мен қарым – қатынастары болып табылады. Пәннің нысанда пайда болған қайшылықтарды неғұрлым толық сипаттайтын жақтары болады. Бір нысан түрлі әлеуметтік проблема тұрғысынан зерттеліп, соған орай бірнеше пәнге айналуы мүмкін.

Эмпириялық социологиялық зерттеу пәні зерттеліп отырған әлеуметтік нысан көлемінде шектеліп, құрылымы күрделі болып келеді. Эмпириялық зерттеудің пәніне нақтылы әлеуметтік нысанның тікелей сипаттауға, жіктеуге келетін, әлеуметтік факторларды статистикалық жинақтау жолымен өлшеуге болатын жақтары, қасиеттері мен қарым-қатынастары жатады. Эмпириялық зерттеу пәні абстрактылы әлеуметтік нысандарды, теориялық схемалар мен модельдерді қарастыратын теориялық зерттеулер пәнінен ерекшеленеді.

Сонымен, проблема, проблемалық жағдай анықталып, зерттеу нысаны анықталды. Енді зерттеуші социолог (зерттеу субъектісі) нысандағы проблеманы сипаттайтын кейбір қасиеттерін, жақтарын айқындап, зерттеу пәнін белгілейді. Әлеуметтік шындықтың күрделілігі, көп түрлілігі соншалық, шын мәнінде оны біртұтас күйінде зерттеу мүмкін емес. Сондықтан да біз зерттеу нысанының кейбір жақтарын бөліп алып (пәнін анықтап), зерттеу шекарасын белгілегендей боламыз. Зерттеу нысанын осылайша алдын ала белгілеу оның бізді қызықтыратын (бөліп алынған) қасиеттерін, белгілі бір ерекшеліктерін барынша мұқият қарастыруға мүмкіндіктер береді.

Социологиялық зерттеу пәні зерттеу нысанына ұқсас көрінгенімен де әдетте оған сәйкес келмейді. Зерттеу нысаны мен пәні нақтылы әлеуметтік нысанның өмір сүру, даму заңдылықтарының бүкіл жиынтығын білу қажет болғанда ғана бір-біріне сәйкес келуі мүмкін. Мысалы, студенттердің

элеуметтік топ ретінде қалыптасуының негізгі заңдылықтарын зерттеу. Бірақ біз бұл жерде қолданбалы социологиялық зерттеу шеңберінен шығып, арнайы социологиялық теориялық білімдер деңгейіне көтерілеміз.

Әдетте, зерттеу пәні кеңістіктік және мерзімдік жағынан шектеулі болады. Эмпириялық зерттеу пәні теориялық социологиялық зерттеу пәнінің бір бөлігі саналады. Теориялықтан эмпириялыққа ауысу бөлініп алынған ұтымдарды қайта қарау көмегімен жүзеге асады. Зерттеу пәнін нақтылау нәтижесінде социологиялық нысанның зерттелініп отырған проблемалық жақтары туралы пікірлер жүйесін түзетін болжамдар пайда болады. Зерттеу пәнін таңдау мен негіздеудің бірнеше ережелері бар. Социологиялық нысанды талдап, зерттеу үшін оның бір жағын бөліп алғанда, біріншіден, алға қойылған барлық танымдық міндеттер барыыша тиянақты болуы керек; екіншіден, зерттеу пәні шартты түрде дербес болуы керек, бұл болжам жасап, оны эмпириялық тұрғыдан тексеру үшін қажет; үшіншіден, зерттеу пәнін таңдап, негіздеу эмпириялық зерттеуден танымның теориялық деңгейіне ауысады, не керісінше болады; төртіншіден, нысанның белгілі жақтарының таңдап алынған жиынтығын зерттеу барысында алынған нәтижелер бас жиынтыққа ауыстырылуы мүмкін.

Эмпириялық социологиялық зерттеудің нысаны мен пәнін белгілеп алған соң, алдағы жұмыстардың мақсаты мен міндеті айқындалуы тиіс. Мақсат — зерттеудің жалпы бағыты, күтілетін соңғы нәтижесі.

Проблеманы шешу барлық уақытта да мақсатқа байланысты. Эмпириялық зерттеу алдымен практикалық мақсатқа жетуге, элеуметтік проблемаларды шешудің алгоритмдерін іздеуге, практикалық ұсыныстар жасауға бағытталады. Мұндай зерттеуде жаңалық болуы міндет емес, проблеманы белгілі бір дәрежеде “типтік” сипатта шешілуі мүмкін.

Мақсатты дәл айқындау бағдарламаның аса маңызды методологиялық талабы. Эмпириялық зерттеудің мақсатын белгілегенде міндетті түрде тапсырыс берушімен келісу керек. Талдамалық зерттеу бағдарламасында мақсат қарастырылып отырған құбылыстың, процестің құрамдас бөліктерін сипаттап қана қоймай, оның пайда болу, даму себептері мен деректерін анықтауға бағытталуы керек. Егер эмпириялық социологиялық зерттеудің мақсаты зерттеуші мен тапсырыс берушіге толық түсінікті болмаса, онда соңғы сатысында екеуінің арасында келіспеушілік тууы мүмкін. Мақсат дәл де түсінікті болуы үшін ол бүге-шігесіне дейін айқындалады және бағдарламада мақсатқа негізделген басты және қосымша міндеттер көрсетіледі. Бағдарламада зерттеудің міндеті проблеманы талдау мен шешудің негізгі және қосымша талаптары көрсетілген нақтылы нұсқаулар жиынтығы түрінде болады. Кез келген зерттеуде міндеттің жалпы түріне жаңа мәліметтер алу да жатады. Социологиялық нысан түрлі факторлардың әсеріндегі күрделі де көп қырлы жүйе болғандықтан бағдарламада эмпириялық зерттеудің міндеттерін айқындағанда проблеманы тұтас күйінше шешуге бағытталған негізгі міндеттер мен проблеманың жекелеген жақтарын қарастыратын қосымша міндеттер бөлініп көрсетіледі. Қосымша міндеттер болашақ зерттеулерге дайындық, белгілі бір әдістемелік мәселені шешу үшін де қойылуы мүмкін.

Міндеттерді негізгі және қосымша деп бөлу социологтарға күші мен уақытын тиімді пайдалануға, ең алдымен, басты міндеттерді шешуге күш салуға мүмкіндік жасайды. Алға мақсат пен міндеттің қойылуы социологиялық зерттеу ісінде жүйелілікті қамтамасыз етеді.

Бағдарлама жасаудағы келесі саты — жұмыс болжамдарын ұсыну. Болжам дегеніміз зерттелінетін социологиялық нысанның құрылымы, оның құрамдас бөліктері арасындағы байланыстардың сипаты, элеуметтік проблеманы шешудің мүмкін жолдары жайлы алдын ала жасалынған пайымдаулар. Болжам ғылым дамуының деңгейін көрсететін білім түрі де болып табылады. Бірақ социологиялық зерттеулерде нақтылы бір проблеманы қарастыруға қажетті теориялық білімдер қоры барлық уақытта бола бермейді. Сондықтан социологиялық эмпириялық зерттеулер жұмыс болжамдарын қанағат тұтуы да мүмкін. Жұмыс болжамдары деп құбылыс пен процесті алдын ала түсіндіретін және зерттеудің алғашқы сатысында қолданылатын болжамдарды айтамыз. Талдамалық зерттеулерде болжамдар түсіндірмесі сипатта болуы керек. Егер социолог зерттелетін

проблемаға қатысты арнайы социологиялық теорияларды жете меңгерген болса, онда оның түсіндірмелі болжам ұсыну міндеті көп жеңілдейді. Зерттеу пәнін талдау сатысында-ақ жалпы болжамның жобасы көріне бастайды. Оның терең теорияға құрылған түрлері де кездеседі. Эмпириялық зерттеулерде мұндай теориялық болжам эмпириялық жолмен дәлелдеуге болатын түрге келтірілгені жөн.

Болжам жасауға белгілі бір талаптар қойылады. Болжам арнайы не жалпы социологиялық теорияға сәйкес, ғылыми негізді (яғни дәлелденгенге қайшы келмейтін), зерттелінетін проблема бойынша мағыналы, эмпириялық жолмен тексерілетін, логикалық тұрғыдан қайшылықсыз болуы керек.

Болжамдар түрлі негізде жіктелінуі мүмкін. Жалпылық дәрежесіне қарай анық эмпириялық белгілері байқалмайтын болжам және ұғымдары эмпириялық көрсеткіштерге қатысты болатын болжам болып бөлінеді. Мазмұнына қарай сипаттамалық (нысанның ерекшеліктері, кейбір құрамдас бөліктерінің өзара байланысуы, өзара әрекеттестік байланыстар жиілігінің деңгейін сипаттайтын) болжам, түсіндірмелі (байланыстың себеп-салдары түсіндірілетін) болжам, болжамдық (нысан дамуының тенденциялары мен заңдылықтарын ашатын) болжам болып бөлінеді. Зерттелгендігіне қарай болжамдар алғашқы (эмпириялық мәліметтерді алғанға дейін ұсынылған) және кейінгі (мәліметтерді өңдеу және талдау сатысында қаралып ұсынылған) болып келеді.

Болжам жасаудың негізгі қиындығы оның зерттеу мақсаты мен міндетіне сай келіп, ұғымдарының анық ойдың екі ұшты болмауына байланысты.

Бағдарламаның методологиялық бөлімінің соңғы тарауы “Негізгі ұғымдар, оларды түсіндіру, амалдандыру” деп аталады. Бағдарлама жасағанда негізгі ұғымдарды іріктеп алу маңызды. Бұл жұмыс зерттеу проблемасы мен пәнін талдау барысында атқарылады. Әлеуметтік құбылысты құрылым ретінде қарастыру белгілі бір абстрактылы ұғымдарды бөліп алу арқылы жүзеге асады. Мысалы, студенттердің “саяси белсенділігі” ұғымын алайық. Бұл абстрактылы ұғым саяси белсенділіктің, оның дәрежесінің әлеуметтік, демографиялық белгілермен байланыстылығы жайлы болжам ұсынғанда қолданады. Бірақ аталған болжамның дұрыс-бұрыстығын анықтау үшін “саяси белсенділік” ұғымын эмпириялық тәсілмен зерттеуге болатындай деңгейде тексеріп алатын боламыз. Абстрактылы ұғымды бұлайша бөлшектеу кезең-кезеңімен жүзеге асырылады.

Оның алғашқысы — ұғымды түсіндіру. Негізгі ұғымдарды логикалық талдаудың бұл сатысында ұғым туралы түсінік теориялық жағынан негізделеді. Түсіндірудің қиындығы: бір ұғым туралы түрлі ғылыми еңбектерде, түрлі түсініктер берілуінде жатыр. Ұғымды қате түсіндіру зерттеу логикасын бұзып, алға қойған мақсаттан басқа жаққа бұрып алып кетуі мүмкін. Анықтамалардың көмегімен ұғымды айқындап алу оның зерттеліп отырған әлеуметтік құбылыс пен процестің жалпы және елеулі қасиеттеріне қатысын да анықтау болып табылады. Негізгі ұғымдарды анықтап алудың эмпириялық социологиялық зерттеу үшін принциптік, методологиялық маңызы бар. Ұғымды зерттеу процесіне дұрыс пайдалану қиын болғанымен де бұл жұмыс проблеманы талдауда аса маңызды міндет саналады. Көбінесе, негізгі ұғымдар құрамына басқа да қосалқы ұғымдар кірігіп жатады. Мұндай жағдайда негізгі ұғымнан оның құрамындағы қосалқы ұғымдарды бөліп алу қажет.

Ұғымдармен жұмыстың келесі кезеңі — оларды амалдандыру, яғни ұғымды оның мәнін дәл беретін терминдер деңгейіне дейін бөлшектеп, бөліктерге бөлу, шынайы өмірдегі олардың көрінісін табу (басқаша айтқанда эмпириялық көрсеткіштер табу). Талдамалық зерттеуде амалдандырудың екі түрі: құрылымдық және факторлық амалдандыру жүзеге асады. Құрылымдық амалдандыруда негізгі ұғым құрамдас бөліктеріне, зерттеу пәнінің басты белгілеріне бөлшектенілсе, факторлық амалдандыруда зерттеліп отырған құбылыстың сипатын айқындауы мүмкін белгілер талданады.

Түсіндіру мен амалдандыру барысында негізгі ұғымның белгілерін табу алдын ала қатаң

белгіленген өлшемдер бойынша жүргізіледі. Осылайша логикалық талдаудың бүкіл процесінде теориялық (абстрактылы) ұғымдарды амалдандырып, соның көмегі арқылы эмпириялық мәліметтер жинауға қажетті құрал жасау жүзеге асады. Осымен бағдарламаның бірінші (методологиялық) бөлімі аяқталып, екінші бөлімінің жұмыстары басталады.

Бағдарламаның әдіс-тәсілдік бөліміне зерттеудің әдістемесі мен техникасы, яғни социологиялық мәліметтерді жинау, өңдеу және талдау тәсілдерін сипаттау кіреді.

Ереже бойынша эмпириялық зерттеу алдын ала сұрыпталған жиынтық нысанға жүргізіледі. Сұрыптаудың түрі мен тәсілі зерттеудің түріне, оның мақсаты мен болжамына тікелей байланысты. Талдамалық зерттеудегі сұрыптауларға неғұрлым қатаң талаптар қойылады. Олардың ішіндегі ең бастысы — оның репрезентативтілігі, яғни сұрыпталған жиынтық бас жиынтықтың негізгі сипаттамаларын білдіруі қажет.

Бұған қол жеткізу үшін сұрыптау ережесі қатаң сақталуы орынды. Сұрыпталған жиынтықтың зерттелетін белгілері талдау бірліктері деп аталады. Бұлар жекелеген индивидтер (егер жаппай тексеру жүргізілсе тұтас топтар) болуы мүмкін. Егер сұрыптау бірнеше кезеңде жүргізілсе, әр кезеңде іріктеп алынған белгілер іріктеу бірлігі деп аталынады. Сұрыптау тәсілі екі принципті шартқа негізделген: 1) зерттеу нысаны сапалық сипаттамасының өзара байланыстылығы мен шарттылығы; 2) құрылымдық жағынан біртұтас бас жиынтықтың шағын моделі болып табылатын оның бөліктерін қарастыру негізінде алынған тұжырымдардың бүгінге айналуға да қақылығы.

Мәліметтер жинау әдістерін сипаттау таңдалған тәсілдерді негіздеуі, құралдың негізгі құрамдас бөліктерін және олармен жұмыс істеудің техникалық жолдарын белгілеуі тиіс. Мәліметтерді өңдеу мен талдау тәсілдерін сипаттағанда оның қалайша жүзеге асатындығы, компьютерге арналған қолданбалы бағдарламаның қандай пакетін қолданатындығы көрсетіледі.

Сонымен бағдарлама зерттеу жұмыстарының белгіленген бағытта жүргізілуін ұйымдастырып, бағыттап, оның жүзеге асыру жолдарын көрсетіп отыратын өзіндік бір темірқазық сияқты.

Бағдарламаны дайындау жоғары кәсіптік біліктілікті, уақытты қажет етеді. Ереже бойынша оны жетекші мамандар даярлайды; ал оны жасауға зерттеу ісінің өзіне кететін уақыттан артық болмаса, кем уақыт кетпейді. Эмпириялық социологиялық зерттеудің жетістігі көбіне жүргізу бағдарламасының сапасына байланысты.

3. Социологиялық зерттеудегі сұрыптау тәсілі

Зерттелетін жиынтық нысанды түгел қамту аса көп материалдық және уақыт шығынын қажет ететіндіктен социологиялық зерттеулер әдетте сұрыптау түрінде өтеді. Сондықтан да жұмыстың жобасын түзгенде әрі өкілетті, әрі үнемді сұрыптау жасау негізгі міндеттердің бірі саналады.

Сұрыптаудың өкілеттілігі (репрезентативтілігі) деп оның нәтижесінде алынған жиынтықтың зерттелуге тиіс социологиялық нысанның жай-күйін дұрыс бейнелеуін айтады. Өкілеттілік қатал сақталатын жұмыс тәртібінің екі деңгейі арқылы қамтамасыз етіледі: біріншіден, сұрыптаудың стратегиясы мен әдіс-тәсілдері арқылы, екіншіден, сұрыпталған жиынтықтың нәтижелердің дәлдігін мүмкіндігінше қамтамасыз етуге жарамды барынша I шағын ауқымы арқылы.

Сұрыптаудың экономикалық тиімділігі оның ауқымынан (қанша нысан зерттеледі), сондай-ақ сипаты мен мерзімінен (қандай? қашан?) шығатын жалпы құнына байланысты. Сұрыптаудың сипаты бас жиынтықтың сипатымен және зерттеудің мақсатымен айқындалады.

Бас жиынтық деп зерттеліп отырған проблемаға қатысы бар нысандардың толық жиынтығын айтамыз. Бас жиынтықты дәл анықтау іс жүзінде социологиялық зерттеу нысанын түзгенмен бірдей. Кез келген сұрыптау бас жиынтыққа тікелей қатысты нақтылы мәліметтер алуды мақсат тұтады. Бас жиынтық соңғы және шексіз, нақтылы және жорамал, біртекті және әртекті болып бөлінеді. Шексізге ауқымы жүз мыңдаған, одан да көп нысандарды қамтитын жиынтықтар жатады. Біртектілік зерттеліп отырған проблемаға қатысты айқындалады: бір бас жиынтық кейбір зерттеулерде біртекті, екінші бір зерттеулерде әртекті жиынтық қаралуы мүмкін. Нақтылы және жорамал жиынтықтар олардың нақтылы құрамын анықтау мүмкіндігіне қарай ажыратылады.

Алға қойған мақсатына қарай ғылыми зерттеулер сипаттамалық және талдамалық болып бөлінеді. Сипаттамалық зерттеулер бас жиынтық туралы жалпылама деректер алу мақсатында ғана пайдаланылды.

Зерттеудің талдамалық түрі бас жиынтық құрамындағы күштердің табиғаты туралы болжамды тексеру мақсатында жүргізіледі. Әдетте мұндай зерттеуді өз қорытындыларын нысандардың жекелеген топтарын салыстыра талдау негізінде жасайтын ғылыми тәжірибе теория ауқымында жүргізу жоспарланады.

Соңғы жылдардағы статистиканың дамуы зерттеулерді ұйымдастыруға деген көзқарасты айтарлықтай өзгертіп жіберді: талдау міндеттері тек тәжірибелік негізде ғана емес, сипаттамалық сұрыптау кезінде де шешілетін болды. Сонымен бірге бір зерттеуде әрі сипаттамалық, әрі талдамалық зерттеу мақсаттарын бірдей шешу мүмкіндіктерінің әрдайым бола бермейтіндігін де есте ұстаған жөн.

Егер сұрыптауды бас жиынтықтың зерттеу құралы ретінде қарастыратын болсақ, онда оған қойылатын басты талап — сұрыптап зерттеудің нәтижесін бас жиынтыққа қолдану мүмкіндігі айқын болады.

Сұрыптап зерттеудің нәтижелерін бас жиынтыққа қолдану сұрыптаудың екі мақсатына сәйкес екі бағыттан тұратын статистикалық қорытындының қатаң индуктивтік әдісі көмегімен жүзеге асады: 1) сипаттамалық зерттеуде қолданылатын статистикалық бағалау; 2) талдамалық мақсатта қолданылатын болжамды статистикалық тұрғыдан тексеру. Бұлайша жинақтап қорыту мүмкіндігі математикалық статистиканың теориялық тұжырымдарына негізделеді, ал ол өз кезегінде бас жиынтықтың кез келген нысанын іріктеп алуға және ықтималдықтар теориясын қолдануға сүйенеді. Бас жиынтықтан жай кездейсоқ сұрыптаудың өзінде: 1) бас жиынтықтың біртектілігі; 2) оның барлық құрамдас бөліктерінің зерттеу үшін бірдей деңгейде ашықтығы; 3) бас жиынтықтың құрамдас бөліктерінің толық тізімі; 4) осы тізімге кездейсоқ іріктеу әдіс-тәсілдері қолданылатын болады (кестелерді не болмаса кездейсоқ сандардың генераторын қолдану).

Жай кездейсоқ іріктеуді дұрыс ұйымдастырғанда бас жиынтықтың барлық құрамдас бөліктерін сұрыптауға ілінуге бірдей мүмкіндіктері болып, оны статистикалық тұрғыдан негіздеуді айтарлықтай жеңілдетеді. Бірақ тәжірибеде үлкен бас жиынтықтардан жай кездейсоқ сұрыптап алудың өзі, көбінесе, тым күрделі, аса қымбат болып, кейде, тіпті, мүмкін болмай жатады.

Жай кездейсоқ сұрыптап алудың негізгі проблемаларына: 1) бас жиынтықтағы біртектілік ұғымының күрделілігі мен түрлі мағыналылығы; 2) оның құрамдас бөліктерінің толық тізімін алудың мүмкін еместігі; 3) респонденттер қабілетінің және олардың зерттеуге қатысу деңгейінің түрліше болуы жатады.

Жай кездейсоқ сұрыптаудың шарттары бұзылғанда сұрыптауды жобалаумен социологиялық зерттеулердегі сұрыптау теориясы аталатын арнайы ғылыми сала айналысады. Осы теория ауқымында жай кездейсоқ сұрыптау мүмкін болмаған не аса көп шығын қажет еткен жағдайларда қолданылатын сұрыптаудың алуан түрлі стратегиясы мен тәсілдері жасалған.

Сұрыптау теориясы, ең алдымен, социологиялық зерттеулердегі бас жиынтықтардың, көбінесе, әртекті, құрылымы күрделі, не жорамал сипатта болып, өзінің құрамын әр кезде өзгертіп отыруы мүмкін екендігін ескереді. Сондықтан сұрыптау жұмысын бастамастан бұрын бақылау бірліктері деп аталатын бас жиынтық құрамдас бөліктерінің толық тізімін қамтамасыз ету қажет. Бақылау бірліктері ретінде жекелеген индивидумдар (респонденттер), отбасылар, сонымен бірге үлкен қауымдастықтар академиялық топтар мен тұтас оқу орындары, ұйымдар, кәсіпорындар, елді мекендер, аймақтар, елдер болуы мүмкін. Идеалды жағдайда сұрыпталған негізгі жиынтық бас жиынтыққа сәйкес, ал тәжірибеде, көбінесе, кішілеу келеді. Бас жиынтықты сұрыптау қосымша мәліметтерге сүйене отырып, теориялық жағынан негізделеді.

Күрделі құрылымды бас жиынтықтарға көп сатылы сұрыптау жиі қолданылады. Бұл үшін бас жиынтық соңғы қажетті жиынтыққа жеткенше бөлшектенеді. Нәтижесінде құрамдас бөліктері (сұрыптау бірліктері) жаңадан бөлініп алынған жиынтық болып табылатын жаңа, нақтылы әрі ақырғы бас жиынтық пайда болады. Олардың бір бөлігі зерттеуді одан әрі жалғастыру үшін сұрыптап алынады. Осындай амал тікелей зерттеуге қол жеткізетін жиынтық алынғанша бірнеше рет қайталанып, оның әр сатысында сұрыптау мен өкілдеттілігін сақтаудың түрлі тәсілдері қолданылуы мүмкін.

Көп сатылы сұрыптауда әр сатыдағы сұрыптаудың негізінде бөлініп алынған құрылымдық бірліктер тізімі болады. Соңғы сатыдағы сұрыптау бірліктері бақылау бірліктерімен, яғни бас жиынтықтың сұрыптауға және тікелей зерттеуге жататын нысандарымен сәйкес келеді.

Сұрыптап алудың әдістері ықтимал (статистикалық) және мақсатты (статистикалық емес) болып бөлінеді. Ықтимал әдістерге жай сұрыптаудан басқа стратифицияланған және ұялық кездейсоқ сұрыптау, сондай-ақ квазикездейсоқ сұрыптау әдістері, жүйелі сұрыптау мен рандомиялық әдіс-тәсілдер (“бағытты” аймақтық сұрыптау, отбасының “кездейсоқ” респондентін іріктеп алу, т.б.) жатады. Мақсатты әдістерге квоталық және “оңай” сұрыптаулар, негізгі аймақ, “қар кесегінің” типтік өкілдерін сұрыптау, сондай-ақ экспериментальды сипат сұрыптауы кіреді.

Жүйелі сұрыптауда сұрыптау тізім бойынша белгілі бір “қадаммен” (белгілі бір нөмірлер санынан кейін) жүріп отырады. Бұл әдіс-тәсіл жай кездейсоқ сұрыптауға қарағанда ыңғайлы болады. Егер тізімде ешқандай циклді заңдылықтар болмаса, бұл әдіс-тәсіл кездейсоқ сұрыптаудағыдай, ал мөлшері тәртіпке келген тізімдерде (мысалы, елді мекендер) нәтижелер дәлірек болады.

Стратифицияланған сұрыптау әртекті бас жиынтықта және нысандардың тізімін бас жиынтықтың тұтас күйінен гөрі оның құрамдас бөліктері бойынша алған оңай болғанда қолданылады. Стратифициялап кездейсоқ сұрыптауда сұрыптау ауқымы страттар санына қарай пропорционал бөлінеді де содан кейін барып әр страттан жай кездейсоқ сұрыптау алынады. Территориялық белгілері бойынша стратифициялауды кейде аудандастыру деп те атайды.

Ұялық (кластерлік) сұрыптау табиғи түрде барынша ұсақ құрамдас бөліктерге (ұя, кластер) бөлінгенмен, олардың бір-бірінен айырмашылықтары айтарлықтай болмайтын бас жиынтықтарда қолданылады. Кластер ретінде, көбінесе, академиялық сыныптар мен топтар, қала орамдарындағы бір типті үйлер, бір жердегі халқының саны шамалас елді мекендер алынады. Бұлар кездейсоқ (кейде санына пропорционал) сұрыпталады, содан кейін барып толық (академиялық топтар), не ішінара (елді мекендер) зерттеледі.

Сұрыптаудың негізгі статистикалық емес әдісіне квоталы сұрыптау жатады. Бұл әдіс бас жиынтықтың негізгі әлеуметтік-демографиялық, немесе зерттеу үшін маңызы бар басқа да белгілері бойынша бөлінуі белгілі, бірақ олардың тізімін алу мүмкіндігі жоқ, немесе кездейсоқ сұрыптау жүргізуге уақыт пен қаржы тапшылығы болған жағдайда қолданылады. Мұндай жағдайда әңгіме жүргізушілерге өз таңдаулары бойынша сұрыпталып алынған белгілі сипаттағы адамдармен сауалнама жүргізу тапсырылады. Квоталы сұрыптауда сұрыптау теориясының мамандары онда алынған нәтижелердің дәлдігін статистикалық тұрғыдан бағалауға келе бермеген жағдайда қолданады. Соған қарамастан бұл әдіс өзінің қарапайымдылығы, салыстырмалы түрде арзанға түсетіндігі арқасында іс жүзінде барынша кеңінен қолданылады. Қоғамдық пікірді, құндылықтарды, қондырғыларды, сарындарды зерттеу істерінде квоталық сұрыптау қанағаттанарлық нәтижелер береді. Солай дегенмен де оны әлеуметтік құрылымды, стратифицияны, өзгермелілікті зерттеуде қолдануға үзілді-кесілді болмайды.

Экспериментальды сұрыптау квоталық сұрыптаудың жеке бір түрі болғанымен де оның мақсаты бас жиынтықты түгелімен емес, оның салыстыра зерттеу нысаны болатын бөліктерін сұрыптап алуды алға қояды. Квоталық сұрыптаудың тағы бір жеке түрі зерттелініп отырған проблема бойынша топтардың немесе сарапшылардың типтік өкілдерін іріктеп алу.

Негізгі аймақ әдісі сұрыптау жүргізудің мәні жоқ шағын бас жиынтықтарда қолданылады. Мұндай жағдайда өкілеттілікті негіздеу статистикаға қатыссыз сипатта жиынтықтың зерттелінген және зерттелінбеген бөліктерін салыстыру арқылы жүзеге асады.

Басқа тәсілдермен зерттеу тым қиын соғатын бас жиынтықтарды қарастыруда қолданылатын “оңай” әдіс алынған нәтижелердің шындыққа сәйкес келуі тұрғысынан келгенде ең осалдауы болып табылады. Әдетте бұлай болжанған бас жиынтық — бұқаралық ақпарат құралдарының аудиториясы (БАҚ тікелей өзі сұрау салатын), белгілі бір тауарды тұтынушылар өкілдері (дүкендерде сұранысы бар), ұлттық мәдени орталықтарда болады.

“Қар кесегі” әдісі оңай сұрыптау мен негізгі аймақ әдісі арасынан шығады. Ол шағын бас жиынтықтарда (мысалы, шағын проблеманың коллекционерлері мен сарапшылары) қолданылады. Осындай жиынтықтың әрбір табылған мүшесінен өз әріптестерінен кімді танитындығы сұралады. Осылайша сұрыптау негізі жасалып, ол жұмыс тізімдегі аттар қайталанғанша жүре береді.

Сұрыптап зерттеудің нәтижелері барлық уақытта да анық емес. Бұл жағдай бас жиынтықтың бір бөлігі ғана зерттелетіндіктен және өлшеу процесінде қатемен жүргізілетіндігінен де болады. Дегенмен де жоспарлау мен сұрыптауды жүзеге асыру барысында тұрпайы қателіктер болмаған жағдайда мұндай қателерді бақылауға алуға болады, яғни олар зерттеуші мүмкін деп санаған мөлшер көлемінде ғана шектеледі. Осыған байланысты сұрыптау қателері туралы да ақпарат болуы керек.

Сұрыптаудың қателері деп кейбір көрсеткіштер үшін сұрыптау мен бас жиынтық арасындағы орта арифметикалық мағына айырмашылығы түсініледі. Әдетте сұрыптаудың қателерін жүйелі және кездейсоқ деп екіге бөледі.

Жүйелі қате нысанның сұрыпталған орта мағынасының орта бас жиынтыққа қатысты кейбір ауытқуы, сұрыптау ауқымының азаймай көбейе түсуі түрінде кездеседі. Жүйелі қателер әдетте сұрыптауды (бас жиынтықты анықтау, сұрыптау жүргізу мен ақпараттар жинау әдіс-тәсілдерін таңдау) жобалауға, сондай-ақ респонденттер іскерлігінің әртүрлі дәрежеде болуы мен олардың

зерттеу жұмыстарына қатысуға дайындықтарына қатысты болады. Жүйелі қателерді анықтау, оның үстіне оларды өлшеу әдетте қиынға соғады. Бұл үшін арнайы методологиялық зерттеулер жүргізіліп, сұрыптауға тест жүргізудің өзіндік әдіс-тәсілдері қолданылады. Кейде бұлар уақыттың өтуімен бірге белгілі бола бастағанда, немесе зерттеу деректеріне талдау жасау барысында ашылған деректерді мұхият тексерудің нәтижесінде анықталуы мүмкін.

Кездейсоқ қателер бас жиынтықтан сұрыптап алу әдіс-тәсілдерінің ықтимал сипатына және жүйелі сипатта болмайтын өлшеудің қателіктеріне байланысты болады. Мұндай қателер жөнделмейді, бірақ та олар статистиканың заңдарына бағынатындықтан да оларды бақылауға алуға болады. Кездейсоқ қателердің аса бір маңызды қасиеттерінің бірі — сұрыптау ауқымы ұлғайған сайын олардың азая беретіндігі. Демек сұрыптаудың ауқымын арттыру арқылы оларды мүмкіндігінше азайтып, зерттеу нәтижелерінің дәлдігінің қажетті деңгейін қамтамасыз етуге болады.

II – тарау.

СОЦИОЛОГИЯЛЫҚ АҚПАРАТ ЖИНАУ ӘДІСТЕРІ

1. Алғашқы социологиялық ақпарат жинау әдістері

Эмпириялық ақпараттардың дені сұрау салу арқылы алынады. Бұларда сұралып отырған адамның қоғамдағы аса маңызды құбылыстар мен оқиғаға деген көзқарасы туралы ақпарат болады. Бұл әдіс біріншіден, ұйымдастыру жағынан артықшылығымен, (социологиялық зерттеулердің кез келген басқа тәсілдеріне қарағанда бұл әдіс арқылы сұрауды оңай жүргізуге болады), екіншіден, арзандығымен, үшіншіден, ақпаратың мазмұндылығы және әмбебаптылығымен (онда құжаттар не болмаса бақылау арқылы көріне бермейтін әртүрлі проблемаларға қатысты кез келген ақпараттар болуы мүмкін), төртіншіден, алынған ақпаратты өңдеуге техникалық құралдарды барынша мол пайдалану мүмкіндігімен ерекшеленеді.

Сонымен бірге сұрау әдісінің кемшілік жақтары да бар. Осы әдіс арқылы алынған ақпараттың сапасына, бір жағынан, сұралған адамның (респонденттің) ерекшеліктері (білім дәрежесі, мәдениеті, еске сақтау қабілеті, психикасы, зерттеліп отырған проблемаға, ұйымға, немесе адамға сұрау салушының қатысы), екінші жағынан, зерттеушінің өзінің қызметіне (сұрау парағын жасағандағы біліктіліктен бастап сұрау салушының хабар алу үшін адамдармен жұмыс жасау шеберлігіне дейін) байланысты факторлар әсер етеді. Сұраудың нәтижелеріне жұмыс кезінде бөтен адамдардың болуы, сәтсіз уақыт пен орын, анонимдік принципінің сақталынбауы, сұрау салу процесінің дұрыс ұйымдастырылмауы сияқтылар кері әсерін тигізеді. Мұндай факторлардың болмауы үшін сұрау әдісін пайдаланудың нормативтік талаптары қатаң сақталуы керек.

Сұрау әдісінің негізгі түрлеріне анкеталық сұрау мен әлеуметтік интервью жатады. Олар кейбір белгілеріне қарай тұтастай және ішінара (негізгі жиынтықты қамту ауқымына қарай), тікелей және топтап жүргізу (тәртібіне қарай), жаппай және саралап (проблеманы білуіне қарай), ауызша және жазбаша (сұрау жүргізу түріне және жауаптардың түрленуіне қарай), бетбе-бет және сырттай (социологтық респондентпен қарым-қатынас жасау тәсіліне қарай), бір реттік, көп реттік (сұрау жиілігіне қарай), стандартты және стандартсыз (сұрау жүргізудің стандартты деңгейіне қарай) болып жіктеледі.

Сұрау тәсілінің өзіндік ерекшелігі “сұрақ-жауап” жүйесі логикалық көзқарас тұрғысынан жүзеге асып, алынған жауаптар кейіннен сапалық және сандық өңдеулерге түсуінде жатыр. Бірсыпыра ортақ белгілерінің болуына қарай бұл әдістің өзіндік ерекше сипаттамасы айқындалады. Анкеталық сұрауды қарастырудан бастайық. Әлеуметтік сұраулар бұл әдістің қазіргі түсінігінде ғылымда XIX ғасырдың екінші жарымынан бастап қолданыла бастады. Бұл әдісті алғашқылардың қатарында К.Маркс пен Ф.Энгельс өздерінің жұмысшы табының жағдайы жайлы еңбектерін жазу барысында қолданған. Эмпириялық (қолданбалы) социологияның дамуына байланысты бұл әдіс XX ғасырдың басында кеңінен қолданыла бастады. Қазір бұл әдістің көп қолданылатындығы соншалық социология ғылымының өзіндік белгісіне айналды десе де болғандай.

Бұл әдістің атауының өзі-ақ оның құрылымын көрсетіп тұр: зерттеуші (сұрау әдісінің негізгі құжаттарын жасаушы, анкетаны тікелей жүргізуші) мен респондент (сұралушы), сондай-ақ оларды байланыстыратын аралық буын – анкета (немесе құрал). Бұлардан басқа бұл әдістің өзіндік процесс ретінде құрылымы да бар. Оған мыналарды атап көрсетуге болады:

1) Дайындық кезеңі (сұраудың бағдарламасын, жұмыстың графигі мен жоспарын жасау, құралдарын жобалау, оны пилотаждық тексеру, қажетті материалдарды көбейту, анкета жүргізушінің, сұралушының тағы да басқа қатысушылардың нұсқауларын жасау, сұралушыларды, анкета жүргізушілерді іріктеп алу, дайындау, ұйымдық мәселелерді шешу);

2) шапшаң кезең-кезеңімен жүзеге асырудың өзіндік сатылары бар анкета жүргізу процесі;

3) нәтиже шығару кезеңі алынған ақпараттарды өңдеу. Әдістің құрылымына қарай анкеталық сұрау салу құжаттарына, анкета жүргізушіге, сұралушыға, құралға (анкета, сұрау парағы) қойылатын талаптардан құралатын оның сипаттамасы айқындалады.

Қолданбалы социологиялық зерттеу тәжірибелі ғылыми жетекші басқаратын тұтас бір топтың (зерттеушілер ұжымы) жұмыс істеуімен ерекшеленеді. Мұндай ұжымда іштей шығармашылық еңбек бөлінісі болады: зерттеу бағдарламасын жасау, құрал-жабдықтарды даярлау, сұрау салу жүйесінің жұмыстарын ұйымдастыру, анкета жүргізу, алынған мағлұматтарды машиналық және талдау жолдарымен өңдеу.

Анкета жүргізушілердің көпшілігі бұл ұжымның мүшесі болмайды; аймақтарда тұратын оларды анкеталық сұрау жұмыстарын жүргізу үшін қажет кезінде пайдаланып отырады. Олар белгілі бір психологиялық, адамгершілік және интеллектуальдық сапаларға ие болуы керек. Көпшілігінің жұмыс сипаты адамдармен жұмыс жасап, олармен аралас-құраласта, байланыста болатын, жоғары курс студенттері, оқытушылар, мұғалімдер, тәрбиешілер өндіріс ұжышарының төменгі деңгейдегі басшылары болып келеді.

Анкета жүргізуші құрал-жабдықтарды ойластырушы болмағандықтан да зерттеу жұмыстарының мақсаты мен міндеттерін білуі үшін қажетті ақпаратпен қамтамасыз етілуі керек. Сұрау салу алдында оларға нұсқау беріліп, онда жұмысты ұйымдастыру, жүргізілуі туралы тапсырма беріледі, анкетаға, сұралушыларға қатысты мәселелер, сұрау салуды орындау және нәтижелерін өңдеудің талқылануы. Анкета жүргізушінің жұмысты жүргізу барысында тап-тұйнақтай, жауапкершілікті, ықыласты болуы, социологиялық зерттеу нәтижелерінің сенімділігі мен нақтылығын қамтамасыз етеді. Анкета жүргізушілерге ауызша нұсқау берумен бірге олардың әрқайсысына жұмыстың мазмұны толық сипатталған және қалай орындау керектігі жайлы жазылған арнайы нұсқау қоса тапсырылады. Әрбір анкета жүргізушінің ұйымдастырушылық қабілетімен бірге көпшіл, тіл тапқыш, сауалнамаға қатысушыны іске тарта білуге қабілетті, анкетаны толтыру кезінде сенімділік пен тиімді жұмысты қалыптастыруға қабілетті болуы керек.

Сұрау салу біткен соң анкета жүргізуші есеп құжаттарын толтырылған анкеталарды, маршрут парақшаларын (онда сұраудың қашан, қай жерде өткендігі, кімнің жүргізіп, кімнің сұралғандығы көрсетіледі), сұрау салу туралы есепті (анкеталық сұраудың қашан, қай жерде өтіп, оған қанша адам қатысқаны, қаншасының бас тартқандығы, сұрыптау барысында қандай ауытқушылықтар болғандығы, сұрауды жүргізуге байланысты қандай ескертпелер болды) тапсырады.

Сұрауға қатынасатындар да белгілі бір дайындықтан өтуі қажет. Анкета жүргізушілердің сұраушылармен жүргізген қысқа да сенімді әңгімесінің барысында оларды анкета толтыру процесін адал ниетпен барынша қатал да дәл орындауға ұмтылдыруы керек.

Сұрау салуды жүргізуде негізгі құрал анкета болып табылады. Анкетаны жасаудың, онымен жұмыс жүргізудің өзіндік ерекше әдістемелік тәсілдері мен сипаты бар; олардың сақталуы сенімді ақпараттар алуға бағытталған бұл әдісті ойдағыдай жүзеге асырудың қажетті шарты болып табылады.

Әрбір нақтылы социологиялық зерттеу ерекше анкета жасауды талап етумен бірге олардың барлығы да ортақ құрылымға ие. Кез келген анкетаның үш құрамдас бөлігі: кіріспе, мазмұндық (негізгі бөлім) және қорытынды (төлқұжат) бөлімдері болады.

Кіріспеде зерттеудің кімнің жүргізетіндігі, оның мақсаты мен міндеті, анкетаны толтыру тәсілі, оны толтырудың жасырын екендігі көрсетіліп, оған қатысушыларға рахмет айтылады. Анкетаны қалай толтыру керектігі жайлы нұсқау кіріспенің соңында беріледі.

Төлқұжат (демографиялық) бөлімде ақпараттың сенімділігін тексеру мақсатымен сұралушы жайлы мағлұматтар толтырылады. Бұған респонденттің жынысы, жасы, білімі, тұратын жері, әлеуметтік жайы мен шығу тегі, жұмыс стажы т.б. сияқты деректер кіреді.

Анкетаның негізгі бөлімін толтыруға айырықша назар аударылады; өйткені жүргізілетін зерттеудің табысқа жетуі көбіне осыған байланысты.

Анкетаның мазмұны (ұсынылатын сұрақтардың сипаты мен түрі, оларды орналастыру тәртібі, алынатын жауаптар) зерттеліп отырған объект жайлы неғұрлым нақтылы мағлұматтар алуға ұмтылу арқылы айқындалады. Бұл үшін анкетаның мазмұндық бөліміндегі сұрақтар жүйесін әбден саралап барып түзген жөн. Сұрақтар түзу анкета жасаудың ең күрделі кезеңі: оның алдында зерттеудің негізгі ұғымдарын эмпириялық тұрғыдан анықтау, әрқайсысына анкета сұрақтарының бір, не бірнешеуі сәйкес келетін эмпириялық индикаторларды іріктеп алу процедурасы өтеді. Бұл ретте сұрақтарды типтендірудің методологиялық маңызы зор, мұнсыз жақсы анкета жасау мүмкін емес. Заттық мазмұнына қарай сұрақтарды мынадай категорияларға бөлуге болады.

Деректер жайлы сұрақтар. Мақсат-әлеуметтік құбылыстар, өндірістегі хал-ахуал, қоршаған орта жайлы мағлұматтар алу. Сұрақтар төлқұжатты толтырғанда сұралушының жеке басына қатысты да болып, оның іс-әрекеті, қылығы жайлы мағлұматтар беруі тиіс.

Білімі туралы сұрақтар. Сұралушының нені біліп, нені білмейтіндігін, нені баяндай алатындығын анықтауға көмектеседі. Әдетте бұлар сұралушының белгілі бір сала бойынша білімінің деңгейін анықтау мақсатындағы емтихан типтес сұрақтар болып келеді. Мұндай сұрақтар сұралушыдан белгілі бір дәрежедегі машықтықты білдіріп, нақтылы деректерді, оқиғаларды, атауларды білуді талап ететін тапсырмалар, экспериментальдық, ойындық жағдайлар болуы мүмкін.

Пікір жайлы сұрақтар. Сұралушының деректерді қабылдауы, болашақ туралы тілектері, жоспарлары жайлы болып, өзінің жеке басының кез келген проблемасын қозғауы мүмкін. Жауаптар өз түсініктеріне құрылған бағалаушылық сипаттағы пікірлер болып табылады. Пікірлер арқылы адамның оқиғаларға қатысы айқындалады.

Себеп жайлы сұрақтар. Адамның өзінің іс-әрекеттері жайлы субъективтік түсініктерін анықтайды. Адам қызметінің шынайы себептерінің көрінісін бір ғана сұрақ ашып бере алмайтындықтан да мұндай сұрақтардың тұтас жүйесін жасауға тура келеді.

Сұрақтар логикалық табиғатына қарай да бөлінеді. Негізгі сұраққа жауап арқылы зерттеліп отырған құбылыс жайлы негізгі түйін жасалады; бұлар анкетаның үлкен бөлігін қамтиды.

Елек сұрақтар. Зерттеліп отырған проблема бойынша икемсіз емес адамдарды шығарып тастау немесе бір белгілеріне қарай көпшіліктің ішінен сұралушылардың бір бөлігін іріктеп алу мақсатында қойылады.

Бақылау сұрақтары жауаптың орнықтылығын, шыншылдығын және қайшылықты еместігін тексеріп, олардың нақтылығын анықтау үшін қызмет етеді. Бағдарлаушы сұрақтар сұралушының негізгі сауалды дұрыс түсініп, дәл жауап беруіне көмектеседі.

Контактылық сұрақтар сұралушымен байланыс орнатуға қызмет етеді. Формасы жағынан өте қарапайым анкетаның алғашқы сұрақтарының бірі болып, сұралушының анкетаға ықыласпен қатысуын қамтамасыз етуіне көмектеседі. Көбіне оқиғалық сипаттағы сұрақтар қолданылады. Бұл түрдің басты функциясы сұрау жүргізу барысында сұралушымен өзара қарым-қатынасты жеңілдету, оның зерттеліп отырған проблеманың мәні туралы өз пікірін барынша толық және шынайы беруіне ынталандыру.

Буферлік (аралық) сұрақтар назарды бір тақырыптық кешеннен екіншісіне аударуды қамтамасыз етеді. Көбіне тек сұрақ болып қана қоймай, кіріспе түрінде болып зерттеуші ойының логикасын түсіндіруі, бір проблемадан екіншісіне көшуді ұсынуы, оның не үшін қажет екендігін түсіндіреді. Бұл түрдегі сұрақтар “Сіз қалай ойлайсыз?” деген сөздермен басталып, әрі қарай проблеманы сипаттауға ұласады.

Құрастырылған сұрақтар жүйесі толтыруға және өңдеуге оңай болғаны жөн. Анкетаның әр тарауына түсініктемелер беріліп, сұрақтар жүйесі ерекше шрифтермен бөлініп орналасуы мүмкін. Сұрақтардың жүйелері мен сұрақтардың өздері логикалық жағынан өзара байланысты болады, бірақ анкетаның құрылу логикасы мағлұматтарды өңдеу логикасымен сәйкес келмеуі мүмкін. Қажетіне қарай әрбір жүйе алдында түсініктемелер беріліп, онда сұрақтармен қалай жұмыс жасау керектігі жайлы айтылады. Барлық сұрақтар кезегімен нөмірленеді. Сұрақтың мәтінін бөліп, жарымын екінші бөлікке ауыстыруға мүлде болмайды. Сұрақтар мен жауаптарды жазғанда мүмкіндігіне қарай түрлі шрифтер мен бояуды қолданған дұрыс. Мәтінге сұралушының психологиялық шаршауын болдырмау үшін суреттерді пайдалануға болады. Анкетаның толтырылуын техникалық жағынан түрлендіру, мәтінді қабылдау барысында бір ізділіктен қашу мақсатында кейбір сұрақтар көркемделіп берілуі мүмкін. Қалай болғанда да анкета анық шрифтермен толтырылып, берілген сұрақтарға жауаптар жазу үшін жеткілікті орындар ескеріліп, бір сұрақтың екіншісіне ауысатын жерлер көрсеткіштермен дәл белгіленуі керек.

Анкета жасалған соң тексеріледі, сынақтан өткізіліп, кейбір өзгерістер енгізіледі. Анкетаның сапасын анықтау үшін пилотаждық зерттеу жүргізіледі. Оның барысында анкетаның мазмұны, сұрақтардың қойылуы мен кезектілігі, жауап нұсқалары, т.б. тексеріледі. Пилотаждық тәжірибелі социолог жүз шақты адаммен сұрақ-жауап түрінде өткізіп, сұралушылардың жауаптары, сұрақтардың мазмұнына көзқарасы, оны түсінуі мен қабылдауы, оған қанша уақыт жұмсалғаны тіркеледі. Мұның барлығы құралдардың жетіспеушілігін анықтап, анкетаның кем-кетігін тағы да жетілдіріп, көпшілікпен жұмысқа дайындайды. Пилотаждық зерттеудің барысында егер сұралушылардың көпшілігі сұрақты білмейміз десе немесе жауап берілмей орын бос қалса, онда сұрақтардың түсініксіз қойылғаны; егер сұралушылардың көпшілігі бір типті жауап берсе, онда сұрақтардың трафареттік формада болғаны, ақпараттың өзіндік ерекшелігін ашуға бағытталмағаны. Сұрақтар сұралушының түрлі түсініктемесін, ескертпесін туғызса, демек оның нақты да дәл қойылмағаны, пікір сұралып отырған пәннің елеулі ерекшелігінің ескерілмей қалғаны.

Анкеталық сұрау салу социологиялық зерттеулердің алғашқы мағлұматтар жинау сатысында аса маңызды әдіс болып табылады. Оны дайындау, өткізу арнайы дайындықтар мен зерттеушілік тәжірибені талап етеді; ал мұның барлығы зерттеу ұжымын басқаратын ғылыми жетекшінің іскерлігіне тікелей байланысты.

Бұл әдіс қаншалықты маңызды болғанымен де социологияда қолданылып жүрген басқада әдістерді толықтыруды қажет етеді. Мұндай толықтыру ең алдымен сұрау әдісінің бір түрі әлеуметтік интервью арқылы жүзеге асады. Осыған кеңірек тоқталайық.

Интервью социологтың сұраушымен тікелей байланысына негізделіп, белгілі бір тақырып бойынша әңгіме өткізу арқылы социологиялық ақпараттар жинаудың барынша қолайлы әдісі.

Әлеуметтік интервью жүргізгенде интервью алушы социолог пен сұралушы арасындағы байланыс тікелей болады; интервью жүргізуші интервьюді ұйымдастырады, сұрақтар қояды, әңгімелеседі, оны бағыттап отырады, алынған жауаптарды жазып алады. Интервью жүргізуші сұралушы сұрақты түсінбеген кезде түсіндіреді, сұралушының көзқарасын нақтылай түседі, оларды сұрау парақшасына толығырақ түсіру үшін қосымша мағлұматтар сұрайды (бұлай жасау анкеталық сұрауда мүмкін емес).

Бір көлемдегі мағлұматтарды алу үшін анкеталық сұрауға қарағанда интервью әдісін қолданған кезде уақыт көлемі жағынан көбірек қажет етіледі. Интервью жүргізу үшін қосымша қаржы және уақыт шығынын қажет ететін арнайы дайындалған штаттағы адамдар керек. Интервью ұзақ уақытқа созылуы мүмкін; бірақ бұл барлық уақыттарда сұрау нәтижелеріне оң әсер ете бермеуі мүмкін.

Интервью жүргізуші мынадай міндеттерді атқарады:

- сұралушылармен байланыс орнату;
- интервьюдің сұрақтарын дұрыс қою;
- жауаптарды дұрыс тіркеу.

Интервью жүргізушінің міндеті интервьюді ұйымдық жағынан дайындау, қажетті сұралушыларды табу, оларды зерттеуге қатысуға шақыру. Сұралушылармен жұмыстың өн бойында зерттеуші әлеуметтік-психологиялық жағдайды, достық атмосфераны қамтамасыз етіп отырады; онсыз сұралушының шынайы екендігіне көз жеткізу қиын.

Социологиялық мағлұматтар жинауды аяқтаған соң интервью алушы зерттеу орталығына интервьюдің толтырылған бланктерін, маршрут парақшаларын, жұмысы туралы есепті тапсырады.

Барлық осы сұрақтарды тексеріп болған соң зерттеліп отырған объекті туралы жинақталған мағлұматтар алу мақсатында интервью бланкларына арнайы талдаулар жасалады.

Сонымен анкеталық сұрау мен интервью әлеуметтік мағлұматтардың негізгі көпшілігін алуды қамтамасыз етеді екен. Бұлардың аса маңызды екендігін айта отырып, мұнда өзінің табиғаты жағынан субъективті пікірлер орын алатындықтан да белгілі бір дәрежеде оның осындай болатындығын да есте ұстаған жөн. Зерттеушінің міндеті субъективтілікті азайту, субъективті пікірлердің негізінде қоғамдық өмірдегі объективтік құбылыстар мен ағымдардың көрінісін көрсету. Объективті мағлұматтар алу және оны социологиялық зерттеулер арсеналында бар басқа да әдістермен толықтыру мақсатында анкета мен интервью бланктерін өңдеудің арнайы тәсілдері қолданылады.

2. Бақылау әдісі

Бақылау зерттелетін объектіге қатысты социологиялық мағлұматтарды көзбен көріп, құлақпен есту арқылы жинау әдісі. Социологиялық ақпарат жинау әдісі кеңінен қолданылады. Бақылаудың ерекшелігі зерттеу объектісін тікелей өз көзімен көріп қабылдауында.

Бақылау:

— адамдардың мінез-құлқын түсіндіру арқылы емес, тікелей көзбен көру арқылы болады;

— мәліметтерді сұралушының өзі туралы айтқысы келу-келмеуіне, айта алу-алмауына қарамастан алуына мүмкіндіктер береді.

Бақылаудың мәліметтер жинау әдісі ретіндегі артықшылығы зерттеуші мен объектінің арасындағы тікелей байланыс барлығынан көрінеді. Бұл объективті ғана емес, сонымен бірге шапшаң ақпараттарды алып тұруға мүмкіндіктер ашады. Бақылау бақыланушының түрлі жағдайлардағы іс-әрекеттерін, мінез-құлқын дәл және кеңірек ұғынуға, олардың болып жатқан оқиғаларға реакциялары мәнін түсінуге көмектеседі. Мұндай мағлұматтарды социологтар қолданып жүрген басқа тәсілдер арқылы ала алмайды. Осындай сөзсіз артықшылықтарымен бірге бақылау әдісінің елеулі кемшіліктері де бар. Социолог бақылау ісіне белсенді, немесе енжар түрде қатыса отырып, кейде оның табиғатына еріксіз араласып, соның салдарына теріс нәтижелер болуы мүмкін. Социолог-бақылаушы зерттеліп отырған оқиғалар туғызған проблемалар жиынтығының бір ғана бөлігін бақылай алады. Бақылау шектеулі сипатта болып, уақыттың сол бір сәтіндегі деректерді ғана тіркей алады.

Социолог-бақылаушы бақылау нәтижелерін тіркеп отыруға байланысты ұдайы қиындықтарға ұшырап отырады. Ереже бойынша нәтижелерді тіркеу зерттеушілермен байланыстан кейін жүзеге асады. Мұнда да өзіндік проблемалар туындайды: кейбір қажетті жағдайлар ұмытыла бастайды. Кейде тіркелген нәтижелер шындыққа сай келмей жатады; өйткені оған бақылаушының өзіндік көзқарасынан, ұстанымынан туындайтын субъективтік бағалары әсер етпей қоймайды. Осындай себептерге байланысты қажетті мәліметтер жинау әдісі басқа да әдістермен бірінші кезекте сұрау салумен кешені түрінде қолданылады.

3. Сынақ әдісі

Тәжірибеде зерттелетін оқиғаның жағдайын жоспарлы түрде басқару арқылы себепті байланыстары туралы болжамдар тексеріліп, сыни тұрғыдан қарастырылады. Ол қарастырылып отырған құбылыстың белгілі бір гипотетикалық моделін жасауға негізделіп, оның негізгі параметрлері, өзара және басқа да құбылыстармен байланыстары, сондай-ақ байланыстарының себепті салдарлы бағыттары айқындалады. Тәжірибеде зерттелетін осы модельдің көмегімен құбылыс өзгермелі жүйе ретінде сипатталады; оның ішінде іс-әрекеті басқаруға бағынып, тәжірибенің бақылауындағы тәуелсіз өзгермелісі (эксперименталды фактор) ерекшелінеді.

Эксперименттің бұл жалпы анықтамасы оның социология саласындағы сипаттамасына да катысты. Сондықтан да әлеуметтік тәжірибенің негізгі белгілеріне:

- зерттеушінің зерттеліп отырған құбылыс жүйесіне белсенді түрде араласуы;
- шартты түрде дербес тәжірибелік факторларды жоспарлы түрде енгізіп отыру, олардың түрліше болуы, басқа да факторлармен орын ауыстыруы;
- барлық себепті факторларды жоспарлы түрде бақылап отыру;
- тәуелді өзгерістердің өзгеру тиімділігі өлшеніп, олардың әсеріне айналуы (эксперименталды фактор) жатады. Әрине социологтарға жаратылыстану ғылымдарында қалыптасқан тәжірибеге қойылатын талаптарды толық көлемінде орындау қиын.

Тәжірибенің құрылымы оны ұйымдастыру мен өткізу кезеңдеріне тікелей байланысты. Алғашқы кезең теориялық сипатта болады. Оның барысында социолог айқындап, оның нысаны мен пәнін, зерттеудің тәжірибелік міндеттері мен болжамын белгілейді; проблема негізгі міндеттерге орай анықталады. Зерттеу нысаны әртүрлі әлеуметтік топтардың, ұжымдардың, қауымдардың өкілдері болады. Бақылаудың пәнін анықтағанда экспериментальды жағдайдағы шынайы тұлғаны белгілермен жобалау қажет.

Екінші кезеңде тәжірибе жасаудың бағдарламасы оның қалай өтетіндігі, барлық элементтері көрсетілген құжат жасалады. Үшінші кезеңде тәжірибенің бағдарламасы жүзеге асады. Оның барысында ойластырылған тәжірибе, оның кезеңдері мен барлық жүру тәртібі, яғни экспериментальды жағдай тікелей жүзеге асады.

Төртінші кезеңде тәжірибе жасаудың барысында алынған нәтижелер талданып, бағаланады, алға қойған мақсат орындалды ма, зерттеу болжамы дәлелдендіме деген сауалдарға жауап беріледі. Негізгілермен бірге қосымша да нәтижелер алынып, олар бұдан кейінгі ғылыми ізденістерде қолданылуы мүмкін.

Әдіснама әлеуметтік тәжірибені мынадай түрлерге бөледі. Нысан мен зерттеу пәнінің сипатына қарай әлеуметтік, экономикалық (шаруашылық), құқықтық, әлеуметтік-психологиялық, психологиялық, эстетикалық тәжірибелер. Тәжірибелердің мұндай түрлері ғылыми пәндердің өзіндік ерекшеліктеріне байланысты анықталады. Зерттеу жүргізудің сипатына қарай тәжірибелер реалды және ойша болып бөлінеді. Реалды болжамды тексеру әлеуметтік қызметтің жағдайын жоспарлы түрде басқару арқылы жүзеге асады. Ал тәжірибені оймен жүргізуде болжамды тексеру өмір құбылыстары емес, олар туралы мағлұматтар арқылы жүзеге асады. Әлеуметтік тәжірибенің кең тараған түріне реалды және ойша экономикалық (шаруашылық) тәжірибелер жатады; олар алға қойған міндетіне қарай ғылыми және қолданбалы; экспериментальды жағдайдың сипатына қарай көбірек не азырақ бақыланатын т.б. болып бөлінеді.

4. Құжаттарды талдау әдісі

Құжат деп социологияда адамның белгілі бір материалға түсірген мәліметі ұғынылады. Құжат қолжазба, тасқа басылған мәтін, баяндаманың стенограммасы, магнитофон жазбасы, фотосурет, сурет, кинофильм, видеожазба күйінде болуы мүмкін. Мәліметті жазып алу, беру және сақтау үшін микрофильм, микрофиша, компьютер дискеті, лазер дискасы жиі қолданылады.

Құжаттарды түрлі белгілеріне қарай жүйелеуге болады. Мәліметтерді тіркеу тәсіліне қарай төмендегіше бөледі:

1. Жазба құжаттар (іштей тағы да вербальды және статистикалық болып бөлінеді). Вербальды жазбаша құжаттарға кітап, хат, баспасөз, ал статистикалыққа халық санағының, әлеуметтік сұраудың мәліметтері, елдің немесе аймақтық экономикалық және әлеуметтік даму көрсеткіштерінің статистикалық материалдар жинақтары, т.б. жатады.

2. Фонетикалық, яғни есту арқылы қабылданатын құжаттар (грампластинка, лазер дискасы, магнитофон жазбасы, радио хабарлары).

3. Иконографиялық құжаттар (картиналар, фотосуреттер, видеожазбалар).

Құжаттарды талдауға қалыпқа түспеген (сапалық) және қалыпқа түскен (сапалық-сандық) әдістер қолданылуы мүмкін. Сапалық талдауда құжаттар оқылып, оның мазмұны логикалық операцияларды пайдалана отырып түсіндіріледі. Мұндай талдау зерттеушінің өз тұлғасына да байланысты. Зерттеушінің білім деңгейі мен қабілеттілігі, психологиялық ерекшеліктері мен идеологиялық бағыты құжаттарды талдау мен түйіндер жасау түрлі дәрежеде көрініс таппай қоймайды. Сөйтіп талдаудың сапалылығы субъективтік жағдайларға тікелей байланысты екен. Осы субъективизмнен арылу мақсатында құжаттарды талдаудың қалыпқа түскен тәсілдері жасалып, ол контент-талдау деп аталады. Оның дамуы мен кеңінен таралуына ақпараттық процестердің бұқаралық сипат алуы, осыған байланысты кең ауқымдағы мәліметтерді талдау қажеттілігі маңызды алғы шарты болды. Контент-талдау бұқараға арнап хабарлар тарататын журналистика саласында айтарлықтай нәтижелер берді. Ол алғашында бұқаралық ақпарат құралдарын зерттеуге қолданылды. Кейіннен бұл әдіс кең тарап, әлеуметтік өмірдің басқа салаларында да, құжаттарда да қолданыла бастады.

Сонымен бірге контент-талдау жасауға құжаттардың барлығы бірдей келе бермейтінін, оны қолданудың мәні де бола бермейтінін есте ұстаған жөн. Ол: а) зерттеу нысаны бір типті құжаттардан тұрса; б) зерттеушіні қызықтыратын мазмұн элементтері құжаттарда жеткілікті болса ғана қолданылады.

Неғұрлым объективтілік компьютерлік контент-талдауда ғана болады. Құжаттармен жұмыс істеу процесінде қолданылатын контент-талдау әдістемесінің серпімді болуын бақылау тәсілдері бар /1/.

Қолданылған әдебиеттер

1. Социология. Оқулық. Алматы, 2002, 172 – 209 беттер.

ҚОРЫТЫНДЫ

Құқық социологиясы жалпы құқық теориясы мен салалық заң ғылымдарына арқа сүйей отырып құқықтанудың факторлық базасын нығайтады, оның әлеуметтік өмірмен, қоғамдық практикамен байланысын күшейтеді. Өкінішке орай, осы уақытқа дейін қазақстандық заңгерлер, заң ғылымдарының өкілдері социологиялық зерттеулердің әлеуметтік өмірден алынған нақты айғақтық мәліметтеріне зейін қойып, назар аударғандары шамалы. Құқық социологиясының нақты методтарын, дәлелдемелік әдістерін заң шығаруда, заң ғылымдарын негіздеуде пайдаланылып жатқандары аз. Ал жүргізілген зерттеу жұмыстары әлеуметтік өмірден алыс, қоғамдық практикадан тысқары болып жатады. Сондықтан, құқықтануда әлеуметтік өмірдің әртүрлі салаларын зерттеп, белгілі бір айғақтық материалдар жинақталған нақты социологиялық зерттеу мәліметтеріне сүйенбейінше тек салалық заң ғылымдарының ғана емес, сонымен бірге жалпы құқық теориясының, соның ішінде, әсіресе құқық социологиясының да қоғам өмірі мен қызметіндегі маңызын көтеруге болмайды.

Құқықтық нормативтік актілердің адамдарға, қоғамдық қатынастарға тигізетін ықпалын және қоғамдық қатынастарды құқықтық тұрғыдан реттеудің әлеуметтік тиімділігін анықтап, саралау өте ауыр, әрі күрделі мәселе. Себебі Қазақстандық құқық жүйесінде өзіндік орны бар, әрі белгілі бір құқықтық іс- әрекеттер мен құқықтық рәсімдері қалыптасқан мемлекет. Осы тұрғыда әлеуметтік – құқықтық зерттеулер әлеуметтік құбылыстардың мән – жайын және құқық институттарының, қабылданған заңдардың әлеуметтік өмірдің әртүрлі жақтарына тигізіп отырған жағымды ықпалының қамтамасыз етілу жолдары мен деңгейлерін негіздеуге септігін тигізеді. Сонымен қатар, социология ғылымының өзі де Қазақстанда әлі буыны қатпаған, жас ғылым саласы. Сондықтан да республикамыздың социологтары алдында социология ғылымдарын дамыту, оның әртүрлі салаларын, мысалы “Құқық социологиясы”, “Отбасы социологиясы”, “Басқару социологиясы”, “Қоғамдық ұғымдар социологиясы”, т.б. жетілдіру, социологиялық зерттеулер жүргізу, қоғамымыздың болашағын болжау міндеттері тұр. Солардың ішінде “Құқық социологиясының”, алатын орны ерекше. Адамның құқыққа, бостандықтар мен міндеттерге ие болу және өз әрекетімен құқыққа қол жеткізу әрі оны жүзеге асыру, өзі үшін міндеттер тудырып, оны орындау мүмкіндігін алу қоғам дамуында ерекше орын алады.

НЕГІЗГІ ТЕРМИНДЕРДІҢ СӨЗДІГІ

1. Адамгершілік норма - бір әрекеттерді орындауды, екіншілеріне тыйым салуды талап ететін мінез - құлықтардың дұрыс, дұрыс еместігі туралы түсініктер мен идеялар жүйесі.
2. Аутгруппа - қарым-қатынаста болғанда индивид ешқандай ұқсастық не қатыстық сезімін сезінбейтін адамдардың тобы. Мұндай топтың өкілдері, индивидке “біз емеспіз”, “басқалар” түрінде көрінеді.
3. Астана - мемлекеттің саяси орталығы, көбінесе мемлекет басшылары (бір ғана мемлекет болмауыда мүмкін) бас қосатын және мемлекеттің жоғарғы органдары тұрақты тұратын, сондай-ақ мемлекеттік рәміздердің үлгілері мен Конституцияның түп нұсқасы сақталатын орын.
4. Азаматтық қоғам - мемлекеттік құрылымнан тыс қалыптасатын әлеуметтік-экономикалық және мәдени-рухани қоғамдақ қатынастардың жиынтығы.
5. Әлеуметтік мемлекет - Конституцияда көрсетілгендей демократиялық, зайырлы, құқық мемлекет болумен қатар Қазақстан Республикасы өзін сондай-ақ әлеуметтік мемлекет ретінде де орнықтырды (1-б. 1-т.). Мемлекеттің әлеуметтік сипатын Республика Конституциясында Қазақстан мемлекетінің қолдауына кепілдік берілген білім беру, денсаулық сақтау, ғылым, мәдениет, әлеуметтік жұмыс бастылық, еңбекті қорғау, әлеуметтік қамсыздандыру және табыстары төмен тұрғындар тобын қолдау сияқты әлеуметтік салалардан көруге болады.
6. Әлеуметтану - қоғамның құрылымын, оның элементтері мен өмір сүру жағдайын, сондай-ақ осы құрылымда жүріп жататын әлеуметтік процестерді зерттейтін ғылым.
7. Әлеуметтену - индивидтің өз тобының нормаларын игеру барысында өзіндік “менінің” қалыптасуы арқылы оның бірегей тұлғасы көрінетін процесс.
8. Әлеуметтік агрегация - белгілі бір физикалық кеңістікке жиналған өзара саналы әрекеттестікте болмайтын адамдар тобы.
9. Әлеуметтік аралық — әлеуметтік топтардың жақындасу, ажырасу дәрежесін сипаттайтын шама.
10. Әлеуметтік әрекет — басқа адамдардың әрекеттеріне мағынасы сай келетін, не соларға бағытталған әрекет үстіндегі адамдардың іс-әрекеті.
11. Әлеуметтік байланыс — адамдардың физикалық және әлеуметтік кеңістікте араласуынан туындайтын әлеуметтік байланыстардың қысқа мерзімді, оңай үзіле беретін түрі.
12. Әлеуметтік бақылау — қоғам не әлеуметтік топ өз мүшелерінің талаптар мен үміттерге қатысты конформды тәртібіне кепілдік беретін құралдар жиынтығы.
13. Әлеуметтік жүйе — индивидтер, олардың өзара байланыстарын, осы жүйенің жемісті өмір сүруіне, жұмыс атқаруына қажетті жағдай туғызатын, елеусіз әрекеттер жасайтын әдет-дағдылар мен салт-дәстүрлерді қамтитын жүйе.
14. Әлеуметтік заң — әлеуметтік нысандар арасындағы біршама тұрақты және жүйелі түрде болып тұратын қарым – қатынастар.
15. Әлеуметтік институт — қоғамның негізгі қажеттіліктерін қанағаттандырып, қоғамдық құндылықтар мен процедураларды біріктіретін байланыстар мен әлеуметтік нормалардың ұйымдасқан жүйесі.
16. Әлеуметтік категория — индивидтерді бір не бірнеше ұқсас сипаттары бойынша біріктірген

әлеуметтік қауымдастық.

17. Әлеуметтік қатынастар — мәні жағынан бір-біріне сай келіп, әрекеттері соған сай сипатталатын қайталанбалы өзара әрекеттің саналы түрде сезіммен қабылданатын жиынтығы.

18. Әлеуметтік құрылым — қоғам не әлеуметтік топтың белгілі бір қалыппен орналасқан ішкі құрылысы.

19. Әлеуметтік мәрте — топтағы индивидтің немесе топтың басқа да топтармен өзара қарым - қатынастарындағы рангы мен бағыты.

20. Әлеуметтік мобилдеу — индивидтерді не әлеуметтік нысанның, не болмаса адамның қызметімен жасалып, жетілдірілген құндылықтардың бір әлеуметтік бағыттан екіншісіне көшуі.

21. Әлеуметтік норма — әлеуметтік топ мүшелері ұстанатын және бірлесіп келісілген әрекеттер жасауға қажетті тәртіптің белгілі бір үлгісін қолдайтын түсініктер жүйесі.

22. Әлеуметтік оқшаулау — әлеуметтік байланыстар мен өзара әрекеттестікті тоқтату, не бірден қысқарту нәтижесінде индивидтер мен әлеуметтік топты басқа индивидтер мен әлеуметтік топтардан шеттететін әлеуметтік құбылыс.

23. Әлеуметтік өзгеріс — әлеуметтік құрылымдар мен әлеуметтік өзара қарым-қатынастар жүйесінде жаңа сипаттар мен әлеуметтердің пайда болу процесі.

24. Әлеуметтік процесс — көптеген әлеуметтік әрекеттерден бөліп алуға болатын бір бағыттағы және қайталанып отыратын іс-әрекеттердің жиынтығы.

25. Әлеуметтік стереотип — топ мүшелерінің басқа топтың немесе категория адамдарының қалпын бөлісуі.

26. Әлеуметтік тартыс — бағындыру, өз еркін тану, артық ақы алуға ұмтылған қарсыласты шеттету, тіпті, жойып жіберу жолдары арқылы сый-ақы алуға жету жолындағы әрекет.

27. Әлеуметтік топ — топ мүшелерінің бір-бірімен қарым-қатынастары барысында бөліну негізінде белгілі бір жағдайда өзара әрекеттестікте болатын индивидтер жиынтығы.

28. Әлеуметтік шеңбер — мүшелері хабар алмасып тұру мақсатымен құрылған әлеуметтік қауымдар.

29. Басқару — ұйымның барлық элементтерінің іс-әрекеттерін бағыттап отыруды қамтамасыз ететін, оның бөліктері мен ұйымның алға қойған мақсаттан ауытқушылығын мүмкін деңгейден шығармайтын ұйым органына тән қызмет.

30. Бәсеке — бір мақсатқа ұмтылған бәсекелестерді ығыстыру, не алдына шығу арқылы сыйлық алуға жету әрекеті.

31. Белгіленген мәртебе — индивидтер қабілеттерімен тырысуына қарамастан оларға қоғам мен топ алдын ала белгілеп қойған әлеуметтік бағыт.

32. Бейімделу — бұрын қалыптасқан нормалар мен құндылықтар жаңа ортаның қажеттіліктерін өтеп, қолайлы тәртіп жасай алмаған кезде индивидтер мен топтардың жаңа мәдени нормаларды, құндылықтарды, іс-әрекет үлгілерін қабылдауы.

33. Блокада — адамның іс-әрекеті барысында үзіліс, кедергі арқылы туғызған кез келген іске араласушылығы.

34. Бюрократия — іс-әрекеттері мен жауапкершіліктері айқындалып, бір-бірінен формальды құқықтары мен міндеттері арқылы ажыратылып иерархия құратын ресми адамдардан, лауазымы мен қызмет орындарынан құрылатын ұйым.
35. Дәстүр — адамдар бұрын пайдалы болғандықтан да қабылдап, кейінгі ұрпақтарға беріп отыратын мәдени нормалар мен құндылықтар, әдеттер.
36. Девианттық ауытқу тәртібі — жалпы жұрт қабылдаған нормаларға сәйкес келмейтін, нәтижесі бұл нормаларды бұзуға апарып соқтыратын индивидтің немесе топтың тәртібі.
37. Екіншілік топ — мүшелерінің арасындағы әлеуметтік байланыстар мен қарым-қатынастар жеке емес сипатта болатын топ. Мұндай топ ортақ мақсатқа жету үшін құрылып, ондай қажеттілік жойылғанда тарайды.
38. Жасырын қызмет — әлеуметтік институт қызметінің байқалуы қиын бөлігі; әдетте, елеусіз болып танылмауы да мүмкін, танылғанның өзінде де қосымша саналады.
39. Ингруппа — индивид қарым-қатынасында өзінің ұқсастығын, қатыстылығын сезінетін топ, не әлеуметтік категория. Индивид бұл топтың мүшелерін “өзіміз” деп біледі.
40. Институционалдандыру — кейбір қоғамдық қажеттіліктерді қанағаттандыру бағытында жұмыс істейтін әлеуметтік нормалар мен ережелерді, мәртебелер мен рөлдерді айқындау және бекіту, оларды жүйеге келтіру процесі.
41. Квазигруппа — тұрақты күші жоқ, мүшелері арасындағы әрекеттер біржақты келетін, пайда болуы күтілмеген топ.
42. Контрмәдениет — басым мәдениетке қарама-қарсы келіп, оған қарсылық білдіретін, белгілі бір топқа қабылданған мәдениет үлгілерінің жиынтығы.
43. Конформизм — топтық қысым көрсету арқылы бақыланып отыратын тәртіп. Топ өзі енгізген тәртіп нормаларының көмегімен индивидтерді топ мүшелерінің интеграциясын қолдауға мәжбүрлейді.
44. Кооперация — бір мақсатқа жету үшін бір, не бірнеше топ өкілдерінің бірігіп, үйлесіп әрекет жасау процесі. Кооперацияның негізі өзара тиімділік.
45. Көлденең мобильдік — индивидтік не әлеуметтік нысанның сол деңгейдегі бір әлеуметтік бағыттан екіншісіне ауысуы.
46. Қол жететін мәртебе — индивидтермен айналысып оларды жеке таңдауы, қажыр-қайраты және басқа да индивидтермен бәсекеде нығайта түсетін әлеуметтік бағыт.
47. Лидерлік — топ серкесі рөлін атқаруға қажетті қабілеттің, сапа мен мінездің индивидтің бойында көрінуі.
48. Маргинал тұлға — екі, не одан да көп мәдениеттің аралығында болып, бір-бірімен толық емес, бірімен ғана жарым-жартылай ассимиляцияға түскен индивид.
49. Миграция — басқа аймаққа, басқа географиялық ауданға, болмаса қоныс аудару арқылы индивидтердің, әлеуметтік топтардың тұрақты тұрғын жерінің өзгеру процесі.
50. Моральды тұлға — қоғам мүшелерінің көпшілігі пайдаланатын мәдениет үлгілерін мойындайтын адам.

51. Отбасы — бала тәрбиелеуді қамтамасыз ететін және басқа да қоғамдық мәні бар қажеттіліктерді қанағаттандырып отыратын адамдардың некелік және туыстық қатынастары арқылы байланысатын тобы.
52. Өкілет — қарсылықтың болғанына қарамастан билігін жүзеге асырудың әлеуметтік қатынастармен бекітілген мүмкіндігі.
53. Референтті топ — индивид өзіне өзі баға берген өзінің іс-әрекеттерін нормалардың, пікірлердің, құндылықтар мен бағалаудың эталонымен салыстырғанда бағыт ұстайтын реалды не болмаса шартты әлеуметтік қауым.
54. Рөл тартысы — индивидтің өзіне сай келмейтін жауапкершіліктері мен талаптары талас тудыратын бір немесе бірнеше рөлдерді орындауына байланысты болатын тартыс.
55. Рөлдік тәртіп — әдістегі мінез-құлқына сәйкес рөлін қарапайым орындаудан өзгеше белгілі бір әлеуметтік рөл ойнаушы индивидтің шын мәніндегі тәртібі.
56. Тұлға — адамның әлеуметтік қасиеттерінің тұтастығы, индивидтің қоғамдық дамуының және белсенді іс-әрекетпен араласу арқылы әлеуметтік қатынастар жүйесіне енуі.
57. Тік мобильдік — индивидтің не әлеуметтік нысанның өзгеруіне жағдай туғызатын өзара әрекеттердің жиынтығы.
58. Ұйым — бір-бірімен байланыста болып ерекше мақсаттарға және жоғары формалы құрылым құруға бағыт алған әлеуметтік топ.

Қ. Ғабдуллина

Құқық социологиясы

Оқулық

*ЖШС «Заң әдебиеті» бас директоры
Жансеитов Н. Н.*

Операторы: Умурова Г.О.

Пішімі 60x901/16. Қағазы офсеттік. Қаріп түрі «Таймс».

«Заң әдебиеті» баспасы

050057 Алматы қ., М. Өзтүрік к-сі, 12 үй.

Тел/факс: (3272) 747-833, 742-650.

E-mail: law_literature@nursat.kz